



او جون کند او م ایلان سیرم بیشم

بینک دیگی بوزرق پتختی پسرنده یاریلدی جمله الاول آی نیک او زبر بزیر کوئی ده
۱۳۴۵

Шорман би

Шорман би

Павлодар, 2025

ӘОЖ 94 (574)
КБЖ 63.3 (5Каз)
Ш 80

III 80 **Шорман би.** Құрастырушы Қадырова Ж. – Павлодар: ЖК
«Сытин А.А.» баспаханасы, 2025. – 248 б.

ISBN 978-601-377-087-1

Бала жасынан би атанған Шорман Құшіқұлы туралы бұл кітапта дуалы ауыз би өмірінен жаң-жакты мәліметтер жүйеленіп, топтастырылған. Танымал қаламгерлер мен зерттеушілер еңбектерінің легін тын деректер жалғайды.

Данышпан Мәшиһүр Жұсінтең бастау алғып, түрлі дереккөздер арқылы жеткен шешендейдік інжү-маржандар «Шорман би айткан екен» деген сөздердің әдебиеттегі құндылығы мен еміршендігін айғақтай түседі.

Сонымен катар, кітап оқырман қауымды жерленген жері бертінге дейін белгісіз болып келген Шорман билін мәнгілік мекенін анықтау және белгітас кою, би есімін ұлықтау шараларынан хабардар етеді.

Кітап калың оқырманнан ариналған.

ӘОЖ 94 (574)
КБЖ 63.3 (5Каз)

ISBN 978-601-377-087-1



9 786013 770871

ISBN 978-601-377-087-1

© Қадырова Ж., 2025

АЛҒЫСОЗ

Бұғынгі үрпақ үшін XIX ғасырда өткен Шорман би кім? Соңында қалған мұрасы мен шежіресі, әuletі туралы аз-кем тоқталып, жазуымызға себеп Ерейментау өніріндегі Шорман өзенінің бойын алып жатқан Шорман би жайлауындағы жотада жерленген атақты бидің басының ретке келтіріліп, көтерілуі болған еді. Оқырман қолына тиіп отырған бұл еңбек – бір жағынан, 2022 жылы Қаржас үрпақтары қолға алып, тиянактаған сол бір рухани қадамның түйіні деуге болады. Екіншіден, дала данагейі, Баянауыл дуанының аға сұлтаны болған Шорман бидің өмірі мен өнегесінің ел ішінде ауыздан-ауызға айтылу арқылы ғана жетпей, аныз әнгіме болып қағаз бетіне түсіу алдыменен әулие Мәшіһүр Жүсіп еңбектерінен бастау алады. Одан беріде де Шорман Күшікұлы мен оның әuletі төңірегінде қалам тартқан зерттеушілер аз болған жок. Дегенмен даланың дара тұлғасы Шорман би Күшікұлы жайлыш тарихи-әдеби жәдігерлер түрлі дереккөздерде жарияланып жүргенімен, кітап болып топтастырылып, алғаш рет жарық көріп отыр: мұның өзі қазақ руханиятына қосылған қомақты үлес деп білеміз.

«Шорман би» кітабы – қазақ халқының өткен тарихын, рухани келбеті мен шешендік өнерін насиҳаттап қана қоймай, бұғынгі үрпақтың өткенге салауаты мен құрметін дәріп-тейтін еңбек. Кітаптың «Баба рухына тағзым» бөлімінен оқырман Ереймен баурайында бабамызға ескерткіш тас орнатылып, ас берілуіне қатысты оқиғалармен және Шорман баба есімінің насиҳатталуына қатысты деректермен таныса алады. «Бала би» бөлімі шормантануға қарымды қаламгер Қалмұқан Исабай бастаған зерттеушілер қосқан еңбектерді қамтиды. Бұл жазбаларды тұтас бір бөлімді қамтыған ға-

лым, академик Алтынбек Нуҳұлының Шорман әuletіне қатысты жаңа, тың зерттеулері жалғайды («Шежіре шертіп асқақ даламызда, бабалар рухы тұрар арамызда...»).

«Шорман бабамыз айтты» деген шешендік сөздер әлдекашан қазақ фольклорының бір бөлшегіне айналып, әдебиет мұхитына косылғаны хақ. Шорман бабамыздың есімімен байланысты әдебиет жауһарлары шоғырланған келесі бөлім Мәшіүр Жұсіп Көпейұлы жазбаларына арналып, одан әрі «Шешендік сөздер» бөлімінде ұштасады. «Қаржаста бір құтым бар Мұса Шорман», «Ақкелін тойынан – тобықтай...» бөлімдері Мұса Шорманұлына қатысты ертеректегі зерттеулерге (Ә. Марғұлан, Қ. Исабай) коса, «Орта жүздің шамшырағы» атанған біртуар тұлғаны ұлықтауға арналған бертінгі іс-шаралардан хабар береді.

Баянауыл жерінде өмірге келіп, есімі алты Алашқа аян болған Шорман бидін «қара қылды қақ жаратын» әділдігі, көрегендігі мен шешендігі ел аузында аңызға айналып, бұл туралы ақиық ақындар аспандата жырлаған. Сол үрдіс қазір де жалғасып, Шорман баба және оның әuletін өзек еткен өрнекті жырлар өріліп жатқаны сүйінішті. Солай екенін Мұса Шорманұлының 200 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған мүшэйра да, 2022 жылы Ереймен баурайында Аспанбек Шұғатай бауырымыз ұйытқы болған айтые та айшықтай түсті. Енді 2025 жылы «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» қоғамдық бірлестігінің Баянауыл аудандық филиалының (төрағасы – Мұсабек Сейсенбекұлы) бастамасымен Баянауылдың біртуар перзенті, ақын, қазақ халқының қөрнекті қайраткері, Ертіс-Баянөңірінде алғашқы мектепті ашкан ағартушы, парасатты тұлғалық келбетімен ел ішінде Сәкен ағай атанған Сәдуақас Шормановтың 175 жылдығына орай жарияланған «Халқына сөзі құнды, өзі сыйлы Сәкен ағай» атты облыстық студенттер мүшэйрасы

да қазақ поэзиясына Шорман әuletінің тарихымен астасқан талай інжу-маржанды сыйлар деп үміттенеміз.

Қазақтың дәстүрлі ән өнеріндегі айтулы әндердің біразының тамыры Шорман әuletінің тарихына байлаулы екені белгілі. Жалпы, осынау еңбек Шорман әuletінің тек поэзия мен ән өнері ғана емес, өнердің алуан түрімен етене байланысып жатқанына көз жеткізеді. Аталмыш еңбек Шорман әuletіне қатысты жаңа зерттеулермен де құнды, мәселен, бұған дейін әр жерде шашыранқы түрде аталаған жүрген Шорман әuletіне қатысты топонимдер жүйеленіп, топтастырылған, бұл өлкетану саласына аса қажетті деректер деп білеміз.

Бұл кітап алдағы уақытта шормантану саласының жана парақтарының ашылуына ықпалын тигізіп, Шорман би оқуларын ұйымдастыруға да себепші болар деген сенімдеміз.

*Алтынбек НҰХҰЛЫ,
ҚР Парламенті Сенатының депутаты,
Ұлттық Гылым Академиясының академигі,
Қазақстан журналисттер одагының мүшесі*

*Жанарғұл ҚАДЫРОВА,
Қазақстан жазушылар және
журналисттер одагының мүшесі,
ҚР Ақпарат саласының үздігі*



Шорман би Күшікұлы

Баянтау, бабам тіккен байрақ едің,
Мен саған кіндігімді байлап едім.
Ұлдары – палуан білек, арлан жүрек,
Қыздары – оймақ ауыз, қаймақ ерін.
Иегімен жұмсаған хан, төрені,
Киелі бабаларым қайда менің?
Ормандай Орта жүзге қорған болған
Шормандай нар тұлғалы, наизалы ерім.
Он үш жастан бала би атаныпты,
Күндерім – куәгерім, ай – дәлелім.
Шын есімі – Жұмабай Күшікұлы,
Шорман боп Алты Алашқа жайды әлемін.
Қазыналы билердің қазығы еді,
Қазақтан алыстатқан қайғы әуенін.
Тар сындардан құлатпай алып шықкан,
Маршалдардай менгеріп майдан ебін.
Дұлығалы бабалар болмағанда,
Дүниенің қай бұрышын жайлар едім.
Үш жүздің үкі таққан соңғы үміті
Ұшында ілулі тұр қай жебенің?
Шормандай тік сөйлейтін би табылмай,
Сормандай болып отыр қайран елім!

Аспанбек ШҰҒАТАЕВ,
ақын, «Алтын домбыра» иегери

Шорман би Құшікұлы

(1788-1837)

Казақ тарихындағы белгілі шешен, би, рубасы. Орта жүз Арғынның ішіндегі Сүйіндік – Қаржас руынан шыққан, Сәтиұлы Құшік шешеннің ұлы. Шын есімі – Жұмабай. Қуандық руының Қожы төре бастаған жігіттері қаржастардың жылқысын барымталуға келгенде екі жақ сойылдасып, барымташылардан үш адам (ішінде төрениң өзі де бар) қаза тапқан. Мұны естіген Уәли хан қаржастарға қыруар жылқы құн кеседі. Осы даулы, шешімі қын мәселені өз руының пайдасына шешіп шыққан 14 жасар Жұмабай «Бала би» атанип кеткен. Бұл жөнінде өз еңбектерінде Ш. Уәлиханов та жазған. Осы оқиғаның тағы бір нұсқасы Шоңмен байланысты баяндалады.

Жұмабай ханнан жеңіспен оралған соң Шоң оған Шорман атын беріп, қаржас руының төбе би етіп тағайындаған.

Сыртқы округтер ашылар тұста Шоң Едігеұлының төрелерге билік бермеу мақсатымен Сүйіндік арасынан хан тұқымын аластай жөніндегі саясатын қолдап, оны іске асыруда колдаушы болған.

Шоң би Баянауыл сыртқы округінің аға сұлтаны болғанда, Шорман оның заседателі (орынбасары) қызметін атқарған. Жер дауын шешу, жалпы қазактарды жерге орналастыру мәселелері бойынша 1822 жылдан бастап Шоңмен бірге Батыс Сібірдегі отарлық әкімшілікке бірнеше рет хат жолдайды. Шоңның тапсыруымен Тобыл, Омбы, Кереку, Қызылжар қалалары мен Ірбіт, Үркіт (Иркутск) жәрменкелеріне барады. Архивте Шорманның 1830 ж. Омбыға, 1832 ж. Тобылға барып, губернаторға жолықканы жөнінде дерек сакталған.

Шоң кайтыс болғаннан кейін оның орнын басты. Алайда Шорман би аға сұлтан міндестін бір жылдай ғана атқарып, келесі жазда дүние салды.

Сүйегі Ерейментаудағы Шорман Қарасуының жағасында жатыр.

Шорманның тұңғыш қызы Зейнеп – Шокан Уәлихановтың анасы. Үлкен ұлы Мұса Шорманов – қазақ еліне танымал белгілі тұлға.

Арғы атасы – Мырзагұл батыр

III орман бидін арғы атасы Мырзагұл Анайұлы – батыр.

«Арғы атасы сұралса, ізгі өткен мырза Анайды, Қаржастың қасқа-жайсацы Анайдан өрбіп тарайды» деген Мәшіүр Жүсіп шежіресінде. Анайдан 5 бала – Нияз, Мырзагұл, Құл, Құдайқұл және Жәдігер туған. Шорман әuletінің атасы Мырзагұл болса, Сәтбай әuletінің атасы Жәдігер болып келеді.

Мырзагұл батырдан Шорман би, одан – Шоканның анасы Зейнеп, Мұса мырза Шорманұлы.

Мырзагұл батыр бір шайқаста жау қолына түсіп, оның артынан кенже, 14 жасар інісі Жәдігер іздеп барса керек. Баланың ержүректігіне риза болған қалмактар ағасын босатып, жас Жәдігерге қыздарын қосып берген екен.

Мырзагұл батырдың денесі Түркістандағы Қожа Ахмет Йассауи кесенесінде жерленген.

**БАБА
РУХЫНА
ТАҒЗЫМ**



... Атамызға орнатып тас киелі,
Үрпақ баба алдында басты иеді.
Беделі төрелерден кем түспейтін,
Каржас деген – Арғынның ақсұйегі.

Аспанбек Шұгатай

Шорман бидің басына белгітас орнатылды

2022 жылғы шілде айының 23-і күні Ереймен жеріндегі Шорман жайлауында Қаржас-Мырзағұл ұрпақтары Баянауыл дуанының аға сұltаны Шорман би Құшікұлының басына белгітас орнатып, үлкен қорымды темір шарбакпен қоршап, ас берді. Алдымен игі шараның бастамасына токталып өтелік.

Бірнеше жыл бойы өлкетанушы, акын Сайлау Байбосын: «Мырзағұлда бас қөтерер адам жоқ па? Шорман бабаларының басы елеусіз жатыр. Соған көп қаражат керегі жоқ. Бар болғаны Баянауылдың бір тасы жетіп жатыр», – деп жүрді. Эрине, әріптес болған соң, осы сөзді айналып келіп маган айттын. Содан бір күні намысқа басып, WhatsApp әлеуметтік желісінде «Мырзағұл батыр ұрпақтары» деген топ аштым. Ол топқа әуелі өзім танитын туған-туыс, көрші-қолаң кіріп, одан соң әркім өзі билетін Мырзағұл ұрпақтарын шақыра бастады. Топқа кірушілерге орысша қаріптермен жазуға (қазақтың төл әрпі болмаса), топ мақсатынан алшақ сурет, видео, тағы басқа ақпарат жіберуге тыйым салынды. Мұндай талантты ұнатпаған талай азамат топтан шығып та кетті, наразылық та танытып жатты...

Осы тұста әңгімемізге арқау болған Шорман бабамыздың арғы атасы – Мырзағұл батырды таныстырып өтелік. «Арғы атасы сұралса, ізгі өткен мырза Анай-ды, Қаржастың қасқа-жайсаны Анайдан өрбіп тарайды» деген екен Мәшіүр Жүсіп бабамыз шежіресінде. Анайдан 5 бала – Нияз, Мырзағұл, Құл, Құдайқұл және Жәдігер туған. Шорман әuletінің атасы Мырзағұл болса, Сәтбай әuletінің атасы Жәдігер болып келеді.

Мырзагұл батырдан Шорман би, одан Шоқанның анасы Зейнеп, Мұса мырза Шормановтар тарайды. Мырзагұл батыр бір шайқаста жау қолына түсіп, оның артынан кенже, 14 жасар інісі Жәдігер іздеп барса керек. Баланың ержүректігіне риза болған қалмақтар ағасын босатып, жас Жәдігерге қыздарын қосып берген екен. Мырзагұл батырдың денесі Түркістандағы Қожа Ахмет Йассауи кесенесінде жерленген.

Бабамыздың аты маңдайшасына айшықтала басылған топқа 150-дей адам шоғырланған кезде ұйымдастыру жұмысының тізгінің журналист Мұсабек Сейсенбекұлына тапсырдым, себебі негізгі жұмыс ер-азаматтарға тән шаруалар еді.

Осыдан бастап ер азаматтар Шорман бабамыз жатқан қорымға бірнеше рет барып, ол жердің ерекшеліктерімен танысып, өзара кеңестер ұйымдастырып, әр ниет білдірушіден (бір тұтіннен) күтілетін қаражат мөлшерін 50 мың теңге деп белгіледі. Дегенмен дүйім қазаққа танымал ғалым, сенатор ағамыз Алтынбек Нұхұлы, Шоманқөл ауылының тұрғыны Сейсенбек Үйдышысов, Алмас, Орал, Ардашер Ахметовтер, Ілдебай Мұрсалов және отбасы, Мұрат Мәжитов, Мұрат Сағынтаев, Еркін Біләлұлы, Бекен Жанахметов, тағы басқа азаматтар белгіленген межемен шектелмей, мырзалық танытты.

Бір тасты қоя салу деген айтуға оңай болғанымен, іс жүзінде қаншалықты қын екенін көзіміз көрді. Топта отырып елге ақыл айту, пікір білдіріп қолпаштау бар да, шаруаның жөн-жобасын білу, қолмен атқару бір басқа. Қолға алынған шаруаға негізінен екібастұздық кенші Қайыржан Қияшов жетекшілік жасап, бас-көз болды. Ағамыз көбінесе Баянауыл мен Екібастұздың ортасында жүрді, Ереймен жеріне бірнеше рет барып қайтты. Қоршалатын аумақты

өлшеу, қоршau жасайтын маманмен келіссөз жүргізу, тағы басқа көпшілік түсіне бермейтін құрделі жұмысты Қайыржан аға арқалады. Ал топта інілеріне ақыл-кеңес беру, қаржат жинауды ширатуда Ілдебай Мұрсалов аға белсенділік танытты.

Жұмыстың ауқымды болігін Ерейментау ауданы Күншалған ауылдық округіндегі «НұрАли» серіктестігінің директоры, Ақмола облыстық мәслихатының депутаты, елге белгілі азамат Бегім Әкімов атқарғанын ерекше атап өткім келеді. Бегім Серікұлының белгітасты орнатуда, қоршau орнатып, оны сылап-сырлауда атқарған еңбегі ұшан-теңіз. Қажетті техникамен қамтуының өзі бөлек әңгіме. Асты ұйымдастыру жұмыстарының да бір парасы осы азаматтың еншісінде болды.

Баянауылдан ескерткішке лайықты тасты тауып, мәтінін жаздыртқан соң оны қорымға жеткізу мәселесі туындалы. Бұл шаруаны баянауылдық кәсіпкер Орал Сартасев атқарды. Осы тұста тас мәтінін Алтынбек Нухұлы ағамыз жазғанын да айтып өтудін реті келіп тұр.

Жалпы, түрлі келіссөздер, көзге көрінбейтін ұйымдастыру шараларының басы-қасынан Ұйдырыс молданың ұрпақтары – Сейсенбек Ұйдырысов, Айбат Ұйдырысов, Мұсабек Сейсенбекұлы, сонымен қатар, Мұрат Қопабаев табылғанын атап өту ләзім. Ардақ Сарбасов ұйымдастыру шаруасына көмектесіп, асқа қосымша қаржылай демеушілік жасады. Еркін Біләлұлы мен Бота Серікқызы Қаржас ұрпақтарынан қаржы жинауга ұйытқы болып, корды толықтырды. Берік Аскarov, Әсет Абдуев, Әсет Макишев, Ертай Жакин, Әсет Жакин, Нұрбол Абдуев, Елубай, Дидар Сарбасовтар, Жасұлан Жапаров тас қойып, қоршau орнатуда нағыз кара жұмысты атқарып, «алғы шептे» болды. Қол

күшімен жәрдемдескендер арасынан Бұркітбай Бижанов та табылды.

Осылайша, 2021 жылғы 23 маусымда басталған іс бір жыл ішінде нәтижелі түйінделіп, белгіасты ашу шарасы ұлан-асыр тойға айналды. Дүбірлі жиынның көркін республикалық айтыс кіргізді десек, оны ұйымдастыру жүгін «алтын домбыралы» ақын Аспанбек Шұғатаев көтерді. Ақын, журналист Еламан Қабдыләшім айтысты жүргізді. Шарада белгілі өнерпаз Жәнібек сал Мәліков «Баянауыл вальсін» әуелетсе, тележурналист Гүлсара Мәлікова телерепортаж әзірлең, игі істің ақпараттық насиҳатына еңбек сінірді.

Ұйымдастыру ісінде нардың жүгін арқалағандардың бірі – Ардашер Ахметов. Ол асқа бір жылқысын арнап, киіз үй апарды. Жасқайрат Төлеубеков, Төлеген Смағұлов сынды мәрт жігіттер де бір-бір жылқы беріп, жомарттықтың үлгісін көрсетті. Саябек Саликов отбасымен киіз үй тігіп, жылқы сойды. Қонақ күтіп, қызмет көрсетті.

Жалпы, игі шараның өз деңгейінде өтуіне Баянауыл ауданы және Ерейментау ауданы әкімдіктері, ереймендік елжанды азаматтар, Баянауыл, Ерейментау, Қарағанды қаржастары атсалысты.

Шорман би Күшікұлы жатқан қорымға үш тас қойылды, косалкы екі белгіастың біріне Шорман өзенінің атасына қатысты қысқаша сипаттама жазылса, ушіншісі – ба-бамыздың тікелей үрпағы, полиция полковнигі Ахат Исин орнатқан ескерткіш. Айта кетерлігі, ұйымдастыру шарапына белсенді атсалысқан Ахат Исин бұл асты көре алмады, іс-шара қарсаңында о дүниелік болды.

Енді ас беру шарасы шеңберінде ұйымдастырылған сайыстар қорытындысын баяндайық.

Қазақ күресі

1-орын – Ерасыл Қажыбаев (Шығыс Қазақстан);
2-орын – Серік Сәлменов (Павлодар);
3-орын – Әсет Буkenов (Баянауыл).

Көкпар

1-орын – Темірбек ата командасы (Ерейментау);
2-орын – Баянауыл ауданының құрама командасы;
3-орын – Ерейментаудың «Ақ ниет» командасы;
4-орын – Олжабай батыр ауылы.

Айтыс

Мейірбек Сұлтанхан (Қызылорда облысы) – Бұқар жырау Қалқаманұлы атындағы жүлде;

Рұстем Қайыртайұлы (Семей қаласы) – Шорман би Қүшікұлы атындағы жүлде;

Абзал Қабдраш (Павлодар қаласы) – Мырзағұл баба атындағы жүлде;

Аспанбек Шұғатаев (Баянауыл ауданы) – Мұса Шорманұлы атындағы жүлде;

Рауан Қайдаров (Екібастұз қаласы) – Кемел Ақышев атындағы жүлде;

Мизан Жұмаәлі (Алматы қаласы) – Қаныш Сәтбаев атындағы жүлде;

Бекен Жігер (Павлодар қаласы) – Жұмат Шанин атындағы жүлде;

Нұрсұлтан Рымбай (Қарағанды қаласы) – Үкібай би Найзабекұлы атындағы жүлде.

Жанарғул ҚАДЫРОВА, 2022 жыл

Ұрпақтары – Шорман бабаның басында


«Қара қылды қақ жарған» Шорманның есімі үш жүзгө мәшһүр еді. Оның бойынан би-сұлтанға лайыкты мінез табылып-ақ тұрды. Баянауыл өнірінде дүниеге келген төбе би, аға сұлтан (шын есімі – Жұмабай) Шорман Күшікұлы 13 жасында дауды шешіп, «Бала би» атанип кеткен.

Шорман би әркез «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деп отыратын. Еліне шын жаны аштын би надандықты, жатыпішер жалқаулықты, ел ішін індettей жайлаған жаман әдеттерді жоюға күш салды.

Шорман би жер дауын шешу, жалпы қазақтарды жерге орналастыру мәселелері бойынша 1822 жылдан бастап Шонмен бірге Батыс Сібірдегі отарлық әкімшілікке бірнеше рет хат жолдайды. Шонның тапсыруымен Тобыл, Омбы, Кереку, Қызылжар қалалары мен Ірбіт, Үркіт (Иркутск) жәрменкелеріне барады. Мұрагатта Шорманның 1830 жылы Омбыға, 1832 жылы Тобылға барып, губернаторға жолыққаны жөнінде дерек сакталған. Баянауыл округі ашылғанда Шорман би аға сұлтанның орынбасары болып тағайындалды да, Шон қайтыс болғаннан кейін оның орнын басты. Алайда Шорман би аға сұлтан міндетін бір жылдай ғана аткарып, келесі жазда дүние салды. Шорманның тұңғыш қызы Зейнеп – Ш. Уәлихановтың анасы. Үлкен ұлы Мұса Шорманов белгілі адам болған.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының жазуы бойынша Шорман би Ақмырза озені Сілетіге құяр тұсына жерленген.

Мырзағұлдан тараған ұрпақтар Ерейментау өнірінде Шорман бабамыздың корымына барып, барлап, Шорман бабамыздың жатқан жерін картамен анықтап, мазарын тұлік тұяғының табанында қалдырмау үшін қоршаша жұмыстарын жүргізу бойынша жоба қалыптастырып қайттык.



Экспедициялық топты әкем Сейсенбек Ыдырысұлы бастап, «Ақбеттау» журналының редакторы, ақын Сайлау Байбосын мен үздік өлкетанушы, Баянауыл ауданының Құрметті азаматы Алтынбек Құрманов жол бастап, Қарағандыдан Куаныш ағамызға ілесіп біз де бабаның ұрпактары қатарынан табылып, Ерейментауға аттандық.

Сайлау Әшенұлы Екібастұздан бастап Шорман бабамыздың қорымына дейінгі жерлердегі атақты бабалар қонысымен таныстырып, атап айтқанда, Саққұлақ бидің мазары және оның Мұса мырзамен жұздесіп, Мұсаның «Ассалаумагәләйкүм, Арғынның аксақалы!» дегеніне Саққұлақ Бапанұлы бидің «Уағалейкүмассалам, Орта жұздің шамшырагы» – деп мұдірмей жауап қайырган тарихи сөздің туған өлкесімен де танысып қана қоймай, табаны тиген жерді көзіміз шалды. Мәшіүр атамыздың екі қыстаған өлкесі де жолдың бойынан анық көрініс табады. Одан бөлек, Қозған, Құлік, Ақбура, Тұлпар, Айдабол, Қаржас аталарымыз қоныс еткен елді мекендер жолдың бойында меммұндалап тұрды.

Тарихи жерлермен таныстырымыздың бір үші Еңбек ауылында жалғасты. Бұл ауылда Сайлау ағамыздың жерлесі Майдан қажы Бақтыбайқызы біздің экспедициялық топты қуана қарсы алды. Шорман бабамыздың киесі болар, қажы апамыздың ата-бабасына, елінен шыққан аруақтарға дұға оқытып, ас беріп жатқанына жолшыбай біз де күә болдық. Майдан қажыны ауылы құрмет тұтады. Қажы апа 2002 жылы өз қаражатына Еңбек ауылында мешіт тұрғызған екен. Имамды да тағайындалап, үй-жайын, еңбегін өзі шешіп берген. Ол аз десеніз, ауылға ас беретін 15 үстел сыярлықтай асхананың құрылышын атқарып, ел игілігіне берген. Бір айта кетерлігі, бұл ауылдың азаматтары қажы

апамыздың тәрбиесін көргендіктен ашы суға құмартпайды. Асхана тек адал асқа қызмет етеді. Майдан қажы Бақтыбай-қызының негізгі мамандығы – мұғалім. Ертеректе, Сілеті дербес аудан болып тұрған шақта ауданның мәдениетін басқарған. Одан бөлек, орысы қалың Ереймен елінде қазақ тілі қоғамын құрып, соны басқарған. Біз барадан бір күн бұрын ауылда Мәуліт мерекесін ұйымдастырған. Шорман бабамыздың басына бара жатқан бізді төріне шығарып, ас-суымызды әзірлең, қорым басына дейінгі жолды бастап баруға ауыл азаматтарын ұйымдастырды. Сөйтіп, қатарымыз толып, бабамыздың басына жеттік.

Іә, біз барған мекен – Шорманның жайлауы. Жайлауды бойлап аққан өзен де бабамыздың есімін иеленген. Қолымызға Сайлау аға алып келген картаны алып, «могила Чермана» деген кескінмен тұра мазардың үстінен түсіппіз. Тарихшы Жамбыл Артықбаев пен Сенат депутаты Алтынбек Нухұлымен сөйлескенімізде, олар да осы қорымды нақтылаған болатын. Алтынбек Жұматұлы ағамыз да Мәшіһүр атамыздың сөзімен мазар басын тағы да нақтылап берді. Айнала – жазық дала, тек қана Шорман бабамыз жатқан қорым төбе үстінде орналаскан. Ұлы адамды биектеу жерге жерлеудің ескі көрінісі болса керек. Айта кетерлігі, бұл қорымда Шорман бабамыз жалғыз емес. Нақты қабірін анықтау да қыын. Көмескі тартқан зираттардың бірі деп топшыладық. Бұл жерде 1930 жылы жерленген Есмақай Смағұлұлы деген марқұмның қабірінде ғана белгітас бар. Болашақта ұрпақтары бірігіп, жоғарыда айтқанымыздай, баба басын қоршап, белгітас қойып, дұға-ас беріп іс қылуға бекініп отыр. Аталмыш экспедиция сол істің бастамасы еді.

Жиында бабамызға қатысты көптеген естеліктер айтылды. Соның бірі әкемнің Үйдырыс атамның өз аузынан естіген әңгімесін бөлісіп кетуді жөн көрдім.



«Шоң би мосқал тартқан шағында науқастанып қалады екен. Сонда барлық жақын-жыуқтары қасынан табылып, бірі оң қолын, бірі сол қолын сипап отырады екен. Солардың ішінде Шорман бабамыз да болып, Шоң бабаның аяғын сипап отырады. Сөйтіп, Шоң бабамыз дертінің айықпасын біліп, жанында демеу болып отырган жандарға өзінің киімдерін таратса бастайды. Біріне – бас киімін, біріне белдігін, тағысын-тағы таратып жатқанда, Шорман аяғын сипап отырган жерінен тоқтап қалады. Мұны түсінген Шоң би: «Шорман, сен неге тоқтап қалдың? Саған ештеңе бұйырмады деп өкпелісің бе? Мен саған өзімнің терім сіңген бет орамалымды беремін. Сенің жеті үрпағына дейін бақ кетпейді. Жеті үрпағыңнан әрі болжай алмадым», – деген екен».

Шоң бабамыз болжағандай, Шорманның жеті үрпағынан да, бергі үрпағынан да бақ-құт кетпеді. Соның дәлелі тектілік жолды дәріптеп бабасын іздең барған үрпактары деуге болады. Ауызбіршілікті тұтқа еткен ағайындардың иті бастамасы руға белініп, рушылдыққа салыну емес, руханиятқа сәл болса да септігін тигізіп, сауапты іске сеп болу. Осындай құндылықтармен болашақ бой түзейді. Бастаған іске Алла береке берсін.

Мұсабек СЕЙСЕНБЕКҰЛЫ, 2022 жыл

Шорман Күшікұлының асынан соң...

Казак даласының қай пүшпағына барсаң да, өткеннен сыр шертетін көне жәдігерлерге, ескерткіш-белгілерге, кесене-мазарларға кез боласың. Осылардың барлығы – халқымыздың өткен тарихынан хабар беретін дүниелер. Дәл осындай шежірелі өнірлердің бірі – Ерейментау жері.

Бұл далада қазақ тарихында аттары белгілі талай-талай арыстар, тарихи тұлғалар мәңгілік мекен тауып жатыр.

Атап айттар болсақ, XVIII ғасырдың дауылпазы – Бұқар жыраудың замандасы – Үмбетей жырау Тілеуұлы; Бөгенбай батырдың тұнғыш ұлы Тұраналы би; заманында үш жұзге аты аян болған Бапан би Тұраналыұлы; Аргынның аксақалы атанған Саққұлақ би Тұраналыұлы; Мәшіһүр Жұсіппен шөберелес туыс Күлік Өтеміс абыз Жанайдарұлы; Қозған Түйте тәүіп Дүйсенейұлы; Күлік Жанақ әулие Жаңабатырұлы; XVIII ғасырдың тағы бір жүйрігі, 18 жасында Абылай ханға қарсы қарап: «Абылай, Ботақанды сен өлтірдің, есіл ер жазығы жоқ неге өлтірдің?!» – деп жыр толғаған Көтеш ақын Райұлы; бүкіл Айдабол, Құлік, Ақбура, Тұлпар, Майлытон, Шегірдің тұп атасы болып табылатын Құлболды әулие Шуманакұлы; он сан Орта жұзге ұран болған Айдабол Олжабай батыр Толыбайұлы; етегіне ел сыйған Айдабол Едіге би Төлебайұлы...

Рухы Ерейментау жерінен тыныс тапқан осындай орны бөлек жақсылардың бірі – XIX ғасырдағы белгілі қоғам қайраткері, аузы дуалы би, Баянауыл сыртқы окруғінің заседателі, аға сұлтаны болған Шорман би Құшіқұлы.

«49 жасында Ерейменнің сыртындағы жайлауына барап өмірден өтіпті», – деп жазады Мәшіһүр Жұсіп. Шындығында да Ерейменнің сырт жағында, Шорман Қарасуы деп аталатын өзеншешің жағасында, Шорман жайлауында ескі қорымда атақты бидің мүрдесі жатыр.

Бұған екі дәлел бар. Біріншісі: Бұл ара сонау кеңес заманынан бүгінгі күнге дейін «Шорман жайлауы», «Шорман өзені» деп аталады.

Екінші дәлел: колымызда патша заманында жасалған картада бар. Осы картада «Могила Едигей» (Едігенің зираты), «Могила Черман» (Шорманның зираты) деп ап-анық көрсетілген.

Шілде айының 23-інде Шорман жайлауында тарихи-рухани шара өтіп, оған Астана, Қарағанды, Алматы, Павлодар және Ақмола облысынан көптеген меймандар келіп, қазақтың жалпақ тілімен айттар болсақ, ұлан-асыр той болды. Бұл Шорман би дүниеден өткелі осы бір алқапта өткен ұлан дүбір, ұлы мейрам шығар деп ойладық.

Аталмыш шарага Баянауыл ауданынан Ақсан, Сәтбаев, Ұзынбұлақ секілді үш ауылдық округ әкімдері келіп үйлерін тігіп, келген меймандарға дастархан жайды. Сондай-ақ, Баянауыл ауданы әкімінің орынбасары Самал Қадырова келіп қатысып, Шорман бабаның рухын бірге құрметтеген Ерейментау жұртшылығына аудан әкімдігі атынан алғысын білдірді. Осыны көзben көрген біздер «ел жақсыларын жасау-жабдығымен жіберген Баянауыл ауданының әкімі Серік Батырғожинов санасы сергек азамат екен-ау» деп түйдік.

Біздер Ереймен өңірінде туып-өскесін, Шорман би Құшікұлының сүйегі осы жерде жатқаны жайлы сонау кенес заманынан хабардар болатынбыз. Бірақ қолымызда нақты айғактар болмағасын сабыр сақтауды жөн коріп жүрген едік. Дегенмен кейін, 2010 жылдары, қорымның орны көрсетілген карта қолымызға тигесін, анық көзіміз жетті. Және осыдан бірер жыл бұрын ҚР Парламенті Сенатының депутаты Алтынбек Нұхұлы мен белгілі тарихшы-ғалым Жамбыл Артықбаевты экеліп, Шорман баба жатқан қорымды көрсеткен едік. Осыдан соң өткен күзде Баянауылдағы Шорман ұрпақтары арнайы келіп, олар да дұға етіп қайткан болатын.

Осы бір игілікті шаруаға барынша комек жасап, рухани-материалдық қолдау көрсеткен адамдардың бірі – Ерейментау ауданы Күншалған ауылдық округіндегі «НұрАли» серіктестігінің директоры, Ақмола облыстық мәслихаты-

ның депутаты, елге белгілі азамат Бегім Әкімов. Рухани мәні бар шараларды қашанда қолдап жүретін бұл азамат сонау Баян жерінен көлік айдатпай-ак, өзінің көлік-құралдарымен қорым басындағы шаруаны тындырып, Баян жерінен жеткізілген ескерткіш-тастарды орнатып, оған бақылау жасап, сол күнгі шараға ата дәстүрімен бір жылқысын сойып, киіз үйін тігіп, келген меймандарды құрметтеп қарсы алды. Ел ішінде Бегім секілді жанашыр азаматтар мол болса, ағайынның ынтымағы да үзілмес еді. Баянауылдан арнайы келген бауырлар азаматтың осы еңбегіне разы болып, ас соңында ата дәстүрімен Бегімнің иығына шапан жауып, астына ат мінгізді.

Ас соңында көкпар мен құресте бәйгелі болғандарға, айтыскер ақындарға, осы шараға барынша қолдау жасаған азаматтар мен азаматшаларға марапат-сыйлықтар табыс етілді.

Сөйтіп, Ерейментаудың Шорман жайлауында екі-үш жылғы індеттен кейін ел есінде қалатын бір мағыналы да мәнді мәдени-рухани іс-шара өткенінің күесі болдық.

Сайлау БАЙБОСЫН, 2022 жыл

Шорман бабаның басында оқылған өлең

Сұрасаң құпиясын шығаратын,
Осынау Ұлы дала – мұрагатым.
Ей, Баба, естімісің, басың көтер,
Жиылып келді, міне, жұрагатың!

Белгі қып мынау жерде кім жаратқанын,
Келіп тұр жұрагатың, жұрнақтарың.
Үрпақта Шорман деген атың қалды,
Уақыт әкеткен жоқ ұрлап бәрін.

Алла деп алқалы елің таяғанда,
Құшагын Ерейментау жая ма алда?
Ел қылып, басын қосқан бір заманда,
Өзіңе сәлем дейді Баянаула!

Мақтан қып Шорман деген атыңды әйбат,
Беймарал белдеуіне атын байлан.
Баянтау сау-саламат түр орнында,
Қалың ел – Тортуылың жастыр жайлап.

Күн кештік Құдайға құл пендеміз деп,
Тіріміз, саламаттыз, олгеміз жоқ.
Рух бер үрпағыңа бүгін енді,
Кос гасыр арага сап келген ізден.

Рухың берсе жүргіттың жүрегіне от,
Үрпақтың одан басқа тілегі жоқ.
Бәз біреу ойлайды ма бүгін бірақ,
Анырмай, Шорман деген кім еді деп?

Бесіктен алға сүйреп асқақ арман,
Қырандайын түлеп едің тасқа қонған.
Аузыңа Алла салған алты ауыз соз
Асырды айдыныңды басқалардан.

Шыргалаң тағдыр деген жолда мына
Шынымен Жаббар иең қолдады ма!?

Соз ұстап он тортіңде Шорман болып,
Айналдың Тортуылдың қорғанына.

Рухың жисип енді көпті бүгін,
Жаңғырып гасырлардан жесті мекунің.
Қарадан хан етіпті сені, Баба,
Қап қойған Мырзагұлдан тектілігің.

Коя алмай қара-төре тегіце мін,
Теңіздей толқыған ел – төңірекің.
Шоң менен Шорман деген сол заманда
Баянга қос босага болып едің!

Секілді көзге түсер оркеші өрдің,
Сен едің топ бастаған серкесі елдің.
Төсіне Ерейменнің көк аспаннан
Жұлдыздай ағып түскен ерте сөндің.

Мынау ел – арманы асқақ, мұраты мың,
Ұмытпас шыңға біткен шынар ұлын.
Шоң, Шорман, Баянаула деген атау –
Бұл күнде біздер үшін бір-ақ ұғым!


Сайлау БАЙБОСЫН

Үш жұзге қадірі артқан Шорман еді

Өткен аптада Арқа даласын дүбірлеткен орасан ас берілді. Атақты Шорман (Жұмабай) бидің құрметіне...

Біз Әсет доспен жұма күні жолға шықтық. Бұқар баба мешітіндегі жұма намазынан рухани күш алдық. Барап жер – Ерейменнің саласы, атақты Шорман би мәңгілік қоныс тепкен жер. Жолшыбай Аксуат ауылында Ерлан Алдонғаров ініміздің үйіне тунеп, киелі жерге келесі күні дала жолын шандата жеттік.

Ерейменнің бүйретты төбелерінің бір саласында бұлағы мен өзені, көлі жайлансаң жерде Шорман биге көтерілген ескерткіш тас көз көрім жерден меммұндалайды. Айтпақшы, жолшыбай Олжабай батыр сөресінде де аялда-дық.



Он шақты киіз үй мен жиылған қауым жақсылық жаршысы іспеттес. Сағат ондар шамасында ескерткіш тастың ашылу салтанаты өтті. Ақын Сайлау Байбосын көсіліп, осынау би жатқан жердің тарихына шолу жасады. Мырзагұл ұрпақтары қорының басқарушысы Сейсенбек Үйдірысов ас барысының қандай жағдайда басталып, асығыстау жасалғандығын мәлім етті.

Ерейментау ауданының әкімі, Баянауыл әкімінің орынбасары сөйлеп, құттықтауларын айтты. Қарағанды Қаржастарының жетекшісі Шеризат Қазтаев бата-тілек айтты.

Ерейменнің имамы құран бағыштады. Өзіміздің траптан құрылған киіз үйден дәм татып, айтыс аламанын тамашаладық.

Елдің түкпір-түкпірінен келген жампоздардың шабысы ерен болды. Шорман би жайлауын қундей құркіретті, наизағай орнатты. Жаңбыр жаумаса да, тасыған жыр қалың Қаржасты өлең-өнер атты сөз сиқырының рахатына шомылдырды. Бабалар аруағы аунап жатты-ау, шамасы.

Бірінші, екінші орын деп болінбей-ақ, арнаулы сыйлықтар тағайындалды. Мейірбек Сұлтанхан (Кызылорда) – Бұқар жырау атындағы, Рұстем Қайыртайұлы (Семей) – Шорман би атындағы, Абзal Қабдраш (Павлодар) – Мырзагұл баба атындағы, Аспанбек Шұғатаев (Баянауыл) – Мұса мырза Шорманұлы атындағы, Рауан Қайдаров (Екібастұз) – К. Ақышев атындағы, Мизан Жұмаәлі (Алматы) – Қ. Сәтбаев атындағы, Нұрсұлтан Рымбай (Қарағанды) Үкібай би атындағы сыйлықтарды иеленіп, ақшалай мара-патталды.

Осы уақытта көкпар мен күрес жарысы өтіп жатты. Көкпардан Олжабай батыр ауылы – 4-орын, Ерейментау «Ақниет» командасы – 3-орын, Баянауыл ауданының құрамасы – 2-орын, Темірбек ата командасы 1-орынға ие болды.

Күрес десе қазақтың делебесі козары белгілі. Үш облыстан бөлек, құлақ естір жерден келген балуандар тартысып-ак бакты. Үшінші жүлде Ә. Бекеновке – (Баянауыл), екінші – С. Сәлменовке (Павлодар), бірінші жүлде Е. Қажыбаевка (Семей) табысталды. Барша жүлдегерлер осы қордың жинаған қаржылай сыйлығына ие болды. Ұйымдастыруши жерлесіміз Бекболат Әбдірайымов тебірене сөз сөйлеп, женімпаздарға марапат тапсырды.

Ақын Мұсабек Сейсенбекұлы бауырымының айтуыша, бұл бастаманы көтерген атпал азамат, Парламент Сенатының депутаты, ғалым Алтынбек Нухұлы және жерлес ғалым Жамбыл Артықбаев екен. Зират құрылсының жүргізген Бегім Әкімов, Қайыржан Қияшов та ерен үлесін қости. Демеуші болған – Ардак Сарбасов, ақын Жанаарғұл Қадырова топты құрып ұйымдастыру, жарнамалау жұмыстарына орасан үлес қости.

Қарағанды, Ерейментау каржастары атынан футболка, бейсболка, тәрелке жасалып, таратылды. Сондай-ақ, қасиетті жерді коршаудың бастамасын көтерген Сейсенбек Үйдірысов еді. Мұсабек Сейсенбекұлы ағасы Айбат екеуі де тудың бір шетін көтерісіп, үйитқы болды. Қордың коржынына бес миллион теңгедей ақша түсіпті, ол осы тойдың шығынын өтеуге зор септігін тигізді.

Аллаға шүкір, бір кемшілігі – мына індет жайылып, сансырап қаламыз ғой деп 10-12 күн ішінде колға алдып, жұмыс жүргізілді, жаман болмаған сияқты.

Біздің тараптан құрылған киіз үйде небір саңлактар отырып, дәм татты. Қарағандыдан келген Б. Тұрсынов, Ш. Қазтаев, А. Жұнісов, Б. Төрегелдин, А. Шохшин, Б. Әбдірайым, т.б. азаматтардың арқасында жиналған бір миллион теңге қаржы да өз деңгейінде жаратылды. Аксуаттық Каршыға, Самал, Фалия қарындастарға, Ерлан інімізге мың алғыс.

«Ағайыннан мал тәтті,
Асыл жардан жан тәтті.
Бұл тәттінің дәмінен,
Ақыл салған бәрінен
Адамшылық ар тәтті».

Бұл – Шорман би сөзі, ұлағаты. Он үш жасынан билік күрып, Батыс Сібір губернаторының жарлығымен Баянауыл дуанының күрылуына Шоң бимен бірге мұрындық болған. Әуелі Шоң бидің орынбасары, кейін дуан басшысы болып қызмет еткен.

Шорманның өмірі қысқа болған. Мәшіүр Жүсіп «Шорман бір сөзінде елуге жетпей өлген кісінің не арманы бар» деп айтқанын жазған. «Көп жасаған жаман болсын ба, ақсақалдар «ақ сақалды, сары тісті бол, алғаныңмен қоса ағар, қоса қартай» деп неге бата береді?» – демей ме жұрт. Сонда Шорман:

– Елуге жетпей қыршын жас өлгеннің қойнындағы катыны күніренеді, бүкіл халық күйінеді, қазакта «мешкей асқа тоймайды, жаман жасқа тоймайды, аса жақсының өмірі қысқа болады» деген мақал бар, – деп жауап береді. Сөйткен Шорман би Күшікұлы 49 мүшел жасында бір қасының көзбен атуы салдарынан көз жұмған. Өз тілегі келген сыңайлыш.

Үрпактары – тарихта белгілі тұлғалар. Ол жөнінде әнгіме болек. Мен өз тарапымнан бірер сөз қосқым келеді. Бидің Иса атты ұлының (Меккеде қажылықта өлген) Шахзындасты атам Сыпатаймен бастас-құлақтас болған. Ақылшы, кенесшісі әрі інілері әнші-ақын болған. Мырза деген інісі ерен әнші, композитор болған. Шахзынданың қоштасу әнін әкем айтып отыруши еді.

Жыланды – Керегетас – Ақкелін болысы болғаны мәлім. Қазіргі Мұса мырза ауылы. Таудың сыртынан Шы-

ныбек қорасы деген қонысты көріп қуанышқа бөлендім. Олай болса, Шорман баба мұраты, мирасы – бәрімізге аманат. Сол аманаттың титімдейін орындағандай болдық. Көпке жария болсын деген оймен жаздық. Караганды, оның ішінде бұқаржыраулық азаматтардың ауызбірлігі көрінді. Аруак риза, Алла күэ.

Қ. ШЫНЫБЕКТЕГІ, бұқартанушы, 2022 жыл

Батыр ұрпақтары ұйымшылдық танытты

Асыл сөздің, білім-ғылымның мәртебесін аспандатқан Ескелдідегі даналық тойын 100 киіз үй айшыктағаны мәлім. Аудандар мен ауылдар, қалалардағы ірі кәсіпорындар мен мекемелер тіккен ордалар өз алдына, жекелеген азаматтардың күшімен қанат жайған киіз үйлер де бар. Солардың бірі – Мырзағұл батыр ұрпақтары тіккен киіз үй.

«Арғы атасы сұралса, ізгі өткен мырза Анайды, Қаржастың қасқа-жайсаңы Анайдан өрбіп тарайды» деп Мәшіұр Жүсіп бабамыз жырлаған батырдың ұрпақтары былтыр иғі істің төнірегінде бас қосып, Шорман Күшікұлының басына белгітас қойған болатын. Әулие Мәшіұр Жүсіпке «Мәшіұр» атын қосақтап, тақиясына үкі тектірған аузы дуалы Мұса Шорманұлы Мырзағұл бабаның ұрпағы екенін ескерсек, осынау акшаңқан орда ұрпақтар сабактастырының жарқын көрінісі болып табылады.

Бұл жолы батыр ұрпақтарының басын қосып, ұйыстыруға екібастұздық Қайыржан Қияшов, қарағандылық Ардашер, Орал Ахметовтер, Қалдан, Нұрқас Duашевтар, Медет Кенжебаев, Бүркітбай Бижанов, Қаби Ілиясов, Айбат пен Мұсабек Сейсенбекұлдары үййткы болыпты. Жақсы бастамаға өзге ағайындар да атсалысып, тойға арнайы



жылқы сойылып, аталған азаматтардың отбасы мейман күту, дастархан жаю жұмыстарына жұмыла кірісken.

Біз бас сүккәнда дастархан басында ақ батасын ақтарған баянауылдық азамат – былтыр Шорман бабаны еске алу шарасына жылқы атап, жөн білерлік көрсеткен Төлеген Смағұлов пен Шоң бидің ұрпағы – талай жылдар Баянауыл ұлттық табиғи паркін басқарған Сүйіндік Ахмет-жановты көріп, Сұлтанмахмұттың «Шоң мен Шорман едік, бір-бірімізге көрған едік» деген сөздері еске түсті.

«Мырзағұл батыр ұрпактары» деген банныермен әдіп-телген киіз үй, бақсақ, ас ішетін орын рөлін ғана атқармағанға ұқсайды. Мырзағұл баба ұрпактарына ұлағатты бастамаларда ақыл қосып, жөн нұсқап отыратын ақсақал – ұстаз Ілдебай Мұрсалов биыл «Облыс алдында сінірген еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталған еді. Ал таяуда Мұрсаловтар әuletі «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының облыстық кезеңінде жеңімпаз болып танылып, республикалық кезеңіне жолдама алды. Осы киіз үйге мәре-сәре болып журналистер қауымы жиылып, әulet баянынан түсірілімдер жасапты.

Баянауылдың қадірлі ақсақалдарының бірі – Ілдебай Мұрсаловтың әкесі Зікірия ел басқарған. Ілдебай Мұрсалов пен Сәлимаш Бейбітова өсіріп жеткізген бес бала да, келін мен күйеу балалар да түгел дерлік педагогика саласында. Қыздарының бірі Шынар – мектеп директоры. Бұл жолы да Мұрсаловтар әuletі Мәшіһүр баба тойына жаппай атсанысып, жастарға отбасылық татулықтың тамаша үлгісін паш етті.

Ж. ҚАДЫРОВА, 2023 жылғы тамыз

Ұлы есімдерді ұлықтасақ...

2011 жылы Баянауылда Шон, Шорман билерге ескерткіш мұсіндер орнатылды. Аталмыш шараға кезінде «Шон би» атты тарихи роман жазған майдангер жазушы Қалмұқан Исабаев катысып, ауданның сол кездегі әкімі Ернүр Эйткенов екеуі ескерткіштің жамылғысын сыйрып, ашу рәсімін жасады.

Мұсін авторы – қарағандылық мұсінші, Қазакстан мұсіншілер одағының мүшесі Жаубасар Қалиев. Айта кетерлігі, Екібастұздағы Мәшіүр Жүсіп Қопейұлының еңсілі ескерткішінің де авторы – осы кісі. Ескерткіштің тұғыртасына Сұлтанмахмұт ақынның «Шон мен Шорман еді, бір-біріне қорған еді» деген әйгілі сөздері жазылды.

«Шон мен Шорман биге ескерткіш орнатылғанда, Шорманның ұрпағы ретінде тектілігін көрсетіп Ахат туысымыз әскери формада келді. Одан кейін 2015 жылы Тендікте Қуат Есімханов ескерткіш тас қойып, ауыл мектебінде аудан әкімдігінің қатысуымен бірігіп ас бердік. Ахат туысымыз ол шараға да, Мұса мырзага ас берілгенде де ортақтасты. Шорман баба ұрпағы ретінде Саябек Саликов Ахаттың жанында бірге болды, Мұса мырзага ас берілгенде келіншегі Светамен және балаларымен бірге киіз үй күрді. Шорман бабамыздың басын көтергенде де Саябек келіншегімен келіп, жанымызда болыш, колдау білдірді. Саябектің баласы Айбек тас әкелгенде көмектесіп, қызметтік көлігімен жол бастап жүрді. Шорман бабамызға ас берігенде бастан-аяқ жүгіріп, елеулі үлес қосты», – деп еске алады күркелілік ақсақал Сейсенбек Ыдырысұлы.

Жанарғұл ҚАДЫРОВА

Шорман би атында көше жоқ...

Шорман би және оның үрпактарына мекен болған ен далада бидің есімімен және оның әuletімен байланысты жер-су атаулары аз болмағанымен, әзірге елді мемлекеттерден Шорман би атына көшे берілген жоқ. Дегенмен Баянауыл кенті мен Екібастұз қаласында Мұса Шорманов атындағы көшелер бар...

Осы кітапты әзірлеу барысында Алматы қаласында Аспандияр Шорманов атында көше барын білдік. «Алматы қаласы тілдерді дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесінің қызыметкері Жұлдыз Омарованаң айтуынша, қыска ғана көшеге Аспандияр Шорманов есімі 2003 жылы – Виктор Храпунов әкім болған тұста беріліпті (III шақырылымдағы Алматы қалалық мәслихатының IV сессиясы мен Алматы қаласы әкімінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы бірлескен шешімі).

Осы тұста Аспандияр Шорманов кім дегенге тоқталып өтелік.

Аспандияр Шорманов (ауыл-аймағы Асай деген) Әмір-Темірұлы (1894, Баянауланың Ақкелін болысы – 1971, Алматы қ.) – қазақтың алғашқы агроном-ғалымдарының бірі. Аспандияр Әмір-Темірұлы Ақкелін мектебінде орысша оқып, одан кейін Семейдің оқытушылар семинариясын бітіріп, өз ауылында екі жыл мұғалім болған. Омбының ауыл шаруашылығы училищесінде және интернатында оқып, агроном мамандығын менгерген. 1916 жылы Қарқаралы уезінің жер бөлімінде жұмыс істейді. Бірер жылдан соң Баянауылға келіп, сонда ашылған ауыл шаруашылығы мектебіне менгеруші болады. 20-шы жылдардың басында Павлодар уезінің жер басқармасын басқарған. 1926 ж. Қазақ АКСР-ның ауыл шаруашылығы министрлігіне қызыметке шақырылып, мал тұқымын асылдандыру және егіс

көлемін көбейту, қай өнірде қандай дақылды өсіру кажеттігімен шұғылданады. Тек бастаған игі ісін аяқтай алмаған, 1928 жылы байларды тәркілеу науқанында жуан тұқымның перзенті деген дағдылы желеумен жұмыстан аласталады.

Агроном азаматтың содан кейінгі өмір жолы азаппен жалғасты. Ертіс бойына қайтып, диқан қауымды суармалы жерге орналастырумён шұғылданған жұмысынан қуылады, Алматыдан өзіне лайық жұмыс таппаған соң 1931 жылы Батыс Сібірге қоныс аударып, Новосібір қаласындағы батпақты жерді құрғатумен айналысадын зерттеу институтына аға ғылыми қызыметкер болып іске кіріскең екен, саяси сенімсіз маман ретінде одан да кетіп, сол төніректегі кеншарға агрономдық кәсіпке көшеді. 1935 жылы накақ жаламен абақтыға түсіп, үш жыл бойы Новосібір түрмесінде сот үкімін құтумен сарғайып жатып, бес жылға сотталып, Краснояр өлкесіне жөнелтіледі. 1943 жылы босап, Алматыға оралып, мемлекеттік сортты тұқым корына агроном болады. Қазақстанның егінге қолайлы аймақтарында дәнді дақылдардың өнімді түрлерін енгізуге, соларды ауа райы мен жер жағдайына қарай ұтымды қолдануға, сол арқылы егін шығымдылығын арттыруға білікті агроном ретінде айтарлықтай еңбек сінірген маман.

1957 жылы сот үкімімен ақталған соң, дербес зейнетақыға ие болады. Агроном-ғалым өмірінің соңғы жылдарында селекционер әріптестерінің ғылыми еңбектерін қазакшаға аударып, казак жазушыларының әдеби шығармаларын орыс тіліне тәржімалаумен айналысады. Қазақстандағы егіншіліктің жайы мен даму жолдары туралы, агрономиялық бағдарламаны түрлендіріп, соны да құбылмалы ауа райына бейімдеу турасында көптеген мақалалар жазып, мерзімді баспасөзде жариялаған («Қазақстан ғалымдары» әнциклопедиялық анықтамалығы, 2012 жыл, Алматы).

Жанарғұл ҚАДЫРОВА

БАЛА БИ



...Тоғыз жасқа келгенде Шорман билер
Атанған Сарыарқада «Шорман бұлбұл».

Аспанбек Шүгатай



Қалмұқан ИСАБАЙ

Каржас ішінде Мырзағұл тегінен шыққан Сәтидің Күшік, Байжігіт, Жанжігіт деген үш азamat баласы бір қыста дүние салғанда тұңғышынан көрген немересі Шорман (азан шақырып қойған аты – Жұмабай) 10-11 жаста екен. Мал дегенде 30-40-тайған жаңы болған. Алайда баланың дәүлет-байлығы ішінде жатады екен. Бұл «байлық» сыртқа тұңғыш рет оның 14-15 жасында шығады. Шорманның тұңғышы Зейнептен туған Шоқан Шыңғысұлы нағашысы жөнінде оның бір даулы мәселені мұқым халық ортасында өз руының пайдасына шешіп алғанын айтады. Ал халық аузында бұл оқиға жөнінде мынадай әңгіме қалыпты:

«Қожа төре бастап келген Куандық адамдары Қаржастан мал барымталамақ болғанда түн ішінде айқас орын алғып, Уәли хан Қаржастарға мол құн-айып салыпты. Осының негіzsіз екенін дәлелдеу үшін бір топ Қаржас адамы ханға барғанда Жұмабай былай деп сұрылған екен: «Тасыр, Сабалақ тұңғыш рет жауга шауып, мұқым қазаққа ерлік үлгісін көрсеткенде он бесте екен. Мен қазір Сабалақтың сол жасындамын. «Жауын жеңіп келген Сабалақты Бұқар жырау сақалының ақтығына қарамай аттан түсіріп алғып, маңдайынан сүйіп, ақ батасын беріпті. Артынан Абылай хан аталған Сабалақ ұрпағының озып кетуінде Бұқар батасының игілігі жок деп кім айтар? Ал сол Абылай – сіздің әкеніз, Бұқар – менің атам. Босағанызға келіп жатқанымызға көп болды. Басшымыз ылғи қамығып қайтады. Ол кісінің жүзінен сіздің мені менсінбегеніңізді аңғарамын. Жасына қарамай, мәніне қарап елеу еткен заманың озықтығы ма, әлде сол әдеттен айрылған осы заманың тозықтығы ма? Он бес жасарға қол бастатқан кешегі заман-

ның кемдігі ме еді, әлде он бес жасарды табалдырықтан әрі тепкен бұл заманның кергігені ме еді? Құлыннан – тұлпар, жастан болашақ көрмеу заманның озықтығы ма еді, әлде ханның тозықтығы ма еді? Хан қаһары қараға жүргенмен, халықка жүрмейді. Сонымда осы жақтан көз алмай отырған халқым бар. Бір ауыз сөзге дат!».

Осыдан кейін хан райынан қайтып, Қаржас құн төлемейтін болыпты. Шорман ұтыспен оралғаннан кейін 1720 түтіннен тұратын мұқым Қаржасқа төбе би болып сайланады да, «бала би» атанады. Шоқанның жазуына қарағанда Қаржастың бұл атасынан Шорманға дейін ешкім де би болмаған.

Жұмабайға Шорман аты қойылуы жөнінде әр түрлі болжам бар (соның бірін «Серт» романында пайдаланғанмын). Соған карамастан тағы бір болжам ұсынғым келеді. «Тарғын батыр» атты жырда («Батырлар жыры», Алматы, 1987 жыл) Астрахан шаһарының патшасы Ғұмардың жалғыз ұлын «Хисапсыз аскан батыр Шорман атты» деп таныстырады.

*Сол Шорман асын тұган жаинан өзі,
Халқына ұнайды еken айтқан сөзі.
Атағы он бесінде жұртқа шығып,
Қамалды жалғыз бұзған талай өзі.
Арғымақ мойны құлаш жаратыпты,
Бір өзін мың кісіге балатыпты.
Келгенде он бес жасқа батыр Шорман,
Қалмақты жетпіс түрлі қаратыпты.*

Енді осы жолдардағы Шорманның жасын, ісін және бейнесін Жұмабайдың да осы қырларымен салыстырып қарасақ, «оған осы есім «жаксылықтан шарапат» ретінде тағылмады ма еken деген де ой келеді. Оның үстіне мынаны айта кету де артық болмас. Мұхамеджан Тынышбаев

тарих жөніндегі зерттеу кітабында арғындардың Астрахан каласын салғанын айтады. Ендеше ана Шорман мен мына Шорман арасында уақыт алшактығы болғанмен туыстық қатынастың соған байланысты, тектік пен мінез-құлық ұқсастығының болмауы мүмкін емес-ау. Осы туыстық қатынас әр дәүірде өмір сүрген екі «бала биді» алыс қылыш түрмәған да болар. Руының намысын корғап келген жолы жүрттың Жұмабайды «аумаған Шорман!» деп ауызға алуары мүмкін ғой...

Қалай десек те, туда Жұмабай жүре Шорман болып санағынанымызға сінді.

Әкесі мен оның кіндікtes туысы дүние салған жер (Еспе өзенінің бойында) содан бері «Үш касқа» деп атала-ды. Жанактың жоғарыда аталған дастанында:

«Шорман би қоныс қылған Қызылагаш

Жоқ әлемде одан да асқан алтын!» – деуіне қараған-да сол кездегі халық нанымының ықпалымен экелері опат болған жерді дерек тастап, Шорман ағайындарымен Баян-аула сілемінің Жанак айтқан тұсына қыстау салып, коныстанған болса керек (Баянауыл селосынан 5-6 шақырым жерде – К.И.).

Шорман Шон саясатын қолдан отыратын тірегіне де айналады. Қолды-аяқты Шорман Шоңың жұмсауымен (Шорман Шоңнан үш мүшелдей кіші) Тобыл, Омбы, Кере-ку, Қызылжар қалалары мен Ірбіт, Үркіт жәрменекелеріне талай рет барып-қайтып, 1822 жылғы жарғы дүниеге кел-генише жалпы Сібір, одан кейін Батыс Сібір губернаторлары мен Омбы облысы бастықтарына жолығып, далаға, оның ішінде ашылуы көзделген Баянауыл округіне байланысты мәселелер жөнінде ақылдасып, шешім қабылдан отырган. Бұл сөздерімізді растайтын құжаттар архивтен көп кездеседі.

1824 жылдың жазында Баянаулаға 300-дей шұршіт келеді екен. Мақсаттары – Үәлидің баласы Ғұбайдолла төрөні Орта жүзге хан сайлау. Орыс жағы сілемді коршап алып, шұршіттерді далаға, хан болуға өзеуреп келе жаткан Ғұбайдолланы тауға жолатпайды және соңғыны, жанына ерген Торайғыр бимен екеуін тұтқындап, Омбыға әкетеді. Айта кету керек, елде осы тұста болған оқиғаларды терең зерттемегендер Ғұбайдолла содан бастап тұтқыннан боса-май Сібірде (Березов қаласында) өлді деп жүр. Дұрыс емес. Төре мен би екеуі де екі айдан кейін босап, елге қайтады. Бұған Шоң мен Шорман хаты тікелей себеп болады және бұл кезде Ғұбайдолла Көкшетау округінің ага сұлтаны болып жүрген. Тұтқыннан босап келгеннен кейін ол Омбы облысы бастығының арнайы жарлығымен қызметін атқаруға қайта шақырылады.

1830 жылдың қаңтар айында Омбыға келген Шорман би және оның үш адамының құтуғе арналған шығыны:

15 қаңтарда

1 фунт май үшін 4 сом 50 тыын;

3 фунт қант үшін 4 сом 20 тыын;

Басқа тағам түрлері үшін 10 сом;

16 қаңтарда 1 фунт шай үшін 4 сом 50 тыын;

Шырағдан үшін 1 сом;

2 фунт қант үшін 2 сом 80 тыын;

Басқа тағам түрлері үшін 10 сом деп көрсетілген.

Батыс Сібір бас губернаторы Вельяминов губерния канцеляриясының бір бөліміне 1832 жылдың 2 қыркүйегінде қатынасында Шорманның Ереймен оқиғасына байланысты Тобыл қаласында болып, өзіне кіріп-шыққанын жазыпты (сонда, 708-іс, 327-парақ).

Шорман Шоңның жұмсауында қаншама сапар шегіп жүрді дегенмен кейбір мәселелерде өз бетін білдіріп,


ықпалды бимен келісе алмаған кездері де болған сияқты. Оған Омбы облысы бастығының дағаға кетіп бара жатқан офицерге берген мынадай нұсқауы дәлел: «Шоң бидің маңызы өзінен еш кем емес Шорман Құшіқұлымен кейбір мәселелерде келісе алмай жүргендегі байқалады. Сол себепті оларды ақылмен табыстырып, екесінің татулығын нығайта түсуге шара қолданыңыз!» – деп ақыл-кеңес берген екен (сонда, 408-іс, 277-парап).

Сонымен бірге Шоң бастаған басқа билер сияқты Шорман да орыс әкімдері жағынан сый-сияпат та аз кормен. 1826 жылы наурызда Ресей бодандығына ант беру үшін Ертіске барғанда басқалармен бірге Шорманға да тыстық мата мен кәрлен кесе тиіпті. Сұлтанмахмұт елге білім мен мәдениет рухын себу мақсатымен серіктік құруды ақылдаспақ болып 1914 жылы Ақкелінгे барғанда Мұсағұлы Сәдуақас (Шорман немересі) жылы ықыласпен қарсы ала қоймайды. Тегімен мақтанып, олардан қалған белгі – сый-сияпatty көрсетіп қана, «күр ауыз» шығарып салады. Осы сапардан риза болмай қайтқан ақын:

«Бір үйде жишлоғы екен қазына-мал,
Көрсетті бәрін бізге ақсақал шал.
«Бұрынғы атамызға сыйға берген,
Біздерде мынадай бар, мынадай бар».
Отырдым корсем жекіп тастар ма деп,
Шал айтты, «Коріңіздер, жасақанба» деп.
Кесені қолыма алып қарай бердім,
Ішінде нақақ көзден жасас бар ма деп», – деп өлеңге қосады.

Әңгіме Шорманның содан 90 жыл бұрын алған сыйы жөнінде жүріп жатуы әбден мүмкін.

Шоң мен Шорманды орыс офицерлері келістірді ме, болмаса өздері ортақ тіл тауып келісті ме, бұл жағы бізге



беймәлім, ал мәлімі – Шорман елден шықпай жүргеннің өзінде Ресейдің Сібір әкімшілігімен үнемі хат жазысып, халыққа тиімді мәселелер көтеріп, солардың іске асуын қадағалап отырады. Ал «бала бидің» өзінің таңбасы салынбаған хаттардың да дүниеге келуіне өзі ұйытқы болған ба дейміз. Мысалы, 1826 жылдың наурызында Ресей бодандығына ант бергеннен кейін билер алдында ашылуы көзделіп отырған Баянауыл округіне кайткенде де қарадан шыққан Шонды аға сұltан қою мәселесі тұрды. Осыған байланысты сол жылдың акпан, наурыз айларында Батыс Сібір губернаторы мен Омбы облысы бастығына қыруар билер таңбаларын салған бірнеше хат жөнелтіледі. Ол хаттарда Шорман таңбасы жоғы да рас. Қаржас атынан кеткен хатқа Дербісөлінің Итбасы, Қойбасы, Токтары, Байхалықтың Ботабайы, яғни, екінші қатардағы билер кол қойғандай. Мұнда бір-ақ себеп болса керек, одакта Шорман басшылық жағынан екінші адам және ана хаттардың дүниеге келуіне өзі мұрындық болып жүр...

Төртұлы одағының жер жағдайы – елдің жайлауықыстауы мен округті ашу мәселелеріне байланысты жазылған хаттарға ылғи Шоң мен Шорман қол койып отырған.

Одақ құрылышын Шоң ортадан ойып алып Айдабол мәселесімен жеке-дара айналысады қойған сияқты. Өйткені осы рудың қамына байланысты хаттарға Еламанның Тұрсынбайы мен (мүмкін одақ атынан болар) Шорман таңбаларын салады екен. Ал Шорманның өз атынан жеке жазылған хаттар қанша! Архивте тұнып жатқан ол хаттарда заманында бас көтерген, шешімін таппаса тығырыққа тірелетіндегі мәселелерді уақытында көтеріп отырған. 1832 жылы белгілі оқиғадан кейін Ереймен өлкесі түгелдей Қанжығалыға тиіп, мекенінен айырылған Қаржастар қамырып қалса да, Шоң саясатының төркінін терең түсінген. Уақыт-



тан оза айтқанда Үшбұлак округі Шоң шамалағандай-ақ 1844 жылы жабылады да, Ереймен Қанжығалы руымен бірге Баянауыл округіне қарайды. Алайда мұны Шоң мен Шорман көре алмайды...

«Шоң едік, Шорман едік,

Бір-бірімізге қорған едік» деген жолдарында Сұлтан-махмұт та екі баба арасынан қыл өтпеген осындан достық ынтымақтастықтарын мегзейтін болса керек. Сәдуақастың баласы Аспандиярдың қызы Махмураның «Қазақ әдебиетіне» (1991 жыл, 4 қазан) жариялаған «Бала би» атты естелігінде ұлы атасын «Шорманның адам тани білуі танқаларлық болған деседі. Кісінің көзіне бір қарағанда-ақ оның қандай адам екенін, өткені мен қазіргісін, болашағын дөп басып айтып берे алады екен. Шорман табигатынан мейірбап, көңілді жүретін, тапқыр, өткір тілді, мыскылышыл адам болған. Намысина тимек болып немесе сынамақ болып күтпеген жерден сұрақ қойған адамдарға тез де тапқыр жауп беріп, тығырықтан жол тауып кететіні үрпағына аныз болып тараған», – деп таныстырады.

Шорманұлы Мұсамен жиырма жылдай қызметтес болған губерния хатшысы Д. Путинцев те бұрынғы правитель (Мұса – К.И.) жөніндегі қаралы мақаласында жоғарыдағы ойды қайталай келіп, «Шорман ақылды, қара қылды как жаратын әділ де шешен адам болған. Оны би ретінде таныған жұрт ірілі-ұсақты дауларымен ағылып, билігін екі жақ та үнсіз қабылдап, риза болып кете барады екен» деп жазады. Орыс этнографы Николай Михайлович Ядринцевтің Шоқан жөнінде «қазақ даласының шамшырағы» атты естелігінде «Киргизы давали даровитых людей и представляли народ, порожающий остроумием и богатством фантазии» деп, ал белгілі ғалым Григорий Николаевич Потаниннің «В характере Чокана были черты, напоминающие



черты характера Пушкина или Лермонтова. Приследовать насмешками кого-нибудь была у него какая-то духовная потребность. Не щадил он своих ближайших друзей, и смеялся не только над смешными действительно чертами или пошлостью, но и над физическими недостатками... И начинает его пилить и язвить. Нужно, чтоб с другом что-нибудь случилось – разлука или тяжкая болезнь, чтобы в Чокане снова обнаружилась с прежним жаром привязанность к другу и нежная заботливость» деп қалдырыған естеліктерінен Шокан мінезінің Шорманға тартқанын көру қыын емес. «Шөп шыққан жерге шығады» деген дала даналығымен дауласуға болмас.

Далаға қазақ-орыстардың келе бастауына байланысты Николай I патша 1933 жылдың 3 сәуірінде қазақтың ықпалды деген билеріне әскери атақ беру жөнінде жарлық шығарған екен. Сол жарлық бойынша Шоң мен Шорманға «капитан» атағы беріледі. Патшаның мұнысы бір жағынан, ел басқарып отырған билерге көрінген қатардағы қазақ-орыс қоқандай бермесін деген ойдан туса, екінші жағынан, олармен тек офицерлерді сөйлету мақсатынан туса керек.

Екі кеменгер би орыстардың далаға әкелетін әкімшілігінен игі жақсылық көріп, қол астарындағы қыруар халқын Баянауыл округінің ашылуына жылдан дайындаған. Осыны билетін Батыс Сібір бас губернаторы 1833 жылдың 1 қарашадағы жарлығымен Шорман Қүшікұлын аға сұлтанның (Шонның) орынбасары етіп тағайындаиды. Шоң дүние салғаннан кейін Шорман аға сұлтан міндетін атқаруға бірден кіріседі. Алайда бір жылдан асар-аспас уақытта сырқаттан өзі де дүние салып, соңғы қызметте қолынан не келерін халқына толық көрсете алмай кетті.

Кезінде қағазға түспеген дерек жөнінде сонынан әр түрлі болжамдар айтыла береді. Қазақтың өткен ғасырлар-



дағы кеменгерлерінің тууы мен өлуі жөніндегі деректердің шатасуынан аяқ алыш жүргісіз. Соның бір мысалы – Шорман жөнінде. Мәшіұр Жүсіп Шорман 49 жасында дүние салды дейді («Жұлдыз», 1992 жыл, 8-саны), аталмыш бидің шөбересі Дінше аксақалдың «Пушкинмен бір жылда туып, бір жылда өлді» дегені бар. Ал халық аузында Боштай бидің Мұсаға «Әкеңнен он жас кішімін, сенен он жас үлкенмін» деген сөзі қалған екен. Енді осы үш пікірді таразыға салып көрсек, соңғы екесіп түр. Егер Боштай 1809 жылы туды десек, Дінше аксақал хабарында жан бар болып шығады. Ендеше Шорман Күшікұлы 1799 жылы туып, 1837 жылы дүние салған болады.

«Сарыарқа самалы», 2000 жылғы 26 тамыз

Құрастырушыдан: Жазушы Қалмұқан Исабаевтың бұл жазбасында Шорман бидің туған жылы болжаммен 1799 жыл деп берілген. Автор бұл датаны өзіндік салыстырулар арқылы қорытындылаған. Одан бергі кезеңде, яғни, бабамыздың басы көтерілген 2022 жылға дейінгі 22 жыл уақытта шормантанушылардың жаңа шоғыры қалыптасканын қарында шығармауымыз керек. Жаңа деректер арқылы Шорман бидің туған жылы 1788 деп нақтыланған.

Шорман би

Тарихта аты қалған эйгілі Шорман би Күшікұлы 1836 жылы қайтыс болған. Шорманның жеті атасы былай таратылады: Қаржас – Құлыке – Телі – А나й – Мырзағұл – Сэти – Күшік – Шорман.

Шорман бидің аталарапи болмаса да, өз заманының белгілі, беделді адамдары еді. Ал Шорманның 13 жасында



би атағын жеңіп алуы туралы ел ішінде әр түрлі азыз сақталған.

Нақты деректерге қарағанда, ол небәрі 49 жаста дүниеден өткен. Қалай болса да ол дүниеден жастай өткен адам екені белгілі. Мысалы, Шокан Үәлиханов туған нағашысы Шорман би туралы: «... Особенno известны в народе бии: в айдабулском роде – Чон, а в каржасском – Чорман, по прозванию шешен (мудрый), знаменитый умом и хитростью. Чорман, обладая редким даром слова, в 14 лет от роду был уже родоначальником – бием и в одном тяжебном процессе славно защитил своих родичей перед лицом хана Вали. Шешен был отцом нынешнего правителя округа, т.е. старшего сultана, войскового старшины майора Мусы Чорманова...» деп бейнелеген. Бұл жерде «Шорман би», «Шорман бала» атақтарынан басқа, оның «шешен» деген атағы болғанын көрсетеді. Оның «бала Шорман» атағы туралы да Шоканның жазғанын жоғарыда көрсеткенбіз.

Біз осы тұс Шоканның Айдабол ішіндегі әйгілі Шоң би туралы дерегіне көніл аударуымыз керек. Халқымыз тарихында аты қалған атақты Шон би 1754-1836 жылдары өмір сүрген. Оның әкесі – белгілі Едігे би. Демек, Шонның басына қонған би атағы – арғы аталарынан ұласқан мұрагерлік атақ. Олай дейтініміз, арғы атасы Айдабол бидің жолын оның туған інісі Торайғыр би (1761-1810 жж.) де жалғастырыған.

Сондай-ақ, Шоң би 1833 жылы Баянауыл округі ашылғанда, аға сұлтан Шоң биге кандидат болып Шорман би Күшікұлы бекітілген. Ол кезде аға сұлтанның сайлану мерзімі 3 жыл екен. 1836 жылдың басында Шон бидің дүние салуына байланысты патша өкіметі аға сұлтандыққа Шорман би Күшікұлын хорунжий шенінде бекітеді.

Халық алдында ұшан-теңіз беделге жеткен Шорман би 49 жасында, яғни, ақыл-оны әбден толысып, кемеліне келген кезінде кенеттен кайтыс болады.

Шорман би мен Топай бәйбі sheden бес бала өмірге келген еді. Олар: қызы Зейнеп – Шоқанның шешесі, ұлдары Мұса, Мұстапа, Иса, Әбу Әли Ибн-Сина (Әужан).

Жалпы, Шорман би, оның талантты мен дарындылығы, көрегендігі, шешендігі жайлар ақызы-әңгіме ел ішінде тара-лып, бүгінгі ұрпаққа жетіп отыр. Олардың біразы баспа бетін көрді. Әрине, бәріне тоқталып жатуға біздің мүмкін-дігіміз жоқ. Біз тек оның 13 жасында қалай би атаптаны ту-ралы ел аузында сақталған мына бір ақызды қарайык:

... Шорман жеті жасқа шықкан жылы ауылға атакты би келіпті-мыс. Сол жылы қыста жұт болып, ел коктемге әрек жесткен екен. Шорман әкесінен жастай айырылғаны тарихтан белгілі. Анадай қадірлі қонақ келгенде Шорман-ның шешесі әрі қуанып, әрі қысылып қалады. Әрине, әй-гілі бидің үйге келуі – қуанышты жағдай. Ал жұттан әрен шығып отырған ауылда қонаққа беретін ыстық сүтten басқа ештеңе болмай бәйбіше қатты ұялады. Сонда жеті жастағы баласы Шорман:

– Неге қысыласың? Мен-ак апарып берейін, – депті де, сүт құйған ыдысты алып би алдына келіп:

– Бетке күйе жағылды,

Қаптың аузы қағылды.

Мынау, міне, ыстық сүт,

Суыттай, тақсыр, тез жұт, – деп тақылдай сой-лепті. Әлгі би жеті жастағы каршадай баланың сөзіне әбден риза болып:

– Уа, бәйбіше! Құдай берген адам екенсіз. Тіфә! Тіфә! Мына балаң болайын деп тұрған азамат екен. Осы баланды маған бер. Өзім тәрбиелеп, адам қылышп, өзіңе қайтарып

берейін, – деп қолқа салыпты. Қапелімде ұсынысқа көне қоймаған бәйбіше кейінірек келісіп, Шорманды әлгі бидің тәрбиесіне беріпті...

Сондай әйгілі бидің тәрбиесінде жүріп, ел ішіндегі талай дау-жанжалға қатысқан Шорман бала 13 жасында би деген күрметті атаққа ие болады.

Бұл жерде ескеретін бір мәселе, әлгі би ел айтып жүргендей Қазыбек би емес, басқа бір атақты би болса керек. Себебі Қазыбек би дүниеден өткенде Шорман өмірге келген жоқ еді. Ол, әрине, көрші ауылдағы Айдабол ішіндегі Шоң би болуы да мүмкін.

Ал ол 13 жасында би атагын жеңіп алатын дауға Орта жүз ханы Уәли де қатысыпты. Осы тарихи оқиғаларды сараптасақ, Уәли мен Шорман үйінің қатынасы сол кезде басталған болуы керек. Әрине, Айғаным әже өзінің талантты баласы Шыңғысқа Шорманның қызы Зейнепті айттыруы кездейсоқ жағдай емес. Зейнеп Уәлидің қара шаңырағына құтты келін болып түсті (1834). Келесі жылы бүкіл казак халқы ғана емес, шығыстану әлеміне жарқырап шыққан Шоқан дүниеге келді.

Ал Шорман бидің басқа балалары да бірінен-бірі өткен өнерлі жандар еді. Бәрінің де аттары қазақ тарихынан өшпестей орын алды.

«Кереку Баян кітапханасы. Рухнама» сериясымен,
Е. Арынның бас редакторлығымен 2003 жылы
жарық көрген «Мұса Шорманов»
кітабынан алынды (3-бет).

Қарадан шығып хан болған Шоң мен Шорман билер

1917 жылғы Қазан төңкөрісіне дейінгі байырғы әдест-ғұрып хан-білер кеңесінің «Ережелеріне» келісімшарттар, атақты ел басшыларының естеліктері мен биліктері, түйінді шежірелері, сонымен бірге, казак жерінде қолданылған Ресей империясының зандары және мұсылмандық шариат, құқық нормалары жатады. Әдет-ғұрыптардың патриархалды-феодалдық нормалары хан мен үш жұздің атақты билері бас қосқан кеңесінде зандар жинағы ретінде қабылданып, ғасырлар бойы ауызша сақталып, сол тұстағы ханнның атымен «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Жеті жарғы» (Тәуке хан заңы) атанды.

XVII-XIX ғасырларда өмір сүрген, данкы үш жүзге тараған билер: Толе, Қаз дауысты Қазыбек, Эйтеке, Шакшакұлы Жәнібек, Едіге, Бекболат, т.б. «Жеті жарғыны» жазуда атсалысып, оны жатқа білген және дау-шарды шешу үшін кеңінен қолданған. XIX ғасырдың басында казак билерінің төтенше құрылтайларында жаңа сипатты «Ережелер» қабылданып, әдептік құқыққа қосымша, жаңа деректер енгізді. Әлеуметтік қатынастың дамуына сәйкес Ресей империялық зандарына сүйеніп, соттық істерді жазбаша жүргізу, үкім мен шешімдер қабылдау, айыпты ақшалай төлету, қылмысты іске түрме, жер аудару жазасын кесу, соттаушының бас бостандығына шек қою, т.б. құқық нормалары өріс ала бастады. Ресей империясы қазак еліне үстемдігін нығайту мақсатымен түрліше арнаулы зандар (мысалы, 1822-24 жж. Сібір қазактарын басқару жарғысын, 1867-68 жж. Губерниялық реформалар, т.б.) шығарды. Бұл зандар бойынша қазак өлкесінде хандық жойылып, әкімшілік, сот құрылышы бюрократиялық ұстанымдарға негізделді. Ежелгі әдет құқығына шек койылды.

Шоң би Баянауыл округі ашылғанда Сібір генерал-губернаторы ол кісіні аға сұлтан етіп тағайындаған. Сібір генерал-губернаторы 1822 жылы орта жүз казактарын билеудің жарғысын жасады. Сол жарғы бойынша хандық жойылып, орта жүз бірнеше округке бөлінеді. Ал Шоңның Баянауыл дуанына аға сұлтан болып қойылғаны туралы: «Біз ашылуы қәзделіп отырған Баянауыл дуанына өз еркімізben кіру арқылы ұлы падишахтың қайырымды қамкорлығында болатынымыз туралы осы сенім қағазға Тортұлы Айдабол старшыны Дулат Олжабаев таңбасын салды» деген дерек бар (Қалмұқан Исабаев, «Бақытты сәттер», А., 1989). Себебі ертеректе қазак арасында «Бөліп ал да, билей бер» ұстанымымен тараган шектеусіз дау бойынша Шыңғыс-хан үрпағы Баянауыл өніріне айтарлықтай ықпал жүргізуге тырысқан. Бірақ оған жергілікті зиялыштар үнемі қарсылық көрсетіп отырған. Бұл туралы Ш. Уәлиханов жазбаларында Шоң мен Шорман «өте күшті ықпалы бар адамдар» деген айғакты дерек бар.

Оның үстіне, 1897 жылы Павлодар уезі бойынша патша әкімшілігі тарапынан халық санағы жүргізілген. Сол санақтың қорытындысында Баянауыл төнірегін мекендейтін ел туралы: «Ақтабан шұбырындыдан кейін Қаржас, Құлболды, Жанболды, Орманыш рулары бірігіп, «Тортұлы» деген одак құрып, осы өлкеге келіп Қызылтау төнірегін қысқыстау етіп, Ақмола уезінің солтүстік жағын жаз жайлай еткен. Итемген, Мамай көлдерінің аттары солардың жаңасында туған Төртұлы билерінің аттарымен аталған» деп жазылған. «Төртұлы» одағын алғаш XVIII ғасыр басында Шорманның атасы Сәти жасаған болса, оны заманына сай күрған – Шоң би.

Осыған орай «Орыс-қазақ қарым-қатынасы» деген еңбекте «1771-1867 жылдар аралығында қазақ өміріне бай-

ланысты жүргізген қағаздарда», соның 268-бетінде Н. Берденов деген биді көпес қатарына алу жөнінде 1834 жылы жазылған хат тіркелген. Хат мазмұны: «Омбы облысы бастығының осы жылғы 22-ші майдағы (№ 1695) катынас қағазына аға сұлтан, би Шоң Едігін Н. Берденовтің 935 жылкысы, 814 қой, 25 ешкісі, 19 сиры, әке-шешесімен эйелі отыр, бірақ баласы жок» деп жазады. Осыған орай Шоңның жеке басының қадір-қасиетін аша түсстін тағы бір дереккөз бар. Бұл орайда округтің аға сұлтаны Тұрсын Шыңғысов 1825 жылы Омбы облысының бастығына жолдаған хатында «Дінсіз Шоң Қарқаралы округі ашылғанда аға сұлтанға қызмет еткісі келмей, ант беруден бас тартқан, яғни, маған бағынбай кетті. Ол орыстар атам Бөкейді хан сайлағанда оған да бағынбаған. Бүгінде ол Шаншар руын «Қарқаралы округінен шығып Төртұлы одағына қосылындар деп азғырып жүр» деп жазған.

1822 жылғы жарғы бойынша қазақ даласында алғаш екі округ ашылған-ды. Уәли хан қайтыс болғанда, оның мұрагері – үлкен ұлы Ғұбайдолла саяси тұтқында отырады. Сондықтан 1821-1834 жылдары Шыңғыстың анасы Айғаным басқарды деген деректер де бар.

1812 жылы Барак ханның ұрпағы Бөкей Сібір генерал-губернаторлығына хан болғысы келетіндігі туралы ойын білдірген. Ол губернатордың қазақ билеріне Бөкейді хан сайлауға қалай қарайтындары жөнінде губернатор сауал-жаяуп алады. Сонда Шоң би губернаторларға «Қазаққа ханның керегі жок», – деп тіке айтады. Шоң би білікті адам болған. Елді ақылмен, әділ басқарғаны сонша, оның билігіне хандар да қызыға караған. Ол заманда төрелер кара халықты салық сала отырып қатты кинаған. Шоң би халықты төрелердің ықтиярына беріп койған жок. Ол өмір бойы хандыққа карсы болған. Қазақ даласында ескіден қа-

лыптасып келген, хансыз елді қалай баскаруға болады деп болмысқа бас иген ескі дәүірді ол кісі мансұқ еткен. Шоң соларды өзі билеген аймақтардан аластатып, халқының шексіз сүйіспеншілігіне бөлениген.

Омбы облысының бастығы С.Б. Броневский Қарқаралыдағы орыс жүздігінің бастығы И.С. Карбышевке: «Ғұбайдолланың шаңың баса алатын жалғыз адам сол далада Шон би ғана. Ықпалды төрелерге осы жөнінде хат жазып едім, бірде-бірі үндемейді. Сіз осы жөнінде құрметті биге жолығызыз», – дейді. Кезінде Шоңның мінезі орыс шенеуніктерін қатты ойландырган.

1824 жылы Шон мен Шорман жазған хаттарында губернатордан Ғұбайдолла мен Торайғырды тұтқыннан босатуын сұрайды. Мұны Омбы облысының бастығы елеусіз қалдырмайды. Ол Ғұбайдолла мен Торайғырды босатады және жайлауына жетісімен өзінің ага сұлтандық қызметтін атқаруға шақырады. «Төртұлышың» ашылып жатқан округтерінің бірде-біріне бағынбауы орыстардың дала ісін баскару жұмысына кедергі, тосқауыл жасайды.

1825 жылы Қарқаралы округіндегі әскер бастығы И.С. Карбышевке хат жазып: «Елді билеу мәселесінде Шоңның не ойы барын сұра», – деген. Бұған Шон: «Баянауылда округ дуанын ашсаңыздар, мен шапағаты мол, аса қайырымды патшаның қол астына кіріп, оның нұскауларын орындаپ отыруға бармын», – дейді.


Осында, Омбы бастығы Шонға өтініштерін қабылдағанын, енді Ресейге ант беру керектігін айтады. 1826 жылдың 9 наурызында Шон бастаған 332 адам мұз құрсаудың жатқан Ертістен өтіп, Керекуде ант береді де, облыс бастығына: «Баянауыл округін ашқанда біздің де тіліміз берілді, әдет-ғұрпымызды білетін және аңқау халқымызға қайырымы мол шенеуніктер тағайынданыздар», – деп жазады.

Орыс жағынан Баянауыл округіне тікелей қатысты шаруамен алғаш келген Леденов деген старшина 1830 жылы жайлауларды аралап, рулардан Ресей бодандығына кіретіндері жөнінде ант алады. Осы сапарында ол Шоң, Шорман көмегімен ауыл, 21700 тұтіннен ант жинайды.

Омбы облысы және Сібір корпусының штаб бастығы С.Б. Броневкий: «Орта жүздің көптеген билері мен старшындары өз халқының арасындағы салмақтарын сақтай отырып Россияға шынайы берілгендейтерімен көзге түседі. Бұлардың ішіндегі ең атақтылары би Шоң Едигин мен Шорман...» деп, өз кезегінде жоғары баға берген. 1833 жылы Баянауыл округіне Шонды аға сұлтан, Шорманды кандидат етіп тағайындауды.

Шоң мен Шорман билер қазақ халқының болашағын орыстарға жақындаудан көрген екен. Орта жүз даласында қала салуды, халықты отырықшылдыққа айналдыруға бастаған. Патша бекіткен жарғының темірдей қатаң бантарын бұздырып, қазакта қарадан тұңғыш аға сұлтан болған Шоң мен Шорман билер халықтың қанша заман өтсө де ұмытылmas кеменгер ұлдары болып қала береді.

Қырықбай АЛДАБЕРГЕНОВ, Ерлан АРЫН,
Бақыт БАТКЕЕВАНЫҢ авторлығымен
2003 жылы «ЭКО» баспасынан (Павлодар)
жарық көрген «Бір туар дара тұлғалар»
кітабынан алынды, 8-бет.



Шорман би

Кезінде Шоқан Уәлиханов Шорман би туралы «Ақыл-ай-ласымен атағы шықкан Шорман «шешен» деген құрметті атқа ие болған. Шешендігі арқасында 14 жаста бас би болып, үлкен даулы мәселеде, Уәли ханның алдында өз елінің адамдарын асқан беделмен қорғап қалады» деп жазған болатын (Уәлиханов Ш. Шығармалар жинағы, Т. II).

Шоң он бес жасар Шорманды Қаржасқа төбе би қып сайлаған. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың да кезінде:

«Шоң, Шорман едік,

Бір-бірімізге қорған едік...» деп жырлауы да осындай себептерге байланысты сиякты.

Белгілі мұсінші Шота Уәлиханов Шоң би туралы өзінің «Шорман әuletі» атты мақаласында: «... Қазак даласына данқы кең жайылған қаржас Шорман би он төрт жасынан билік айтқан. Екі елдің, рудың, атаниң арасындағы дау-жанжалға әділ төрелік айтып бір-екі ауыз сөзben қарсыластарды бітістірген күндері болған дейді...» деген дерек келтіреді.

Шорман туралы ел арасында аңыз көп. Соның бірі: «Қаржас елі Керей елінен барымталап жылқы алыпты. Соған орай Тоқсан би көп адам ертіп Қаржасқа барады. Билік басталады. Қаржас жағынан шықкан Шорман би:

– Тоқсан, Тоқсан дегенде әлдекандай болмай, бері кел, көрісілік. Тоқсан, Тоқсан деп қанша көтермелегенімен, елін Керей ғой, наслілік кедей ғой, өзің де кулықтың құлынындаидай, томаша торғайдай, кішкене ғана кісі екенсін, атағың қалай алысқа жайылып жүр? – деп сұрайды.

Сонда Тоқсан кідірместен:

– Е, ел болсам, Керей шығармын,

Керейдің бірі шығармын.

Кішкентай болсам бүйі шығармын,

*Кұлықтың құлыны болсам,
Жылқының дүлдүлі шығармын.
Томаша торғай тогыз табады,
Біреуі бұлбұл болады деген,
Ішіндегі бұлбұлы шығармын... – дегенде Шорман қарсы сөз айтпапты.*

Біреуді тыңдай білу, тапқырлыққа табыну, жүйелі сөзге тоқтау үшін де ақыл керек-ау», – деп толғанады (Үәлиханов Ш. Шорман әuletі. «Ана тілі» газеті, 17.01.1993).

Қ. Исабаев Шоң мен Шорман билердің өмірінен алғып, «Серт» атты трилогия жазған. Осы тарихи шығармада Шонмен қатар Шорман биге де жазушы тарарапынан жоғары баға беріледі. Мәселен, бидің бір тапқырлығы туралы автор: «Шорман ауылымда болмай шықты. Ашының бас жағындағы пішешшілерге кеткен дегенмен кейін, Тұраратына қайта конған. Табылды-ау! Жанында Байтемір би бар екен. Мән-жайды түсініп алғаннан кейін үшеуі соңдарына ерген жігіттермен сол жерден Нұраға тұра тартты. Тұрсын жайлауында екен.

– Жүр, Қарқаралыға! – дейді Шорман оған.

– Ей, Қарқаралының аға сұлтаны сен бе, мен бе? Барғым келсе барамын, барғым келмесе қаламын. Сен бе едің мені жетектеп апаратын?

– Жандаралдан хат алдық. Сен орыс кіресін тонаған Төртұлы адамдарын ұстап отыр екенсің. Шын болса, өзің жүріп қолыма тапсырасың. Ал егер барудан бас тартсан, онда жандаралға жазғандарыңың бәрі өтірік.

– Рас, – дейді Тұрсын. – Адамдарың қамауда отыр.

– Жүр! Тапсыр қолыма!

Тұрсынның дәл бүгін Қарқаралыда шаруасы бар маеді, жоқ па еді, онда Шорманның шаруасы болмады. Тұр

да түр, жүр де жүрдің астына алып, атқа мінгізді де, нөкерлерімен бірге шу десті.

Қарқаралы үйлерінің ең ұзынын «қазына адамдарының жайы» дейді екен. Бұл – әскери казактар жататын үй. Соның астындағы жерден қазылған қуысында жаңағы төрт адам отыр екен. Аға сұлтанның айтуымен «төрт ұры» сыртқа шығарылды. Үсті-бастарында сау тамтық жоқ. Бет-ауыздары көкала қойдай. Қарекесек жігіттері мен орыстардан жәбір көргендері сонша, біреуі Шорманның алдына құлап түседі.


– Кешір, би ием, бәрі жоқтықтың, жетімсіздіктің...

– Эне! – деді Тұрсын. – Не көрсек те, Төртұлыдан көретін болдық!

Сол жерде Шорман төрт қап сұрайды.

– Немене, капқа салып әкетемісің? Мен бұл адамдарды саған бермеймін. Өзім Омбыға апарып тапсырамын, – деуінен Тұрсынның бұл адамдардан айырылғысы келмегені байқалады. Бірақ Шорман «бірер күннен кейін қолыңа әкеп тапсырамын», – дегеннен кейін, бидің бұлармен не істерін біле қоймаса да, босатады. Шорман сол жерде бәрінің де басына қап кигізіп, атқа кондырады да, өз адамдарына жетектеткізіп, жолға шығады.

Жаз айында Тұндік бойы азғантай ел. Орыс кіресі шынымен тоналған болса, ол жолға жақын осы Тұндік бойы ауылдарының жігіттерінен келеді. Шорманды өзен бойында отырған ауылдардың бірінен соң біріне жетектеген де осы ойы еді. Ауылға жетеді, қотанға жұртты жинаиды, ұрылар басынан қапты алады. Бірақ «таныдық» деген адам шыға қоймайды. Шорман тобы әрі жылжиды. Міне, сәт. Кезекті ауылдың қотанында ұрылар басынан қаптың алынуы сол еді, кенеттен шаршы топ арасынан баланың «әкелеген» даусы саңқ етсін. Иә, ұрының бірі ана баланың әкесі болып



шығады. Шорман аттан түсіп, ауыл арнайы үй тігіп, ана төртеуі сол жерде тергеуге алынады. Біреуі осы ауылдікі екені анықталғаннан кейін, басқаларының жалғандықка баруға амалы болмайды. Үрылар төңіректегі ауылдардан екен. Шорман Қарқаралы дуанының қазиы Ортабай баласы Олжабайды ертіп алған. Оқиғаға күәгер – сол. Ол үнсіз жер шұқылап тыңдайды да отырады. Сөйтсе, Шоң мен Шорманға өшігіп алған Тұрсын «жандаралға» жазған хатының артын шындыққа айналдыру үшін Тұндік бойынан төрт адам алдырып, ақы беріп, «Күлік руынан деп айтатын боласындар» деп жауып қойған екен. Алайда бұлардың ақ-қарасын анықтауға арнайы адам келеді, ол адам Шорман болады. Шорман келсе де осыншама шұқшия із кесе қояды деп ойламаған, «Кім келсе де көреді де, сеніп жүре береді» деп ойлаған Тұрсын опық жеп қала береді.

Шорман Шоң үйін тез тапты. Төртұлы билерінің көбі осында екен. Төрден орын алған Шорман ұрылар жайын айтып, Шоңның өзі мен басқа отыргандарды көңілдендіріп таstadtы», деп, нақты істің шешімін көрсеткен (Исабаев Қ. Шоң би. Роман, 1993. – 94-бет).

Қырықбай АЛДАБЕРГЕНОВ, Ерлан АРЫН,
Бақыт БАТКЕЕВАНЫҢ
авторлығымен 2003 жылы «ЭКО»
баспасынан (Павлодар) жарық көрген
«Бір туар дара тұлғалар» кітабынан алынды, 8-бет.

Ділмар Шорман би

XVIII-XIX ғасырларда өмір сүрген қазақ халқының кара қылды қақ жаратын әділ би-шешендерінің бірі саналатын Шорман (шын есімі – Жұмабай) би 1788 жылы Баянаула өнірінде дүниеге келген.

Қазактар ерте заманнан-ақ шешендікті өнердің ең биік сатысы деп жоғары бағалады. Өйткені шешендік сөздер өнердің шыны ғана емес, елдің әлеуметтік өмірінде, түрмис-тіршілігінде аса маңызды рөл аткарды. Би-шешендер даулы мәселені ешбір хаттама жазусыз, құжаттамасыз түйінді төрт-ақ ауыз сөзben тындырып отырған. Сонымен бір бидің өзі осы күнгі соттың да, зангердің де, прокурордың да міндетін аткарған. Халық от ауызды, өткір тілді әділ билік айтатын шешен билерін ханнан бетер қадірлеп сыйлап, олардың айтқан қанатты сөздерін жадында сактап, бізге жеткізді ғой.

Жұмабайдың шыққан түп тегі – біздің дәуірге дейінгі ежелгі түркілердің ғұн деп аталған тайпалар одағының құрамында болған «арғын» деген тайпалар бірлестігінен шыққан, шамамен біздің дәуірдің 1334 жылы туған Қаракожа батырдың шөпшегі Мейрам сопы. Осы Мейрамның төрт әйелінен егіз туған Қуандық пен Сүйіндік, Бегендік пен Шегендік, Болатқожа мен Қаржас есімді алты баласы болады. Осылардың ішіндегі Қаржастың жүрежаты боп келетін Жұмабай оның жетінші ұрпағы болады. Түсініктірек айтсақ, бұл ұрпақтар былайша өрбіген: Қаржас – Құлеке – Телі – Атай – Мырзағұл – Сәти – Құшік – Жұмабай.

Енді сөз орайы келгенде айта кетсек, қазіргі Қазақстанда өздерін арғынбыз деп санайтындар – негізінен жоғарыда айтылған Қаракожа батырдың ұлы Арғынның ұрпақтары. Ал біздің дәуірге дейінгі «арғын» атты түркі тайпалары бірлестігінің құрамында болған арғындардың бірқатар болі-

гі он бесінші ғасырда қазақ хандығы құрылғанға дейін Шығыс Еуропадағы, Орта Азиядағы басқа түркі тайпаларының құрамына еніп кеткені тарихта белгілі.

Жұмабайдың торт жасында әкесі жай оғынан опат болады. Сөйтіп оғ әкесінен балдырған шағында жетім қалып, әжесі мен анасының тәрбиесінде болады. Сол кездегі Жұмабайдың бір тапқырлығы жөнінде ел аузында сақталған мынадай әңгіме бар. Бір күні Баянаула өніріне танымал бір би жолаушылап келе жатып, Күшіктің аруағына арнап дұға оқымақшы болып, оның үйіне ат басын бұрады. Сонда әжесі мен шешесінің құдайы қонаққа қонақсыға не береміз деп қысылып қалғандарын сезген бес жасар Жұмабай лезде жолаушының алдына дөңгелек үстелді қоя салып, оған дастархан жайып жібереді де, қазанда өздері ішуге қайнатып жатқан сүттен бір тостаған құйып алып, оны үстелге қояды да:

— Қаптың түбі қағылды, бетке қүйе жағылды, алдыңызда ыстық сүтіміз, асықпай отырып жұтыныз, — деп, бидің бетіне қарайды. Сосын Жұмабай әрі қарай:

— Ата, өткен қыстың үйітқыған бораны мен қақаған аязы елді өте-мote жүдетіп кетті. Мал жұтқа ұшырап, оның едәуірі қырылып қалды, жұрттың сусектегі астығы да таусылды. Сонымен елдің тұрмыс жағдайы қыындала барады, — деп, тіпті өз үйі емес, бүкіл ауыл, ел тағдырына аяныш білдіріп сөз қозғайды.

Балдырғанның тақпактап айтқан ұтқыр сөзі мен елдің қатал қыстап шеккен зардабын ересек адамдай баяндап берген әңгімесіне тәнті болған би үйден аттанарда оның әжесіне былай деп қолқа салады:

— Алдымен айттарым, немеренізді Алла тіл-сұқтан, қауіп-қатерден сақтасын, болайын деп тұрған бала екен. Осы баланы, әрине, мұлдем емес, уақытша маған берсеңіз. Немереніз менімен бірге жүріп, ел араласын, көре-көре көсем

болады, сөйлей-сөйлей шешен болады демекші, жас талаптың тезірек жетілгені тәуір.

Сонда баланың әжесі дуалы ауызды бидің айтқанын күп көргенімен, «Бала әлі жас қой, тым болмаса сегізге толсын», – дейді. Осы уәде келісім бойынша Жұмабай сегіз жасқа келгендеге баяғы би атасына шәкірт болады. Сонымен ол үш жылдай бимен бірге болып, ел аралайды. Небір қасқа мен жайсандардың сөздерін тындайды. Жұмабай өстіп журіп өзі де шағын дау-жанжалдардың түйінін шешіп, «Бала би» атанады.

Енді Жұмабайдың қалайша «Шорман» аталғанын да айта кетсек, артық болмас. Бұл жөнінде ел арасында сан алуан әңгімелер бар деуге болады. Алайда сол әңгімелердің ішінен осы жолдардың авторы білетінді ғана айтып шығудың өзін жазып отырған мақаланың қолемі көтермейді. Сондықтан төменде шындыққа жанасады деген бір-ақ әңгіме сөз болды.

Бір жылы Қызылтауды мекендереп отырған Мырзагұлұлы Сәти ауылында он төрт жастағы Жұмабайдың бар малы жұттан қырылып қалады. Ал жылқыларын Көкшетау өнірінің белгілі ұрылары Тайқара мен Бейбіт айдал кетеді. Сол кезде Жұмабайдың атасы Мырзагұлдың інісі Жәдігердің шөбересі Шегірұлы Алыпқара өте бай адам болған. Сонда Күшік ауылының жайлауға көше алмай Қызылтауда қалғанын естіген Алыпқара оларды Шідерті өзені бойына көшіріп әкелуге Қаржас ұрпағы Таластың Байқондысынан тарайтын Дубірұлы Шөпкенді бірнеше арбалы ат пен түйесмен жібереді. Ол кезде Анай бабаның ұрпақтары Шідерті өзенінің бас жағын, Қаракөл-Ниязды, Ерейментаудың сыртына дейін жайлайды екен. Күшік ауылы жайлауға келгенен кейін Алыпқара Жұмабайға:

– Менің малымнан өзің қалағаныңша мал боліп ал, – дейді. Сонда Жұмабай:

— Ата, мұндағы мал ешқайда кетпес. Малыңыздың берекесін кетіріп, дәл қазір мал алмаймын. Маған тек үш жақсы ат беріп, Шөпкен ағаны жол серікке қоссаңыз болды. Сосын мен Уәли ханның еліндегі ұрылар айдан кеткен жылқыларды іздейін және ханды көріп, оған сәлем беріп кайтайын, — дейді. Сонымен Алыпқара берген үш атпен Жұмабай мен Шөпкен Көкшетауға жүріп кетеді.

Жұмабай Көкшетау өніріне жеткесін алдымен Уәли ханның ауылына барып, ханға сәлем береді. Уәли хан Жұмабайды өзі жақсы білетін Мырзагұл мен Сәти батырлардың ұрпағы санап, ересек бала деп қарамай, жақсы карсы алып, сұхбаттасады. Сонымен бірге хан екеуара әнгімеде Жұмабайдың жас болса да Баянаула өнірінде беделінің көтеріліп келе жатқанын сырттай естіп жүргенін де сөз қылады. Жұмабай жүрге ыңғай білдіргендे:

— Балам, сонша жерден келіп отырсың, бұйымтайыңды айт, — дейді.

Сонда Жұмабай ханға тақпақтап екі шумақ өлең айтады. Сол екі шумақты, өкінішке карай, сақтай алмадым. Онда Жұмабайдың әке тәрбиесін көрмегені, өткен жылы сиырларының аусыл мен мәліктен, қойларының аққулақ болып жұтта қырылып қалғаны, жылқыларын Көкшетаудың ұрылары айдан кеткені сөз болады. Сонан соң ол «Теріңіз сіңген бір киімінізді киейін һәм бір жақсы атыңызды мінейін», — деп, бұйымтайын айтады. Осылардың бәрін Жұмабайдың айшықты сөзбен келісті түрде мәнерлеп айтқанына риза болған Уәли хан:

— Қарағым-ай! Асылдың тұяғысың той, бұдан былай сенің есімің Жұмабай емес, Шорман болсын, — дейді. Сосын хан Шорманға өзі киіп жүрген шапанын, өзі мініп жүрген атын һәм ұрылар алған жылқыларының орнына біраз жылқы береді. Содан кейін Шорманның дәулеті артып,

тұрмысы жақсарып, ел ішінде беделі өсіп, жұрт оны «Шорман» атап кетеді.

Рас, осы жерде әрбір оқырман Уәли хан Жұмабайға не себепті «Шорман» деген лақап есімді берді деп ойлады.

Шорман есімі «шор» және «ман» деген екі атау сөзден бірігіп жасалған. Мұндағы шор – қайың ағашы дінінің төменгі бойында пайда болатын жұдырықтан кішірек бутық (орысша – нарост). Осы шордың қаттылығы сондай, оны ең өткір балтамен де қақ беліп тастау онай емес. Шор үгіндісін қатерлі ісікке шалдыққан сахалардың қайнатып ішетінін өткен ғасырдың 70-ші жылдары Якутияға іссапармен барғанда көрдім. «ман» парсыша (қараңыз: Ондасынов Н. Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік, Алматы, «Білім», 2003, 99 бет). Сонда Шорман күшті адам деген ұғымды білдіреді.

Міне, «шор» мен «ман» сөздерінің мағынасын жете білген Уәли хан 14 жасар Жұмабайдың келешекте көпті көріп, әбден ысылған шағында өр мінезді, өткір тілді, қайтпас қайсар, табанды да күшті азамат болатынына нық сеніп, оның есімінің «Шорман» деп аталуын жөн көрген сияқты. Қазіргі тілде Нұрман (нұрлы адам), Байман (бай адам), Қалқаман (тіректі адам), Қаһарман (құдіретті адам) сияқты есімдер бар. Сондай-ак, орыс тілінде казактар қауымының басшысы саналатын «атаман» деген күрделі сөздің түркі тіліндегі мағынасы – басшы адам.

Сонымен уақыт ағымымен Шорман бидің тапқыр да орынды, накылды да қанатты шешендік сөздері мен әділ билігі жөніндегі әңгімелер бүкіл казак даласына тарап кетеді. Сондықтан оның төрелігіне жүгінуге тек Баянаула жұрты ғана емес, басқа өнірлерден де келетіндер болды. Алайда Шорманның ел арасында абырой-атағының өскенін көре алмаған іші тар адамдар да болды. Осындай адамдардың кейбірі «жаптым жала, жақтым күйе» дегендей Шор-

ман бидің атына кір келтірмек болып, оған қастандық жасап өлтіруді де ойластырады.

Бірде ел қызырып жүрген диуанаға Шорманның қаскөй жауы ақы беріп, оны улап өлтіртпекші болады. Осы тапсырыспен кешке таман Шорман отырған киіз үйге келген диуана ашық есіктен жанып тұрған май шамның жарығында биге көзі түскенде оның бас жағында жарық шашып тұрған сәулені көреді де, селк етіп, қолымен көзін көлегейлей қояды. Сосын диуана өзіне тапсырыс берген кісіге келіп:

– Мына би қасиетті адам болса керек. Басында шырақ жанып тұр. Ат басындей алтын берсе де мен енді оған қастандық жасай алмаймын, – дейді.

– Шорман туралы Мәшһүр Жұсіп: «Бас қосылған жерде әнгіме сөзге кірісіп, аттыға жол, жаяуга сөз бермей, «Шорман бұлбұл» атанған екен» деп жазады.

Шорман би өзінің қыска өмірінде белгілі Керей, Тоқсан, Актайлақ, Тіленді, Куандық, Байдалы Қанжығалы, Сакқұлақ билермен, Құдайменде төремен, Тәбітай шешенмен сөз қағысады.

Шорман бидің қолда бар шешендік сөздерінің ішінен мынадай терен философиялық тұжырымды мағынасы бар сөзін айтсақ, ол: «Хан азарында қарашамен қас болар, бай азарында кайыр-зекеті жоқ баймен дос болар».

Шорман биді Шоқан Уәлиханов былайша сипаттайды: «Особенно известны в народе бии: в Баянаульском районе – Чон (Шоң – С.Ж.), а в Каржасском – Чорман (Шорман – С.Ж.) по прозванного чечен (мудрый), знаменитый умом и хитростью, Чорман, обладая редким даром слова, 14 лет от рода был уже родоначальником бием и в одном тяжебном процессе славно защитил своих родовичей перед лицом хана Вали (қараңыз: Ч.Ч. Валиханов, собр. соч. в пяти томах. Алматы, 1985, 2 том, 309 стр).



1835 жылдың Шоң би өлгөн соң, 1836 жылдың 12 сәуірінде капитан әскери шені бар Шорман би Баянаула сыртқы дуанының аға сұлтаны болып сайланады. Содан кейін патша үкіметі Шорманға қалтқысыз қызметі үшін ке-зекті офицерлік хорунжий шенін береді.

1837 жылдың күздінде қазіргі Ақмола облысы өнірінде Шорман би 49 жасында опат болады. Бұл қайғылы оқиға туралы Мәшіұр Жүсіптің 2006 жылды Павлодарда шыққан шығармалар жинағының 9-томының 248-249-беттерінде жазылған. Осы оқиға жайында айттар болсақ, Баянаула өнірінде Жаңабатырұлы Жанақ деген ақын болған. Ел ішінде ол әулие Жанақ, көреген Жанақ, қаһарлы Жанақ атап дағынан. Сонымен бірге Жанақ бір құпия қасиеттің де иесі болады. Мәселен, қаһарлы Жанақ кез келген адамды не малды сұқ саусағымен көрсетіп: «Аттым!» – десе, сол адам не мал көп ұзамай о дүниелік болатын көрінеді.

1836 жылды Шоң бидің орнына аға сұлтанды сайлау алдында сайлаушылар екі партия болып бөлінеді. Елманұлы Тұрсынбай батыр басқарған партия Шоң бидің орнына Итемген деген кісіні сайламақшы болса, Тұрсынбайдың баласы Боштай басқарған партия Шорманды дуанбасы сайламақшы болады. Ақырында Боштайдың айтқаны болып, Шорман дуанбасына сайланып шығады. Осыған ашуланған Тұрсынбай бұрыннан Шорманға өштігі болғандықтан оның көзін жоймақ болып, қаһарлы Жанаққа келіп: «Күлболдыға қастық қылғанды атамын» дейтүғының кайда? Ат мына Боштай мен Шорманды. Бірінен бірін қалдырсаң, ырзалағым жок», – деп, қалышылдан, дірілден, ызага сыймай долданып айтқан соң, Жәкең:

– Аттым Шорманды, үйіне жетсе сол! – депті.

Сонда Шорман қырық тоғызда екен. Ерейменнің ар жағында жайлауда ауылды бар екен. Сайланып шыққан жолы үйіне барып түсісімен өліпті деп жазады Мәшекен.

Енді Шорман мен Боштайдың өлімдерінен кейін Жаяу Мұса Байжанұлының «Ақсиса» атты әннің (ұш түрлі) сөзін оқып көрелік:

*Омбының*келдім, міне, қаласына,
Сәлем айт көп Қаржастың баласына.
Шорманды кім өлтірді, мен білмеймін,
Сондықтан менен құнын аласың ба?
Боштаев бір айдабол баласы едік,
Екеуіміз бір қыстауга талас едік.
Жыртысын Шормановтың жыртамын деп,
Салдың гой ауылымызга сонша бүлік.*

Бұл әннің сөзі Жәнібек Кәрменовтің құрастыруымен 1991 жылы Алматыда «Өнер» баспасынан шықкан «Қазақ әндерінің антологиясы» деген кітаптың 1-томының 181-бетінде берілген.

Осы екі шумақ өлеңді негізге алып, Жаяу Мұсаның Омбыда 12 жылға сотталуына байланысты кейір деректерді анықтауға болатын сияқты.

Шорман мен оның катыны Топаннан екі қызы, төрт ұл – Зейнеп (1816 ж.), Мұса (1818 ж.), Мұстафа (1820 ж.), Зейпін (1822 ж.), Иса (1824 ж.), Әбу әлі ибн Сина (1826 ж.) туған. Кенже баланың лақап есімі – Әужан. Зейнеп – казақтың ұлы фалымы Шоқан Уәлихановтың анасы. Зейпінді бесікте жатқанда Батыс-Сібір генерал-губернаторының қарауындағы шекаралық комиссияның мүшесі болған руы Керей Ақұлы Ырсайдың баласы Жиентайға атастырып қойғанығана белгілі.

Марқұм Шорман бидің аруағы риза болғай! Эмин!

*Серік ЖАҚСЫБАЕВ
(2013 жылы Шорман бидің 225 жылдығына
орай жазылған)*



Жұмабайдың Шорман атануы

Шоң бидің бір байламға келгені анық,
Жас қыран жетілуі үшін қанаттанып.

Аудару ел назарын – басты парыз,
Бағын ашпай алыштың өспесі анық.
Содан да ертесінде сөз бастаған,
Өзгеге Үкібайдан сыр ашпаған.

– Жұмабайды би сайлау салтанаты
ісіміз болсын, – деді, – тың бастаған.

– Ерейменге елді жи, Сәти талға.

Жеті күн болады, – деп, – қызық алда.

Алдын ала келіскең Мамықпенен,
Деп отыр ол: «Тәңірім, өзің қолда».

Қаржастар аспандаган асып бағы,
Ерейменге ат басын бұрған-дағы.

Шоң Үкібайдан сұрады: – Кім келді? – деп,
Куандық, Каракесектің корінбейд қаралары,
Сонан соңғы жаңалық мынау еді,
Қалай болар еken деп мұның жөні.

Жұмабайға Шор деген есім берсек,
Қайында шор болады қатты тіні.

Қалың ел түсінеді бірден мұны.

Сөйтіп, бір тың дәстүрге орын берсек, –
дегенде Қазанғап би түрегелді.

– Сөз көп қой, тізе берсек, тінте берсек.
Бұл сөзге ағайындар түптен келсек.

Шор деген – Қаракесектің бір атасы.

Білетіндер:

– Сөзінің жоқ қатесі, – деген соң Шоң:

– Ал онда Жұмабайды Шорман десек,
Емес пе бұл есім де тіптен кесек.

Бұл – біздің Шорманымыз, – деп шуласты ел,
Жайқалған Баянауылда гүл бәйшешек.

Сүлеймен БАЯЗИТОВТІҢ «Шоң» поэмасынан үзінді

Судья в 13 лет

Дед Чокана Чорман благодаря талантливости и дару красноречия уже в 13 лет избирается билем Баянаульского округа.

Как бий, причину всех видов преступлений он видел в зависти, безделье, стремлении жить за счет труда других и вести легкий образ жизни. В своем регионе он неустанно вел с этим борьбу. Совесть человека ставил превыше всего. В Баянауле приучил многих профессионально трудиться. Баянаульские краснодеревщики, чеканщики, ткачи, ковровщицы, ювелирных дел мастера, вышивальщицы пользовались высокой славой и их работы посыпались на выставки в разные страны. Кошмы, сделанные руками баянаульских мастерниц, можно было по белизне сравнить с только что выпавшим снегом. Красивые виды природы, пейзажи, вплетенные в чай для украшения юрты, были подобны полотнам известных живописцев и gobelenам. Потомки Чормановых в совершенстве владели коневодством. Выведенные ими новые породы лошадей доставлялись царскому двору.

Чорман добивался, чтобы в каждом ауле была школа. Благодаря его заботам население округа было сплошь грамотным.

Рассказывают, что Чорман обладал редкой проницательностью: суть человека понимал с первого взгляда. И даже мог предсказать будущее. Качества, которые отмечали и у Чокана его близкие друзья С.Я. Капустин, Н.М. Ядринцев, Г.Н. Потанин.

Из Баянаульского региона вышло много крупных ученических, выдающихся художников слова, знаменитых артистов,



певцов, композиторов, музыкантов и разных талантливых людей. До сих пор в Баянауле вспоминают о Чормане, как о человеке, работавшем с самоотдачей для блага народа, для поддержания в нем порядка, трудолюбия, чистоты. Бытующая среди казахов легенда о Бала-бие (самом молодом бие) посвящена Чорману.

Символическая встреча с юным Абаем

Правомерно начать с дяди Мусы, который, как известно, сыграл особую роль в воспитании Чокана. Напомню лишь, что он, как и отец Чингис Валиханов, окончил в г. Омске Войсковое училище, с присвоением чина майора. В 1845 году это училище было преобразовано в Сибирский кадетский корпус.

Схож и их дальнейший путь. По окончании училища Чингис назначается старшим султаном только что образованного Аманкарагайского округа. Муса Чорманов – старшим султаном Баянаульского округа. Притом они были в родстве. В 1834 году Чингис женился на дочери бия Чормана, сосватанной еще в детстве.

Думается, в год 150-летия Абая уместно напомнить, что Муса и его отец Чорман имели давнюю дружбу с отцом Абая Кунанбаем. Дядя Абая Шакарим часто гостил в ауле Чормановых.

Мой отец рассказывал, что когда Муса ездил на могилу Чокана, то останавливался по пути в ауле Кунанбая. В одну таких поездок Муса по просьбе Кунанбая долго беседовал с юным Абаем, чтобы наставить его на верный жизненный путь. И будучи поражен эрудицией и умственным дарованием Абая, понял, что его ждет великое будущее.

Магмура АСФАНДИЯРОВА,
«Круг близких Чокана», 1995 год

ШЕЖИРЕ
ШЕРТІП АСҚАҚ
ДАЛАМЫЗДА,
БАБАЛАР РУХЫ
ТҮРАР
АРАМЫЗДА...



...Бабасын ұлықтаған ұл өседі,
Бұл күнім Шормандардың ұлесі еді.
Шорман биді жетім деп кім айтады,
Анық болған Алашқа ұлы екені.
Жасынан ақиқатты ұран қылышп,
Жанына адалдықты ту етеді.
Жұмабай Шорман болып билік айтса,
Тізесі талайлардың дір етеді.
Жер дауын, жесір дауын шешіп беріп,
Үәжінен білінген кім екені.
Бай, манап, би-шонжарға бастықтырмай,
Қабағына кара бұлт түнетеді.
Арқаның алтын құрсақ аналары-ай,
Ақының әлі сені жыр етеді.
Ормандай ордалы елім аман болса,
Шормандай талай ұлды тұлетеді.

Мизан Жұмаәлі

I Шорман би мұрасы мен шежіресіне шолу


Бүгінгі ұрпак үшін XIX ғасырда өткен Шорман би кім? Сонында қалған мұрасы мен шежіресі, әuletі туралы аз-кем тоқталып, жазуға себеп Ерсіментау өніріндегі Шорман өзенінің бойын алғып жатқан Шорман би жайлауының жотасындағы тобеде жерленген атақты бидің басының ретке келіп көтерілуі болып отыр.

Дала данагөйі, Баянауыл дуанының аға сұлтаны болған, биыл 235 жыл толып отырған тарихи тұлға – Шорман бидің өмірі мен өнегесінің ел ішінде ауыздан-ауызға айтылу арқылы ғана жетпей, аңыз әңгіме болып қағаз бетіне түсіу алдыменен әулие Мәшіүр Жұсіп енбектерінен бастау алады. Арғын тайпасының Мейрамсопы баласы – Сүйіндік руын таратқанда Қаржастан тарайтын ата-тек шежіресін де Мәшекең берген болатын. Сөз ретіне қарай айта кетейік, бұл шежірлердің нұскалары Мұса Шорманұлы және Имантай Сәтбайұлы қағазға түсірген нұскаларда да бар.

«Дақ туган бір анадан Қаржас едің,
Ақсүйек, алтын сандық, алмас едің.

Бақ қонып, дұға дарып, дәулет біткен,
Бабамның Мейрам сопы баласы едің» –

деп Мәшіүр Жұсіп әулие толғайды. Осы Қаржас бабамыздың Шорман би жетінші ұрпағы болып келеді екен: ҚАРЖАС – Құлыке – Телі – Анай – Мырзағұл – Сәти – Күшік – ШОРМАН. Жетінші ұрпақта жетелілігі мен жетістігі жеке-дара айшыктанатынын қазақ руларының тарихынан жиі байқаймыз. Мысалы, бүгінгі ақының ақынымыз Олжас Сүлейменовтің Абылайханның ак туын ұстаған Олжабай батырдың жетінші ұрпағы екенін атақты «Көшпенділер»



трилогиясында жазушы Илияс Есенберлин тұспалдап атап өткен болатын.

Шорман бидің жеті атасының ішінде А나й биден басқа би болмағанымен, Жонғар шапқыншылығы заманында батырлар барын көреміз, яғни, бабасы Мырзағұлдың батыр аталағыны және мүрдесі Түркістандағы Қожа Ахмет Иассауи кесенесінде жерленгені жайлы әрі руы Қаржас деп жазылып тұрғандығын көзімізben көрдік. Ал Мырзағұл батыр баласы Сәти жайлы деректер Мәшінүр Жүсіп жазбаларында сақталып, бізге жетіп отыр. Сәти батыр Айдабол бидің шөбересі Олжабай батырмен бірге Сүйіндік елін, қасиетті Баянауыл жерін қалмақтардан азат стуші және атамекенге қоныстандыруши ретінде айтылады. Бұл сөздерімізді жазушы Қалмұқан Исабаевтың сөздерімен жалғар болсақ: «Баяғы «ақтабан шұбырындыдан» кейін сонау Жизақ дала-сы мен Сыр бойынан Арқаға қарай көшерде «жол торыған ата жаудан басым болу үшін» Айдабол батыры Олжабай мен Қаржас Сәти (Шорманның атасы) Мейрамның Сүйіндігінің төрт тармағы – Қаржас, Құлболды, Орманшы және Жанболдыдан өсіп-өнген ұрпақтан «Төртұлы» деген одақ құрып, жылжыған екен. Бертін ел-жұрт ата-баба мекеніне есен-сая жетіп орнығып алған».

Азан шакырып қойған есімі Жұмабай болған Шорман баланың бойынан атасы Сәти мырза мен бабасы Мырзағұлдан дарыған тектілікті байқаймыз (әкесі Күшік, ағайынды Байкісі мен Жанкісі – үшеуіне жай түсіп қаза болған дейді. Үшеуінің бейіті қазіргі Жұмат Шанин атындағы ауылдан 17 шакырымдай, Еспе өзенінің Баян жақ қабырғасында тұр. Сол заманнан бері бұл жер «Үшқасқа» деп аталағы). Әкеден жастай қалған Жұмабай әжесі Баяу мен анасы Мамықтың тәрбиесінде болыпты. Шорман би қаршадайынан алғыр болып, бес жасында аймақтың белгілі ақсақалы ал-


дында қаймықпай тақылдаған екен. Алқалы топтың алдында азын айға білеп, небәрі 13 жасында (кей деректе 14 жасында) алдымен «Бала би», кейіннен «Шорман бұлбұл» атанғандығын аңыз-әңгімелер арқылы білеміз. Шорман би туралы осы және басқа әңгімелер бірнеше рет баспадан жаңартылып шыққан «Шешендік сөздер, Алматы, 1992 ж.», «Шешендік шиырлары» (Алматы, 1993 ж.), «Қазақтың шешендік сөздері» (Алматы, 2007 ж.), «Қазақ би-шешендері» (2016 ж.) атты кітаптарда жарияланған болатын.

Бақ қонған Баянауыл жерінде өмірге келіп, есімі алты Алашқа аян болған қазақтың біртуар перзенті – Шорманың «қара қылды қақ жаратын» әділдігі, көрегендігі мен шешендігі ел аузында аңызға айналып, бұл туралы ақының ақындар аспандата жырлаған. Біздін заманымыздың ақындары да аянбай айғатап айтып жүргендігінің күесі болып жүрміз. Ақтөбелік ақын ағамыз, марқұм Есенбай Дүйсенбайұлы мен баянауылдық бауырымыз, айтыскер ақын Аспанбек Шұғатайдың өлеңдерінен үзінділер келтірсек:

...«Сарыарқаның маңдайына жаратқан,
Алты Алашқа аталы сөз таратқан –
Едіге, Шоң, Шорман би мен Торайғыр
Төрелігі төрді аузына қаратқан»...

Есенбай Дүйсенбайұлы

«...Далиып жаратқан Дағбаның
Әрбір тасы – бір өлең.
Шормандай қарттың ауылына
Ормандаі қылып жыр егем!
Мен – Мұсамын,
Тұранның жазығынан кең құшагым,
Туган жер, сениң тау мен колмен емес,
Тау тұлға таланттармен келді сәнің.



Сормаңдай қазагымның бақытына
Шормандай ұл туатын келді шағың!».

Аспанбек Шұгатай

2018 жылы Шорман бидің бел баласы – ол да Баянауыл сыртқы округінің 15 жыл ага сұлтаны болған, заманында қа-зактар ғана емес, орыс ұлтының өкілдері де «Үлкен мырза» (Большой господин) дәп атаған Мұса Шорманұлының 200 жылдық мерейтойын атап өту барысында Мұсекең зәулім кесенені қазіргі Мұса Шорман ауылында (бұрынғы Тендік, Баянауыл ауданы) көтерген болатынбыз. Сол мерейтойға арнап туған ауылымызда «Туған жердің тарихи тұлғалары» атты музей, Шорман би әулетінің үй-жай орнында арнайы аспан астындағы ашық музей, Шорман биге және баласы Мұса мен немересі Сәдуақасқа арналған қысқаметражды фильмдерден басқа 368 беттік «Мұса Шорманұлы» атты жинақ кітапты да шығарған едік. Сол кітапта Ерейментау жерінде Шорман дәп аталатын өзен және жайлай барын, Шорман бидің зираты сол жердегі қалың қорымда екенін айта отырып, өкінішке орай, мұны іздел жатқан ешкім жоқ екендігін де атап өтіпіз. Дегенмен келесі 2019 жылдың жазында белгілі тарихшы, ғылым докторы Жамбыл Артықбаев, жазушы-акын, өлкетанушы Сайлау Байбосын – үшемдік бастаған экспедиция мүшелері Ерейментау жерінде мәңгілік тыныштық тапқан баянауылдық Құлболды әулие, Олжабай батыр, Едіге би және осы мақаладағы Шорман би бабаларымыздың бастарына зиярат жасаған болатынбыз.

Олжабай батыр басына келгенде көргеніміз Шорман би сол жерде жатыр деген жаңсақ оймен Иса Шорманұлы мен Біләл Мұсаұлынан тараитын Ахат Исин және Софья Исламқызы есімді Шорман би ұрпақтары белгілі өлкетанушы, ғалым ағамыз, марқұм Серік Жақсыбаевпен бірге орнаткан белгітас болды. Бұл жерге келмес бұрын ресейлік зерт-

теушілер жасаған ескі картада Шорман бидің сүйегі жатқан жердің (могила Чермань) поселок Подгорный (кейіннен Благодатное, қазіргі Олжабай батыр ауылы) аталған жерде емес, одан он шақты километрдегі Шорман өзенінің бойында екенін карта бойынша анықтап алған едік. Оның үстіне, сол Олжабай ауылының тұрғыны, саятшы Сабыр Қанафин деген ағамыз ескі көздерден естігенін ғана айтпай, «Шорман би бейіті мына жерде» деп, бізді Шорман би жайлауына бастап апарған болатын. Сабыр ағамызға ризашылығымызды білдірген соң, Шорман бидің бейіті Шорман өзенінің бойындағы қорымда екендігіне толығынан көзіміз жетті. Олжабай батыр жатқан қорымда белгітас қойған, жоғарыда айтқан ұрпақтарына осының бәрін оларға телефон шалып, түсіндірдім. Кейіннен ол кісілермен тағы да сөйлесе отырып, қойған белгіасты көшіруге келісімдерін алған соң, Шорман би басын лайықты түрде көтереміз деп шештік. Ол арада 2020 жылы пандемия басталып, тек өткен 2021 жылдың күз айларында ғана Сәкен (Сайлау Байбосын) тағы бір рет бүгінгі үйимдастыруышылар тобын осы жерге апарып келген болатын.

Міне, енді сөтін салып, жақадан төрт жарым метрлік белгітас Шорман би бабамыздың басына қойылғандығы, жалпы, ескі қорымның қоршалғандығы және өзеннің бойында да «Шорман өзені» атты тағы бір белгітас орнатаудың 2022 жылғы 23 шілде күні ас беріліп, аталып етті.

Иманы саламат болсын, жуырда ғана өмірден өткен Ахат Исинге, көзі тірі апайымыз София Исламқызына (Мұса Шорманұлының баласы Біләл болыстың Нұрмұхаммед (Нұркіш) атты баласының қызы Камиладан тұған) берген уәдеміз бойынша Олжабай батыр басында болған белгітас та осы қорымға көшірілді.

Бір өкініштісі – Шорман би бабамыздың аруағына берілген ас пен бағышталған құранға катыса алмағаным (екі рет күрделі операциядан өткендіктен дәрігерлер рүқсат бермедин). Қолдан келгені – телефон байланысы арқылы аға-бауырларымызға, оның ішінде ұйымдастырушы азаматтарға койылған екі белгітасқа жазылған сөздердің мәтінін жазып бергенім. Әрине, бұл жолы да жазған жазуларыма төрт жыл бұрынғы Мұса Шорманұлы кесенесін көтеру кезінде жазылған мәтіндерге салмақты ойлар косқан белгілі ғалым, Баянауыл ауданының Құрметті азаматы Жамбыл Артықбаевтың енбекін арнайы атап өтемін. Сонымен, белгіастарға төмөндегідей мәтіндерді баянауылдық бауырым Мұсабек Сейсенбекұлы арқылы ақылдастар алқасына ұсынған болатынбыз:

ДАЛА ДАНАГӨЙ, БАЯНАУЫЛ ДУАНЫНЫҢ АҒА СҮЛТАНЫ ШОРМАН БИ (ЖҰМАБАЙ) КУШІКҰЛЫ (1788-1837 жж.)

ШОРМАН БИ – бала жасынан шешендік қасиетіне бола «Шорман бұлбұл» атанған Баянауыл тұмасы. Есімі алты Алашқа аян болған, қазақ баласы кара киізге көтеріп хандай сыйлаған біртуар азаматы. Қазақтың жарық жүлдізы Шоқан Үәлихановтың нағашы атасы. Шорман би қыын-қыстау заманда ел бастаған көсемдігімен, «қара қылды қақ жаратын» әділдігімен қазақ жадында мәңгілік орын алды. Шорман бидің еліне жанашырылығын, азаматтық мінезін, оқу-білімге тарту жұмысын Мұса бастаған балалары, Сәдуақас қостаған немерелері жалғастырды. Руы – Арғын-Қаржас.

Ескерткіш ұрпақтарынан, 2022 ж.

Бұл – төрт жарым метрлік негізгі белгітас. Ал өзен бойына қойған белгітасқа мына мәтінді ұсынған болатынмын:



ШОРМАН ӨЗЕНИ

Баянауыл дуанының аға сұлтаны Шорман Күшікұлының жаз жайлауындағы бұл өзен XIX ғасырдан бері әйгілі бидің үрпаққа аныз болған есімімен аталады.

Мәтіндер толығымен еніпті, кейбір аздап қана қосымшалар бар. Алла разы болсын! Үйымдастыруыш азаматтар: Сейсенбек Үдырысов, Бегім Экімов, Қайыржан Қияшов (сыныптасым), Ардаш Ахметов (сыныптасым), Айбат Үдырысов, Мұсабек Сейсенбекұлы, Ардақ Сарбасов және баянауылдықтар мен Олжабай батыр ауылдының атсалысқан басқа да азаматтарына алғысымыз шексіз.

II Шоң, Шорман және Шоқан шежіресіне шолу

Казактың билер шоғырының көрнекті өкілі, атақты Айдабол бидің тегінен тарайтын үрпағы Шоң би 1754 жылды жарық дүниеге келген. Айдабол бидің тұнғышы Жанқозы бір жорықта жонғарлар қалың жылқыны айдал кеткенінде, құғыншы шығып жетіп, жаудың Дабан батырына: «Аларманға жан қайғы, шабарманға мал қайғы. Шабыссаң – ұрысатын жерінді айт, табыссаң – тұрысатын жөнінді айт», – деген екен. Мұның соны жекпе-жекте Дабанды алып денелі Бозқозы інісі наизамен түйреп олтіріп, жер жастандыруымен аяқталған. Осы Жанқозының немересі Едіге елде есімі дүрілдеген би болғаны белгілі. Едіге бидің екі ұлы – ағайынды Торайғыр би мен оның ағасы Шоң би. «Қарадан шығып хан болған» Шоң би – 1833 жылды құрамында 14 болысы бар Баянауыл сыртқы округіне сайланған ең алғашқы аға сұлтан, «Төртуыл» одағының төбе би.

Ел аузынан жеткен дерек бойынша 1660 жылдары өмірге келіп, 13-інде би атанған Айдабол бидің бес ұлы



(алтыншы ұлы – Кенжеқозы жас күнінде қыршын кеткен) – «бес қозысы» Жанқозы, Малқозы, Аққозы, Қарақозы, Бозқозы екені белгілі. Жанқозы мен Малқозының жетінші үрпақтары кіл «сен тұр, мен атайдындар», казақ елінің мактанды тұтар атпал азаматтары болып келеді. Мысалы, ЖАНҚОЗЫ – Төлебай – Едіге би – Торайғыр би – Эбет – Бекет – Әубәкір – СҮЛТАНМАХМУТ ТОРАЙҒЫРОВ (ақының ақын) болса, келесі тағы бір үрпағы: ЖАНҚОЗЫ – Төлебай – Еламан – Тұрсынбай – Бәзіл – Баймаганбет – Шөкі – ШАПЫҚ ШӨКИН (Баянауылдан шыққан екінші Халық Қаһарманы – 1996 жылы алған, біріншісі – Ахат Қуленов – 1994 жылы алған, руы Арғынның Сүйіндігінің Ақбұрасы).

Анықтама ретінде: (жалпы 1993 жылы енген «Халық Қаһарманы» атағын осы уақытқа дейін 28 қазақстандық алған, ал 2008 жылы енген «Қазақстанның Енбек Ері» атағын 45 адам алған, ата-тегі баянауылдық Олжас Сүлейменов 80 жасына орай 2016 жылы алды), ЖАНҚОЗЫ – Төлебай – Едіге би – Шоң би – Ақын – Айман – Кенжетай – ШӘКЕН АЙМАНОВ (қазақтың тұңғыш кинорежиссері), ЖАНҚОЗЫНЫҢ немересі ЕДІГЕДЕН – Шоң би – Ақын – Бокшал – Ахметжан – Бердеш – Мұрат – МАРАТ АХМЕТЖАНОВ (Баянауылдан шыққан алғашқы генерал-полковник) сияқты ЖЕТИНШІ ҮРПАҚТАРЫМЕН қалай мақтанбасқа! Малқозыдан тарайтын Олжабай батырдың жетінші үрпағы Олжас Сүлейменовтің ағалары Жаяу Мұса мен Әлкей Марғұлан болып келеді. Бұғінгі билік құрамында да Шон бидің үрпақтары абыраймен қызмет атқарып отыр.

Шоң би Едігеұлы 1836 жылы дүниеден өтіп, Түркістандағы Қожа Ахмет Иассауи кесенесіне жерленген. Шоң би туралы аныз әңгімелер жетіп артыларлық, ал жазушы Қалмұқан Исабаев көлемді «Шоң би» романын жа-

зып шығарды. Қажет еткен оқырман бұл кітаппен тереңірек танысадар. Ал енді біз макаламыздың басты кейіпкері, кешеғана Ерейментау елінде басы көтерілген Қаржас Шорман биге келейік.

Шорман ғидің – бала Шорманның ұстазы Шоң би болатын. Шоң би Шорманнан 34 жас үлкен, яғни, экесіндей адам. Ендеше, атақты Шоң би өзінің орынбасары етіп талай жаңындағы замандастарынан басқа жас Шорманды алуы – бұған Шорманның да бала кезінен ерекше көзге түсіп, «Бала би», одан соң «Шорман бұлбұл» атануы әсер еткені сөзсіз. Ең бастысы, «Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы» демекші, Шорман би халқына жаққан ұстамы берік билеуші, әділдігімен, даналығымен дараланып, ел мұддесін қоздеген турашыл би болып, калың бұқараның қоңілінен шыққандығы. Ұстазынан басқа қоршаған ортасы да оның озық ойлылығын бағалай білді, ардақтап, құрмет тұтты. «Үйде Шоңы бардың, түзде Шорманы бардың арманы бар деймісің!» – деген бабаларымыздың рухын асқақтатып, осындай даңқты тарихи тұлғалардың құрметтіне елімізде Шоң мен Шорман есімдерін балалары мен немерелеріне берген отбасылар баршылық.

2011 жылы Баянауыл орталығында ұстазы Шоң би мен шәкірті Шорман биге ескерткіш орнатылды. Қаржы мәселесіне байланысты ескерткіш шағындау болып тұрғызылған. Шоң да, Шорман да кең иықты, ұзын бойлы, зор адамдар болған дейді. Сондықтан соған сәйкес бүгінгі күні ескерткіштің жаңа жобасы ұсынылып, қарастырылып жатыр.

Шоң мен Шорман заманынан келе жатқан сыйлас-тықты Ұлы Абайдан кейін екінші ақын деп айтылатын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Шоң едік, Шорман едік, Бір-бірімізге қорған едік» деген қанатты сөзі осы күн-

ге дейін ұрпактар сабактастыры болып, жалғасын тауып келеді. Ғұмыры 30-ға жетпей өмірден 27 жасында ерте озған – Шоң бидің туған інісі Торайғыр бидің тікे ұрпағы – Сұлтанмахмұт болса, 29-дан асқанда аққан жұлдызы болып Шорман бидің жиен немересі, жалғыз және үлкен қызы Зейнептен туған, бүкіл Қазақ елі ғана емес, әлемге әйгілі Шоқанның (Уәлиханов) өмірден ерте өтүі де жай ғана сәйкестік емес шығар. Не деген ғаламат тағдыры деп ойлайсың, екі жарық жұлдыздың өте қысқа ғұмырларында мұншама бай мұра қалдырып үлгергендерін!

Тектіден текті туады, тектілік түқым қуады.

Тектілердің тұяғы таңдайды құз-қияны.

Шын тектілер халқы үшін өлімге басын қияды.

Жақсы, жасаман деместен, жасына жүрттын жияды... – деп Сұлтанмахмұт пен Шоқанға арнап айтылғандай.

Шоң мен Торайғыр билердің өмірден өткендеріне жарты ғасырдан астам уақыттан соң жарық дүниеге келген Сұлтанмахмұттың маңдайынан иіскемегені түсінікті, ал Шорман бидің жиені Шоканды, оның үстіне, алғашқы немересінің маңдайынан иіскең, бата беруі әбден мүмкін. Бұл туралы алда тоқталатын боламыз.

Жалпы, Шоң мен Шорман әuletтері туралы Мәшһұр Жүсіп бабамыз еңбектерінде молынан жазылған. Соның бірінде Шорман би жөнінде: «Бас косылған жерде әнгіме сөзге кірісіп, аттыға жол, жаяуға сөз бермей, «Шорман бұлбұл» атанған екен», – дейді. Бұл жөнінде өзінің жиен немересі Шоқан Уәлиханов та жазады.

Аздап шегініс жасасақ, әулие Мәшһұр Жүсіптің «көмекей әулие» Бұқар жырау туралы айтқаны еске түседі: «Бұл кісінің сөзін түгел жазамын деушіге Нұхтың өмірі, Аюбың төзімі, Аплатонның ақылы керек». Дәл осы сөздерді Мәшһұр дананың өзіне де арнаса болады. Себебі соңына мол мұра қалдырығаны соншалық, бұл күндері ғұла-

маның 20 томдығы жарық көрсө, ал жарық көруге өз кезегін күтіп жатқан әлі де 10 томнан асарлық сансыз еңбектері бар. Сол заманда сия-сауыт пен қағаздың тапшылығы өз алдына бөлек, майшаммен отырып 73 жылдық ғұмырында тау-тау еңбектерін «Қара мес» деп атап қалдырып кетуі ерлікпен пара-пар ғана емес, Алланың берген әулиелік қасиетінің киелілігі деп те айтуға болатын шығар. Қазақ ғылыми үшін Мәшһүр Жұсіп еңбектерін зерттеу шегі жоқ ғылыми мұра деп білемін.

Мәшекенің Шорман би әuletіне қатысты еңбектері негізінен Баянаула өнірінде болған хикаялар болып келеді. Шорман бидің елге танымал болуы, асқақ абырайға ие болуы атамекеніндегі ортаның әсері екені сөзсіз. Сондықтан айтылмаған немесе аз айтылып, көп жазылмаған жақтарына тоқталатын болсақ, ол – Абылай ханның баласы Уәли ханмен жас кезінен таныс болып қана қоймай, кейіннен осы әuletпен құда-жеккәт болуында. Тіпті 13 жасында Жұмабай есімінің Шорман атануы да осы Уәли ханның лепесімен болған деген аңыздың да бір сілемі бар. Жалпы, бала Жұмабайдың Шорман атануы туралы З түрлемесі (варианты) болса, қайтыс болуы туралы да З түрлі әңгімелесі бар. Осы жерде ғұлама ғалым Әлкей Марғұланның мына сөздері еске түседі: «Жақсы бір кітап жазу үшін жүз кітап оку керек». Ол рас, Шорман би және әuletі жайында мақала жазу үшін де жүз аңыз берілгенінде окуға тұра келді деп айтсам, артық айтпаған шығармын деп ойлаймын.

Сонымен, Шорман би зиратына қойылған биік белгіастағы жазуда «Қазақтың жарық жүлдізы Шоқан Уәлихановтың нағашы атасы» деген сөздер де ойылып жазылдып, мәңгілікке қалды. Үш жүздің басын қосқан данқты Абылай ханның шөбересі, Шығыстың жарық жүлдізы Шоқан Уәлиханов нағашы атасы Шорман бидің он үш жасынан билік айтқандығын өз еңбектерінде жазғандығын зерттеген ака-

демик Әлкей Марғұлан бүгінгі ұрпакқа ғылыми тұрғыдан жіліктеп жеткізді.

Енді Шоканның жетінші атасы кім екен деген де заңды сұрап туады!

Дүниедегі жер шарының жартысын жауап алған атақты Шыңғысханнан бастау алатын шежіредегі 20-шы ұрпағы болып келетін Шоқанның жетінші атасы – Салқам Жәңгір атанған батыр сұлтан, кейіннен хан тағына отырған кісі. Салқам деген адамның айбаттылығын білдіретіндігі Жәңгірдің атақты Орбұлақ шайқасында 600 жауынгерімен он мың қалмакты қырған деген азызбел үндеседі. Қазақ хандығының құрылуының бастауында тұрган Керей мен Жәнібектің, яғни, Әз-Жәнібек атанған ханның шөбересі Есім ханның баласы – осы Салқам Жәңгір. Одан бері таратар болсақ: САЛҚАМ ЖӘҢГІР – Уәлибақы – Қанішер Абылай – Көркем Уәли – Абылайхан (Әбілмансұр) – Уәлихан – Шыңғыс – ШОҚАН (Мұхаммед-Ханафия) УӘЛИХАНОВ болып келеді. Хандар тұқымы болған соң, Шоқанның әрбір атасы әрбір қазаққа белгілі тұлға болып табылады. Бұл әкесі жағынан төре үрпағының әсіре мықты тармақ екенін, оған коса анасы Зейнептің Шорманнан туғанын ескерсөніз, дүниеге мұндай ерекше дарынның келуін заңдылық деп білуіміз керек шығар.

Қаржас кана емес, жалпы қазақтың бас жырауы Бұқар бабамыз Салқам Жәңгірден кейін хан тағына отырған баласы Тәуке ханның, яғни, Әз Тәукеден бастап «саған дейін жеті ханды жебеледім», – деп Абылай ханға айтатынын белгілі тарихшы ғалым Жамбыл Артықбаев өзінің «Бұқар жырау: он екі тарих» атты ғылыми-тәнымдық кітабында суреттеп өтеді. Жоғарыда жазып өттік, Шорман бидің Қаржас атасының жетінші ұрпағы екенін. Сонымен қатар, Үкібай би, Жарылғапберді Жұмабайұлы (әнші, сазгер, балуан), Әбікен Бектұров та (Қазақстан химия ғылымының атасы,

академик) жетінші үрпақ болып келеді: ҚАРЖАС – Бегім – Сатылған – Таңат – Батырбек – Өтеу – Найзабек – ҮКІБАЙ БИ; ҚАРЖАС – Бегім – Сатылған – Мәмбет – Алтай – Бәйіс – Жұмабай – ЖАРЫЛҒАПБЕРДІ; ҚАРЖАС – Бегім – Сатылған – Таңат – Tayасар – Қожаберген – Бектүр – ӘБІКЕН БЕКТҰРОВ.

Осы жерде тағы да Мәшһүр Жұсіп бабамызға оралып, Мұса Шорманұлына арнаған жоқтау жырынан үзінді келтірейік:

*«...Арғы атасы сұралса,
Ізгі откен мырза Аный-ды.
Қаржастың қасқа-жайсаңы
Аныдан өрбіп тарайды».*

Каржастың шөбересі Аныдан бес бала тарайды: Нияз, Мырзагұл, Құл, Құдайқұл және Жәдігер. Міне, Шорман әuletінің атасы Мырзагұл батыр болса, академик Қаныш Имантайұлының атасы – Сәтбай әuletінің арғы бабасы Жәдігер батыр болып келеді. Мырзагұл мен Жәдігердің батырлықтары туралы да Мәшһүр Жұсіп бабамыз өлең-дөтіп жазып өткен...

III Жеті атаның жұмбағы

*(Аный би, Шорман және Сәтбай әuletтері,
Темірлан тасы мен Алтын адам шежіресіне шолу)*

Казақ халқы жеті санын қастерлі деп есептейді. Жеті атасын білмеген жетесіз», «Жеті атасын білген ер жеті жұрттың қамын жер» деген аталы сөздер ежелден қалыптасып, философиялық түсінік ретінде бізді басқа ұлттардан даралап, ерекшелеп тұрады. Ұлттымыздың жеті ата мен жеті үрпақ тәрбиесі – жеті атасының есімдерін жатқа білумен қатар,

сол аталарының атамекенін, туған елінің белгілі би-шешендері мен шежірешілерін, ақын-жырауларын, батырларын, ғалымдарын, жалпы салт-дәстүрін ұрпаққа айтып беру ғана емес, болашақ үшін хаттауға тырысады. Мұның негізін әулие Мәшіүр Жүсіп бабамыздың енбектерінен айқын көріп отырмыз.

Казак шежіресіндегі жеті ата атауы әртүрлі түрлемеде беріледі. Осы саланы терең зерттеген мамандар жеті атанды езіңсен немесе балаңнан бастап жоғары санау дұрыс емес, жеті атаны әкеден бастап жоғары қарай санау керек дейді. Ал жеті ұрпақ баладан бастап төмен қарай саналады. Мұның бәрі қан тазалығы арқылы ұрпақтың ақылды болуын, жеті ата араламай қызы алысып, қызы берісуді қатаң шектеуге бағыттайды. Мұндай озық көзкарас ұрпақты аздырмау, өз ұрпақтарының сапалы болуын қамтамасыз ету болып табылады. Мұның дұрыстығын осы макалада атала-тын кейіпкерлеріміз тағы да бір рет раstadtы деп есептей-мін. Мырзағұл және Жәдігер батырлардың портреттерін белгілі суретші Әнуар Игембаевка 2005 жылы осы бабала-рымыз бер Шорман әuletіне ауылымызда ас бергенде Зей-неп Шорманқызынікімен бірге салғызған болатынмын. Ол портреттер қазір ауылымыздың жаңа музейінде ілулі тұр. Шорман бидің бабасы – Мырзағұл батыр атақты Тайтеке бидің жалғыз қызы Аққабактан туған, яғни, экесі Анай би – Тайтеке абыздың күйеу баласы.

Ел арасында кеңінен тараған Анай би туралы әңгімеге тоқталып өтейік:

«Анай би алдынан ел тарқаган ақылман адам екен. Сол замандарда Қозған руынан шыққан атакты Тайтеке би алдын болжағыш, сœуегей адам болған деседі. Тайтеке би 90-ға келіп қартайып, сыркаттанып жатқанында, көңілін сұрауға Сүйіндіктің төрт тірегі атанған: Қаржастан – Анай,

Күліктен – Шобалай, Айдаболдан – Төлебай, Орманшыдан Қарабай барған екен. Тайтеке абыз ризашылығын білдіріп, қоштасарда: «Менен ырым болсын, көзімдей көріп жүріндер», – деп, Анайға тақиясы мен таяғын, Шобалайға сәлдесін, Төлебайға кісе белбеуін, Қарабайға кебіс-мәсісін беріпти.

«Бізге ештеңе қалдырмадың ғой» деп назданған балаларына: «Қарактарым, елдің ертеңін ойлайық. Таяғым мен тақиямды Анайға бергенім: елдің күты мен бағы сол үрпақта қалады; сәлдемді Шобалайға бергенім: ғалымдық пен ақырғы әулиелік соларда болар; белбеуімді Төлебайға бергенім: қарадан хан шығатын әділ де белді билік сонын үрпағында болар; кебісім мен мәсімді Қарабайға бергенім: батырлық пен табандылыққа ие болар. Сендерге, балаларым, тер сіңген көйлегімді қалдырдым, мал мен бастарың бірдей өсіп, ешкімнен кем болмайсыңдар», – деген екен деп Мәшһұр әулие жазып өтеді.

Әз Тайтекенің, би Тайтекенің айтқаны келmedі деп ешкім де айта алмас. Осы құт пен бақ дарыған Қаржастың шөбересі Анай бидің де жетінші үрпақтарына келер болсақ, ол – казақ халқын бүкіл әлемге танытқан, Шығыс елдерінен шыққан тұнғыш академик, ғасыр ғұламасы Қаныш Сәтбаев. Ата-тегін таратсақ: АНАЙ БИ – Жәдігер – Сатай – Баубек – Шөтік – Сәтбай – Имантай – ҚАНЫШ. Ал Қаныштың осындаш шын биікке көтерілуіне жас кезінен білім көзіне бейімделуіне тікелей жол ашқан немере ағасы, Алаш қайраткері, ұлт ұстазы деңгейіне өзі де көтерілген – шәкірттері: Жұсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан сынды ұлт мақтаныштарын оқытып тәрбиелеген – Әбікей Зейінұлы Сәтбаев та жетінші үрпақ болып келеді: АНАЙ БИ – Жәдігер – Сатай – Баубек – Шөтік – Сәтбай – Зейін – ӘБІКЕЙ. Бұл кісі 37-нің

қырғынында атылып кетті, әйтпесе бергенінен берері әлі де көп еді.

Бұл екі ғажайып тұлға – Әбікей мен Қанышқа Павлодар қаласында ескерткіш-бюсттері орнатылып, арнайы кітаптар мен фильмдер түсірілді, көптеген іс-шаралар өтті. Павлодар орыс-казақ училищесінің директоры, содан кейін Семей қаласында орналасқан, Қазақстандағы алғашкы педагогикалық техникумның директоры болған Әбікей Сәтбаевка осы оку орындарының ғимараттарында 2019 және 2021 жылдары мемориалдық тақталар орнатылып, көшілікпен бірге аштық. Ал Қазақтың Қанышына 2021 жылдың 3 шілде күні Елордада еңсөлі ескерткіш орнатқанымыз БАҚ беттері мен әлеуметтік желіде кеңінен жазылған болатын.

Әбікей мен Қаныштың кіндік қандары тамған жerde бүгінгі күні жаңартылу шараларын жасау басталып та жатыр. Алдымызды Ұлы Дағындың даңқты перзентінің 125 жылдығы да таяп қалды. Аталар аманатына адал болып, депутаттық сауалымызда көтерілген «Бабалар жолымен – Баянауылға» туристік жобасын іске асыра алсақ, ризашылықпен тәуба дер едік.

Бүгінгі күні Мәшіһұр Жұсіп әулиенің айтқандары дәл келіп жатқандығының тағы бір көрінісі – жас Қаныш туралы 1921 жылы айтқаны: «Тайдың жорғасы түйе болады, жігіттің жорғасы еліне ие болады» деген мақал бар. Өз көзім көргенде, өз тұсында Шорман баласы Мұсадан жорға озган жок. Осы күнгі жастаarda Қаныш Сәтбаев – адамның жорғасы. Тірі болса, тірі жүрсе, бақты, талайлы болатұғын жігіт. Өлі Мұсаға Құдай рахмет қылсын, тірі Қаныштың өміріне Құдай береке берсін!. «Батаменен ер көгерер» деген осы шығар, оның үстіне, әулие Мәшекен берсе!

23 шілде күні Ерейментаудағы Шорман би жайлайуында өткен астағы айтыста қызылордалық акын, талай айтыс-

тарда бас жүлде алып жүрген Мейірбек Сұлтанхан осы айтқандарымызды бір ауыз шумакпен нығарлай түсіпті:

«... Үңқардай билік айтқан данасы бар,
Ел қорғаган Мырзагүл агасы бар.
Қаржастар – қазақ үшін қалың орман,
Қаныштар – шыңға біткен дара шынар!».

Шорман және Сәтбай әuletтері туған ағалы-інілі екі батыр бабаларының салған сара жолдарына сәйкес әрдайым жаз жайлauында да, қыс қыстауында да катар консы конып отырған. Бір әuletten шыққан оқымысты немесе ел басқарушы екінші әuletтің жастарына жол ашып беріп отырғандығы да ағайын-туыстың арасындағы қалыптасқан казақтың дәстүрі. Эрине, сол сенімді ақтау – ол енді басқа әңгіме. Екі әuletтің арасындағы сенімнің ақталғандығы Анай би үрпақтарынан анық байқалады.

Шорман би белгітасының ашылуында Қазақстан жазушылар одағының мүшесі, КР Еңбегі сіңген мәдениет қызметкері, ақын Сайлау Байбосын Анай би бабамыздың бейітін табу мәселесін де атап айтқан екен. Мәшекен жазбаларында Анай би бейітінің жартылай құлағаны және Шідертінің бойында деп жазады. Архивтен табылған Ресей картографтары жасаған картада да «могила Анай» деген жазу – қазіргі «Молодежный» ауылына шығатын 15-ші және 16-шы насосты сору стансаларының орта түсында орналасқан Анай тауының етегі. Бұл жер Баянауыл ауданының Ұзынбұлақ ауылынан 15 километрдей жерде, «Бала Шідерті» деп аталатын өзеннің бойында екенін осы ауылдың ақсақалдары айттып отыр. Сәкенің ұсынысымен 2018 жылы осы картаның суретін де Мұса Шорманұлы кітабына сіңізген болатынбыз. Анай бидің жетінші үрпағы Қаныш Сәтбаевтың бастамасымен салынған Ертіс-Қарағанды арнасы да осы тұстан өтеді. Тарихшы-археолог ғалымдар

казіргі заманауи дрондар арқылы бұл орынды да табады деген үлкен үміттеміз.

Қазақтың тұңғыш ағартушы-ғалымы Шоқан Уәлиханов пен тұңғыш академигі Қаныш Сәтбаев арасында қандай байланыс бар деген келесі сұрақтың туындауы да занды. Бұған айналып келгенде Шорман би әuletінің тікелей қатысы барының шет жағасына жоғарыда тоқталдық. Шоқан өз еңбектерінде «Едіге батыр» жырын талдаса, Қаныш жалғастырып, ғылыми бағасын беріп, алғысөзімен «Ер Едіге» деп 1927 жылы Мәскеуде баспадан шығарған-дыбын да білеміз.

Шоқан өзі Шорман би әuletінің ауылында, туган нағашысы Мұса Шорманұлының үй-жайында екі рет болған деген дерек бар. Алғашында Ақкелінгे 1853 жылы Омбыдағы Сібір кадет корпусында оқып жүргенінде, кейін 1855 жылдың жазында Жетісу сапарынан оралар жолда болған. Мұса Шорманұлының ағаштан алты үй салғандығы, кейіннен соның бірін баласы Сәдуақас Шорманов 1903 жылы Ертіс-Баян өніріндегі ең алғашқы орыс-қазақ мектебі ретінде ашып, онда 7 жасында Қаныш орысша сауат ашқаны да Қаныш туралы кітаптарда жазылған. Шоқанның осы жерде қонақтап жатқаны, онда болған талай мазмұнды да қызықты жайттарды, табаны тиғен жерге тіл бітсе, талай тарихтың күәгері болатынымыз сөзсіз еді... Біздің қолдан келгені 2018 жылы Ақкелін кешенінің ашылуы кезінде осы жерге Шоқан болған жер мен Қаныш оқыған мектеп орнына белгіастар орнату болды.

Шоқанның гуманитарлық салаға жақындығы түсінікті, ал Қаныштың мамандығы инженер-геолог болса да, әдебиет пен тарих саласына жетіктігіне балалық шағынан бастап Сәтбай және Шорман әuletтерінің, оның ішінде әкесі Имантай мен Мұса Шорманұлының шежіре жазулары,

Бұқар жырау бабаларының еңбектерін жинақтаулары және т.б. әсер еткені сөзсіз. Отыздан аскан орда бұзар шағында Қаныштың Қарсақпайдағы геология-барлау белімінің бастығы болып жүрген кезде Ұлытаудағы Алтыншоқыдан атақты Әмір Темірдің (Темірлан) 1393 жылды (хижра бойынша 769 жылды) қалдырган жазба тасын алғашқы болып тауып, оны Петербургтегі Эрмитажға 1936 жылды сакталуға жіберуі де зор тарихи оқиға болып табылады.

Бұл туралы Елордадағы КР Ұлттық музейінде айшықталып келушілерге арнайы стенд жасалып көрсетілген. Онда мынадай жазулар бар: 1391 жылды Әмір Темірдің (1370-1405 жж.) бүйрығымен Алтын Орда ханы Тоқтамысқа (1378-1395 жж.) қарсы жорығы кезінде тасқа қашалған жазу. Бітіктасты академик Қ. Сәтбаев XX ғасырдың 30-шы жылдары Ұлытау өніріндегі «Алтын Шоқы» төбесінен экспедициялық жұмыстар барысында тапқан. Таста келесі сөздер қашалған: «Мен, Тұран сұлтаны Темір-бек 300 мың әскермен хижраның 769 жылды Орда ханы Тоқтамысқа қарсы жорыққа шықтым. Осы жерге жетіп, үрпаққа белгі қалдырудым. Алла ісімізге жар болсын!».

Байытап қарасаңыз, сол кездің өзінде-ақ ТҮРАН аталған елдің, әлемнің ширек болігіне әмірін жүргізген Ақсақ Темірден тәбәрік болып жеткен бітіктастың бүлінбей бүгінгі үрпаққа жетуіне Қазақтың Қанышы қандай еңбек сінірген десенізші!

Жалпы, Шорман би әuletіне қатысты тарихи тұлғаларға тоқталғанда, сол тарихтың кішкентай кірпіштерін қалау жолында Қаржастың бүгінгі үрпақтары да өз деңгейінде атсалысып жатыр. Олардың арасынан дипломат пен депутат, ғалым мен генерал, от ауызды ақын мен жазушы-қаламгер, әнші, балуан, өнер қайраткерлері, әрине, заманға сай мықты кәсіпкер, бизнес өкілдері де бой көрсете баста-

ды. Тарих әркімді өз орнына қояды, олардың да жетінші аталарын анықтайтын уақыт та келер.

Косымша айтарым, руханият саласында бірнеше жылдан бері бірігіп атқарып жатқан еңбегіміздің алға жылжуы мен жарық көруі, яғни, кітаптар, фильмдер, белгістар мен ескерткіштер, үй-жай орындары мен кесенелер көтерілуінде қомакты қаржымен көмектесіп қана қоймай, жазба жұмыстарында ақыл-кеңесін беріп атсалысып жүрген көптеген мемлекеттік марапаттар иесі, Баянауыл ауданының құрметті азаматы Габбас Бектұров екенін бөле-жара айтып өткенді жөн көрдім. Әрине, бұл еңбектер «ТҰЛҒАТАНУ» саласын жаңа қырынан көрсетсе, болашақ ұрпакқа тәлімді тәбәрік болып жетсе, көкіректегі қылтиған көп ойдың қөңілден шыға орындалғанын көрсек деген үкілі үмітіміз бар.

Қадірлі оқырман! Мақалада негізінен ерек кіндіктідегі жетінші ұрпакта тылсым құштің құдіреті қайталанады-ау деген оймен ататек тізбегімен Шорман биге қатысы бар тарихи тұлғаларға тоқталып отырымыз. Осының Анай биге қатысты нұктесін тағы бір жетінші ұрпағы – Есік қорғанындағы дүниенің дүр сілкіндірген, 4 мыңға жуық алтын әшекейлермен (барыс, бұлан, таутеке, арқар, ат, түрлі құс бейнелері) безендірілген, бүгінгі күні біздің Тәуелсіз еліміздің символына айналған «Алтын адамды» тапқан, 2024 жылы 100 жасқа толатын археолог-ғалым Кемел Ақышевпен койсақ деймін.

Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, тарих ғылымдарының докторы, профессор Кемел Ақышев та туған ауылымыздығы Әужан Керегетасының баурайында өмірге келген. Шорман әuletі мен Сәтбай әuletін қосатын тарихи тұлға, яғни, әкесі Ақыш – Мұса мырзаның інісі Әужаннан туса, анасы Фазиза – академик Қаныш Сәтбаевтың туған апасы, Имантайдың қызы.

Әлемге әйгілі «Алтын адамды» неге басқа бір ғалым ашпады? Неге әлемдік маңызы зор жаңалықты ашу бақыты археолог Кемел Ақышевтің мандайына бұйырды?! Әй, бір тылсым күш бар-ау...

Ата тегіне келсек: АНАЙ БИ – Мырзағұл – Сәти ба-тыр – Күшік – Шорман би – Әужан – Ақыш – КЕМЕЛ. Жетінші ұрпак КЕМЕЛ – ШОРМАН БИДІҢ ШӨБЕРЕСІ БОЛЫП КЕЛЕДІ!

IV Шорман бидің хан әuletімен құдандалы болуы және Шота шежіресіне шолу

Мақаламыздың ортасында айтылған ойға оралайық, яғни, Шорман бидің Абылайхан әuletімен құдандалы болуы бұрынғы асқақabyroydьың одан әрі артуына жол ашты.

1781 жылы Абылай хан о дүниелік болғаннан кейін, орнына баласы, Орта жүздің соңғы ханы Уәлихан отырып, 40 жылдай хандық құрды. Уәлиханның төртінші әйелі, 1783 жылы туған Айғаным 16 жасында, яғни, 1799 жылы хан ордасына келін болып түсті. 21 жыл отасқан күйеуі қайтыс болғанда, 37 жастағы Айғаным 9 баласымен қалады. Балаларының бірі – Шыңғыс 10-га тола бастаған кез болатын. Айғаным ханым осы ұлын ерекше әс көтеріп, зор үміт күткен екен. Шыңғыс та бөлекше болмыста ержетіп, кейін Ақкелін атырабындағы аты шыққан Шорман бидің күйеу баласы атанды.

Кезінде Шорман есімін лепес қылған Уәлихан уақыт ете келе сол Шорман бимен құдандалы болам деп ойлады ма екен?! Тарихтан мәлім, кеңес үкіметі бай-шонжар деп Шорман әuletін куғынға ұшыратса, хандар әuletі де қағажудан қалыс қалмады. Төңіректегі жұртына қорған болған

Шорман би мәңгілік мекен еткен қорым енді ғана табылып жатса, Уәлихандікі тәуелсіздік жылдары ғана анықталды. Ханның жерленген орны Бурабайдағы бас хан ордасының маңынан немесе екінші ордасы болған Сырымбеттен емес, Зеренді ауданындағы Қарақалпақ қыратынан табылды.

Уәлиханың анасы Сайман ханым – қарақалпақ бегінің қызы, Абылай ханның екінші әйелі. Сондықтан Уәлихан анасының қасына жеткізіліп, жерленген. Кейіннен патша үкіметінің генерал-майоры болған шөбересі Сұлтангазы Уәлиханов 1903 жылы орнатқан құлпытас табылып, онда араб әріптерімен Уәлиханың аты-жөні, туған-өлген жылдары (Хан Уәли Абылайханұлы, 1737-1820 жж.) жазылғаны арқылы жатқан жері анықталып, тек 2008 жылы Уәлиханың 270 жылдығына деп үлкен кесенесі көтерілген.

Уәлихан Абылайұлы өмірден озғаннан кейін, 1822 жылы патша өкіметі «Устав о Сибирских киргизах» атты құжатты іске қости. Бұл жарғының негізінде 1824 жылы Қекшетау, 1833 жылы Баянауыл, 1834 жылы Аманқарағай және т.б. сыртқы округтері (дуандары) құрылды. Дуандарды аға сұлтан мен 3-4 заседательдері (қазылары) басқарды. Бұлар 1822 жылы құрылған Омбы облыстық басқармасына қараган болатын.

1824 жылы Уәлиханың ісін жалғастырушу Айғаным ханымның өтініші бойынша I Александр патша арнайы бүйрықпен Сырымбетте қыстау, ішінде үлкен үй, мешіті, қонақ үйі мен бес бөлмелі бала оқытатын мектеп салғызып берген. Бұл тарих беттерінде XIX ғасырдың сәулеткерлік өнеріне жататын «Айғаным қонысы» деген атпен қалды.

Сол жылдары «Орыс патшалығының ханзадасын қарсы алу жабдығымен Омбыға келіп, өзге сұлтандармен қатар Ертіс жағасына үй тіккенде, Айғаным ханым Баянауладан келген Күшіктің Шорманымен жақынырақ жүріп, екеуі

кұда түсіседі: күйеу – Айғанымның ұлы Шыңғыс, қыз – Шормандікі, аты – Зейнеп» деп, «Ақкан жұлдыз» романында жазушы Сәбит Мұқанов суреттеп өтеді. Жазушы шығармасына арқау болған деректі жалғастыра түссек: «Айғаным баласы Шыңғысқа Шорманның қызы Зейнепті айттырған соң, Шорман би Сырымбеттегі Айғанымға құдалыққа жұз әсем салт аттымен, парлап жеккен отыз тарантаспен, әрқайсынына үш аттан жеккен бес пәуескемен келген. Байлық пен барышылықтың көрінісі – аргымақтарға жеккен саймандардың бағасына пұл жетпейді», – дейді. Немесе кейінірек Зейнепті ұзатқанда «көшкенде көлігі» деп 25 түйе, «кісіден сауын мен соғым сұрамасын» деп 100 шакты жылқы, «көгени де кем болмасын» деп 500-дей қой берген» деп жазған атақты жазушының сөзіне иланбасқа шара жоқ.

Бұл аралықта Батыс Сібір бас губернаторы 1833 жылғы 1 қарашадағы жарлығымен Шорман Күшікұлын Баянауыл сыртқы округінің аға сұлтаны Шоң Едігеұлының орынбасары етіп тағайындаиды. 1834 жылы Аққелінді мекен еткен Шорман бидің елі Зейнеп қызды ұзатады. Зейнеп ханның екінші ордасындағы Айғанымның шаңырағына келін болып түседі. Сол жылдары патша үкіметі Абылай ханның Қасымнан туған ұлы Кенесарыдан қауіптеніп, Құсмұрынның дөңіне әскерлік бескініс салып, дуанды Аманқарағай атайды. Бұл кезде жас болғанмен бас болған, дуаның аға сұлтаны ретінде 23 жасар Шыңғыс Уәлиұлы жаңа үйленген келіншегімен Сырымбеттен Аманқарағайға қызмет бабы бойынша аттанады. «Аз уакыттан соң Аманқарағай Орынбор өлкесіне өткеннен соң, Шыңғыс сұлтан ол арадан қыстауын Обаған өзенінің орта тұсына жақын жердегі «Күнтимес» аталатын жерге көшіреді», – деп жазады жазушы.

1835 жылдың қараша айының басында осы Күнтиместегі Шыңғыстың шаңырағында кейін бүкіл қазақ халқына

аты әйгіленетін Шоқан Үәлиханов шырылдап дүниеге келді. Орта жұздің соңғы ханының немересі ғана емес, Шорман бидің тұңғыш жиеніне сол өнірдегі белгілі Қалқай ишан ырымдап Мұхаммед пайғамбардың қүйеу баласы, атақты Әзірет Әлінің батыр баласы Мұхаммед-Ханафияның есімін береді. Сол заманда қос атты беру дәстүрлі болатын (мұндай қосақталған есімдер қазақтың маңдайлалды атақты адамда-рына берілгені, өсек келе басқа есіммен еркелете аталуы, мысалы, Қаныш Сәтбаев – Ғабдул-Ғани). Кейіннен анасы Зейнеп әкесі Шорманға үқас Шоқаным деп атады ма, әлде әжесі Айғаным зерек немересінің жанында шоқиып отырып небір қызықты ертегілерді тыңдал отырғанына қарап, шоқиған Шоқыбайым, Шоқашым дегенінен Шоқан болды ма, бұл тек енді бір жаратқанға ғана аян дүние.

Шорман би өз есімінен бір-екі әрпі ғана айырмасы бар Шоқанның маңдайынан иіскеп, батасын берді ме екен деген жорамал туралы жоғарыда айтқан болатынбыз. Құзде туған Шоқанға, оның үстіне сонаш алыстағы Құсмұрынға (қазіргі Қостанай облысы) Шорман бидің бәйбішесімен баруы қыста қызында болғаны күмән келтірмейді. Ал келесі 1836 жылдың жазында барды деп ойласақ, ол кезде Шоқан би дүниеден өтіп, орнына талас жүріп жатқан кез болғандықтан, бұл да негайбыл-ау деген ой туады. Тек Зейнептің Шоқанды алып төркінде еліне келуі немесе Сырымбетте Айғаным әженің немересінің тұсауқессер тәй-тәйін көрсетем деп құда-құдағиларын арнайы шақыруы себеп болуы мүмкін. Бұл сол кездегі мүмкін болатын жалғыз кездесу, себебі келесі жылдың көктемінде Шорман би Баянауыл дұанының аға сұлтандық қызметін жеті ай ғана атқарып, аяқ астынан 49 мүшел жасында өмірден өткен болатын.

Дегенмен анық бір дүние бар, ол – аңызға бергісіз Бұқар жырау бабамыздың Абылай ханының тұстерін жоруы және олардың өмірде айдан анық орындалуы. Енді соның

біріне қысқаша тоқталсақ. Бұл Шоқан мен Кенесары, яғни, хан ұрпақтарына тікелей қатысы туралы. Абылайдың айтып берген түсін «Көмекей әулие» ойланана келіп былай деп жорыпты: «...Қырыққа келмей табытта жатсаң – өмірің ұзак болады екен. Басыңа жалау тігіліп, үш бірдей топ таласып жатса, үш жүзге бірден хан болады екенсің. Бірақ хан атына ие болғанмен, халқына ие бола алмайды екенсің. Сен өлген күні үшесуі үш жакқа ыдырап кетеді екен. Табытта жатып екі бүйіріндегі арыстан мен айдаһардан қалай қашып құтылам деп қорықсан, өле-өлгенше еліңің екі бүйірінде тұрған екі мемлекетке жалтақтаумен өтеді екенсің. Ал аяқ жағында тұрған үрім-бұтагының ішінен бірі құран оқып, бірі қанжар қайраса, Үәлидің ұрпағынан тараған бір тұқымың атын қағазда, ал Қасымнан шықкан бір ұрпағың атын майданда қалдырады екен». «Сонда мен өзім қайда қаламын?» – депті Абылай. Оған Қаржастың Алтынторысынан тараған Бұқар баба: «Басыңа үш жалау босқа тігілді ме? Ісінді ел ұнатса, үш жүздің жүргегінде қаласың», – деген екен.

«Қағазда атын қалдырған» Шоқан небәрі 29 жылдан аса өмір сүргенмен, 12 жасында Омбыдағы кадет корпусына окуга келгенде бір ауыз орысша білмей келіп, аз ғана уақыт ішінде сол тілді орыстан артық менгеріп, ғылыми жаңалықтарымен Ресей түгіл, тіпті Еуропаны да аузына қаратып, Қазақ елінің мақтанышына айналды. Осындай ерекше дарынды тоғыз ай толғатып, өмірге әкелген Зейнептің өзі қандай болған, қай ортада өсіп, қандай тәлім мен тәрбие алған деген саудалдар да туары даусыз.

Зейнеп туған кезде Шорманның шешесі Мамық «жалғыздан туған тұңғыш немерем» деп, бірден бауырына салып, әжесінің қызы ретінде өсіреді. Әжесі Мамықтың бауырында өскендіктен, еркелігі де бар Зейнептің шолжаңдығы ұзатылардан бір жыл бұрын үлкен анасының дүниеден озғандығы әсер етіп, аздап басылғандай болады.

Зейнеп сымбатты да көрікті қыз, тұқымына тартып ірі денелі, бойшаң болып өседі. Сыртқы пішіні шешесі Топайға (кейбір кітаптарда Топан, ал айналасы мен қүйеуі Топыш деп еркелеткен дейді) ұқсап, әсіресе, оның «аппак жұмыртқадай сұлу өні анасынан аумай қалған» деген ел арасындағы сөздер құлағымызға жеткен-тін. Сөз ретіне қарай айта кетейік, қазіргі Мұса Шорман ауылы мен Қаныш Сәтбаев атындағы елді мекен ортасында Топай атты жердің аты бар.

Кіндік қанымыз тамған жердің ертеректегі аты Ақкелін болысы және ауылдың жаңындағы тауымыз Ақкелін деп аталғандықтан, үлкендердің бұл туралы айтқандарын ықыласпен құлаққа құятынбыз. Соның дұрыстау дегенин, яғни, Ақкелін атауының бірнеше түрлі әңгімелерінің ішінде Топыш сұлуға қатысты түрлемесін тарихшы-ғалым Жамбыл Артықбаев өзінің «Баянауыл» атты кітабында әдемі суреттей отырып баяндап өткен. Осы сұлу да ерке Топыш – Шорман бидің қалап косылған жан жары, бәйбішесі және жалғыз әйелі. Сол кездегі шаригат заңы бойынша төрт әйел алуға мүмкіншілігі болса да, Шорман би тоқал алмаған. Мұны баласы Мұса мырза Шорманұлы да жалғастырып, Куандық руындағы Қарекенің қызы Нағжан бәйбішемен тоқтаған (2018 жылы Мұса Шорманұлының кесенесін көтеру барысында мырзамен қатар жатқан Нағжан бәйбішениң басына да граниттен арнайы құлпытас қойған болатынбыз). Атақты Жаяу Мұсаның шешесінің есімі де Нағжан екенін Мәшһүр Жүсіп өз енбектерінде жазып өтеді.

Ақкелін атауын әкелген Топыш бәйбіше қүйеуі Шорманға өзіне тән назды үнімен сөз айтқанда: «Әу, Бала би-ау» деп бастайды екен. Бұл да бір Мамық ананың (Күшіктің әйелі) енесі атақты Баяу бәйбішениң (Сәти батыр жұбайы) сарының білдіретін болса керек. Заманында Шорманның әжесі Баяу бәйбіше аң аулауға кеткен отағасының жоқтығын



білдірмей, сегіз күн Наурызнама жасап, Баянауылдың белгілі би Едігені (Шоң бидің әкесі) жұз кісісімен күткен екен. Міне, осындай әже мен ананың тәлімін көрген Шорман би мен жұбайы ақылды Топыш қыздары – сұлу Зейнептің бойына әке-шешенің жақсы жақтарын сіңіре білген болу керек. Эрине, Зейнеп келін боп түскен соң, енесі Айғаным ханымның да «қолынан өткендігі» өз алдына бір бөлек.

Айғаным ханым – өз атына сай лайықты үлгі-онеге көрсеткен ана, әйгілі Абылай ханының келіні, Есіл бойын мекен еткен белгілі Мәлім қажының ұлы Сарғалдақ қожаның немересі. Төртінші атадан атақты жазушы, кеменгер Мұхтар Әуезов осы Айғаным ханыммен туысады. Айғаным ханым мен Шорман би отбасы өте жақсы араласыпты. 1836 жылдың көктемінде Шоң би дүние салғанда, оның орынбасары Шорман би Баянауыл дуанының аға сұлтаны болып сайланғаны белгілі. «Ұлың – ырысынды, қызың өрісінді кеңейтеді» деген сөздің де осы оқиғаға әсері әрі сәйкестігі болса керек.

Зейнеп «сары қарын» бәйбіше болғанынша, Шыңғыс сұлтанмен ұзақ жылғы отасқандарында, тұңғыштары Шоқаннан кейін де 6 ұл мен 7 қызды өмірге экеліпті. Кенжелерінің өзі Нұрмұхамед (Қоқыш) 1859 жылы туған. Осындай алтын құрсақты ана – Шорман бидің тұңғыш және жалғыз қызы Зейнеп хан ордасында алдымен күттү келін, кейіннен Ақ әже атанғандығын маған ұрпағы Мақыдан (шын аты Әбілмақыжан – қазақтың тұңғыш кәсіпқой суретшісі) тарайтын аса көрнекті архитектор, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ҚР Елтаңбасының авторы Шота (шын есімі Шот-Аман) Уәлиханов 2005 жылғы кездесуімізде айтып берген болатын. Сонымен катар, өзінің сәулет зертханасында «Ақ әже» деп атаған үлкен жобасын осы Зейнеп әжесіне арнағанын да қоса айтып еді...

«Қоңырат қызы Бөргеден туған Жошыдан бастап, Қаржас қызы Зейнептен туған Шоқанға дейінгі хан тұқымында қаны араласпаған кім бар?» – деген Шота Ідірысұлы Уәлиханов Шорман бидің туған жиеншары Ідірыстың баласы болып табылады. Ататегіне келсек, жетінші атасы атакты Қанішер Абылай, заманында ата жауы жонғар-қалмақтардың жекпе-жекте ғана емес, қан майдан ортасында да қанын судай ағызған батыр-сұлтан болыпты. Осындай батыр атасының есімін әйгілі Әбілмансұр «Абылай, Абылай» деп ұрандал жауға шауып, өзі де Абылай атанғанын тарихтан білеміз. Осы Абылайлардың ұрпағы Шота ағамыздың жеті атасына келсек: ҚАНІШЕР АБЫЛАЙ – Қоркем Уәли – Абылайхан – Уәлихан – Шыңғыс – Макы – Ідірыс – ШОТА УӘЛИХАНОВ.

Был 90 жылдығы аталып жатқан қазактың біртуар перзенті, сәулет өнерінің саңлағы, тұма талант иесі, мемлекет және қоғам қайраткері, марқұм Шота ағамыздың ұлтына өлшеусіз еңбек сініргені, оның ақыл-ойынан туған болмысы бөлек ескерткіштер бүгінде қазақ сәулет өнерінің айрықша үлгісіне айналып, өнері де, өмірі де өнегеге толы болып, қайталанбас туындыларын сан ғасырлар бойы ұрпақ игілігіне жарайтындей қылып қалдырғандығы – бүгінгі замандастарына зор мақтанды. Бұқар бабамыз жорыған Абылай бабасының түсіндегі атын «қағазда қалдырған» Шоқан Уәлихановқа Алматының, «майданда қалдырған» Кенесары Қасымовқа Елорданың төрінен тұрғызыған ерекше еңселі ескерткіштердің авторы да Шота ағамыз. Бұл да бір тылсым дүниенің сөз жетпейтін сәйкестігі ме, әлде ұрпақтық парыздың қастерлі қасиеті ме??!

Ал Кенесары ханның ақиқатын, жалпы Қазактың XIX ғасырдың 20-40-шы жылдарындағы тарихын Кенес заманында жазған және сол үшін жазықсыз 25 жылға

сотталған, 31 жасында ең жас тарих ғылымдарының докторы атанған баянауылдық Ермұхан Бекмахановты бүкіл Қазақ Елі біледі. Ата-бабасы Баянауылға қай кездे қоныстанғанын білмеймін, алайда Ермұхан ағамыздың да фамилиясы Ұәлиханов деп жазылуы толық мүмкін еді. Себебі ата тегін тізбелесек, бұл тарихи тұлғаның жетінші атасы бергі Абылайхан болып шығады: АБЫЛАЙХАН – Ұәлихан – Тәуке – Жанпейіс – Жанбөбек – Беген – Бекмахан – ЕРМҰХАН БЕКМАХАНОВ.

Шоқан, Шота, Ермұхан бір Ұәлиханнан тарап тұр. Шота ағамыздың жетінші атасы арғы Абылайдың тағы бір жетінші үрпағы – елімізге танымал педагог, талай марқасқа тұлғаларды (Білім министрі Қожахмет Балахметов, мемлекет және қоғам қайраткерлері Еркін Әуелбеков, Аманолла Рамазанов, академик Евней Бекетов, ақын Қәкімбек Салықов, сәүлетші Шота Ұәлиханов) тәлім беріп, тәрбие-леген Мұсахан Қанапиянов. Бұл мектепте Қазақстанның ұзақ жылдар Министрлер Кеңесінің төрағасы болған белгілі тарихи тұлға Байкен Әшімовпен бірге қызметті Мұсахан ағамыз атқарған. Ата-тегінің тізбегі: ҚАНИШЕР АБЫЛАЙ – Жәңгір сұлтан – Сұлтанбет сұлтан – Тортан – Қасым – Шыңғыс – Қанапия қажы – МҰСАХАН ҚАНАПИЯНОВ.

Төре аталған хан тұқымдары бірін-бірі оқытқанының бір күесі – Шота ағамызды ұстазы Мұсахан Қанапиянов алдымен қасиетті жер – табиғаты сұлу Сырымбеттегі мектепте сабак беріп, сосын Қекшетау қаласында білім басқармасында басшы болғанында жағдайын жасап, жоғары білім алу үшін Мәскеуге аттандырып, даңғыл жолға түсуіне атсалыскан.

Кейінірек Мұсахан Қанапиянов Қекшетаудан Павлодарға қоныс аударып, Ертіс-Баян өңірінің білім саласын

дамытты. Өмірден небәрі 44 жасында өткен марқұм Мұсахан ағамыздың ел алдындағы атқарған зор еңбегін ескеріп, 2019 жылы Павлодар педагогикалық университетінің колледжіне есімі берілді. Ескерткіш-бюсті колледж алдына орнатылды.

Мұның алдында 2017 жылы бабасы Сұлтанбет сұлтанның үй-жайы Павлодар қаласында менің ұсынысыммен қалпына келтірілді. Үш ғимараттан тұратын нысан ағаштан салынып, бүгінгі таңда үлкен тарихи кешен болып, ғылыми-танымдық орталыққа айналуына менімен бірге атсалысқан ұрпақтары – «Халық баласы» атанған шебер ұйымдастыруышы Жұмабек Қамзин басқарған төре ұрпақтары болды.

Сұлтанбет сұлтан – Абылайханның немере ағасы. Шекара мәселесіндегі көптеген түйткілді дауларды қазақ хандығының мұддесіне тиімді шеше білген мәмілегерлігімен аты тарихта мәлім. Сұлтанбет сұлтан тарихи орнын қалыпта келтіру ісі – ел бағасын оқынан алған үлкен жоба. Зиялы қауым, жан-жақтан келетін ресми қонақтар ғана емес, дүйім жұрт, жастар жиі баратын тағылымды орынға айналды. Бұл жобаларда меценаттық ролін толықтай атқарған еліміздегі белгілі мәдениет әрі қоғам қайраткері, композитор, сонау Сырымбетте тұған Ерұлан Қанапияновтың орны бөлек. Ерекең екеуміз Шота ағамыздың зор еңбегінің жоғары дәрежеде бағалануын қалап, қолымыздан келгенше қажетті арнайы хатты да дайындал, тиісті жерге ұсындық. Әрине, хатқа алғашқы болып қол қойған, ол – Олжекен! Қазақстанның Еңбек Ері, ақиық ақын Олжас Сүлейменов жан досына деген ықыласын алдымен білдірген болатын. Тек үлгерmedік, Шота ағамыз 90-ға аз ғана толмай, бақи дүниеге аттанып кетті.

Заманында Олжабай батыр Шота ағаның бабасы Абылайдың ақ туын желбіретсе, кейінгі ұрпақтары – Тәуел-



сіз Қазақстанның көк туының биіктегі желбіреуіне үзенгілес жүріп үлес қосып, болашак ұрпаққа баға жетпес туындыларды сыйлаған біртуар мақтаныштары, есімдері қазақ халқы тарихының бетіндегі алтын әріптермен жазылған асқақ та атпал азаматтары. Соның тағы бір көрінісі – Шота ағаның шоғыр ескерткіштерінің ішіндегі ең шоқтығы биігі – Алматыдағы Тәуелсіздік монументі. Тәуелсіздіктің 5 жылдығына орай ашылған 34 метрлік монумент Қазақ Елі егемендігінің басты нышанын сипаттайтын ескерткіш болып тарихқа енді. 28 метрлік текшелі дінгек тастың үстінен 6 метрлік қанатты барысқа мінген «Алтын адам» Ұлы Да-ланың даңқын асқақ етіп, көк аспанында шарлайды.

1969 жылы Шорман бидің шөбересі, археолог Кемел Ақышев ашқан «Алтын адам» 1996 жылы Шорман бидің дегеншары, сәүлетші Шота Уәлихановтың арқасында Қазақстанның символы болып биік тұғырға қонды!

V Ізгілікті ізді іздейік

Шорман бидің ізгілікті ізі игілікті істерімен тарихта қалғандығын және оның еліне жанашырылығын, азаттық мінезін, оку-білімге тарту жұмысын Мұса бастаған балалары, Сәдуақас қостаған немерелері жалғастырды.

Шорман мен жары Топайдан қызы Зейнептен (1816 ж.) басқа ұлдары Мұса (1818 ж.), Мұстафа (1820 ж.), Иса (1824 ж.), Әдіс (1826 ж.) туган. Бұл төрт ұлдың әрбіреуінің орны барын ақынның сөзімен жалғар болсақ:

*«Шорманнан туган екен төрт асыл тас,
Дауірлеп орнат отыр мал менен бас.
Мұстафа, Әдіс, Иса, Мұса мырза,
Бігіңді паналаган дос пenen қас»...*

Сөйтсе де мұрагерлерінің ішінде ерекшесі Мұса мырза болғандығы тарихтан белгілі. Бұл туралы көптеген мақа-



лалар ғана емес, әсіресе, соңғы жиырма жылдықта жарық көрген кітаптар күэ.

Шорман бидің тұңғыш ұлы Мұса мырза туралы әйгілі Біржан салдың мынадай өлеңі бар:

«Ассалаумагалейкум, мырза Мұса,
Жүзіңді бір коруге едім құса.
Куандық, Сүйіндіктің қазығысың,
Кешегі отіп кеткен әкеңе үқса» ...

Дәл осы Мұса мырзаның өмірі әкесі Шорман биге үқсан қана қоймай, 66 жыл ғұмырында халқы мен еліне жасаған жақсылығы үшан-теніз болды. Бүкіл Баянауыл дұанын Ақкелінде 1853 жылы салына бастаған үй-жайының қонысында өмір сүре отырып басқарды. Мұны төрт асыл тас атанған інілері қостап, Сырымбеттегі Зейнеп әпкесі мен Шыңғыс жездесі де алыстан жанашыр болғандығы сөзсіз.

Зейнептен туған 14 жиенінің (Шоқан 1835 ж., Жақып 1837 ж., Бәдіғұл 1838 ж., Рақия 1840 ж., Мақы 1845., Махмет 1849 ж., Нұрида 1850 ж., Мұхамедия 1852 ж., Шәрбану 1853 ж., Қозыке 1854 ж., Әпнә (? ж.), Бапыш (? ж.), Тәжібай (? ж.), Қоқыш 1859 ж.) өзі неге тұрарлық. Әрине, ерекше қарым-қатынас жиендерінің үлкені Шоқанмен болғандығы туралы жазбалар жетерлік. Соның бірі – академик Әлкей Марғұланның енбегінде Шоқан Шыңғысұлының нағашысы Мұса Шорманұлына жазған 30 шақты хатын көзімен көргендігі және хаттардың бәрі де «Аяулы мырза ағамызға...» деп басталатындығын жазуы (осы сөздерді негізге ала отырып, Шоқанның атынан Мұса мырза кесенесінің басында гранит таска жеке жазып койдык).

Өмірлік тәжірибесі мол Мұса мырза Шоқанның ақылшысы, жол көрсетушілерінің бірі болғаны да анық. Шоқан арқылы Мұса мырза өзі де орыстың прогрессивті көзқараста болған озық ойлы адамдарымен танысты. Сырымбет-

тегі жездесі Шыңғыстың отбасымен өмір бойы сыйласып ері сырлассан ерекше жылы қарым-қатынас өмірден өткенше үзілмепті.

Шоқанның қайтыс болғанын естіген Ақкелін елінен Имантай Сәтбайұлы мен Сәдуақас Мұсаұлы бастаған адамдар Жетісуудың Алтынемел жотасының етегіндегі Көшен-Тоған шатқалында қоныстап отырған Тезек төрениң ауылына барған деген ауыл қарияларының әңгімелерінен құлаққағыс болғанбыз.

Шоқанның ерте қайтыс болғанына қатты қайғырған нағашысы Мұса Шорманұлы көп жылдар бойы Омбы әкімшілігіне хат жолдап, тіпті арнайы барып, ғалымның қабіріне ескерткіш тұрғызы мәселесін көтерген. Осы табандылығының арқасында Шоқан қайтыс болғаннан 16 жыл өткенде ғана 1881 жылы Жетісу әскери округінің генерал-губернаторы Г.А. Колпаковскийдің пәрменімен мра-мордан белгітас қойылған. Белгіастағы мәтіннің авторы Түркістан әскери округінің басшысы, Шоқанға деген құрметі жоғары генерал фон К.П. Кауфман болатын (қазіргі ескерткіш белгі 1958 жылы тұрғызылған, біздер ол жерде 2005 жылы болдық).

«Мұса Шорманұлының қартайған шағында да Шоқанның атын айтканда екі көзінен жас парлап отыратынын көзі көрген Г.Н. Потанин жазады», – дейді Шота ағамыз. Шоқанның қысқа өмірінде жасаған ғаламат еңбектерін және жеке өмірін насихаттауда күрдас досы, саяхатшы-географ, ғалым-этнограф, жерлесіміз Григорий Потаниннің орны ерекше. Григорий Николаевич Ақкелінде Мұсаның, кейіннен Сәдуақастың шаңырағында, сол сияқты Сырымбетте Шыңғыстың, кейіннен балаларының отбасында бірнеше рет болған. Бұл бір-бірінен айнымас екі ауылдың екі өлкеде болғанына қарамастан талай майталман марқаскалар осы қастерлі топырақтарды табанымен басқандығына көрі тарих күэ.

Шорман би мен күйеу баласы Шыңғыс аркылы басталған құдалық, кейіннен әuletтердің ұрпақтарымен қарама-қарсы құдалыққа ұласқандығы – Баянауылдың Ақкеліні мен Көкшетаудың Сырымбетін жақындастырганы сондай, жоғарыдағы Біржан салдың ізін басып, сонау Сырымбеттен Ақан сері де Ақкелінге келіп, Шорман бидің немересіне «Жігіттің падишасы Әмір Темір...» деп «Майдаконың» әнін арнаған. Сәдуақас Шорманұлы жан жолдасы, ғаламат зор дауысты әнші Жарылғапберді Жұмабайұлымен Ақкеліннен аттанып, Сырымбеттен алғашқы жары Нұриданы әкелерде Зейнептің тағы бір ұлы Қозыкеден (Сақыпкерей) дүйім елге белгілі «Топайқөк» әнін үйреніп, Баянаулаға Жарылғапберді әкеп жайғаны туралы архитектор Шота Уәлиханов кітабында жазылады. Кейбір деректерде бұл әнді Жарылғапберді Жұмабайұлы шығарған деп те жазылады.

Жаяу Мұсаның жас кезінде Сырымбетте Шоқанмен, інісі Жақыппен дос болғанын баянауылдық жазушы Зейтін Ақышевтың «Жаяу Мұса» романынан білсек, атақты әні «Ақ сисаның» өмірге келуіне Ақкелінде болған тосын оқиғаның себепкери – Ақкелін ауылның болысы Шорманның Мұстафасының әнге қосылуы куәгер. Сөз ретіне қарай айта кетейік, атақты әнші Майра Шамсутдинова Ақкелінге Мұсаның немересі Жәржанға күйеуге шығып, келін болып түсken. Орыстың қаншама озық ойлы, белгілі адамдары (К.К. Гутковский, А.К. Гейнс, Н.М. Ядринцев, Г.Н. Потанин және т.б.) Ақкелін мен Сырымбетте, осы екі әuletтің арқасында талай рет болған. Қасиет қонған екі кішкентайғана ауылдың арасындағы соқпақ жолдың бастамасын арғы заманда Бұқар бабамыз сырқаттанғанын естіген Абылай хан Бурабайдагы Хан Ордасынан ақ боз аттарымен жеделдете келіп, көніл сұрағандығы, яғни, бұл тұлпарлардың дүбірімен салынған сара жол десек те артық емес шығар.

Ақкелін ауылында (Кеңес үкіметі 1928 жылы Тендік ауылы деп атап, 90 жылдан кейін 2018 жылы Мұса Шорман есімі берілді) туып-өскен біздерді осының бәрі ойланататын. Ата-бабаларымыз табаны тиғен Сырымбетті де барып көрсек деген ойдың сәті 2009 жылы достарымыз, профессорлар Оралғазы мен Гуляның (Сырымбеттің тұмасы) аркасында іске асты. Қазіргі кезде Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданына қарайтын Сырымбеттегі Хан ордасынан кейін, Айғаным әже, Шыңғыс сұлтан, Зейнеп әжеміздің бастарына зиярат жасауга жұбайым Әтіргұл екеумізді достарымыз апарды. Эрине, Сырымбеттен аздал шалғайлау жатқан Ақан сері, аудан орталығындағы Құлагер ескерткіші, Ағынтай және Қарасай батырлар басында да болып, құран бағыштадық. Сонда байқаганым, батырлардың басынан басқаларынікі өз дәрежесінде емес болып көрінді. Уақыт өте келе 2016 жылы Айғаным әже кесенесі бой көтерді. Ақан сері мазары жаңартылатын уақыт та алыс емес шығар.

Ал екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Ресейден көшіп келген жетімдер үйінің балалары сыртқы қоршауын өртеп жіберген Шыңғыс төрениң зираты (Сырымбеттегі музей директоры Құлбаев Ұәлиханның айтуы бойынша) мен Зейнеп әжеміздің басын көтеру мәселесі – Шота ағамыз екеуміздің ортамызда болған оқиғаны еске түсіреді: 2005 жылы Талдықорғаның Алтыннемел бойындағы Шоқан бейітіне ол кісі бастап бірге барған едік. Сол жерде бейіт басынан бір уыс топырақ алған Шота ағамыз: «Бауырым Алтынбек, мына бір шөкім топырақты Ақкеліндегі Мұса мырза бейітіне аманат ретінде апарып сал, аруағы риза болсын, мен өзім мына бір уыс топырақты Сырымбеттегі Зейнеп әжеміздің басына апарайын!» – деп еді. Аманатқа қиянат етпей орындаған миссиямыз кейіннен Мұса Шорман әuletіне арналып салынған кесене мен екі музейге ұласты.



1865 жылдың 23 сәуірінде (ескіше 10-ы) қайтыс болған Шоқан туралы «Жиырма тоғыз жарым ғана жас жасаса да, кеменгер азаматқа айналған ұлы болған, біздің халық қандай бақытты десеніш!» – депті тағы да Шота ағамыз. Алматының орталығында Қазақ Ғылым Академиясының ғимаратын салған Қазактың Қанышы Ақкелін ауылында туса, Айғаным әжесінің бауырында Сырымбетте өскен Шоқанның еңсөлі ескерткіші қарама-қарсы катарласып ойға батып тұрғаны – мен үшін Ақкелін мен Сырымбеттің сиқырлы сырын айғақтап тұрғандай!

Осы екі киелі топырақтың әйгілі тарихи тұлғаларының тізіміне тоқталсақ, бастапқысына тікелей қатысы бар Бұқар жырау бабамыздан бастап, Шорман би, Мұса Шорманұлы, Зейнеп Шорманқызы, Сәдуақас Шорманов, Имантай би Сәтбайұлы, Әбікей Сәтбаев, Қаныш Сәтбаев, Кемел Ақышев деп, ал екіншісінде Айғаным Сарғалдақтегі, Шыңғыс Уәлиханов, Шоқан Уәлиханов, Макы Уәлиханов, Сақыпкерей Уәлиханов, Кәкімбек Салықов, Шота Уәлиханов, Қожахмет Балахметов деп кете береді. Бұл тексті тұлғаларды биікке көтерген қайнар көз – ол БІЛМ. «Білекті бірді жығар, Білімді мыңды жығар» дегеннің дәлелі – дәл осындай тарихи тұлғалар.

Шорман бидің салған сара жолының ізгілікті ізі ірі әрі ілкімді болғандығында күмән жоқ.

Алтынбек НҰХҰЛЫ,
КР Парламенті Сенатының депутаты,
Ұлттық Ғылым Академиясының академигі,
Қазақстан журналистер одагының мүшесі,
Баянауыл ауданының Құрметті азаматы

بۇشناى وېنک بايانىش ايمدى وېرىسى بىسەد ھەر بىر طورلى خەزىتىكىر كەطىپار
اولىپ قول قوشۇرۇ بىرىز بىزىن ئىچىكىرىپ تەن كۆپ كۆپ بىر لەلەرەقىچىپا
ايلار ئەچىستېلا مەست لەك لار كېزىز فەيدى كەم مەختەنلەر دەكىزىز فە
خاەلاب او شىبىز ئەنچىي بىر بەضنايى بىر تۈرى صىنای اۋنالى ئەنانىشى
ادچىن او زەھىرىپ بەپەشم

او شىبىز قارىيدىشى يازار ئەغان ئەزىز مەسىد زېنگلا سەلۇنىچىقىندە شەولۇت ئەنۇن
ايلى يېنك كېچىپ كەيىك اوغلۇ ايشانىشت اوچىرىت

كەنە آلس ايلالك بەپەشم

ھەقايىپ قارىيدىشى يازار ئەغان ئەزىز مەسىد زېنگلا سەلۇنىچىقىندە شەلىت
اڭخۇن يەنك كېچىپ كەيىك اوغلۇ مەسىدا ئىپلىك ئەلماندا اونلىك ايشانىشت
ادچىن كەنە آلس ايلالك بەپەشم

شەرقىق آرسۇن يەنك كېچىپ كەيىك جىرىمىرى سەقى ئەنلىك ايشانىشت
ادچىن كەنە آلس ايلالك بەپەشم

يەنك دا يېنك دەزقى تېچىنلىكىنىڭ ئازىلدىكى مەحەددەللەل ئىپ ئېنك اۇن بېرىپ كەنە دە

Жоғارыдан төмөн қарай төртىنىشі – Шорман бى كүшىكىلەنىң мөри (күжатта Сәтиүлە دەلىнген). Мөр басылған мәтىن мазмۇны: «Шолак Арғын елنىң би Шорман Сәти ұлы инанмақ үшін кендү ели (иланбақ үшін өз қолымменен) мәһىrim (мөримді) бастым». 1244 (хиджра) жылы жумада әл-ауعال айының он бірінші күні жазылды (біздіңше 1828 жылғы 18 қараша).

Дереккөз: Орталық мемлекеттік архив, ф. 338, оп. 1, д. 408, «Дело об открытии Баянаульского округа и установлении границы между Омской областью и Оренбургским ведомством», қосымша мен сақталған құжат көширмеси.

Кұжат көширмесін ұсынып, мәтінді қадим жазуынан аударған: арабтануши Багдат Дүйсенов.



Өлкетанушы Алтынбек Күрманов, жазушы, ақын Сайлау Байбосын, Саябек Саликов, Медет Жакин, Сейсенбек Ыдырысұлы немересі Алдияр Айбекұлымен, Куаныш Смағұлов, Берік Аскarov; отыргандар: Әсет Абдуев, Мұсабек Сейсенбекұлы және ереймендік азаматтар – Шорман баба басында



Шорман баба ескерткішін көтеруге дайындық сапары. Мұрат Қопабаев, Әсет Макишел, Қайыржан Қияшов, Бегім Әкімов, Бұркітбай Бижанов, Мұсабек Сейсенбекұлы және ереймендік азаматтар



Мырзагұл батыр ұрпактары Олжабай батыр рухына құран бағыштауда



Шорман баба басындағы құрылыш жұмыстары



Сейсенбек Ыдырысұлы Шорман баба басында сөз сөйлеуде



Шорман би ескерткішін көтеруге ерекше еңбек сінірген Ерейментау ауданы Күншалған ауылдық округіндегі «Нұр Ali» серіктестігінің директоры, Ақмола облыстық мәслихатының депутаты Бегім Экімовке құрмет көрсетілуде (2022 жыл).



Шорман баба ескерткішінің ашылу салтанаты. Жазушы, өлкетанушы Сайлау Байбосын сөз сойлеуде



Қаржас ұрпағы – кәсіпкер Еркін Біләлұлы Шорман бабаға арналған айтыс жүлдегері Рауан Қайдаровты марапаттауда. 2022 жылғы 23 шілде




Шорман баба тойындағы көкпар женимпаздарын марапаттау сәті. 2022 жылғы 23 шілде



Мырзагұл батыр үрпактарының
ақылшы аксақалы – Ілдебай
Мұрсалов жұбайы Сәлимашпен



Шорман би үрпағы –
Ахат Исин



Шорманның Иасынан
тараған үрпактар: Гүлнэр
Үәлиқызы (сол жақта) және
Ахат Исиннің балалары
мен немересі, 2022 жылғы
23 шілде



Шорман би және Мұса Шорманов бабалар есімдерін насыхаттауда ерен еңбек сініріп жүрген фалым, кітаптағы біркатаң зерттеулер авторы – академик Алтынбек Нуҳұлы.



Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының 165 жылдық тойына Мырзагұл үрпактары тіккен киіз үй. Солдан онға қарай: Мұсабек Сейсенбекұлы, Жанарғұл Қадырова, Қайыржан Қияшов, Берік Асқаров, Ардашер Ахметов, Орал Ахметов. 2023 жылғы тамыз айы



Мұса Шорманұлының кесенесі орналасқан
«Ақкелін» мемориалды кешені (2018 ж.)



Шорман би зираты орналасқан жердің картасы

**МӘШҮР ЖУСІП
КӨПЕЙҰЛЫ
ЖАЗБАЛАРЫНАН**



...Тарихи сабақтастық үзілменті,
Тағдырдың алысса да тасқынымен.
Мысалы, Шорман биге Шоң атамыз
Жол беріп, жон сілтеген жас күнінен.
Ал Шорман Мұса дейтін өз баласын
Білімнің асыраған астығымен.
Мұса Шорман Мәшһүрге ақ жол тілеп,
Даналықты таныған рас түрінен.
Зекебайдай атамыз бата алыпты,
Дәл осы Көпейұлы Мәшһүрінен.
Ол кісі Асығаттай азаматты
Жарысқа қосқан екен жас күнінен.
Асығат ағам баптан ед Аспанбекті,
Бал тамған ақын болды рас тілінен.
Осындай сабақтастық сақталғасын,
Тосылмай алға қадам басты білем.
Атағы Баянтаудың аспандап тұр,
Баталы бабалардың дәстүрімен.

Раян Қайдар



Шорманның жас кезі

Шорман деген кісі он үш жасында әкесі өліп, жетім қалып, «Шорман бала» атанған еken. Бас қосылған жерде әңгіме-сөзге кірісіп, аттыға – жол, жаяуға сөз бермей, «Шорман бұлбұл» атанған еken. Қарекесек, Төртуылдың басы қосылған жиында Тіленші биді алды-артын орап, сөйлетпейді дейді. Сонда Тіленші би айтқан еken:

– «Өзім асыраған текешік өзіме жау болды» деп осындейды айтқан еken-ay! – деп. Жұлып алғандай, Шорман бала айтты дейді:

– Жақсылық өз қолында болса, бірі – аксақ, бірі – таз екі балаң бар ғой. Оны неге Шорман қыла алмай жүрсін? – деп.

Тіленші би дәнене дей алмай, ұялып қалды дейді.

Бұл Шорман би қасында бірнеше жолдасымен Куандықта бір Атымтай деген байдың үйіне келіп, қону үшін бас салып кіріп келіп, отыра қалды дейді. Байдың өзі қарт кісі еken. Жамбасының астында бір тоқым бар, от басында жантайып жатыр еken. Әлекедей жаландаған бір тоқал колды-аяққа тұрмай ұшып-қонып, от басында жатқан шалмен де ісі жоқ, төр алдында отырған қонақпен де ісі жоқ, бір кіріп, бір шығып, шаруасына айнала берді дейді. Байда үн жоқ, тұн жоқ, кисайған бойымен кисайып жатты да қойды дейді. «Қонақ келді-ay» деген, «бұған жабдық қыл» деген байдан да ешбір сөз болмады, тоқалдың да ойы бөлінбеді.

Сонда Шорман би сөйледі дейді:

– Сүйіспеген қонақтың кім еkenін білмейді, езу тартып күлмейді. «Су анасы бұлақ болар, сөз анасы құлақ болар. Адамның жаны денесіне қонак болар, жанның жалғыз досы дүниеде тамак болар» деген еken-ay! – дейді.



Сонда жантайып жатқан шал басын көтеріп алып:

– Уай, жаным-ай! Қатынға қадірі қалмаған, қағып төсек салмаған, қара көзден нұр тайған, қатынға қайрат бел тайған, қатын тілді алмаса, от басына жантайған деген осы болатұғын, – дейді.

Шорман би:

– Тойдым, тойдым, төркіндеген әйелді ерткен қосшы сықылды күйде тұрған кәріп екенсің! – депті.

Тоқал да сөз тұрінен шошып, бар әлінше күтті дейді.

Тоқсан бидің Шорман биге айтқаны

Тоқсан би:

– Кұлықтан туған құнаншадай, шыпшиқтан туған тұмашадай екенсің, – деген еken. Сонда жас Шорман би былай деп жауап беріпті:

«Кұлықтан тусам, тұлтар шығармын,
Шыпшиқтан тусам, сұңқар шығармын.

Тамаша деген құс болады,

Бірде егіз, бірде сезіз табады.

Егіз болсам, сұңқар болып сойлермін,

Сезіз болсам, (бүйе болып) қарныңды шағармын, – деген еken.

Шорман сөзі

Куандық ішінде Құдайменде төрениң жалғыз баласы қайтыс болып, ел-жүртты жиналып, жеті күндей басын көтере алмай жатқанда, Шорман келіп айтқан тоқтау сөзі:

Құдайменде – төресің,

Хақтың ісін білесің.

Жалғыз бала оліпті,

Құдай сені коріпті.

Арғы бабаң – Барақ хан,

Жүртты аузына қаратқан

О да отті дүниеден.

Бергі бабаң – Тұрсын хан,

Өтірік айтқан Қимас хан,

О да откен дүниеден.

Одан соңғы Қайыр хан,

Кедей менен теңтекті

Коре-коре айырган,

О да откен дүниеден.

Кел, төрем, күйзелтте,

Бүтін еліңді бөгелтте,

Беліңді көтер, іш асыңды!

Өлмеймін десең тұрып баң,

Олем десең, міне, пышақ, – деп, лактырып жіберіпті. Сонда Құдайменде төре басын көтеріп, Шорманға:

– Осы қайғым немен қалады? – деген екен. Сонда Шорман:

– Қыран бүркіттің қияғында қалады,

Жүйрік аттың тұяғында қалады,

Сұлу әйелдің сипатында қалады, – деген екен.

Қаржас пен Қанжығалы дауы

(Бірінші нұсқа)

Нұрқан төре, Бапан би: Қанжығалының бірі – төресі, бірі – биі. Бұлардың заманында Төртуылдың адамы Шоң би мен Шорман би екен. Төртуылдың Қаржас деген еліменен Қанжығалы – Ерейментауға даулы болды дейді. Шуактың Ақшоқысы, Торғынбай шаты деген жер Қаржас қыстауы екен. Және Қедейбайдың баласы Өтебай Ереймен қыстап жүреді екен. Жер тұрасынан ұрыс-талас болып, Тұрсынбай баласы Боштай Шорманға болысып, Баянаулдан қырық орыс алып шығып, Қанжығалы ұрыс-төбелес қылып, орыс мылтық атып, Қанжығалының жеті ері оққа ұшып өліп, осы даудың бітіміне бас қоспақ болып, Шорман Шоңға келді дейді:

– Керей, Қанжығалыға бітімге бас қосуға жүріңіз, – деп.

Сонда Шоң айтты дейді:

– Мен бармаймын, сен өзің бар. Екеуміз бірдей барып, бітіп қайтсақ, жақсы. Біте алмай қайтсақ: «Үйде кіміміз бар?» – дейміз. Сен барып бітсен, бітіп қайтарсың. Бітпей қайтсан: «Үйде Шоным бар!» – дейсің ғой. Менің саған ұстатқан бір сөзім: үш құнгә шейін бітімге шықпай, бөгелгейсін. «Момынның ақылы үш құндік» деген сөз барды. Үш құннен соң Момын баласы ақылын тауысып, «өзің білге» келетүғын, – дейді де, Шоң үйде қала берді. Шорман барды, Айдабол, Қаржастан – әр табынан басты-басты кісілер барды. Керей, Қанжығалы болып ақылдасты: «Төртуылдан билікке кімді аламыз?» – деп. Шорманнан басқа билікке шығарлық кісісі жоқ:

– Шорманды аламыз да, – дейді. Онда Қанжығалы кісілері:



– Өзіміз Қаржаспен даулымыз. Қаржастың өз тұқымынан қалайша Шорманды аламыз? Басқа руынан алайықта, – дейді. Қанжығалы Сүгірәлі деген кісі тұрып айтты:

– Әуелі мен Шорманның өзін оңаша алып шығып, әділ ме, әділ емес пе, сынайын. «Әділ биде ата жоқ, тұра биде туған жоқ, туғанына бұрган биде иман жоқ» деген. Шорман баладан ата жайын сұрайын. Шорман Қаржасқа бұра қате тиіп, ата тапса, әділ болмағаны. Егер Қаржасқа ата таппай дағдарса, шын әділдігі, – дейді де, Сүгірәлі Әбсапа бір төбенің басына шығып отырды да:

– Шорман бала маған жолығып кетсін, – деп шақыртып алып, қасына отырған соң:

– Осы, Шорман бала, сенің әкеңнің аты кім? – дейді.

– Менің әкемнің аты – Байкісі – Күшіктің күшігі, – дейді.

– Оның әкесі кім? – дейді.

– Сатыбалды – Тәтидің Тәти, – дейді.

– Оның әкесі кім? – дейді.

– Аней, – дейді.

– Оның әкесі кім? – дейді.

– Телі, – дейді.

– Оның әкесі кім? – дейді.

– Құлыке, – дейді.

– Оның әкесі кім? – дейді.

– Қаржас, – дейді.

– Қаржас әкесі кім? – дейді.

– Уай, Әбсапа әкей, «Өзен тұрып, өзге жерге қонған – нәмірд. Өзі болған жігіттің тұп атасын сұраған – нәмірд» демеп пе еді?! Қаржастың әкесін де үрайын, оның әкесін сұраған кісінің тап аузын үрайын! – дейді.

Сонда Сүгірәлі Әбсапа қарқ-қарқ күліп:



– Пәлі, Шорманым, әділ екенсің! – деп риза болып, арқага қакты дейді. Керей, Қанжығалы тобының ортасына барып: «Билікке Шорманның өзін алындар, турашыл екен, әділ екен, – деп мақтады дейді.

– Билікке Төртуылдан Шорман шықсын, – деп кісі салдырганда, Шорман бала:

– Бүгін тұра тұрсын, ертең шығайық, – дейді. Ертең кісі жіберіп еді, тағы:

– Ертең шығайық, – дейді.

Айтқандай, үш күнге шейін билікке шықпай кідіріп, төртінші күні шыққанда, Керей, Қанжығалыдан шықкан би (Нұрқан төре) аузына басқа сез түспей, «Өзің біл, өзің білден» басқа дәнeme айта алмады дейді.

Сонда Шорман айтты дейді:

– Өзім білсем, жеті еріннің құнын алып, Ерейменнен күллі Қанжығалы шығып кетсөн де, ықтияр өзінде. Жок, жеті ерің құнсыз қалып, Ерейменді түгелімен алып қалсаң да, ықтияр өзінде! – деген соң:

– Өлген жеті кісіге бола екі болыс ел қыстап отырған Ерейменді қалай тастап шығып кетеміз? – деп, жеті ердің құнынан кешіп, Ерейменді Қанжығалы иеленуге ықтияр болды дейді. Қаржаста жеті-ак қыстай бар екен. Онан өзгесі Қанжығалының бұрыннан өз қонысы екен. Шорман бидің сөзді ұтып сөйлеп, ретін келтіргенінен Қанжығалының жеті ері құнсыз кетті дейді.

Қанжығалы Қоскелді – Досан ақын Қаржас Елтай ақынмен өлең айттықанда, былай деген екен:

Ұры Қаржас деген соң, ұры Қаржас,

Жан торсығың, жсаның да сірі, Қаржас.

Жаз жіберген көбенәді күз қоймайсың,

Тұқымың мұнан жаман құры, Қаржас!

Сонда Елтай ақын айттыты:

Керей мен Қанжығалы сен емес не ең?
Байлаулы бұзауыммен тең емес не ең?
Кешегі жеті еріңді құнсыз қылған
Балам-ау, әкең Қаржас мен емес не ем?! – дегенде,
Досан ақын дәнеме тауып айта алмай, женіліп қалыпты.

Құрастыруышыдан: *Мәшһүр Жүсіп бабамыздың бұл жазабаларын талдай келе, жазушы, өлкетанушы Сайлау Байбосын өзінің «Шорманның сұңғылалығы» атты жазасында мынадай түсініктеме қосқан:*

«Арғын балалары Арқа жеріне қоныстанғаннан кейін, Сүйіндік рулары ондаған жылдар бойы жаз айларында Ереймен тауларының іші-сыртын қонысташып, тіпті қыстап та қалатын болған. Жылдар оте келе, Ерейменді жайлайған Қанжығалы балалары да өсіп-өніп, қоныска тарлық қыла бастайды. Осының аяғы 1831 жылы тарихта «Ереймен жанжалы» деген атпен қалған қанды оқиғаға үласады. Қанжығалылардың төресі болып саналатын Нұрмамбет (Нұрқан төре) Сыздықұлының бастауымен қанжығалылар жағы патша солдаттарымен қақтығысып, орыстар жағынан Василий Власов деген бір солдат өліп, Иван Осипов деген біреуі ауыр жаракат алады. Кәріне мінген патша әскері қанжығалы ауылдарын шауып, осы оқиғаның үстінде қанжығалылар жағынан 7 адам опат болады. Кейін Қанжығалы, Атығай мен Қарауыл, Бәсентиін – Жеті Момын баласы болып, оларға керсілер қосылып, сүйіндіктерден құн даулап, Ерейментауда үлкен даулы шара өтеді. Бұл өзі үлкен әңгіме. Біздің айтайын дегеніміз, осы дауға төбе би болған Шорман Күшікұлының акылмандығы мен іс-әрекеті».

Қаржас пен Қанжығалы дауы

(екінші нұсқа)

— Керей, Қанжығалыға бітімге барапты! — деп Шорман Шонға келгенде,

— Мен қалайын, сен бар: «Үйде Шоңым бар!» деуінے жақсы ғой! Екеуміз бірдей барған соң «Үйде кіміміз бар?» дейміз? Төрт болыс жарым Қанжығалыда Нұрқан төреден басқа қазак тілін білетүғынның өзі жоқ. Оның өзі де жазғытұрғы қақтың суы сықылды: бір суалып қалса, ар жағында бұлақ боларлық көзі жоқ. Сенімен екі-ақ күн текірекке жарайды. Үшінші күн болғанда, сөзі таусылып қалып: «Өзің біле бер, не қылсаң да», — дегеннен басқа дәнеме айта алмай қалса керек, тізгін өзіңе тиген соң, кісіден сөз үйренетүғын кісі сен емессің. Ойлаған жеріңе келтірерсің, бар, жолың болсын, бара бер!» «Үйде Шоңы бар, тұзде Шорманы бардың арманы бар» демесін, — деп қоя берді дейді.

Шорманға бір бәйбішениң сын айтуы

Е сіл бойында Қарақозған: «Қарабай, Шорман — он шақты кісі өрдегі Куандыққа жолаушы болып барыпты. Жаздың күні ыстық шілде, әуе жерге түскен күн екен. Бір ақбоз үйдің сыртына тұра қалып, сөйлес қылышты. Кісі шықпапты. Соңан соң өздері кіріп барса, үйдің ішінде екі кісінің құшағы жеткісіз бір бәйбіше қатын отыр дейді. Екі жылқының терісінен қылған бір саба қымызыға лық толып тұр дейді. Оナン басқа қыбырлаған жан жоқ. Бәйбіше бұлардың шанырқап, сусап келгенін көріп, орнынан әрең зорға козғалып барып, сабаны пісуге мұршасы келмей, аяғымен толқып қозғады дейді.



– Балалар, біреуің келіп, шараны аузына тоса беріңдер! – деп.

Сонда бұлар мырс етіп күліп жіберді дейді. Бәйбіше бір көлді бір көлге қотарғандай, сабаның аузын қисайтып құлатып, шараны лұпілдетіп аузынан асыра құйып:

– Ал, балалар, іштеріңе сыйғанша орталарыңа алып, іше бер, – деп шаршап, «уф» деп отыра кетті дейді.

Бұлар қымызды ішіп кенеліп, маңдайлары шып-шып терлесіп, мәз-мейрам болып өз-өздеріне келген соң, бәйбіше баяулап қоңырлап, ақырын ғана сұрады дейді:

– «Жылағанды сұрама, құлғенді сұра» деп еді. Балалар, мана мен қымыз құйып жатқанда не себепті құлдініздер?


Онда олар айтты:

– Сіздің аяғыңызben толқығаныңызға құлдік, – деп. – Біздің жақта қариялар ұрсып тастаушы еді, «Ақты аяғыңмен теппе, ырымға жаман болады» деп. Бұл жақта ондайды ырым қылмайды екен-ау деп, бұрын өзіміздің жақта көрмеген нәрсеміз болған соң бізге ерсі көрініп, соған құлдік, – дейді.

Онда бәйбіше айтты:

– Балалар, бұрынғының мақалын естіген жоқ екенсіндер: «Барында батып іш, жоғында сатып іш. Құдай беріп қойған күнінде шалқаңнан жатып іш». Дүние, шіркін, өпкеніңмен келмейді. Бір беттеп келер болса, тепкеніңмен кетпейді. «Кедейлер ырым етер, ырымы қырын кетер» деген. Ырымшыл болсандар, елдерің кедей екен ғой! – депті.

Бұлар дәнeme айта алмай, ұялып қалыпты.



Шоң би мен Боштай

Шоң би мен Боштай араз болғанда, Шоң би қаһарлы Жанаққа айтыпты:

– Сен Құлболдыға қастық қылғанды атам деуші едің. Мына Боштай маған қастық қылды, Боштайды ат! – деп.

– Боштайдың оққағары бар екен, бір баласын «Аттым!» депті. Бала мұрттай ұшыпты.

Шоң би өлген соң Боштайдың әкесі Тұрсынбай батыр: «Итеменді дуанбасы сайлаймын!» – депті. Боштай: «Шорманды сайлаймын!» – депті. Әкелі-балалы екеуі екі жаққа тартып, ақырында Боштайдың дегені болып, Шорман би дуанбасылыққа сайланыпты. Тұрсынбай қаһарлы Жанаққа келіп:

– Сен Құлболдыға қастық қылғанды атамын деуші едің, сол сөзің рас болса, Құлболдыға қас болып, Боштай Шорманды дуанбасы қылды. Атқыш болсан, Шорман мен Боштайды атшы! – депті.

– Боштайжанның өзінің де өмірі қысқа, оның жаласы менен болмасын, Шорманды аттым! – депті.

Баянауылда сайланып, ел жайлаудағы кезі екен. Ерейменнің ар жағындағы аулына бара, Шорман өліпті. Жасы қырық тоғызда екен.

Шорман би сау кезінде айтады екен: «Елуге жетпей өлген кісінің не арманы бар екен?» – деп. Онда замандастары айтады екен: «Көп жасаған жаман болса, ақсақал «Ақсақалды, сары тісті бол!» деп неге бата қылады? – деп. Онда Шорман би айтады екен:

– «Ақсақалды, сары тісті бол» деген сөзінің аузын ұрайын! Елуге жетпей қыршын жас өлгеннің қойнындағы қатыны күйінеді, бүкіл халқы күйінеді, оның өлгеніне қара



жер күйінеді. Оның өлгеніне қара жер сүйінеді. Елуден асқан соң өлгөніне қатыны да күйінбейді, халқы да күйінбейді, оған қара жер де сүйінбейді. Жер куанып қойнын ашпаған неменің өлісі не, тірісі не?! Ондай адамның өлген-өлмегені бәрі бір бас-дағы.

Сол өзінің айтқанында болыпты.

Қазақта бір мақал бар: «Мешкей асқа тоймайды, жаман жасқа тоймайды» деген. Аса жақсының өмірі қысқа болады. Боштай отыз жеті жасында өліпті. «Үзенгісіне у жағыпты Баянауланың қазақ-орысы» деген сөз бар.

Нақыл сөздер

**(Мәшіұр Жүсіптің Мұса Шорманұлынан
естіп едім деп жазғаны. Жолмұрат ескертпесі)**

*Қарадан хан қойса,
Қасиеті болмайды.
Ұлгісізден би қойса,
Өситеті болмайды.*

*Кәлимасыз пір болса,
Кереметі болмайды.
Ала тұяқ, арам мал
Берекеті болмайды.*

*Атадан қалған адап мал
Әрекеті болмайды.
Тоқтышақтан тон кисе,
Желді күні тоңбайды.*

*Қарғыс алған атадан
Егіз-екі оңбайды.
Үш ай тоқсан түспесе,
Үлкен теңіз қаттайды.*



Шорман би

Қатын шайпау болмаса,
Ер жсалғыз үй қонбайды.
Бірді беріп, мыңды алсаң,
Бір байыргыдай болмайды.
«Мың олжадан бір байыргы» деген жок па?

Сөзді айтқын үққанга,
Жанды-жсанга сұққанга.
Айтып-айттай немене,
Мақтамен құлагын тыққанга?!

Батыр деп оны қайтесің,
Түйе үстінен бұққанга?
Дос деп оны қайтесің,
Есікті қатты серпіп шыққанга?!
Амалын ішіне сақтап,
Етіне қолын сұққанга.

Мұса Шорманов және Қаныш Сәтбаев

Казакта бір макал бар – бір-екі ауыз сөз осының бәріне татиды: «Тайдың жорғасы түйе болады, Жігіттің жорғасы еліне ие болады». Өз көзім көргенде, өз тұсында Шорман баласы Мұсадан жорға озған жок. Осы күнгі жастарда Қаныш Сәтбаев – адамның жорғасы. Тірі болса, тірі жүрсе, бақты, талайлы болатұғын жігіт. Өлі Мұсаға Құдай рахмет қылсын, тірі Қаныштың өміріне Құдай береке берсін! Өлі Мұсадан, тірі Қаныштан дүниенің азы бір тиын ғой! Оны да алып көрмеген кісімін. Осы күнде тірі шығар, Атығай байдың Жұмабегінің баласы Әшірбек айтады: «Басқа қожа-молдадай бұл кісі бізден дүние пайдаланған кісі емес», – деп.

Сағынай асын Мұса Шорманұлы басқарғаны

Керей Сағынай асында сауын айтып шақырғанда, Саққұлақ ойдағы-қырдағы барлық Толыбай үранды Қанжығалыға хабар айттып, жинап алышп, барлық Қанжығалы болып бас қосып тұтас барған. Ас берген ауылға жақындалап барып, ауылға барып түспей, айдалага отырып алған: «Толыбай үрандыға жұз үй тіксін!» – деп. Бүйтіп жүрген өзімен қостас, маңайлас жайлап, қыстап жүретін Керейлер байлық айтып, Саққұлақты кедейсініп:

– Саққұлақ бізben неменеге жайлauғa таласады? Оның бір-екі айғыр үйір жылқысына жер жетпей бара ма? – деген сыққатары болу керек.

Әкімбек жағынан төбелес шығарып, Секербай да бір жағынан кекесінде, ас бүлініп бара жатқан соң, Керейден Жөкен Айдарке баласы бас болып, басты-басты кісілері Мұса мырзаға келіп жалынған:

– Сізге мал-жанның билігін бердік. Сіз атка мініп, жайламасаңыз болмайды! – деген соң, Мұса мырза Айдан болдан Секербайды, Тінәліден Айдапкелді, Алтай-Тоқадан Бекқожаны қасына алышп барып, асты Мұса мырза жайластырған екен.

Асқа бұрын келіп орнығып қалғандары – екі үйдегісін бір үйге сыйдырып, Саққұлаққа үйді молайтып, кеңітіп, айтқанындай қылып, Сағынайдың сары жорға атын тұлдап, ат ертоқым, тұрманың үстіне салып, Малкелді баласы Ақпан байға жетелетіп, Саққұлақтың алдына апарып, көлденең тартыпты. Сонда Саққұлақ:

– Ойбой, құттым келді ғой! Енді бармасақ болмас, – деп, асқа келген екен.

«Бұл Сағынайдың асы қазақта, Орта жүзде бұдан үлкен ас болмаған!» – деседі.



«Мұса мырза асы» деректері

Мұса мырзаның асында Алтай – Қареке – Қияштың күла аты алдында келді. Алтай – Тоқаның Тоқасы – Төлебектің (Төлембектің) көк аты жағаласа келіп, бірден соңғы аттың бәйгесін алды. Балуан бәйгесін мырзаның өз балуаны Жақып алды. Жақыптың түбі – Қожамберді ішіне сіңіп кеткен асыранды шата болу керек – Жақыптың өзі емес, арғы экелері.

*Мәшиүр Жүсіп Копейұлының
20 томдық шығармалар жинағынан,
Павлодар, 2013.*

Мұса мырзаны жоқтау

(Жоқтауды Мәшиүр Жүсіп шығарған)

Бісмілла сөздің басында,
Бір мекнат шектім жасымда,
Опасыз дүние осы екен, иманы болсын қасында.
Сапар қылды дүниеден алпыс алты жасында.
Арманда болды ағайын жан тапсырған уақытында,
Халық қамы үшін барды да, тағдыры бітті Омбыда,
Шыңғыстан басқа ағайын ешбірі болмай қасында.
Халайық, бір сөз қозғайын, шаригаттан озбайын.
Асылық сөйлеп, жарандар, сұннет жолын бұзбайын.
Қазактан мың хан болған, көргендерге таң болған,
Арманда кеткен кешегі ғазиз ерді қозғайын!
Қозғамай қайтіп тұрайын, күйікке қайтіп шыдайын?
Айтпастай болмас іс болды, қалайша шер қылмайын?
Мен құдайға жылайын, сөкпеніздер, жамағат,
Өртеніп ішім барады, шығарып лебіз тынайын!

Аз ғана жоқтап сөйлейін Арғынның жалғыз шырайын,
Газиз рухын мақшар күні шапағатшы қылғай-ды!
Бұл Арғынның ішінде бар ма еді мырза пішінді?!
Айтып бір тамам ете алман, қылып бір кеткен ісінді,
Жібектен арқан есілді, қалай түйін шешілді?
Сүйіндіктің баласы салқынында саялап, еркінше
шашып көсілді.

Уа, дарига, есіл ер дүниеден көшіп кеткен соң
Дүниеде ләzzат көрінбей, сонша бір нәубет кесілді.
Адастым ғой ақылдан, жиярмын қайтіп есімді?!
Көзімнен аққан қанды жас,
Ертеден кешке ағызып, алайын сенен өшімді.
Арғы атасы сұралса, ізгі өткен мырза Аның-ды,
Қаржастың қасқа жайсаны Аныдан өрбіп тараиды.
Байеке, Күшік атанып, қалмаған екен қатардан,
Ұлы атасы би Шорман атадан жетім қалыпты,
Ешкімнен ақыл үйренбей, өзіне құдай салыпты.
Жасынан кіріп билікке, ұлгімен жолды тауыпты,
Аузынан дүрлер төгіліп, шамшырағы жаныпты.
Ақылды бір дана-данышпан, абзал туған Мұсекем,
Ата-баба аруағын бұлжытпай үстап қалыпты!
Мұса бала атанып, он үште орын сайлаған,
Бас қосылған жиында бұлбұлдай болып сайраған,
Бұлактай ағып қайнаған.
Сөйлеген шақта көздері шамшырақтай жайнаған.
Дүниеден қашан өткенше, басынан бағы таймаған.
Көп мақсаты бар еді халқы үшін ойлаған.
Баяны жоқ сүм дүние кімдерге опа ойлаған?!
Халайық, мұным дұрыс па, шарифттан бұрыс па?
Қылықты қыздай мінезі, сүйкімді болған жасынан –
Қазақ түгіл бір туған, атасы басқа орынса
Айттар бір сөзі бұл еді:

«Жақсылыққа жәрдем бер, жамандыққа болыспа!». Ең әуел дуан ашқанда, қазаққа низам шыққанда, Дуан басы Шоң болып, би Шорман сұлтан соң болып, Тайында атқа қосылған, айтқан бір сөзі оң болып. Қатарға кіріп сол жастан, құдайым қуаттап ол бастан, Он төрт жасар күнінде сайлаған екен болысқа. Әзелден арнап жаратқан лайықты сайлап орынға, Дабысы кеткен жасынан Үрім менен Қырымға. Атасы мен бабасы артық бір өткен өзінің. Сондай бір абзал сабаздың артында біздер қалған сон, Шәжәрәт үшін сөйлемей, үндемей қалу орын ба? Жасында кірген жарысқа, кеткен бір данкы алысқа! Бәріне бірдей жарапған: ағайын, алаш, танысқа. Ойласам ішім ол тұтін, қалмады бауырим еш бүтін, Өртегіп дулап жанады, жалыны жүрек шалады, Құргақшылық уақытта от түскендей қамысқа! Отіп кетті есіл ер ойламаған орында Қанша аяулы болса да, артық дәурен сұрсан де, Бұйрық жетсе, ағалар, болжалсыз өлім алыс па? Ілім мен ақыл бойынан түгел болып табылған, Аузында айттар сөзінен жоқ еді жері жаңылған. Медаль мен орден, шен алып, патшалық қылыш тағынған, Хұрметлу бастық-ұлқулар көруге жүзін сағынған. Неше жүйрік, ділмарлар бетпе-бетке келгенде Жалғыз ауыз сөз айтпай, бәрінің аузы жабылған. Жиырма екі жасында қазылық үкімін жүргізген. Парасат беріп құдайым, ілімлерін білгізген. Әрбір үлкен ұлқулар құрметіне бек жетіп, Жоғарыға көрсетіп, бір-біріне инғам бергізген. Жылағандарды уатып, қапаларды күлгізген. Мұхит, дария суындаі ақылы терен, мол еді, Патшаға ол барғаны елу бесінші жыл еді.

Дәл отыз бес жасында хұмайын қонып басына,
Жасауылдық шен алып, екі медаль және алып,
Бриллиант жүзік салған, баршасы бір жол алған,
Ақкошқар, Шыңғыс, Бегалы – олар да жүйрік данышпан,
Тәттімбет, Ыбырай, Секербай бірге ілесіп барысқан.
Бәрінің болып көсемі, Тоқтамыс тілге шешені,
Жақсылық іске бас болған, жамандарға қас болған,
Жаяуларға ат болып, тарыққанға ас болған.
Андай болып жүрген халық едік, Сарыарқаның жонында,
Арамызда низамын ең әуел болды жүргізген.
Медресе, мешіт салғызып, жақсы молла алғызып,
Наданлықты шет көріп, ғалімлік жолды білгізген.
Әрбір жүрттан үлгі алып, үйренуге белгі алып,
Ұсталарын жүргізіп, көзіменен көргізіп,
«Былай қыл» деп үйретіп, шыргадай қылышп құйретіп,
Салтанаттың ресімін ел-жүрттына көргізген,
Тазалыққа үйретіп, былықлықты жек көрген,
Зиян қылмай ешкімге, жақсылықты еп көрген.
Қаршыға, бүркіт, ителгі, қырғи менен жағалтай,
Лашын, тұйғын, тұрымтай,
Тазы мен мылтық, тор мен ау – аң сайманы бар еді,
Аң аулаудың тарихын кеменгерлікпен үйреткен.
Жиырма тоғыз жасында аға сұлтан болғаны,
Құдай берген дәүлетке толқып әбден толғаны.
Жаразтықты дәүлетпен неше жыл солай тұрғаны,
Қайсыбірін айтайын, дүниеде көп-ті қылғаны!
«Жақсы сөз құлақ құрышы» деп айыптама, ағалар,
Азғана кеңес қылайын: абзал да болған мырзадан
Құдайдың берген бағы мен пенdedен беті қайтпады,
Қашан бір өтіп кеткенше адамға сырын айтпады.
Қанқожа, Абыз төре мен патша таққа мінгенде
екінші барып қайтқаны.

Сонда бір көзге көрінген, жан емес сөзден сүрінген,
Газеттерге басылып, шаһарлы жұртқа білінген.
Патша тұрып алдында сұраған әрбір сөзіне
Тайсалмай жауап қатқаны.
Патшага ауыз тілдескен, тең күрбыдан ерте өскен,
Губернатор, бастықлар көрсө, жүзін елтіскен.
Адаммен дұшпан болмаған, еш жаксының сөзін бұзбаған,
Сөйлесіп кеткен ұлұқлар шақырып бәрі: «Кел!» – дескен.
Отпейтін дүние бола ма, өлмей адам тұра ма?
Бұ опасыз дүниеде, ойлап тұрса, жаранлар,
мәңгі сүйін кім ішкен?!

Асыл нұрдан жаралған, құдайым сүйіп қалаған,
Дәулет құсы қонған басына, Қыдыр келген қасына,
Есіл бір сондай бескэттың жұрт аузына қараған.
Көркі менен сымбаты, ақыл менен ілім, дәuletі,
Баршасы бірдей табылып, әр пендеге жараган.
Мінезің еске түскенде, оттай болып жанамын,
Ортеніп кетіп барамын.

Айтсандаршы, жамағат, қалайша сабыр қыламын?!

Сөйлемей қайтіп тұр дейсің?

Қайран қалып мен тұрмын, айырылып гауһардан.
Қайран бір өткен ғазизім, телі-тентек қоймаған,
Билеген қанша елінде, хұқімет құрған жерінде,
Айбатлы болған елінде, иманы болсын жолдасы!
Айтқаны мен қылғаны әмісе келген дұрыска.
Дүниенің тұзіп низамын, дуанбасы құнінде,
Сибиряков губерно бас қосқан жиын-тойында
Патшаның келіп баласы,
Жиылған Сибирь халқына Омбының толған даласы.
Қасқа мен жайсан қалмаған,
Қазактың сонда жиылған түрлі манғаз-сарасы.
Абзал туған данышпан әр түрлі өнер еткені-ай,

Өзі тендес жақсының бәрінен озып кеткені-ай!
Байқап тұрсақ, жақсылар, ақылының данасы,
Бақ берген артық бір құдай,
Бола алмас қазақ енді ондай!
Би шыққан қазы Секербай бәрінің болды басында-ай!
Алтыннан салған жүзіктің мысалы болды тасында.
Сонда бір қылған өнерін айта алман бәрін қалдырмай.
Үмтүлған жастан – өндірден,
Берік болған жібек кендірден.
Сөйлеген шақта, халайық аузына қарап телмірген.
Бәйге кара ат үстінде неше түрлі ойын етіп,
өнерін жүртқа білдірген.
Айдынды шалқар теңіздей ақылға дана, кен еді,
Қазактан туды демесе, басқа жүртпен тен еді.
Аузына дұға қойылған – айтқан бір сөзі ем еді.
Не жақсылар өтпеді, не жақсылар кетпеді?
Өзімен тұстас жақсының табылса бірі, бірі жок,
Айыпсыз пенде болмайды, қай пенде өткен міні жоқ??
Сондай көбі кім еді катарласкан жақсыда?
Ушбу қазір жамағат мырзадан асқан кім еді?
Өзгеше туған ер еді, халқының қамын жер еді,
Бір бір емес, бар еді,
Алаштың ұлы Арғынға сасқанда мырза керегі.
Көлеңкелеп отырған құлады түптен терегі,
Ай батқандай қылды да, адастырып жөнеді.
Өтер деп пәни жалғанды, еш уайым жемеді.
Бұ даланың ұлығы шолып өтер жолында
шашырғанмен барғаны,
Омбыға ұшбу жолында бұқара халықтың қамы үшін
Сонда болған ұлыққа келейін барып деп еді.
Қайтейін тірі тұрмады, бір сапар барып келгенше,
Кіре-кіре мал мен бай-уандай қылып жөнелткен.



Шортан би

Уа, дариға, есіл ер, ілгері-сонды қазакта,
Болып өткен жақсыда мұндаиды хайыр-ықсанды
онан басқа кім өткен?!

Бұл есіл еске түскенде, ішім бір оттай күйеді,
Өзі тірі күнінде кисайғанды түзетіп,
жығылғанды сүйеді.

Келген бір қожа, молдалар сәлдесі кепе оранған,
касиеті қардай бораған,
Ілімі тақуа ишандар
қайтушы еді мырзадан
қатарлап айдал түйені.

Біраз ғана сөйлейін, асылық қылмай Аллаға,
жад қылып Жаппар иені.

Жаз жайлауың Шортанды, Есіл басы қорғаны,
Былтырдан бері ойландың Омбыға бір барғалы.
Он үштен мырза асқан соң,

он төртке аяқ басқан соң,
Байлық, бектік, мырзалық,
Моллалық пен тақуалық – ешбірі сізден қалмады.
Фылымның жүрдің жолында ниетің болып:
«Бұхара Шәріп барсам!» – деп,
«Ұстаздан сабақ алсам!» – деп,
«Бір хұжыраның бұрышында, отырып жалғыз қалсам!» –
деп.

Қайтейін, дүние, опаң жоқ,
Кеше өткен ғазиздің ішінде кетті арманы.
Қыс қыстауың – Ақкелін Аңы судың саласы,
Жай салдырдың кең ғой деп, жердің жазық даласы.
Алақанында аялап, көлеңкенде саялап,
қанаттыға қақтырмай,
Тұмсықтыға шоқыттырмай,
Еркелетіп өсірдің Сүйіндіктің баласын!
Ерте ойландың, бітпеді, бітуге сәті жетпеді.

Куандық пен Сүйіндік,
Егіз туған екі өлдің қосайын басын деп едің,
біріктіріп арасын.

Алланың әмірі күшті ғой, ажалдың желі есті ғой,
Бұзып кетті дал-дал ғып, Арғынұғлы
Мейрамның жел жағынан панасын.
Ел жағындағы қаласын.

Жазылмас көнілім жарасы,
Жан-жаққа, жүртym, қараши!
Камкоршы мұндай қорғанды
Қайдан бір, халқым, табасың?!

Дін шырағын жандырдың,
Баяндайын қалаға медресе, мешіт салдырдың.
Ғылымға махир молланы әрбір жайдан алдырдың.
Бал-шекер тамып сөзіңнен,
Нұр балқып раушан жүзіңнен,
Жұртыңның мейірін қандырдың.
Жұрт астын деген жақсыны жарыса сөйлеп келгенде
Ақылынан тандырдың!

Алладан әмір келген сон, өлшеулі демің біткен сон,
Опасыз пәни дүниенің пайдалысын бірге алып,
керексізін қалдырдың.

Халыққа шопан құт болдың, ұмайын дәulet құсындай.
Өзгеше туған ер едің, басқаға парың қосылмай.
Бар еді кімнің ойында Омбы барған жерінде
Болар деген осынданай?!

Құдайдың сүйген құлына ғазиз бір рухы қосылған,
Ұстазың да қалды дүғагөй, Омбыдан қоймай алдырған.
Бақыт құсынан айрылған, замандас болған тұсындан,
Өтіп бір кеткен мырзаның иманы болсын жолдасы!
Үш қыз – Арқа, Көктөбе, он екі жактан қазылыш
Ақ ордасы бұзылып, кетті ғой қайран құлжасы!

Қайда кетті, жарандар, кеше жүрген мырзасы,
Сүйіндіктің тұлғасы?
Шапағатшы пайғамбар, достым дегей шариар,
Откенге болып медеткер, үмбетінді қолдашы!
Мың-мыннан жылқы айдаған, желілеп бие байлаған,
Аюлы, Нияз тауларын көктей өтіп жайлаған.
Не жақсымен танысқан,
Қасқа, маңғаз, жайсанмен жас құнінде жарыскан.
Теренен ақыл ойлаған, қылмаған өнер қалмаған.
Жақсылар бас қосқанда, алды-артынан тосса да,
Шылбырынан шалдырмай, құбылып гүл-гүл жайнаған.
Өтіп кеткен мырзаның жер жоқ-ты даңқы бармаған!
Дүние, ақырет ісінен қылмаған өнер қалмаған.
Бұхара, Ташкент, Самарқанд,
Үрім менен Ресейде асылы бар ма алмаған?!

Дүние бақытын байқасаң, тайы қысыр қалмаған,
Тайлағы бота салмаған.
Ақырет жайын сұрасаң, көпке керек жұмыстан,
Қылмаған жұмыс аз шығар қоңіліне алмаған.
Бұ опасыз сүм дүние кімдерден дейсіз қалмаған?!

Керекуден жонеліп, әзер деп зорға кеткені-ай!
Ондағы дос-жаран, ағайын,
Жібермей құрмет еткені-ай!
Жазмыштан пәрмен болған соң,
өлшеулі демі біткен соң,

Омбыда жатқан жерінде бүйрықлы уақыт жеткені-ай!
Мінезі жұмсақ, мұләйім қырмызы қызыл жібектен,
Коңілі оның кең еді оралған арал, тубектен.
Жаныма баттың демедің, науқасым қатты демедің,
Ақыры кетті себеп боп, казаға келген сүм дерттен.
Бұ даланың уәлиі Колпаковский генерал
Тәрбиемен ҳұрметлең алған күн.



«Жеткіз», – деп открыто бұйрықпен,
Денесін асыл жөнелткен.

Ұлық та болса жарықтық: «жалко», – деп аяп, иілген,
Қадірін біліп ғазиздің, қазактан бетер күйінген.
Олай-бұлай қалдырмай, сол араға қойдырмай,
Тез жөнелткен жеріне.

«Тәнір жарылқасын!» көп айтқан,
Разы болып сүйінген.

Өзгеше болған бағынды – айта алмай оңдан шамалап,
Жетіп бір келдің тіріндей, қак жарып дуан аралап.
Жолдағы көрген жан біткен қозыдай шулап маңыраған,
«Қазақтың ханы кетті!» – деп, барша естіген зарлаған.
Жүрген бе екен ханасы жол үстінде қамалап,
Фаріп-қасір, кем-кетік жақсылық кімнен дәме етіп,
Жанға қысым келгенде, барап еді қайда паналап?!

Паналап келіп қасына, малсыздар байып малданды,
Әркімнің тауып коцілін, жоқ қылған дау-шар, жанжалды.
Достары сырттан сүйініп, зор қадірін білмеген,
Жандар босқа күйініп.

Сүйіндіктің баласын тоздырмай тұрған ісіне,
Сұқтанып әр жұрт таңданды әрбір қылған ісіне.
Білдірмей кеттің ішінде, көргенінді түсінде.
Келемін деген сөзіңе, зар болып басқан ісіңе.
Балалар мен ағайын алданып босқа қамданды.
Жан кеткен соң денеден, халқына қарай ұшқаны,
Нұр болып қылған амалы, хор кызы болғай құшқаны!
Керекуде есітіп, Хұсайын жолын тосканы.

Достары қылды шүкірлік:
«Дене қолға тиді!» – деп,
«Кетпеген бакыт болды», – деп.
Асыл туған шаһбазды
Кемітер қандай данышпан?

Шектім бір мекнат жасымда, арылмай қайғы басымда,
Жасынан бірге бастасы, тілегі бірге достасы,
Шыңғыс сұлтан қасында, тар жерде болды басында.
Қандай халмен өткенін, сохарменен кеткенін,
Жайнамаздың үстінде сәждеде демі біткенін,
Алшынбайұлы Қақабай, ақылын ол да жия алмай,
Көзінің жасын тыя алмай, айтып келді осында.
Бісміллә дәйім сөз басы, агады тынбай көз жасы,
О да осылай сөйлеген, Жақып еді жолдасы.
Жұман да жазған қалдырмай, оның да сөзі осындей.
Әлдеқандай өтті деп, қандай халмен кетті деп,
Өткенге қапа болмаңыз, иманы деп біл жолдасы.
Сабақ алыш оқыған, періште болсын молдасы.
Қайран бір артық бағланым,
Финвардың первый басында, сәрсенбі күннің бесінде
Халқының келіп ішіне, жерге бір тиді-ау жамбасы.
Сүйегін үйден шығарған көтеріп кауым, қарындас.
Енді мұндай асыл зат түгелтіп туған Арғынға
Көрмек түгіл көзіңмен, естуіне табылmas!
Екі мындаидай адам жиылып, көзінен аққан жастары
Бетіне саулап құйылып,
Тегіс бірден шулаған жиылған сонда кәрі-жас.
Жиылған сонша адамның бәрінің болып есі жоқ,
Ақылынан айрылған, қайғыменен сарылған.
Шыдай алмай зар қылған, әмсесінің бәрі мас.
Мереке болды-ау бұл жүртқа,
Денесі өткен ғазіздің ұшқандай жетіп келгені,
Тіріден артық болды ғой ең аяғы өлгені!
Ілім менен ақыл-парасат, мінгесіп келген лайық па,
жаксылардың қалпына...
Олі емес, әлі тірідей,
Мырзаның аруақ бақыты Сүйіндіктің халқына!

Алты жыл бұрын өзінен өтіп кеткен дүниеден
Қайтыс болған інісі, жарасқан ұнап келісі.
Жас күнінен бір болған тұрысы мен жүрісі.
Берекелі болғай-ды, түзеліп орны тұргай-ды.
Ожан, Айса мырзалар – ендігі қалған тірісі.
Біләл, Жәми балалар, көкіректе сана бар, жасынан көріп
жетімдік.

«Атамыз барда жетім бе ек?» – деп қайғырып мұнайды.
«Атажан, кімге тапсырып артында мені кеттің», – деп
Кепішжан катты жылайды.
Аман болғай хисаби, бейіште болғай төсегі,
Қайда кетті, жарандар,
Арғынның жалғыз көсемі?
Мейрамның жүйрік шешені?
Кожа, молда, дұғагөй, айтқаны келсін ылайым, орны бо-
лып аманы.
Дүниенің халі осы ма,
Қайда кетті, жарандар, сұлтанымыз кешегі?!

1885 жыл

Құрастыруышыдан: Осы кітапты құрастыру бары-
сында Зейтін Ақышев жазбаларынан «Қазан қаласындағы»
Лобачевский атындағы кітапханада «Қисса Мұса мырза»
деген атпен Мұса мырзаның әкесіне жазған 38 беттік жоқ-
тауы сақталған» деген мәліметті көзіктірдік. Тапсырыс жа-
сап едік, бұл өзімізге мәлім Мәшіһұр Жүсіп Қөпейұлының
«Мұса мырзаны жоқтауы» екен. Қазан қаласына Сәдуақас
Шорманов тапсырса керек. Араб қарпімен жазылған жоқ-
тауды арабтанушы ғалым Бағдат Дүйсенов оқып зерттеп
көрді. Бізге жеткен жоқтаумен салыстырғанда мәтінінде
біраз айырмашылық кездеседі. Тұпнұскадағы кей сөз біз-
ге өзгеріп жеткен. Лингвист ғалымдардың тарапынан қы-
зығушылық болса, зерттеле жатар деп ойлаймыз.



Мұса Шорманұлының асы

Бісмілла – бұл сөзімнің басы болды,
Екі елу ер жігіттің жасасы болды.
Биылғы откен жаздың ортасында
Мұсаның ат шаптырған асы болды.

Сол асқа жақсы келді, жаман келді,
Бай, жарлы, төре, қара тамам келді.
Арғынның ақсақалы Саққұлақ бол,
Әр жүргіттан әрбір жақсы адам келді.

Әкімбек Шідертіні орлей кошіп,
Тонтімен мырзалыққа ерегесіп.
Екі болыс: Айдабол, Құлік, Қаржас
Ас берді Сүйіндік бол басын қосып.

Мұсаның кім таласар бұшагына,
Ел сыйған, жайса құлаш, құшагына.
Бақтыбай, Мақан, Шоман аулыменен
Айнала қонып алды ошагына.

Өлеңті, Шідертімен – елге қоныс,
Мұсага жсан біткеннің көңілі дұрыс.
Ас берді екі болысқа, сауын айтып,
Тік тұрып екі оязнай, он бес болыс.

Жері еді ошақ қазған – Шұршіт қырған,
Кім шығар Мұсадай бол енді қырдан?!
Уай, дүние, ыргап-жыргап қайтуышы еді,
Қожалар Қаратая мен келген Сырдан.

Сату, сою жағына жарамаспын,
Жолда жатса, бұрылып қарамаспын.
Енесінен тұңғылғен қозыдаймын,
Жынысы әйелге – ит тиген арам астын.



Жылқыны бауыздады қамап жарға,
Аққан су араласты қызыл қанга.
Омбы, Семей – бір шетін шақырудың
Жіберді Кокшетау мен Қызылжарға.

Қараоткел мен Қарқаралы, Атбасардың
Шақырды почтамен соның берін.
Келгені келді, келмегені қала берді,
Бір үлкен жиын болды сондай қалың.

Куандық, Сүйіндікпен егіз еді,
Ақылга Мұса Арғынның теңізі еді.
Жүз жылқы – алдыңғы аттың бәйгесіне,
Бұйымы жамбысымен тогыз еді.

Топ болған ба Секербай, Мұса болмай,
Айтқан созі әр жерде қисса болмай.
Серкесіз – қой, көсемсіз көш болған соң
Қалай дәурен сүрерсің құса болмай!

Керейден келген еken Жәкен асқа,
Саққулақ сексен алты келген жасқа!
Қаниша елден қаниша жақсы келсе-дағы,
Мұсаның озге жаннан орны басқа!

Мұсадай түгел түган жақсы қайда,
Жоқтығың білінеді әрбір жайда.
Хан болып қара басы, дәурен сүрген,
Мұндай ер енді анадан болмас пайда.

Тигізген бірдей қайыр жарлы, байга,
Бола ма тегін адам Мұса жайга.
Онымен бірге түган Әүжсан, Иса,
Кіре алмас рұқсатсыз оязнайға.





Шорман би

Бақ, дәулет, ақыл, гылым – тегіс еді,
Сағ алтын, арамы жоқ күміс еді.
Жандарал неше келген князьбенен
Бәрінің құрдасындаі біліс еді.

Асқар тау, дүшпән аспас сары белім,
Айнала көз жеткісіз шалқар көлім.
Коркі едің Орта жұздің шырайындаі,
Кешегі туым қайда, қайран елім?!?

Көз көрмес, қолга түспес асыл еді,
Басқадан бақ, аруақ басым еді.
Асында кеше Керей Сагынайдың
Сүйіндік өзге жүрттан асып еді.

Аспай қайтсін, аз дәурен құрганнан соң,
Құдай берген дәулетке толғаннан соң.
Жарасып ишан, қожса, молдасымен
Секербай, Мұса болып тұрганнан соң.

Әкімбек тобелесті салып жатыр,
Күсекей шатырда өліп талып жатыр.
Керей, саған бұл аз! – деп кекесіндең,
Секербай қанша жолды алып жатыр.

Кеш келген Қанжыгалы шегіншектеп,
Арғынның қөбейтуге тобын жіктеп.
Саққулақ айдалага отырып алды:
Толыбай, ұрандыға жуз үй тік! – деп.

Мақтандың байлық айтып, Керей сорлы,
Билігін маган берсең, сол еді орны.
Бір жерге тамам Арғын бас қосқанда,
Жылқың жоқ жолаушының аты құрлы.



Жалынды Керей сорлы агатайлап,
Таныды өзің-өзі жаңа абаилап.
Әр таптан әр жақсыны соңына ертіп,
Сол асты қылды орнықты Мұса жайлап.

Жұрт корген сонда Мұса салтанатын,
Көп иекер қасындағы жамағатын.
Төрт інісі түп-түгел баласымен
Құдай да беріп қойған қолғанатын.

Мұсага қара қазақ тең болды ма,
Есепсіз ақыл-оый кең болды ма?
Секербай – Малгелдінің бел баласы,
Ешкімнен қызыл тілден кем болды ма?

Тоқтау жсоқ, сырғанайды табанымыз,
Құрып түр бұған айла, амалымыз.
Жүк – тайлаққа, қалғандай ел бойдаққа,
Әлдеқандай болады заманымыз?!

Шорман оліп, жас қалған Мұса бала,
Таласа Шоңмен шықты Боштай және.
Бой жетті ендігінің, ой жеткен жсоқ,
Қанша жетті десең де өлі, шала.

Айдаган мың-мың жылқы байлар кетті,
Жылдан – жылдар, айлардан айлар отті.
Қырық асып, елу барып, не боламыз?
Жиырма, отызбенен текке кетті.

Дүние, қорлықпенен өткениң бе,
Шыныңмен, жиырма бес, кеткениң бе?!
Өлеңменен газетте біз жүргенде,
Аяңдан, қырық пен елу, жеткениң бе?!



Шорман би

*Мұса отті, былтырғы қыс биыл болды,
Тіріде жүрген жері жиын болды.*

*Күн көрген мәжілісінде қожа, молда,
Кең дүние тарыдай болып, қыын болды.*

*Жеткізер құдай, пенде қылса талап,
Дүниені кім откізер қолдан сана?*

*Үлгі жол – бұрынғының әрбір іci,
Кітаптан қалмайды еken жансасалап.*

*Күні отті ғапілдікпен пенде білмей,
Не білсін мұғдық жайын, басқа келмей.
«Өлі тілін тірі алмас» деген сөз бар,
Сақтанбас ғапіл пенде, козі көрмей!*

*Коп шыгар әрбір түрлі біздің тұста,
Бірдей бол шамаң келсе дүштап, досқа!
Бір басымда мың гайып толып жастыр,
Сойлеймін болғандықтан ақылым қысқа!*

*Аузыма, қайтармаймын, келген сөзді,
Сойлесін деп жаратқан тіл мен көзді!
Іздесең де дүниені, таба алмайсың
Мендей қисық, сынбайтын қатігезді!*

*Парқы бар жақсының да, жаманменен,
Ғалым бірдей бола ма наданменен?
Аллаға жағам десең, азандай бол,
«Халыққа жақ, – деген сөз бар, – қазанменен».*

*Жүремін қалт-құлт етін «Бердіменен»,
Ісім жоқ жақсы-жаман ешкімменен.
Аллаға азаным бар, қазаным жоқ,
Жағамын бүкіл жүртқа мен немменен?!*

Парқы бар жақсының да жақсыменен,
Бола ма балгер бірдей бақсыменен?
Артымда нениң барын мен білем бе,
Жамандық қанша болса, тапшы менен!

Парқы бар жаманнның да жаманменен,
Жүйрік ат тең бола ма шабанменен.
Откіздім мен өмірімді бекер, босқа,
Осындай әуре-сарсаң заманменен.

Жүремін шүкірлік қып денім сауга,
Үміт бар ермеспін деп наңсі – жауға.
Көзіме айт, сыртыма айттай, қасың бар ма,
Қылайын білместікке мен һәм тәубе.

Жабысты маган өлең он бес жаста,
Жұрт айтты: «Не қыласың, – дейді, – таста!».
Өйткенмен қоя алмадым бір білген соң,
Сотым жоқ қылған жұртқа мұнан басқа.

Жақсы өтті табылмайтын кеше, мырза,
Онаң жақсы асқан жоқ осы қырда!
«Керек орны мұның да бар екен!» – деп,
Созіме әрбір айтқан болған риза.

Хазірет айтты:
Сенікі өнер! – дейді,
Әр созің әрбір жонге келер! – дейді.
Мырзага жарастықта сөз сөйлесең,
Жұрт бата олеңіңе берер! – дейді.

Сонымен мен мырзаны қозгадым гой.
Солардың ынтымалын бұзбадым гой.
Жүйрікпін: өз әлімше жүгіремін,
Демеймін: «Бүкіл жұрттан озбадым гой!».

Шорман би

Пайдасыз жұрт нанады өсек сөзге,
Өнер жоқ жұртта табар онан өзге.
Жетпеген күші аузына қожалармен
Үйінде Баттал мырза келдік сөзге.

Сөйлестік бір-екі ауыз сөздің жөнін,
Жүсіптің кім кеседі қызыл тілін?!
Өзіменен өзі білген әулие гой,
Біреудің сөйлемек қой біреу мінін!

Тимеймін мен бұл жұртқа тіпті тектен,
Не түсер сақтағанмен іште кектен?
Жамандап мені барып Мәжи қожса,
Алыпты бір түйені Ақылбектен.

Түгел алмайтын кісі ме жай да барып,
О да жүрген қожадан бүркіт алып.
Баянаула, Қызылтау арасында
Қожса жүрген өсектен көпір салып.

Тере берсек, айтуга сөз де көп қой,
Бұл күнгі қожса, молда арам шөп қой.
Ақсүйекке өсектің ұнауы жоқ,
Қара қазақ баласы біздерге еп қой.

Менің қанша сотым бар қас көргендей,
Өнер жоқ ауыз багып жай жүргендей.
Бұл қазақтың баласы дуагойге
Өсек айтпай жүрсе де, ас бергендей!

1885 жыл,
Мәшіүр Жүсіп Көпейұлының
20 томдық шығармалар жинағынан,
Павлодар, 2013



ШЕШЕНДІК
СӨЗДЕР



...Бала жастан билікке болған бейім,
Тағдырында болса да жолдар қын.
Есімі дәріптеліп жатыр бүгін
Заманында атанған заңгар бидін.
Шындықтың шырағында Шорман атам
Орданды тік ұстаған оғлан деймін.
Әділдіктен аттамай шешім айтқан
Бес күн жалған өмірде толған күйбен.
Алты Алаш өнегесін ұмытпайды
Ақиқаттың арына қорған бидін.
Қазақ барда аты өшпес қаржастардың,
Қаржас барда аты өшпес Шорман бидін.

Абзal Қабдраш



Шорман би

Шорман Күшікұлы Павлодар облысы Баянауыл ауданында туған. Әкесінен төрт жасында жетім қалып, әжесінің, ағайын-туыстарының қолында жүреді. Бір күні Күшіктің үйіне сол өнірге танымал би барады. Шорман баланың әжесі мен шешесі ол қонаққа не берерін білмей сасып қалады. Сонда төрт жасар Шорман сол үйдің еркегіне ұқсан бидің алдына дастарқан жаяды да, алдына бір табак ыстық сұтті қоя салады:

— Қаптың түбі қағылды, бетке күйе жағылды, алдыңызда ыстық сұт, асықпай отырып жұт, — деп, аға бидің бетінә карайды. Би жас баланың тақпактай айтқан тапқыр сөзіне қайран қалады. Бала тағы да:

— Би ата, биыл қыс қатты болып, мал жұтап жатыр. Ауылдың да сәні кетті. Астық таусылды. Елдің жағдайы қындалп барады, — деп, өз үйі емес, бүкіл ауыл, ел тағдырына қамкор бола сөз қозғайды. Талайды көрген би жас баланың бұл сөзіне тәнті болады да, әжесіне былай деп қолқа салады:

— Немереніз болайын деп түр екен. «Көре-көре косем болады, сөйлей-сөйлей шешен болады» дегендей, маған берініз, мен ертіп жүріп ел аралатайын, тәрбиелеп көрейін. Түбі осы балаңыздан бірдеңе шығар, — дейді.

Баланың шешесі:

— Шорман әлі жас қой, бұғанасты қатсын, — дейді.

Әжесі:

— Мақұл ғой, би-еке, жасы жетіге толғасын сізді өзім іздеп тауып аламын, — дейді. Осы уәде келісім бойынша Шорман жеті жасқа келгенде әлгі би атасына шәкірт бол соңына ереді. Ел аралайды, жұрт таниды. Талай ел басшы иті жақсылармен кездесіп, олардың сөзін тындайды. Ел

билигіне араласып, өзі де шағын дау-жанжалдардың түйінін шешіп, «Бала би» атанады.

Шорман он бір жасында нағашысының аулына барады. Нағашысы:

– Осында қал, отау тігіп, алдыңа мал салып берейін. Бір үй болып отыр, – дейді. Жиені:

– Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол деген. Елімді тапқаным жөн болар.

Шорман осыны айтады да, нағашысына:

– Көршіңіздің қызына көзім түсті. Мен де, ол да бір-бірімізді ұнаттық. Осыған құда түсіп беріңіз, – деп сұрайды. Нағашысы жиенінің бұл өтінішін орындағын деп көршісіне барса, ол айттыпты:

– Өзі жок-жұқаналы жетім бала екен. Қызымды бере алмаймын.

Енді қыздың үйіне Шорман баланың өзі барады, арыбері сөйлесіп көреді.

– «Жас өспей ме, жарлы байымай ма», отағасы, бізді де бір сынап көріңіз. Түбі ұятқа қалмассыз. – Тапқыр баланың сөзін байқаған қыздың әкесі көнеді.

– Аулыңа барып, бір айналып соғарсың. Оған дейін қыздың жасау-жабдығын дайындаійк.

Шорман аулына қайтқан соң қыздың шешесі:

– Отағасы, талай от ауызды, орақ тілді шешендерге, талай бай, бектерге дес бермеуші едіңіз. Бір жетім балаға уәж айта алмай қалғаныңыз қалай?

Бәйбішесінің бұл сөзіне бай:

– Бала болатын бала тәрізді. Түбі осы баладан айтулы кісі шығады, көрерсіз, бәйбіше, қызымыз оған барса кор болмайды. Аузынан түйдек-түйдек шықкан ақылды, шешен сөзін көрмейсіз бе? Көп сөзді қой, қызыңың жасауын әзірле!



Сонымен, бай той жасап қызын ұзатады. Шорманның нағашысы да беташар той жасап, жиеніне ақ отау тігіп, енші береді.

Шорманның жасы он үшке толған жылы Баянауыл округінің би Едігеұлы Шон картайып, орнына кімді билікке ұсыну керек деген сөз көтеріледі. Әр ауыл өз кісілерін ұсынып жатады. Сонда Шон би:

– Менің орныма би болуға Шорман лайық. Ол – бала болса да дана, ақылды. Ел жағдайын жетік біледі. Ешкімге бұра тартпайды. Әділ сөйлейді. Адамгершілігі, халықка деген қамқорлығы мол. Сонымен бүкіл округ болып Шон атаның ұсынысын мақұл көріп, он үш жасар Шорман би болып сайланады.

Содан былай қарай Шорман әркез «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деп отыратын. Еліне шын жаны аштын би надандықты, жатыпшер жалқаулықты, ел ішін індеттей жайланаң жаман әдеттерді жоюға күш салды. Әр ауылда, Баянауылдың өзінде мектептер салғызып, мұгалімдікке сауатты адамдарды іздестірді. Түркі тілдерімен қатар орыс, араб, парсы тілдерін оқытатын адамдарды да осы іске тартады.

Шорманның «қара қылды как жаратын» әділдігі ел аузында аңыз болып кетті. Енді оның төрелігіне жүгінуге тек Баянауыл ғана емес, Кереку өнірінің әр түкпірінен келетін болды. Оның абырой-атағын, халық арасындағы беделін көре алмайтын іші тарлар да аз болған жоқ. Қызғаныштан өртөнген олар Шорман атына кір келтіретін сан қылды өтірік-өсек таратып, жала жабудан жалықпады. Мұны да місе тұттай, Шорманның жаулары оны өлтіруді мақсат етіп, талай рет қастандық та ұйымдастырыды.

Бірде ел аралап жүрген диуанаға көп акы беріп, өлтіртпек болады. Бір дауға төрелік айтуға бөтен ауылға

келіп жатқан Шорманды көрсетеpek болып, олар диуананы сонда ертіп келеді. Ымырт жабылған кез болса керек. Ашық есіктен үй ішінде жаңып тұрған от жарығымен төрде отырған Шорман анық көрінеді. Диуана Шорманға көзі түсে сала селк етіп, қолымен көзін көлегейлей қояды. Біршама уақыттан соң өз-өзіне келіп: «Оның екі иығында екі періште отыр, бас жағында бір сөүле жарық шашып тұр. Қасиетті адам болса керек. Басымнан тәмен қарай алтын құйсандар да, оған қиянат жасай алмаймын, – деп, ат-тонын ала қашыпты (Мұны жазып отырған Шыңғысұлының шөбересі Мәрмұра Асфандиярова. «Қазақ әдебиеті, 4 қазан, 1991 жыл).

Шалғай ауылдардың бірінде Шорман би жесір дауын шешіп, бір үйде демалып жатса, сырттан абыр-дабыр, айғай-шу шығады. Жатқан орнынан енді тұрып киіне бергенде, есіктен бір жігіт жүгіріп келіп, оның артына тасалай қояды. Жігіттің артынан қуып барған адам қолындағы шоқпарын сілтеп қалғанда жігіт бұғып қалып, шоқпар Шорманның бір қолын сындырып жібереді. Шорман би қолын ұстап отырып калады. «Байтал түгіл, бас қайғы» дегендей, енді жұрт қашқан жігітті былай қоя салып, биді қоршай береді. Біреулер қолын таңып, енді бірі сынықшы іздел, көрші ауылға шабады. Кеп кешікпей сынықшы да келеді. Ол бидің салбырап қалған қолын сипалап отырып, сынған сүйектерін теріп, орын-орнына салады. Бәрі жиналышп жұмсақ арбаға мінгізіп, Шорманды үйіне жеткізеді.

Ауыл адамдары әлгі шоқпар сілтеп, бидің қолын сындырған адамды ұстап алып, дарға аспақ болады. Сонда Шорман би оларға барып:

– Ағайын, дарға аспаңдар! Қоя беріндер. Оны өлтіргенде, менің сынған қолым бүтінделер дейсін бе?



Тірі жүре берсін. Тек осы жұрттың алдында бұдан былай зорлық-зомбылық жасамаймын, қайырымды боламын деп уәде берсін, – депті. Жиналған көпшілік: «Япырмай, мына Шорман би не деген адамгершілігі зор, кешірімді еді», – деп, оған тәнті болысыпты.

Күздің ызғарлы күнінде бір байдың бордақылап семіртіп, енді соямын деп отырған көк биесі ұшты-күйлі жоғалады. Бай балалары ізге түсіп ары қарайды, бері қарайды, ауыл-ауылға сұрау салады, дерегі шықпайды. «Пәленше жылқы сойыпты», «тұленшешенің үйі жылқы сойып, кісі күтті» деген сөзben әлгі бай Қарқаралы ауылшының екі жігітінен сезіктеніп, Шорман биге айтып шағынады. Би ол екі жігітті алдырады. Екеуінен сұраса:

– Биеке-аяу, кім жылқы соймайды дейсіз? Сойсақ, өз жылқымызды сойдық, – деп, тән алмайды. Бай екілене түсіп:

– Осы екеуінің біреуі, қайсысы екеніне көзім жетпейді, – дейді.

Шорман екі жігіттің көзіне тіке қарап тұрыпты да, кара мұртты, конқақ мұрын жігітке:

– Сен өз атыңды сойыпсың, дұрыс па? – дейді. Әлгі жігіт қуаныш кетеді:

– Иә, биеке, дәл айтып тұрсыз. Өзімнің күрен атымды екі айдай байлап, сойғаным рас. Сенбесеніз, терісі малхана да әлі жаюлы тұр. Ой, қасиетінізден айналайын, биеке, дәл таптыңыз.

Шорман шегір көз ұзынтураға қарап:

– Сен өз жылқынды соймағансың, сойғаның мына кісінің бордақылап отырған көк биесі, дұрыс па? – дейді. Ұзынтура сәл бөгеліп тұрады да:

Шорман би

– Ой, биеке-ай, онда бар көк бие менде жоқ дейсіз бе, сойғаным өз бием, – деп ерегесе түседі.

– Сен менімен ерегесе берме, – дейді Шорман би, – сенің мына кісінің көк биесін бір тұнде ұрлап сойғаныңды көзің де, сөзің де айтып тұр. Шындықты мойындағанның айыбы жоқ. Ал мойында масаң, күнәсі көп. Күнәкәр болмаймын десен, менің тілімді ал. Енді соза берсөн, артынан тағы бір ұрлығың «менмұндалап» тұр. Жігітім, түсінесің бе, жоқ па?

Би «көзің де, сөзің де айтып тұр», «тағы бір ұрлығың менмұндалап тұр» дегендеге барып әлгі ұзынтура: «Бұл бидің көріпкел, әулиелігі бар» деуші еді, рас екен ғой. Қой, болмас, шынымды айтып, кешірім сұрайын» дейді.

– Би-аға, айып етпеніз. Бұл кісінің биесін көршім Николай екеуміз сойып алғанымыз рас еді. Еті терісіне оралған күйі Николайдың үйінде сактаулы тұр. Осы казір апарып бер десеніз, апарып береміз, – деп жалыныпты.

Шорман бидің шыншыл, әділ билік айтатын және адамды бір көргеннен танитын, бұрын-сонды не істеп жургенін айтпай табатын көріпкел, әулиелік касиеті, тапқырлық шешен сөздері жөнінде ел арасында аңыздар көп. Оның бірқатары өзінің баласы Шорманұлы Мұсаның (1819-1885 жж.) архивінен, фольклоршы Мәшһұр Жүсіптің қолжазбаларынан табылады.

«Қазақтың би-шешендері» кітабынан,
Алматы, «Жалын» баспасы, 1993 жыл



Байдалының Шорманға айтқан торт нақылы

Шорман үлгілі сөз естиін деп, бала жігіт күнінде 90 жастағы Байдалы биге сәлем беріп барған екен. Би: «О, кәрілік, мен саған не жаздым?!» – дей беріпті. Қонаға бір қонып, аулына қайтқалы жатқанда, Байдалы қарт бала Шорманға: «Не алып қайттың?» – депті.

– «Ойхой, кәрілік, мен саған не жаздым?» – дегеннен басқа ештеңе естігенім жоқ, – депті Шорман. Сонда Байдалы Шорманға:

– Сөздің анасы сенде еді, баласы менде еді, өзің бастамаған соң мен не айтайын, ана таппаса, бала тұмақшы емес. Әдейі ат арылтып келдің ғой, торт ауыз сөз айтайын, соны алып қайт, – депті Байдалы.

– Алыста не алыс,

Жақында не жақын?

Тәттіде не тәтті,

Ашыда не ашы? – депті.

– Алыстан – жер мен көктің арасы алыс,

Жақында – ерлі-байлы кісінің арасы жақын.

Тәттіде – сол катыннан туған бала тәтті,

Ашыда – сол бала қаза тапса, сол ашы, – дейді Шорман.

– Бір айтуға бұ да жарайды, бірақ анығы бұлай емес. Жер мен көктің алыстығы жоқ, көзге көрінеді. Ерлі-байлы катынның жақындығы жоқ, талай катын мен еркектің араздасып келгенін көріп, айрып жібердім. Жақын болса біреуінен біреуі айрылар ма еді? Бала да тәтті емес, айтуға ғана. Әкесімен араздасып келіп, баласын әкесінен айрып әкеткенді де көрдім. Ондай баладан айрылғанның ашылығы жоқ. Торт сөздің шешілуі мынау:

Алыста – білімді мен наданның арасы алыс,
Жақында – өлім жақын.
Тәттіде – жан тәтті,
Ашыда – жаннан айырылу ашы.
«Алтын берген дос емес, ақыл берген дос» деп
бұрынғылар осындай сөзді айтқан екен.

Шорман бидің екі сөзі

Ерден, Жүзеннің әкесі Сандыбай өлгенде, бәйбішесі қайғырып жатып алыпты. Көңіл айтып жұбатқандардың сөзін құлағына ілмепті. Бір күні Шорман би келсе де, бәйбішесі күрсініп жата беріпті. Сонда Шорман бидің айтқан көңілі екен:

*Жатырмысың қайғырып,
Өтіп кеткен абыланга.
Алладан бұйрық келгенде,
Кім тұрады жалғанда.
Қайғысыз, мұңсыз жсан бар ма,
Талайы қалған арманда.
Айтатұғын соз бар ма,
Бір жаратқан алғанда.
Әуелде жазған тағдырды,
Бір жаратқан бұзған ба!
Үш жүздің аласы емес пе едің,
Өзің көңіл айтсаңы,
Біздей жетім қалғанга!*

Сонда бәйбішесі: «Ә, солай ма еді?» – деп басын көтеріп, бимен амандасқан екен.



Шорман мен Ғазыхан

Бір жиында Ағұрын Ғазыхан деген кісі: «Өткір пышак қынға қас, өткір сөз жанға қас», – депті. Сонда Шорман би: «Өткір сөз дауға пайда, жанға қас, өткір пышақ қолға пайда, қынға қас», – деген екен.

Шорман мен Құдайменде

Шорман би бозбала күнінде Куандық еліне жоқ іздел барады. Бір байдың үйіне қонып, ел жайын сұрап отырып, өзінің жоқ іздел келе жатқанын айтады. Сонда бай:

– Эй, шырағым-ай! Жоғыңың жөні болмайды-ау, себебі Куандық елін билеп тұрган Құдайменде төренің жалғыз баласы өліп, үш күн болды ас ішпей кайғырып жатыр. Басын көтермейді, көзін ашпайды, ешбір адам көніл айтуға бата алмайды, – дейді.

Меймандар байдың үйіне қонып, ертеңінде төренің үйіне аттанады. Ауылға жақын қалғанда аттарынан түседі. Аттарын тұсан, жаяулап келе жаткан бір топ адамды көрген кісі төреге хабар береді.

– Сірә, жат адамдар болу керек, аттарын алысқа тұсан, он шақты адам жаяулап келе жатыр, – дегендे, төре бір көтеріліп, бір жатады. Жолаушылар үйге кіріп, төрге отырып, құран оқиды. Шорман былай деп көніл айтады:

Уа, сен Құдайменде төресің,

Хақтың әміріне қонесің.

Құдай сені коріпті,

Түпкі атаң – Барақ хан,

Елді заңына қаратқан,

О да өткен дүниеден.

Екінші атаң – Мейір хан,

Тентек пенен тебінді,



Төрелік беріп айырған,
О да откен дүниеден.
Үшінші атаң – Тұрсын хан,
Өтірік айтқан қымсынған,
О да откен дүниеден.
Төртінші атаң – Қасым хан,
Аруагы басым хан,
О да откен дүниеден.
Дүние деген фанидың
Өзі де отер дүниеден.
Дос көтерер көңілді,
Мал көтерер өлімді.
Қайғырганмен келмейді,
Ажалсыз пендे олмейді.
Басыңды котер хан торем,
Күйзелтте бүйтіп еліңді,
Өлемін десең, міне, пышақ,
Өлмеймін десең тұрып бақ!

Сонда хан басын көтеріп алып: «Көз таңбалы Сүйіндікте Шорман атты бір ұл бар деп еді, соның өзімісін, өзгемісін?» – депті. «Болсақ болармыз» – деген еken сонда Шорман.

Сұрауы келіскенде

Баганалы Борбас дейтін байдың «Шаппайбер» атанған, Талай сәйгүлікке дес бермеген қарақасқа жорғасы болған еken. Бір ұлан-асыр тойда жорғага көзі түсіп қызықкан Уәли хан қарақасқаны қалап алуға көнілі кетеді. Қарамағындағы Өменкеке, Құлтас, Жантас дейтін билерге «жорғаны сұрап келсендерші» деген еken: «Тамырын басып көрейін», «мә деп, бере қойса, сұрайын», «баруын барайын,

бірак сараң бай ұстата қоймайды ғой» деп салғыртсыпты.
Олардың сыңайын сезген соң:

– Қауқары тышқан аулауга ғана келетін баршын тарткан бүркіттей кәрі қулар не тындырап дейсін, – деп, хан бала шағынан сөз сайысына түсіп, талай шешенді мұдірткен Шорман бала биді жұмсаңты.

Бала би Борбастықіне барса, жоғарыда аты аталған үш би байдікінде конақ болып отыр екен. Он жеті жасар бала жігітті көрген бай:

– Қандай бұйымтайың бар еді, сөйлей отыр? – дегенде Шорман бала:

*Ханнан сәлем әкелдім,
Баганалы Борбасым.
Касым жомарт сияқты
Даңқың аян болгасын.
Қалауын айтты қармаулы,
Салмагы зіл – қоргасын.
Берсін деді ренжімей,
Кара қасқа жорғасын.
Хан да жомарт озиңдей,
Жанар таудың козіндей,
Айтқаны гибрат халыққа,
Осы үш бидің сөзіндей.
Жорғаңыз да дүлдүл ғой,
Коздің жсауын арбайтын.
Жауга мініт барсаң да,
Ешқандай мін таңбайтын.
Шыныдай мұзға салсаң да,
Тас тұяғы таймайтын.
Құбылып басып ойнайтын,
Кылышына көз салсан,*



Шорман би

Тұғырдағы түйгүндай,
Көк аспанда ойнайтын.
Қаштақ болсаң, құтылып,
Қусаң, жетпей қоймайтын,
Қарқынынан танбайтын,
Жыл мінсең арып-тапмайтын.
Қара қасқа жсорғаны,
Сыйладым деп ханыма,
Жөнің бар жсанга байлайтын! – депті.

Сонда Борбас бай:

– Мына билерге рай бермей отыр едім, сұрауы келіссе бермейтін дүние болмайды деген рас екен. Жарайды, ханың қалауын алып қайт. «Береген қолым – алаған» деген бар. Оның да бір қымбат-қимасы бар шығар. Үш биді күә қылғандай, «ханым да жомарт» дедің ғой, – депті.

Жинақ дайындаған: Сайлау БАЙБОСЫН

Шорман бидің сөздерінен

Орта жұз құрамындағы Найман тайпасына жататын Бағаналы руының атақты абызы (абланы) Сандыбай дүниеден өткенде бәйбішесі қайғырып төсек тартып жатып алыпты. Қаншама адам оған жұбату айтса да, төсегінен тұрмапты. Бір күні Шорман би келіп, көніл айтып жұбатса да, бәйбіше енкілдеп жылап жата береді. Сонда Шорман би бәйбішеге өлеңмен былай депті:

– Жатырмысыз, қайғырып
Өтіп кеткен абланга.
Алладан бүйрық келгенде
Кім тұрады жсалғанда.
Қайғысыз жсан бола ма,
Талайы қалған арманда.

*Айтатұғын сөз бар ма
Тәңір озі алғанда.
Әуелде жазған тағдырды
Жаратқан ием бүзған ба!
Ана болып баршамызға
Өзіңіз көңіл айтсаңыз,
Біздей жетім қалғанға!*

Сол сәтті бәйбіше: «Ой, Алла! Кешіре ғор оғаш қылығымды!» – деп, басын көтеріп, бимен амандақан екен.

«*Отарқа*» газеті, 2012 жылғы 28 маусым

Тәбітай мен Шорман

Каржастан Қарауыл елінің жігіттері жылқы алыпты. Сол жылқыны ізdep қырық кісімен Шорман төрт ата Қарауылға келіпті. Шорман «Мен бес байталдың артынан қуып мал ізdep келгенім жоқ, намыс ізdep келдім. Намысымды аламын, жауласамын, болмаса өзіме лайық сыбағалы мүше, толық ер құнындаи айып алып тынамын. Қарауылдан жолым да үлкен», – деп ауыр салмақты сөз тастаған соң, Қарауыл алыстан Қанлы Тәбітай шешенді алғызыады. Жаздықұні аяғына тері үйік, үстіне бұзау тері жарғак, басына түйе жабағы тымақ киген Тәбітай келеді.

Амандасып, отырғаннан кейін Шорман:

– Эй, Тәбітай, бай кім, батыр кім, би кім? – депті. Сонда Тәбітай айтыпты:

– Сен оның біреуі де емессің. Қас батырдың елін жауараламас болар: батыр болсан, менің жігітім барып малыңды алмас еді. Әділ бидің елін дау араламас болар. Би болсан, орданды тастанап, бес байталдың соңынан ел-жұртыңды тастанап келмес едің. Бай да емессің, бай болсан, өзінің



Ақша атаңың баласы Ертіс бойында, Омбы қаласында неге жұмыс іздеп жүр? Оны неге жиып алмайсың? – депті.

Сонда Шорман басын көтеріп, Тәбітайдың үстіне қарап отырып:

– Япырмай, бұл ел жорғасы мен жүйрігін арқасын жауыр, құйрығын жолақ қылып, желкомның астында сақтайды екен-ая! – депті. Тәбітай бөгеліп қалып, Шорманның дауын бітіріп, жылқысын қайтарыпты. Кейін Тәбітай биге: «Шорманға неге жауап қайырмадыңыз?» – дегенде, «Шорман маған: «Елің қадірсіз ұстайды екен» деді. Мен оған киғізген киімдерінді, мінгізген аттарынды айтайын ба? – деген екен Тәбітай оларға.

Интернеттен алынды.

**«ҚАРЖАСТА
БІР ҚҰТЫМ БАР
МҰСА ШОРМАН»**



... Мұсасы кеткен кездे бұл жалғанның,
Құсасы дүниеге келген екен.

Аспанбек Шұгатай





«Аяулы мырза ағамызға»...

Шыңғыс Уәлиұлы мен Шоқан Шыңғысұлының іштартып, кенесіп жүрген адамдарының бірі – Мұса. Шоқанның шешесі Зейнеп – Мұсаның туған қарындасы, көркем сипатты кісі болған. Сырымбет – Мұсаның да жақсы көрген бір қызықты жері. Мұнда ол талай рет қасына Баянауылдың атақты әншілері Сұр-Омар мен Атубайдың Әбжаның ертіп келіп жүрген. Кейін оның баласы Сәдуақас Шоқаннның қарындасы Нұриланы алуға қасына «күйеу жігіт» етіп әнші Жарылғапбердіні ертіп келеді. Сұр-Омардың әншілігіне жететін жан жоқ болатын. Онымен қатар Атубайдың Әбжаны, жас әнші Жарылғапберді, Жаяу Мұса жүретін.

...Студент кезімде (1926 жыл — Элкей Марғұлан) Сәкенмен сойлесуді құмар етіп үйіне барғанымда, ол өзінде сақталып тұрған талай қызық дүниелерді көрсетті. Солардың ішінде қазақ шеберлері қолдан жасаған әдемі алтын-күміс сауыттар, алтынмен жалатқан үлкен күміс тегене, әдемі кесе. Солардың ішінен маған ерекше көрінгені – кітап салатын үлкен, әдемі күміс сандық.

Ол кісіден менің көп сұрағаным Шоқан туралы болғандықтан, Шоқаннның Мұсаға жазған 30 шақты хатын көрсетті. Бәрі араб әрпімен қазақша жазылған, бір ерекше қолжазба еді. Хаттарының барлығы «Аяулы мырза ағамызға» деп басталған. Бір хатында Мұсаны Омбыға шақырып: «Қиын мәселелерді осы арада отырып шешейік», – депті. Екінші топ хаттар – Г.Н. Потанин мен оның бәйбішесінің, К.К. Гутковскийдің хаттары. Сәкен өлген соң бұл хаттар тегістей жойылды...

*Элкей МАРГҰЛАН. «Шоқан туралы естеліктер» –
«Мұра», Алматы, Жазушы, 1990*



Мұса Шорман

Аты алты Алашқа аян Біржан салдың ақын Сарамен айтысында:

«Қаржаста бір құтым бар – Мұса Шорман,

Ежелден келе жатқан ескі қордан ...» – деп дәріптелген – осы адам.

Мұса атын тұңғыш рет Шорманның Батыс Сібір бас губернаторы Вельяминовке 1832 жылдың 2 ақпанында жазылған хатынан кездестіреміз. Ол Баянауыл дуанының құрылышын жүргізген «б-полк адамдары 7-полк адамдарымен ауыстырылады» дегенді естігенін және алғашқы полктің Александр Лукин деген казагының баласы Мұсана орысша оқыта бастағанына 2,5 ай ғана болғанын, егер анау кетіп қалса, окудың үзілетінін айта келіп, Лукинді әлі де болсын бір жылға қалдыруын сұрайды. «Егер менің өтінішім қабылданатын болса, – дейді Шорман одан әрі, – біз оған тек менің баламды ғана емес, сонымен бірге, билер мен қарапайым қазактардың 15 алғыр баласына орысша оқу мен жазуды үйретуді тапсырап едік». Ұсынысты бас губернатордың ықыласпен қабылдағанын, оның сол жыл, сол айдың 19-ы күнгі жарлығында Лукинді Шорман сұраған мерзімге қалдыруға рұқсат еткенін көреміз (ҚҰА, 338-кор, 408-ic, 285-параг).

Тағы да сол жылдың 22 қарашасында Вельяминовке жазған келесі хатында Шорман «Лукиннің оңаша жылап отырғанын бірнеше рет байқадым. Сұрастыра келсем, ол ішімдікке салынғаннан кейін атағы алынып, қатардағы казак дәрежесіне түсірілген бұрынғы офицер екен. Даламызда арак деген атымен жок. Қазір ол ішуін койды. Менің балам мен басқа қазақ балалары да орысша оқу-жаза біледі. Бұл – Ресейдің болашағы үшін көп пайда ғой» дей келіп,



Лукинге офицер атағын қайтарып беруін сұрапты. Ал Батыс Сібірдің бас губернаторы өзінің тиісті мекемелеріне 9 желтоқсанда түсірген жарлығында Шорманды «даладағы ең атақты би» деп таныстыра келіп, оның өтінішін аяқсыз қалдырмау керектігін тапсырады.

Соңғы хатта «Потанин қалдырыған Лукин» деген сөйлем бар және бұған Шон, Шорман, Қазанғап мөрлерін басқан еken. Осы бір құбылыстың төркінін зергей түскенімізде мынадай адамгершілік үлгісін кездестірдік: Лукин Николай Ильич Потаниннің досы еken. Ішімдікке салыну салда-рынан атақ-данқынан айрылған досын «арағы жок» далаға алып келгенде Потанин екі мақсат көздесе керек: 1. Аракты қойғызу; 2. Содан кейін Баянауыл округін ашуға халықта-рын дайындаған жүрген ықпалды билер көмегімен офицерлік атағын алып беру. Сол үшін жасаған алғашқы қадамы Лукинді Мұсаны оқытуға орналастырып, Шорман көnlін алу болыпты. Вельяминовке жоғарғы хаттарды жазған да және соңғы хатқа аталған билер мөрін басқызған да Потаниннің өзі еkenінде дау болмаса керек. Сөйтіп, оның досын «өмір шыңырауынан» көреміз. Ал Лукиннен хатта көрсетілген 15 бала сауаттанып шықты ма, жоқ па, бұл мәселе бізге бей-мәлім. Мәлімі Мұсаның Лукин бастап берген сауатын, кей-біреулердің жазып жүргеніне керегар, басқа оқу орында-рын көрмей-ақ өз алғырылығымен дамытып әжеткені (Сонда, 396-кор, 193-ic, 297-бет).

Сөйтіп, Баянауыл округі ашылғанда 14 жасар Мұса орысша оқи, жаза білетіндіктен Үмбетәлі руының болысы (сұлтаны) болып сайланады. 1837 жылғы бір деректе Мұ-саның құлік-қаржасқа болыс болғанымен орысша, қазакша сауатты еkenі айтылады.

1840 жылы Мұса дуан қазылдығы қызметіне кө-теріледі... Шамамен 1843 жылы өткен сайлауда округтің аға сұлтандығына Көксалұлы Әли төре бекіген еken. Алайда

белгісіз себептермен қызметтің толық мерзімін өтей алмай кетіп, 1849-1851 жылдары оның міндестін Мұса уақытша аткарып қалады...

Соңғы оқиғаның бұрындар болған сондай оқиғаны еске салатын әдетті ғой... 1993 жылдың жазында Павлодар облысы, Баянауыл ауданы Сәтбаев атындағы кеңшардың сол кездегі директоры Сайлау Байдильдин дейтін азамат аудан басшыларының келісімімен Монғолияға тіркемесімен 15 автокөлік жіберіп, соншама отбасын алдырысын. «Елге ел қосылса – құт» деген. Бұған қуанбаған жұрт қалмады. Жергілікті тұрғындардың ерулік беру үшін қонақтарға таласқанының өзі бір ғанибет...

Сондай бір думанға тап болайын. Әңгіменің бәрі – көші-кон, жолдың қызығы мен шыжығы жөнінде. Кенест төрде отырған жергілікті аксақалдардың бірі басын көтеріп, иығын қомдап, жөткірініп сөйлеу ыңғайын білдірді. Бәріміз тына қалды.

– Қазакта көш тосын болып па, – деп бір тынды ол.

– Біз де бір кезде осы елге сырттан келіп, сіңісіп кеткен халықпаз. Ертең-ак сіздер де сойтесіздер. Жасқанбай жүріп-тұра беріндер.

– Ау, аксақал, сіз әуелден осында емес пе едіңіз? – деді әлгі сөзге таң қалған ауыл азаматтарының бірі.

– Біздің бабаларымыздың Баянаула өніріне көшіп келгеніне шамасы 150 жылдай болған еken.

– Қайдан? Қалай?

– Ата-бабаларымыз әу баста Ертістің ар жағын жайлайды еken. Ата қонысы ғой. Казак-орыстар Ертіс жағасына қамал, қала, басқадай да елді мекендер сала бастайды да, біздің бабаларымызды қырға қарай тықсыра береді... Келе-келе бүкіл Ертіс бойын казак-орыс жері деп жарияладап, басқаны суға мұлде жолатпай қояды. Содан кейін қазактар



«Ендеше біз Сарыарқаға көшейік», – десе, оған: «Мал-жан түгелдей Ресейдікі», – деп рұқсат бермейді. Осы мәселе жөнінде бабаларымыз ашпаған есік, баспаған табалдырық қалдырмайды. Рұқсат жоқ! Осылай жылдан сабылып жүрген бабаларымыз күндердің күнінде «Баянауланың аға сұлтаны Шорманның Мұсасы Омбыда жүр, әне-міне қайтуға тиіс» дегенді естіп, Керекудің Көкжатағында тапжылмай жатып күтеді. Кездеседі. Мұндарын айтады. Мұса мырза мұқияттыңда, естігендерін қағазға түртіп алады да:

– Мені осында күтіндер, – деп жалғыз-ақ ауыз сөз айттып, Омбыға қайта тартады.

– Содан бір айдың қаралдысында оралады да, біздің бабаларымызбен әңгіме-дүкен құрады. Айтып отырса, бармаған басшылары қалмаған екен. Әйтеуір рұқсат алыпты. Бөгелуі – Омбы мен Кереку аралығындағы Песчан, Шарлак және басқа орыс мекендеріне соғып, Сібір губернаторының қағазын көрсетіп, «Қазактарға Ертістің батыс жағына өтуге көмектесіндер» дегенін жеткізіп, мәселені шегелеп келе жатыр екен, сабазың.

– Енді, – деді Мұса мырза біздің бабаларымызға, – әр ел Ертістен өз түсіндағы шаһарлар арқылы өтетін болсын. Сал жасаңыздар, орыстан малға қайық жалданыздар.

– Жанымыз өтер, малымызды қайтеміз? – дейді біздің бабаларымыз.

– Ертіс катқанша осы жағада қала тұрады. Бағатын адамдар қалдырыныздар. Ал іске дерсү кірісініздер. Ыргалып-жыргалғанша сүкі түсіп кетуі мүмкін. Мен осындақ қаммен Семейге жүремін.

Енді Мұса мырза Ертісті өрлең кетеді. Ол жактағы елге де айтқаны – осы сөз. Ал Кереку паромын адам тасуға он күнге жалдап алады. Төлемі – мал. Осының бәрін реттегеннен кейін өзі Баянауылға қарай тартып отырады.

Бабаларымыз да қамға кірісіп кетеді.

Мен бұл әңгімені әкемнен естігенмін. Әкем – өз әкесінен... Міне, соңғы «өз әкесі» – сол көшке араласқан менің бабам.

Ертістің сол жағасына шыққан казактардың атты-жаулы көші Баянуланы бетке ұстап жылжиды ғой, баяғы...

Баянулаға келісімен Мұса мырза болыстарын жинап, қыруар үй тіккізіп, қазан-ошақ көтеріп, күтіп отыр екен. Көш жетіп «уф» дегенде, Мұса мырза болыстары мен біздің елдің басшыларын жинап, келушілерді болыс-бодысқа бөледі де:

– Бір қыс пана беріп, асырап шығындар да, одан арғы қыска дейін үй-жай, қора-қопсы салуларына көмектесіндер, – дейді.

Желтоқсан айының орта шенінде Мұса мырза біздің бабаларымызды тағы да жинап алып, малды бергі жаққа шығарып алуға кірісулерін айтады.

– Біраз жазға дейін сонда қалсын.

Біздің бабаларымыздың бірі мұның себебін сұрағанда, Мұса мырза:

– Боранда Баянула жылқысы ығып, онсыз да Ертіс тоғайына барып паналайды. Ал мына қалың қарда ұсақ малды 300 шақырым жерге қалай айдал әкелесін? Тоғайда оларға да пана, жем табылады.

Қақаған қыста біздің бабаларымыз қайта атқа конып, Ертісті бетке ұстап тағы да «шү» деген екен... Содан олар малды алдарына салып, Баянулаға келесі көктемде бір-ақ қайтқан көрінеді.

Осы жазда, әлде біздің бабаларымыздың көші жөніндегі хабар жетті ме екен, Том губерниясының казактары Мұса мырзаға келіп, ол жактың қазактарын да көшіріп алын айтады. Мырза тағы да атқа қонады. Некер жігіттері соңында. Омбыға тұра тартады ғой тағы да... Нәтижесі –

күзге салым Том жағының қазақтары жөнкіле келіп, Баян-аула өніріне қоныстانا бастайды...

Енді есін жиып үлгермеген халық басына тағы бір пәле шүйіледі. Ол – үкіметтің алым-салығы. Дуанда отыргандар жергілікті халық пен көшіп келушілерге тұтін салығын тен салады. Ресей боданысың – салық төлейсің ғой, баяғы.

Мұны көрген Мұса мырза Омбыға қарай тағы да шапқылайды. Сапар нәтижесі – губернатордың «көшіп келушілер үш жыл бойы салықтан босатылсын» деген қағазы.

Қазакта Мұсадай азамат жалғыз болып па, келесі жылы сондай бір азаматтың басқаруымен Ертістің ар жағынан келген нөпір көш тағы да Баянауланы айнала келіп, жатып алады. Малы мен жаны тас кемірсін бе, ағаш жесін бе? Ал дуанға қараған болыстар бұрынғы көшіп келушілерден-ақ лықа толған. Сонда да Мұса болыстарды әлде болсын салыстыра түсіп, біразын қоныстандырады. Ал қалғанын қайтпек керек? Соңғы көштің Баянаулаға сыймағандарын өзі Ақмолаға қарай бастап кетеді де, сол жаққа түгелдей орналастырып, қара күзде қайтып оралады.

– Сол жылы Мұса мырза бары-жоғы отыз-ақ жаста екен, – деп аяқтады ақсақал әңгімесін.

Сол отырыста бұл әңгіменің жалғасы құжат ретінде қолыма түседі деп ойлаған да жоқ едім, жүргенге жөргем ілігеді дегендей, Мемлекеттік Орталық архивтің 374-қоры, 2077-папкесінен мынадай мәлімет кездестіреін:

«Ішкі Ресей қазақтарының 1849-1850 жылдардағы көші:

5-полк жерінен (штабы Омбыда)	279 үй.
6-полк жерінен (штабы Песчаныйда)	2012 үй.
7-полк жерінен (штабы Семейде)	1129 үй.

8-полк жерінен (штабы Андроновкада) 4 үй.

Баянаулаға көшіп келгендер Аюлы Нияз, Жайма, Өлеңті, Шідерті, Үшала, Қарашат, Қаратай, Қызылшілік, Қарағаш, Тасы, Кең-қүйек, Семізбұғы, Жаманаула (казак-орыс хуторы), Терісаққан жерлеріне орналастырылды (Бұлар болыстар алып жатқан жерлер атаулары – К.И.).

Том губерниясы Би округінен..... 1512 үй.

Алтайдан Қекпектіге..... 76 үй.

Қарқаралыға..... 60 үй.

Аягөзге..... 1056 үй.

Ақмолаға..... 4250 үй көшіп

келді. Осы мәліметтің аяғына (архивтегі құжаттың 193 бетіне «Бәрін де Шорманов жайғастырды» деп ерекше жазылыпты. Тері Сібірдегі қазақтарды көшіріп алу жөніндегі рұқсатты бас губернатордан Мұса мырзаның алғанын айтатын болса керек...).

1851 жылдың 22 қарашасында барлық округтерге қазақ балаларынан шешекке қарсы егу тәсілін үйренуге шәкірттер іріктеу жөнінде облыс бастығының жарлығы болады. Облыстағы сегіз округтің алтауының бұл жөнінде не тындырғаны белгісіз, ал Баянауыл округінің жанадан сайланған заңды аға сұлтаны Тәтенұлы Ханқожа төре Омбыға бірде «болыстарды жинап жатырмыз», бірде «болыстар жиналмай жатыр» деп мәселені сөзбүйдага сала беріп, акыры 1853 жылдың аяғында «халық балаларын бергісі келмейді» дегенді бір-ақ мәлімдепті. Омбыдан шыққан арнайы комиссия Баянауыл округі бойынша тексеріс жүргізгенде Ханқожаның жоғарғы әкімшілік нұсқауын мұлтіксіз орындаудың орнына жүртты «бала бермендер», – деп үгіттеп жүргенін анықтайды. Комиссия қорытындысымен танысып болғаннан кейін Омбы облысының бастығы Ханқожаны аға сұлтан қызметінен алып, орнына қазы Мұса Шорманұлын қоюға

мәжбүр болады. Мұса, әрине, алдымен Ханқожаны қызметтөн түсірген себепті орындауға шұғыл кіріседі. Нәтижесі – Омбыдан келген фельдшер алдына қысқа уақытта әр болыстан екі баладан отырғызып бере алады. 1854 жылдың 11 қыркүйегінде ол заңды түрде аға сұltан болып сайланады. Содан округ жабылғанша әр үш жыл сайын өтіп түрған бес сайлау науқанының бәрінде де аға сұltан құзырына ие болып қала берген екен. Д.Путинцев деген ассордың куәландыруына қарағанда, бұл жылдары «Баянауыл округінде ерекше оқиғалар орын алмай, тыныштық үстемдік еткен. Барымта-қарымта атаулылар тыйылған. Жоғарғы лауазым иелері Мұса Шорманұлына қандай қалтқысыз сенім артса, халық та оны соншама жақсы коріп құрмет тұтқан».

Орыс казачествоның қазақ елінің шұрайлы жерлерін қалай біртіндеп басып алғанын Шорман әулетінің қоныс аударуынан-ақ байқауға болады. Шорманның Баянауланың Қызылағаш деген нұы арасына қыстау салып алғанын айттық. Округ ашылғаннан он жылдай уақыттан кейін, яғни, орыстар өлкеге әбден орнығып алғаннан кейін, қырқыншы жылдардың орта кезінен бастап қазақ ауқаттыларына қырға ағаш үй салып беріп, көшіріп, сілемді босатып ала бастайды. Шорман әuletінің бұл уақыттағы үлкені Мұса ауылын Мырзашоқы адырының бауырына көшіреді. Тағы екі-үш жылдан кейін қараса Баянаула сілемімен бірге бұл жер де казачествоның айналдыра кесіп алатын «юртovaya» жеріне жатады екен. Содан кейін Мұса сілемінен әлде болсын жырактай беруге мәжбүр болады. Мұсаның інісі Мұстапа 1851 жылы Батыс Сібір бас губернаторына үй салуға рұқсат сұрап жазған хатында «Ағам Мұса былтырдан бері ағаш үй салып жаткан» деп Ақкелінді көрсеткен екен. Бұдан біз Шорман әuletінің бұл өнірді қырқыншы жылдардың аяғынан бастап мекенжайға айналдыра бастағанын



көреміз. Оңтүстік жактан ағып келетін Аңы өзені осы тұста шығыска қарай бұрылып, шүйгінді үлкен корық жасайды.

Заманында бұл Баянауыл мен Қарағанды аралығында жалғыз елді мекен болды. Баянаула өңіріндегі тұнғыш ауылдық мектептің 1903 жылы осында ашылуы тегін емес еді. Уақыттан оза айтқанда адам тұрағы жағынан жаннат жайдың пайда болатыны да белгілі. 1885 жылдың 1 қаңтарында Мұса мырза денесі осы зиратқа жерленген екен. Өйткені жастайларынан шаһит болып кеткен екі баласы да осы жерге бұрынырақ қойылса керек. Бұғінде қүре жолдың бойында бұл қорымға ат басын бұрмайтын жолаушы жоқ. Бәрінің де көріп, дұға оқығысы келетіні – ақ мәрмәр тастармен көркемделген полковник Мұса мырзаның бейіті.

1868 жылы даланы жаңаша басқарудың ережесі шығады. Ереже «жаңаша» дегенімізben, оның далаға әкелгені Ресейдің ескі әкімшілік құрылымы болатын. Соған байланысты сыртқы округтер жабылып, Орта жұз Ақмола, Семей облыстарына жіктеліп, дала губерниясына бағынатын болады. Ал облыстар уездерге бөлінеді. Семей облысына Павлодар, Семей, Аяқөз, Оскемен, Ақмола облысына Ақмола, Атбасар, Көкшетау, Омбы, Петропавл уездері қарайды. Баянауыл Павлодар облысындағы станица болып қалады және мұнда даладағы жалғыз елді мекен болғаннан кейін уез бастығының өкілі (приставы) отырғызылады.

Баянауыл округі 1869 жылдың наурызында ресми түрде тарқайды. Эрине, мұнда аға сұлтанның еш айыбы жоқ еді, сондықтан да Ресей үкіметі оған (жалғыз оған болмаса керек) «Правитель» деген атақ беріп, жыл сайын 350 сом өмірлік зейнетақы тағайындейді. Сөйтіп, Мұса 50 жасынан бастап қызметі жоқ, бірақ өкілеті бар мырзаға айналады.



Десек те ол – өзіне жұмыс тапқан адам. Әйгілі Мәшһүр Жүсіптің жоқтауында «Газетке басылып, шаһарлы жүртқа білінген» деген сөз бекерге айттылмаған. Мұсанаң шөбересі Мағмұра Аспандиярқызы бабасы жөніндегі естелігінде «Ол Шоқанға мәліметтер берумен қатар, өзі де бірнеше ғылыми еңбек жазған. Солардың ішінде басылып шыққандары «Казахские народные обычаи» (1871 жыл), «О скотоводчестве казахов Западной Сибири» (1871 жыл), «Заметка о казахах Павлодарского уезда» (1905 жыл), т.б. еңбектер жарияланған. 1865 жылы Мұса Уәлиханұлы Шынғыс төремен бірге «орыс демократтарымен байланысы және халық бұқарасына аса жанашырылғы» үшін патша әкімдері жағынан саяси айыпталады» деп жазған екен («Қазақ әйелдері», Алматы).

Сонымен бірге, Мұса Ресей географиялық қоғамы мен Г.Н. Потаниннің тілшісіне айналады. Егер алғашқыға қазактың салты мен әдет-ғұрпы, тұрмысы жөнінде мәлімет беріп тұрса, соңғы үшін ел аузынан ақыз, әңгіме, жырларын жинап жүрген. «Возвращаясь из поездки 1880 году, – деп жазады Г.Н. Потанин, – я провел неделю в ауле Мусы Чормановича Чорманова. Господин Чорманов предложил мне обязательно воспользоваться бумагами, которые были приготовлены им для покойного Чокана Валиханова, приходящегося господину Чорманову племянником (жиені – К.И.)... Султан Муса Чорманов сообщил мне, что у Каркаралинских киргиз есть большая былина об аз-Джанибека и о его двух современниках: «Джиренше-шешен и Алдар Косе».

Сонымен бірге, Мұса Баянауылда мешіт, медресе салудың басы-қасында да болған (1844 жылы салынған ағаш мешіт жаңып кетіп, оны 1856 жылы қайта салдырған – К.И.). Елді егін салып, шөп шауып, ағаштан үй түрғызып,

отырыққа шакыруши және ел ішіндегі ірілі-ұсақты дау-дамайларға билік айтушыға да айналған. Әсіресе, соңғы хабарымыз жөнінде бір оқиғаны айта кетуді жөн көремін. 1876 жылы Семей облысы болыстары арасын бұрынғыдай рұлық қатынастарға карамай, жер ыңғайымен белгілеу кезінде Павлодар уезінен 368 үй Қарқаралы уезіне қарап кетуге тиіс болған. Ағайындарынан айрылғысы келмеген павлодарлықтар бұл шешімге қарсы дау шығарады. Осы мәселе жөнінде Мұса мырзаның басқаруымен торт съезд өткен екен. Соңғы 1884 жылдың казан айының 14-17 аралығында Бокырау (Покров – Қ.И.) жәрменеккесі кезінде Мұса мырзаның торағалық етуімен Баянауылда тағы да қаралыпты. Ұзын сөздің қысқасы, екі уезд шекарасын Мұсаның өзі белгілеп, оған екі жақтан да қатысқан ресми адамдар келісіп, мәселе осымен түбекейлі шешілген екен. Мұса белгілеген екі уездің Ертістің батыс жағындағы шекарасы Павлодар облысына карасты Қарқаралы, Қазыбек аудандары арасында бүгінге дейін сақталған. Ұсынысын ұнатқан болу керек және сол күні қайтыс болып кеткеніне қарағанда, оның ісі өзіне қойылған ескерткіштей болып көрінері сөзсіз. Осыны көрсетуге қыс қырауында көрші уездің өкілі Алшынбайдың Қақабайымен Омбыға сапар шеккен екен.

Осыған қарағанда, Мұса осы шекараны белгілеуде халық мұддесі мен жер ыңғайын жақсы біліп отырды деген сөз мой.

Мұсаның өмірден өткені жөнінде Д. Путинцев мынадай мәлімет калдырыпты: «Мұса далаға жаңалықтар ұсынған жобаларымен, не болмаса, дала бас губернаторының (Г.А. Колпаковскийдің – Қ.И.) шакыруымен Омбыға жиі келуші еді. Міне, 1884 жылдың желтоқсанындағы сапарында бас губернатормен ұзақ уақыт мәжілістесіп отырып, түсken үйіне қайтады да, екі сағаттан кейін бас губерна-



торға Баянауыл правителі, полковник Мұса Шормановтың қайтыс болғаны жөнінде хабар түседі. Бұл желтоқсан айының 26-сы болатын. Бас губернатор правительдің денесін Ақкелінге неғұрлым тезірек жеткізуге бұйрық береді. Сөйтіп, біріне табыт салынған, алды-артын он шақты салт атты казак қоршаған торт шана жолға шығады. Олардың сапар жолдары Омбы-Павлодар-Баянауыл арқылы жатпак еді... Мұса Шормановтың қайтыс болғаны және оның денесінің қыстауына апарыла жатқаны жөніндегі хабар далаға тез тарайды. Жолшыбайғы ірлі-ұсақты елді мекендер халқы қақаған аяз бен буырқаған боранға қарамастан сыртқа шығып, жол күтті. Сапаршылар алдында трубач болатын. Ол елді мекенге кіре бергенде аяздан да ашы дауыс шығып, бас иіп тұрған халық ортасына іліге бергенде орысша зор дауыс күркірейді: «Везем тело «Улыкен мурзы» Чорманова», «Везем тело любимчика государя Императора!». Сапаршылар бөгелмей өте шығады. Мына елді мекеннің орыс, қазак тұрғындары көздеріне жас алып, шерулерді қол бұлғап шығарып салады... осы көрініс Ақкелінге жеткенше кездесетін елді мекендердің бәрінде де қайталанып отырды».

Марқұмның есімін есте сақтау бағытында Даға бас губернаторының ұсынысымен балалары (Сәдуақас бастаған – К.И.) Екатеринбург қаласынан темір шарбақты, мәрмәр тасты – бағасы 400 сомдық ескерткішті қоятын болады басына» деген мәлімет қалдырыпты Путинцев.

1885 жылдың шілде айының 13-23 аралығында Шұршітқырылған деген жерде Мұсаға ас беріледі. Осы аста болған Путинцев былай деп жазады: «Семей, Ақмола облыстарынан орыс, казак, татар, бұкаралықтар бар, мындаған адам келді. Жүзден астам ақшаңқан үй тігіліп, көз тартар жасаулармен безендірілді. Осы жерде съезд өтіп, елде қор-



даланып қалған дау-дамайлар қаралып, биліктер айтылды. Асқа 200 жылқы, 300 қой сойылып, 20 мың шелек қымыз ішілді. Марқұмның аруағына бағышталған құран оқылғаннан кейін, балуандар ортаға шықты. Қүресте бірінші орын алған балуанға бір түйе, бір ат және шапан, екінші және үшінші орындарға ие болғандарға бір-бір шапаннан жабылды. Содан кейін бәйге басталды. Оған қатысуға таңдалған 125 сәйгүлік 40 шақырымнан шауып келуге тиісті болды. Бұларға 15 сыйлық тағайындалған. Бірінші келгеніне – бес түйе, жұз жылқы, екіншісіне – екі түйе, жұз жылқы, үшіншісіне – бір түйе, жұз қой... Осылай-осылай, он бесіншісіне – бір түйе, жұз аршын шұға.

«Бұдан бұрын бірде-бір қазаққа мұндай көл-көсір ас берілген емес», – дейді ақсақалдар. Бір әйел жоктау айтты (Бұл әйгілі соқыр Жамал ақын болатын – Қ.И.). Оның киіз үйден сыңқылдаш шықкан дауысын, өрнекті шумактарын сыртта төніректей жайғасқан қара-құра халық жылап отырып тыннады.

Осы тұста халық аузынан ескі сөздерді талмай жинаушы ақын Мәшіүр Жүсіп Көпесевтің мына жолдарын келтіруді де артық көрмейміз:

Сөйле деп ұмтылып тұр біздің көмей,

Тілім тағы тақылдақ, көмескі емес.

Күні де аға сұлтан сол күнде енді,

Баянтау қаласына Мұса келді.

Алдына көремін деп алдырғанда,

Тынбастан жазған Мәшіүр қақсан берді.

Парасат нұрименен әбден білді:

– Қакқай, – деп, – құдай мұнан тіл мен көзді,

– Мынау «Мәшіүр» болатын бала екен», – деп

Ер назары тиомен нәсіп қылды.

– Ей, сопы, бұл баланды жақсы бак, – деп.



Не болсын мұнан артық тіл мен жақ деп.

Аяумен мейірі түсіп былайша айтты:

– Балаға мұнан былай үкі так, – деп.

– Жалғанда аз күн тірі жүрсін!» – деді.

Қандырап талай құлақ құрышын, – деді.

Бақыр-ай, көп жасағыр болсын! – деді.

Бұдан біз Көпейдің Жүсібіне «Мәшһүр» (әйгілі) атағын Мұсаның бергенін, осы арқылы халық арасындағы талантты танып, қамқорлыққа ала білгенін көреміз. Тағдырдың талқысына сөз бар ма, тоғыз жасар баланың таланттын алғаш таныған адам «Түбі күні осы маган жоқтау айттар-аяу» деп сірә да ойлап па! Иә, Мұсаның басында 27 жасар Мәшһүр «қақсан» берсін:

Ең әуелі дуан ашқанда,

қазаққа мизам шыққанда,

Дуан басы Шоң болып, Би Шорман сұлтан соң болып.

Тайында атқа қосылған айткан бір сөзі он болып,

Қатарға кіріп сол жастан,

Құдайым қуаттап ол бастан,

Он төрт жасар күнінде сайлаган екен болыска.

Әзелден арнап жаратқан лайықты әйлеп орынға

Дыбысы жеткен жасында Үрім менен Қытайға.

Ел казактары «Мырзаға біреулер у беріп өлтірген» деген сөзді әлі күнге дейін айтады. Ал өзі де емші болған Мәшһүр Жүсіп:

Қандай хаммен өткенін, сахерменен кеткенін,

Жайнамаздың үстінде шаһазада демі біткенін,

Алшынбайұлы Қақабай, ақылын ол да жия алмай,

Көзінің жасын тыя алмай, айтып келді осында, – дейді.

«Сахерменен» деген сөздің астын біз сыйзық. Дұрысында бұл – Сахарь, яғни, медицина тілімен айтқанда «дъя-

бет» дауасыз дерт мырзаның «шашақтада демін бітірген» болса керек.

Сөйтіп, ұлкен мырза 66-ға шығар жасында дүние салған екен.

Мұса төрт ұл, бес қыздың әкесі болған. Қыздары уақытында құтты жерлеріне қонып, ұлдары да елге сыйлы, дәүлетті адамдар болған. Олардың ішінде Сәдуақас (1849 жылы 25 ақпанда туған) есімі ел есінде қалған. Байлық-базарлығы өз алдында, сонымен бірге, ол талантсыз да адам болмаған. Белгілі «Ей, Ардак!» әнінің сөзін жазған (әуені Жарылғапбердінікі – Қ.И.) және 1907 жылы Қазан қаласынан «Аңшы» атты кітап шығарылған. Орыс, қазақ тілдерінде шығатын мерзімдік баспасөздерге әр түрлі тақырыппен мақалалар жариялад тұрған. Қазақтың белгілі қоғам қайраткері һәм әдебиетші Смағұл Сәдуақасовтың (Мұсаұлы Сәдуақаспен ағайындық жағынан үш қайнаса сорпасы қосылмайды – Қ.И.) біздің ғасырымыздың жынырмасыншы жылдарында жазған «Қазақ әдебиетінің тарихы» жөніндегі мақаласында Мағжан Жұмабаевпен қатар Мұсаұлы Сәдуақасты да атауы тегін болмаса керек. Жалпы, Шорман әулетінен шықкан Сәдуақастың шығармашылығы – зерттеу-шісін күтіп жатқан тың тақырып.

Қалмұқан ИСАБАЕВ,
«Сарыарқа самалы», 18 ақпан,
24 қазан 2002 жыл, №№ 83, 85



**«ЖЕР-СУДЫҢ
АТЫ – ТАРИХТЫҢ
ХАТЫ»**



Шоманның байлығы асқан,
Шорманның бақыты асқан.

Ел аузынан



Бозтөбе немесе Омбыдағы Қаржас ауылдарының тарихы

Құрастырушыдан: Шорман бабамыздың есімін Алаштың ардақты ұлы Қошке (Қошмұхамбет) Кемеңгеровке қатысты еңбектерден ұшыратамыз. 1849 жылдар шамасында Қошкенің атасы – Атанұлы Кемеңгер Омбы қаласының маңында Ертіс өзенінің сол жақ етегінде Қаржас ауылының қазығын қағады. Академик Қаныш Сәтбаевтың 100 жылдығына арнайы шыгарылған «Қаныш Елі» атты альбом-кітапта осы тарихи оқиға былай баяндапады: «Бертінде мол жарияланған бірқатар деректер мен естеліктерде Шорман бидің кезінде «Омбыга барғанда тамақ ішетін, намаз оқитын, кең косілін жастағын орын керек» деп, үй сатып алғын озіне менишіктегені айтты. Баласы Мұса атқа мінген шағында осы үй-жайларды кеңейтіп қайта салғызып, Кемеңгер Атанұлы (белгілі ғалым, қаламгер, ұлт қайраткері Қошкенің ұлken атасы) деген жамағайынына ие қылған. Осы жай бертінде Омбы қазақтары қауымының яки «Ауыздағы Қаржас» ауылының құрылуды нағіз болған деседі».

Аталған елді мекендердегі ежелгі қорымның қараусыз қалып, сүрілгені, зерттеуді қажет ететіні түрлі дереккөздерде жазылып келеді. Қазір ол ауыл қалаға ұласып кеткен, дегенмен сол тұстағы аялдамаға «Қаржас» атауы берілген. Бұл да алдағы уақытта тарихи нысан ретінде ескеріп, зерделеуге және белгі қоюға сұранып тұрған орын.

Такырыпты кеңірек тарқату мақсатында оқырман қауымға Сібір қазақтарының тарихын зерттеуші Шалқарбек Қарібаевтің осы мақаласын ұсынғанды жөн көрдік.

Бозтөбе – он тоғызыншы ғасырдың 40-шы жылдағы Ертіс өзенінің солтүстік жағалауынан орын тепкен, қазіргі Омбы қаласының «промзона» аумағына кіретін,





шағын ғана орманды алаңқайы бар дөңесті жер. Омбы қаласы әлі іргесін жая қоймаған дәүірде Бозтөбе осы өнірді ғасырлар бойы атақоныс еткен қалың керей ішіндегі Құрман руының байы – Телжанның агайындарымен бірге көшіп-қонастын жайлауы болды. Қазіргі Омбы қаласының орналасқан аумағы бағзы заманда Сібір жұртына Он ханының ұрпактары иелік еткен Тайбұға-Тайшық әулеттері тұсында Көшебе шілігі аталатын еді десетін көнекөз қариялар. Мал жайылымына қолайлы, шөбі шүйгін бұл жер сол кезде жергілікті патша ұлықтарының көз құртына айнала бастады. Қектемде Ертіс тасығанда Бозтөбенің атшаптырым айналасын су ала қоймайтын. Телжан бай ауыл-аймағымен сол аймактағы Қекөзекті де жайлайтын. Он тоғызынышы ғасырдың аяғында бұл жерге Кулемзино теміржол станциясы салынды.

Кенесары шамамен XIX ғасырдың 23-24 жылдары осы Қекөзекте Ақ боз ауыз аттың үстінде тұрып Ертістің екінші жағалауындағы орыстың шіркеуін садақтың жебесімен дәл көздел атып, крестің дәл ортасындағы қаңылтырдан өткізіп қадаған екен. Сібір казактарының арасында сол заманда «казакта Кенесарыдан асқан мерген жок, жалғыз өзі жортып келе жатқанда бір косын қол келе жатқандай эсер қалдыратын Ағыбайдан асқан аруақты батыр жок» деген пікір қалыптасқан. Шіркеудің кресіне қадалған садақтың жебесі азамат соғысынан кейінгі жылдары да сонадайдан көзге көрініп тұратын еді дейтін қариялар.

Тарихта Баянауыл округінің аға сұлтаны, одан бұрын 1851 жылға дейін Батыс Сібір губерниясының екінші казачий корпусында хорунжий болып қызмет атқарған қазақтан шықкан мәртебелі тұлғалардың бірі Мұса Шормановтың Омбыдағы кадет корпусында оқығаны белгілі. Мұса мырзаның экесі Шорман Күшікұлы кадет корпусында оқып

жүрген баласының хал-ахуалын білуге келгенде Бозтөбедегі Телжан байдың ауылына токтайды екен. Телжан өз заманында «Төлке – Кұрсары керей» елінің болысы болған кісі. Шорманның әкесі Күшіктің нағашылары – Кұрсары керей елі. Құрман руы осы Кұрсары керейдің бір тармағына жатады. Ата-бабалары XVII ғасырдың ортасында ежелден мекендерген Омбы облысының солтүстік өңірінен ығыстырылып, XVIII ғасырдың басында ағайындары бас біріктіріп, осы жерге қаланың іргесі қаланбастан бұрын жайғасқанын билетін Телжан бай заманың ағымы қай бағытқа бет алғанын болжап билетін және сол кездегі дала шонжарларына қарағанда көзі ашық адам болатын. Аға сұлтан лауазымын тере тұқымынан шықкан адамдарға беруге тиісті патшаның жарлығының дәстүріне қарамастан Едігеұлы Шоң бимен, Естеместің Есенейімен тізе қосып, оларға билікті бермей, қара қазақтың арасынан шықкан ел ағаларына аға сұлтан лауазымын сайлауға себепкер болғандардың бірі Шорман би де жай адам емес еді. Шорманның әкесі Күшік – Төлке керей ішіндегі Байсұғір атасынан тарайтын Ес деген кісінің туған жиені. Оның шын есімі – Естібай, өз заманында айналасындағы оқиғалар мен құбылыстарға сын көзімен қарап, әділ бағасын дәл беретін туралышылдығы үшін ел ішінде «Ес аға» атанған екен.

Күшік Сәтиұлы (азан шақырып койған есімі – Жұмабай) бала кезінен нағашысы Естің тәрбиесінде болған. Естің осындай қасиетін билетін Сәти баласы Жұмабайды сынау үшін кішкентай кезінде берген екен.

Жұмабай жөнінде ел арасында мынадай әңгіме бар. Нағашысы Естің үйінде жүрген 4-5 жасар кезі екен. Бір күні ауылдан жыракта өскен шидің түбінде бір қолына күлше нанын ұстап, үлкен дәрет сындырып отырған баланың үстінен қасында жолаушылап келе жатқан нағашысы Еспен

бірге бір топ адам жаңынан өтеді. Баланың ауылдан жырақта неліктен бұлай отырғаның білгісі келген нағашысы: «Жиен-ая! Астың атасы, құрметі құраннан да зор нан емес пе? Нан мен нәжісті араластырып ауқаттанып отырғаның қалай, бұл күнә емес пе?» – деп сыйнайды. Сол арада бала Жұмабай: «Астың атасы нан болса, соны қажетіне жаратсын деп Алла Тағала адамға екі тесік берген. Қолымдағы ризығымды бір тесіктен кіргізіп, екінші тесіктен шығарып жатырмын. Осы сұрақты қойдыңыз. Алланың алдында күнәлі болу күнәһар болатын жастан аскан сізге сын ба? Күнәһар болатын жасқа әлі жете қоймаған маған сын ба?» – деп жауап қайтарыпты.

Жиенінің мына жауабына риза болған нағашысы «Әй, жиенжан-ай! Сен күшік кезінде осылай тауып сөйлейсін, сенен туган балаларың да күшігінде азулыға есесін жібере қоймас», – деп, ризашылығын білдіріпті. Осыдан кейін бала Жұмабайға Күшік деген лақап есім жалғасыпты дейтін шежіреші қариялар. Күшік биден туган Шорман да он үш жасында билік айтып, «бала Шорман – би Шорман» атанған десетін.

Батыр хонтайшының тұған қарындасы Төлкес Қарағұлқызының Шегіректен тарайтын ұрпағы Байсүгір әuletіне жататын Ес сыншыдан Сағынай, одан паң Нұрмамбет туады. Ақан серінің Құлагері мерт болатын осы Сағынайдың асында Атығай-Қарауыл елімен бірге тұлпардың өліміне себепші болған ағайынды Батыраш-Қотыраш айналасына тізе батыруды калың керей жұрттымен бірігуді құп көрген паң Нұрмамбетке – нағашы жұрттың бір тілегімді құп көреді, жиеннің сұрағанын береді – деп бітіспес даудын басын тоқтатқан Шорманұлы Мұса мырза екендігін де білгеніміз жөн. Осы жағынан алғанда ел мен елдің бірлігі мен татулығын ойлаған Мұса мырзаның қазақ тарихында



ашылмаған өрелі де парасатты істері әлі де терен зерттеуді қажет етеді. Халқымыздың екі бірдей текті әүлетінен туған Сәтиұлы Күшіктің (Жұмабай) ұрпақтары қазақ тарихында озіндік қолтанбаларын қалдырыды.

1822 ит жылы Ақпатшаның «Сібір қазақтарын билеу туралы» Жарлығы шықты. Осы Жарлық күшіне енгеннен кейін Ресейдің орталық аймактарынан ауқатты топтар мен шіркеу қызметкерлері жергілікті отарлаушы Үкімет пен қазақ-орыстардың қуатты әскери күшіне сүйенгендіктен Сібір өлжесіне қарай шұрайлы жер иеленіп қалу үшін бұрынғыдан да мол ағылды. Бұлар жергілікті қазақтар арасында «қарашекпендер» деген атауга ие болды. Келімсектердің Сібір өлжесіне келіп орын тепкені, жергілікті халықтың жерін тартып алып, атақонысынан ығыстыруы сахараны емін-еркін жайланаған қазақ шонжарларына ой салды. Бұған дейін Сібірде Түмен, Березовск (Қайыңтұра), Тарск (Тарышы), Марьиновка (Мырзағұл), Каинск (Қайыңбасы), қазіргі Новосібір облысының қаласы) және тағы басқа әскери қамалдар салынған болатын.

Шорман бидің ойы Мұса мырза патшаның әскери қызметінде ұзақ жылдар жүріп қалатын болса, ел арасындағы абыройын пайдаланып осы Омбы қаласының маңайынан жайлы қоныс иеленіп қалу еді. Бұл ойын баласына да айткан болатын. Мұса мырза болашақта осындағы жоспары бар екенін, қажет болса мұндай жерді сатып алуға да ниеті бар екендігін губернатордың өзіне, оның кенсесіндегі беделді ұлықтарға жеткізеді. Губернатор кенсесіндегілер Шорман би Омбыға келгенде аялдалап жүрген Бозтебені нұсқайды. Ол үшін 250 сом сөлкебайды үш күннің ішінде қазынаға толеп, ұнаган жерді тез арада зандастырып алу керек. Бірақ Бозтебе әзірше өзімен де, экесі Шорман бимен де ежелден ниеттері тұзу, аралас-құралас болған Телжан байдың иелі-

гіне жататын. Ол кезде екі жұз елу сөлкебай таза күміс ақшаны табан астында табу да оңай емес. Жаксы екі аттың құны – бір сомдық таза күміс сөлкебай. Бірге туған бауырлары Иса, Әужан мен Мұстафаның мыңғырған жылқылары болғанымен, оларды қалалы жердің базарына әкеліп пұлға айналдыру көп уақыт алады. Осыншалық мол қаражат бұл өнірде Атығай ішіндегі Жанұзақтың Токтамысының бала-ларынан, Жаксыбай байдан, Малай-Бақтыбай руындағы Қазымбеттің Тоғжанынан (Фаббас Тоғжановтың атасы), Дудадак-Төбет елінің әлділері – ағайынды Бөртебай-Серкебай мен Тастыбайдан шығады. Телжан байдың өзі де осылардың қатарында. Губернатордың ұсынған жерін сатып алу үшін ең алдымен Телжан байдың өзімен келісу керек.

Қала маңынан жер сатып алу мәселесі жөнінде Телжан байға өз ойының шет жағасын білдірген Мұса мырза губернатордың бұл жайында ұш күн мұрсат бергенін және мұнишалықты қаражат табуға да қиналып жүргенін айтады. Патшаның қызметінде жүргенде келімсектермен жайылымға таласып, олардан күштеп тартып алған малдары үшін дау-жанжал шығарып, істі болған осы өнірдегі талай казактарға араша болып қол ұшын берген Мұсаның игілікті істеріне Телжан бай риза болып отыратын. Осындаі көптеген қарапайым қазақ баласына тигізген шарапаты, жомарттығы мен қайырымды істеріне сай Сібір қазактары оған ерекше құрмет көрсетіп, «Мұса мырза» деп атады. Сонымен қатар, Мұса Шорманұлының ең үлкен игілікті ісі, қазак даласындағы болыстық кенселерде іс-қағаздарын жүргізу мақсатында Омбы қаласынан қазақ балаларына арналған писарълар дайындастын школа ашуға белсене аласқанын дүйім қазақ жүрті білетін.

Мұса мырзаның түпкі ойын бірден түсінген Телжан бай: «Мырза, бұған бола қамықпа! Қажет болса, екі жұз




елу сом сөлкебайды дәл қазір өзім тауып беремін. Сахарада мал бағып ұрпағымызды өсірген елміз, сырты түкті, іші бокты жал-құйрықтар аман болсын. Бұл жер түбінде не карашекпендердің, не келімсектердің табанының астында қалатыны аян болып түр ғой. Олармен таласып-тартысатын менің қолымда байлық болғанымен, дәл өзіндегі ормандай орыстың арасында жүріп зор беделге ие болған әрі патшаның қызметін қара қазақтың қамы үшін пайдаға асыратындағы билігіміз жоқ. Бүгін болмаса, ертең күшпен тартып алады. Осы қонысымызды заңға сыйғызып, ағайын-туystarыңды қошіріп әкеліп мекендесең, бұл жер бәрімізге де жетеді», – деп, сандықтан екі жұз елу сом сөлкебайды алып Мұсаға ұсынды. Осылайша, казақша жыл санау бойынша мешін жылы Мұса Шорманов Телжан байдың ризашылығын алғаннан кейін губернатордың пәрменімен дер кезінде Бозтөбені өзінің иелігіне қаратты. Сол замандағы казақ байларының ұрпақ қамы үшін болашақты болжай билетін осындай көрегендігіне ерікіз таң қаласын.

Көп уакыт өткізбей Омбыдағы писарылар дайындастын школаны бітірген және «Төлке Кұрсары керей болысында екі жылдай писарлық қызмет істеген аталас ағайыны Атанұлы Кеменгермен ақылдастып, туыстарымен бірге осы жерді қоныстануға ақыл-кенесін берді. Алыстан болжай билетін Мұсаның таңдауы «Төлке Кұрсары керей» болысында ақыл-парасатымен маңайындағы жұртқа абыройлы болған Кеменгерге түсіу де тегін емес-ті. Ол келесі жылы өзімен бірге ағасы Балпангерді бас қылыш қаржас руынан он шақты отбасын қошіріп әкелді. Ағайындары қошіп келген жылы Мұса мырзаның тұнғышы, казақ ауыз әдебиетінің фольклорын жинаған шежіреші (ағартушы десе де болады), Омбы гимназиясының түлегі – Сәкен ағай (Сәдуақас) осы ауылда дүниеге келді. Қыр қазақтарының Омбы қаласының

казачий базары мен тәлкөшкесіне (орыстың толқучка сөзі) сауда-саттық жасау үшін баратын жолында орналасқан бұл ауыл кейін «Ауыздағы қаржас» деген атаяға ие болды. Арада он шақты жыл салып 40-50 үй (кейбір қариялар жетпіске жуық үй болды дейді) шамасындай болған ауыл Омбы қаласына жолсапары түскен Тарбағатай-Зайсан өңірінің, Торғай даласының қазактары мен қалада таныстары жоқ қырдың байлары үшін жата-жастана түнеп шығуға ынғайлыш, қалаға күнде қатынайтын қонақжай ауыл адамдарынан алдын ала қаланың ішіндегі хал-жағдайдан ақпараттар мен саудаға қатысты мәліметтер алуға қолайлы болғандықтан осы жерде бірнеше күн тұрақтайтын еді. Саудасы дөңгеленгеніне риза болып бірнеше күн түнеген қыр қазактары он тының жамбас ақысын (шамамен сол кезеңдегі бір қойдың құны) да төлеп коятын. Содан бері ел ішінде мирас болып «Омбы аузында қаржас бар, он тыыннан жамбас бар» деген нақыл сөз қалды.

Арада жарты ғасыр өткен соң Омбы аузындағы Қаржас ауылы да патша ұлықтарының тегеурінді екпінімен бұл мекенді тастанап басқа жерден орын тебуіне тұра келді. Ертістің солтүстік жағалауын жайлаған ауылдың орны экономикалық салалары қарыштап өсіп келе жаткан губерния орталығы үшін өнеркәсіп ошактарын шоғырландыруға аса қажетті, іздесен де таптырмайтын жер болатын. Тағы да 1896 мешін жылы, қар суы ерісімен Ауыздағы Қаржас ауылының тұрғындары қазіргі Жарқын ауылынан (бұл күнде бұл ауылдың да ескі жүртты қалды) он бес шақырым жердегі, Омбыдан оңтүстікке қарай сексен шақырым қашықтықтағы көк теректері мен ак қайындары бүралып өткен Сұлу шілікке қоныстанды. Осы жер Теке елінің болысы Бөртебайдың Шәмелінің жайлауы болатын. Шәмелдің әкесі Тәшім де бірнеше жыл Теке елінің болысы болды. Тәшімнің әкесі



Бортбай Мұса мырзамен де, Атанұлы Кеменгермен де төс қағысқан дос болған және Омбының писарылар дайындастын школасында бірге оқып, оны бір себептермен соңына дейін бітіре алмай кетті. Екеуінің арасындағы достықты құдалыққа жалғастыруды дұрыс көрген Бортбай ел билеу ісіне ерте араласа бастаған ұлы Тәшімге Ауыздағы Қаржас ауылынан Кеменгердің немере туысының қызы Тәнзиланы қалың малын беріп айттырып алған екен. Ақша руына жиен болғаны өз алдына, жеке басының мәрттігі бір өзіне жетіп артылатын текті атанаң баласы Шәмел жергілікті патша ұлықтарының қырына іліккен нағашы жұртының тегісімен Баянауылға қоныс аударуын құп көрмегендіктен, Тогжаның Сәдуақасымен бірлесіп Қаржас ауылының адамдарын ата-мекен жайлауы Сұлу шілікке келіп қоныс теуіп орналасуына жәрдемін де тигізген. Шәмелдің осындай мәрттігіне риза болған Дүйсебай Кеменгерұлы (Кеменгерден Дүйсебай, Дүйсенбай есімді ұлдар туады) Шәмелге астындағы бәйгеге қосып жүрген күрен бесті атын сыйға тартыпты. Ел жайғасып, құтты мекеніне қоныстанған жылы бұл ауылда Омбы өңіріне кіслігімен, ақыл-парасатымен аты шықкан Кеменгер ақсақалдың қара шаңырағы Дүйсебайдың отбасында алаш жұртының ардақты азamatы, әдебиетші, бірнеше ғылыми еңбектердің авторы, тұнғыш казак-орыс сөздігін құрастырып Мәскеу қаласында басып шығарған Қошке (Қошмұхамед) Кеменгеров дүниеге келді.

Бірталай жылдан кейін Сұлу шіліктегі тал кайындар табиғаттың әсерімен жердің бедеріне орай көлбеу, жантайып өскен ағаштарының көптігінен «Қисық ағаш» атанды. Жергілікті жердің өзіне тән атауына қарай бұл өңірде Қызыл ағаш, Қара ағаш, Қыстай ағаш, Жалғыз ағаш деген жер атаулары жиі кездеседі. Бертін келе Сұлу шілікті қоныстанған Қаржас ауылы қысқаша «Қисықтағы Қаржас»

ауылы атанды. Кейбір тарихи деректерде бұл жер Ұлы Қазан Төңкерісіне дейін Теке болысының аумағына қарағандыктан «Текедегі Қаржас» деп те аталды. Бұл жерлер қазір Қазақстанның шекарасына жақын орналасқан Омбы облысы, Одесский ауданындағы «Белосток» және «Цветково» шаруашылықтарының аумағына кіреді. Омбы қаласының өз басында тұрактаған Қаржас балаларынан бөлек осы өнірде қазіргі уақытта жүзге тарта жанұяны құрайтын Қаржас руының ұрпактары әр салада қызмет етіп, заман талабына сай шаруа қожалығын дамытып, бай-куатты өмір кешуде.

Біздің Сепкрай елі Қаржас ұрпактарымен құдандалы, нағашылы-жиен болғанына да жүз жетпіс жылға таяп қалыпты. Олар – Баянауыл жақтан қоныс аударып, Омбының түбіндегі Бозтөбеге келіп ең алғаш қазығын қақкан аталараптың ұрпактары. Бұғінде сонау патша заманында атаконысынан жер бөліп берген Телжан байдың жұрағаттарымен мидай араласып кетті. Сөз арасында айта кеткеніміз жөн болар, Телжан байдан – Мұхамеджан, одан Алашорда қайраткері, құғын-сүргін құрбаны болған Темірболат Телжанов туады. Ал Темірболаттың жалғыз ұлы тектілердің тұяғы, есімі Кенес Одағына әйгілі болған талантты қазақ суретші Қанапия Темірболатұлы Телжанов екенін оқырманның білгені дұрыс. Оның занғар ойынан туындаған тың игеру науқанына байланысты жарық көрген табиғаттың көрінісі – «Атамекен» картинасы әрбір адамға ой салатын шығар.

Шалқарбек КӘРІБАЕВ,
Сібір қазақтарының тарихын зерттеуші



«Ақкелін» атауы қайдан шыққан?

XIX ғасырдың екінші жартысында бұрынғы Баянауыл сыртқы округінің (дуанының) әкімшілік территориясында (аумағында) «Ақкелін» деп аталатын болыстық болғанын көпшілік біледі. Бұл болыстыққа қарасты жерде негізінен қаржас руына жататын Анайдың үрпактары мекендерген. Осы болыстық сол кезде неге «Ақкелін» деп аталған? Бұл сұрақ жөнінде ел аудында әр түрлі азыз-әңгімелер баршылық. Солардың бірін айттар болсақ, Шорман бидің баласы Мұсаны бір әдемі қыз өзі ізден келіп, Аңы өзенінің сол жақ қанатындағы ауылға тұспа-тұс, өзеннің арғы жағында солтүстіктен оңтүстікке қарай созылып жатқан қыраттың үстінде ауылдағы адамдар көрсін дегендегей атын жетектеп әрлі-берлі жүрген екен. Содан болса керек, осы қыратты жергілікті жұрт Мұсаның келіншегі Нәжжаның құрметіне «Ақкелін» деп атапты-мыс. Осы жерде үрпактан-үрпакқа жеткен әңгімелерге сүйеніп айтсақ, шындығында Нәжжан – келбетті де көрікті болуымен қатар, ақылды әрі алты баланың сүйікті анасы болған жан. Ол туралы Мәшіүр Жүсіптің 2013 жылы Павлодарда шыққан шығармаларының 9-шы томының 326-шы бетінде: «... Нәжжан үрғашының барып тұрған қасқа мандайы еді» деп жазылған. Сондықтан болар, Мұса Шорманов фәниден өткеннен кейін қайтадан үйленбей 15 жылдай өмір сүріп, 66 жасында жарық дүниеден өтті. Сөз болып отырған қыраттың «Ақкелін» аталатыны рас. В.Н. Попованың 2001 жылы Павлодардағы «ЭКО» баспасынан шыққан «Ономастика. Словарь географических названий Казахстана. Павлодарская область, часть 1» деген кітабының 28-бетінде: «Аккелин «Ақкелін» – урочище в бывшей Аккелинской волости» деп жазылған. Мұндағы «урочище» – табиги айрықша жер бедері бар орын, мысалы, қырат, адыр, бұйрат, үстірт, тобе. Осы жолдар авторының

пайымдауынша, аталмыш қыраттың етегінде «Ақкелін» деп аталатын шөп өскен сияқты. Енді сәл шегініс жасап айтсақ, Қаржас бабаның ұрпақтары «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» деп аталған қасіреттен кейін Сырдарияның оң жағасындағы Қаратая өнірінен 1729 жылы Баянаула аймағына мұлдем көшіп келгені тарихтан белгілі. Қаржастар сол кезде Баянауланың әр жеріне қоныстана жүріп, жоғарыда сөз қылған қыраттың маңынан өздеріне ертеден Қаратадан жақсы таныс қалың боп өскен ақкелінді көріп, ежелгі мекендерін естеріне түсірген шығар деуге болады, осыдан кейін бұл қырат «Ақкелін» деп аталғаны шындыққа жанасады, «Ақкелін» өсімдігі орысша «ханделия» деп аталады (латынша: *Handelia*). Ақкелін – күрделі гүлділерге жататын көпжылдық шөптес өсімдік туысы. Оның биіктігі 30-100 см, тамыры жуан. Сабагы көбіне жеке өседі, төменгі жағы түкті, жоғары бөлігі тықыр, жапырақтары ұзынша, үш рет қауырсында тілімденген. Көп гүлді, пішіні тутікше тәрізді, шеті бес тісті, сары түсті. Мамыр-маусым айларында гүлдейп, маусым-тамызда жемістенеді, тұқымы ұсақ, қоңыр сары түсті. Қазақстанның тау, дөң жоталары, қырат беткейлерінде өсетін бір түрі – түк жапырақты ақкелін (орысша: ханделия волосистая, латынша *Handelia trichophylla* (schrenk) heimere). Ақкелін Мойынқұмда, Балқаш өнірінде, Жонғар Алатауында, Шу, Іле тауларында, Алатау бөктерінде, Қаратуда кездеседі. Фалымдардың айтуынша, соңғы 200 жыл шамасында Қазақстанда көптеген өсімдіктер мұлдем құрып кеткен. Дегенмен дәл қазірде Баянаула өнірінде ақкеліннің бар-жоғын облысымындағы биолог ғылымдар аитар деп ойлаймыз Бір айта кетер жайт, Қазақстанда бірінші бөлігі «ақ» болып, атауы екі сөзден тұратын, мысалы, мынадай өсімдіктер бар: ақбақай, ақбас, ақбүйрек, аққанат, аққұлақ, ақтоқал, ақшұнақ, ақсәуле, ақшоқан, ақшатыр.

1833 жылы Баянауыл дуаны ашылып, оның жері болыстықтарға екінші рет бөлінгенде болыстық та, Ашы өзені бойындағы ауыл да «Ақкелін» деп аталды. Кеңес үкіметі орнағанда Ақкелін ауылы «Тендік» болып өзгерді. Кейін бұл жерде «Тендік» колхозы орнады. Сөз соңында «Тендік» атауына байланысты айтарымыз, «Сарыарқа самалы» газетінің биылғы 1 мамырдағы санында белгілі жерлесіміз Жамбыл Артықбаев өзінің «Кемел аға» атты көлемді мақаласының соңында: «Енді Шормановтар мен Сәтбаевтар кеткенде Тендікке жеттік деп, олардың тұқымы «Тендік» колхозы атанды» деп жаңсак тұжырым жасаған. Өйткені Шормановтар мен Сәтбаевтарды жергілікті халық патшалық заманында да аса жоғары құрметтегені анық. Мысалы, Мәшіүр Жүсіп жоғарыда көрсетілген 9-томның 326-бетінде: «Кеше Мұса Шорман баласы дүшпаны кеміте алмайтығын жан еді» деп жазады.

Серік ЖАҚСЫБАЕВ,
2014 жылғы 18 шілде, «Баянтау» газеті

Шорман әuletіне қатысты топонимдер

Ақкелін – жас келін деген мағына беретін атау. Шорман Күшікұлының бәйбішесі Топайдың ел атаған аты дейді.

Ақкелін болыстығы – 1833 жылы Баянауыл округі ашылғанда, оған қараған халық 15 болысқа бөлінді. Бұл болыстар ру атымен аталды. Болыстар бұрынғы ру атауларымен емес, жер атауларымен аталады. Павлодар уезінде қараған болыстардың біріне Ақкелін аты беріледі. Ақкелін болысына шығысында Ашысу өзенінің бас жағы, батысында Шідерті өзенінің бас жағы, онтүстігінде бүгінгі Қарқаралы – Баянауыл аудандарының шекарасы, солтүстігінде

Баянауыл кентімен батысқа қарай тартылған параллель сзырың арасы қамтылады. 1913 жылғы санақ бойынша осы жерді 1460 адам мекендерген. Болыс 12 ауылға болінген.

Ақкелінің тарихына байланысты әңгімелерде Баянауыл округінің қазысы Шорманның Мұса 1850 жылы Сібір қазактары атынан шекара бастырына «Ақкелін деген жерде поселке салып, егіп, отырышылыққа айналуға» рұқсат сұрап хат жазғаны айттылады.

Ақкелін қыстауы – Ақкелін тауының күншығыс баурайындағы қыстау аты.

Ақкелін тауы – Мұса Шорман ауылының күншығыс жағындағы тау. Ең биік нүктесі – 498 метр.

Ағай қорығы – кісі атымен аталатын қорықтың атауы. Сәкен (Сәдуақас) ағай қорығы. Сәдуақас Мұсаұлын ел күрметтеп «Ағай» деп атаған. Ағай қорығы Мұса Шорман ауылының онтүстік-бағытында Шоктас тауына дейінгі аралиқта. Шоктас тауы – ауылдан 8 шакырымда.

Алабас тауы – таудың түсі немесе басқа мағынада аталған атауы. Таудың Алабас аталуы Қаржас-Құл атаниң коныс іздеу мақсатында Алабас айғырдың тоқтаған жеріне байланысты аталған. Қаржас-Құлдар бұл жерді уақытша мекендереп, Караганды облысы Бұқар жырау ауданына коныс аударған. Бұғінде Бұқар жырау ауданы Ақбел ауылдық округіне қарасты Алабас ауылы бар. Ал Ақкелін өніріндегі Алабас тауын айнала Шорман әүлеттері жайлалаған. Шорман әүлеттінің 12 мың бас жылқысы болған дейді.

Аққұдық – құдықтың атауы, берекелі құдық деген мағына білдіреді. Ұзынбұлак пен Мұса Шорман ауылы аралиғында орналасқан. Мұса Шорман ауылынан 15 шакырым жерде. Өлең шумағынан ұққанымыз: Аққұдық, Сарыжал, Төлеп бір жерде сияқты. Зында Исаұлының елімен қоштасу зарында айттылады:



*Аққұдық, сен де аман бол, Сарыжсал, Төлөп,
Сарыөзек, озге жерден шөбің болек.
Жылқыны боранда айдан салсаң,
Жатушы еді баладай қойған болеп.*

Аралтөбе – төбе. Мұса Шорман ауылынан 6 шақырым, Сарықамыстан 1 шақырым жерде жазықтың төбе болып көтерілген аралға ұқсас бөлігі. Аралтөбе туралы Зында Исаұлының елімен қоштасу зарында айтылады:

*Қоши-сау бол, кең жайлайым – Арап тобе,
Қой болып қалушы едің, Жетім қобе.
Алланың разысы болғаннан соң,
Біз кемтік көздің жасасын төге-төге.*

Арқансоқ – арқан сөзінен шыққан атау. Зында Исаұлының елімен қоштасу зарында айтылады:

*Арқансоқ, қоши аман бол, Ойқараган,
Айрылып біз барамыз іні, агадан.*

Ащылъой – жері сортан, көктемде су тұрақтап, жазда кеүіп қалатын ащылтым жердің атауы. Зында Исаұлының елімен қоштасу зарында айтылады:

*Ащылъой, бір қасық қар жатпайтұғын,
Үш ай боран соқса да қатпайтұғын.
Жер едің шөбің – алтын, сұың – күміс,
Берсе де мың сан қара, сатпайтұғын.*

Ащысу өзені – Шорман әuletі мекен қылған Ақкелін болыстығының №1 ауылы төнірегіндегі ең ірі өзен. Ақкелін бүйратын орай ағатын өзен, оған құбытын екі саланың бірі – Айырық, екіншісі – Сарықамыс.

Аяққол – көлдердің тізбегінде соңғы ретте орналасқан көлді атайды. Аяққол – сұы ащы көл. Сарықамыс маңында орналасқан көл.

Әужан Керегетасы – кісі атымен аталған таудың атауы: Әужан Шорманұлы (Әбу-Әли Ибн Сина). Караашы

мен Бұқар жырау кесенесінің аралығындағы жартасты тау. Тау етегінде Әужан отырған орын бар. Бұл тауды Әужан Сораны деп те атайды. Ф.А. Щербина дерегі бойынша 1897 жылы Ақкелін болыстығының №7 ауылы, Керегетас қыстауында Әужан Шорманов отырған делінеді. Бұрабұлақ құдық сүйн жанға пайдаланған. Қыстауда жалпы саны 5 отбасынан құралған 28 адам тұрган. Баспана: 4 шымнан салынған үй, 5 киіз үй, 1 ағаш үй, 1 шошала болған. Жалпы саны 1600 дей ірлі-ұсақты малы болыпты.

Қаныш Сәтбаев туралы «Қаныш Қазына» телехикаясында осы Керегетаста отырған Шорман әuletінің келіні, Әужан немересі Ақыштың жұбайы Ғазиза Сәтбаеваның ба-лаларын Қаныш Имантайұлы көлікпен Қарсақбайға алып кетеді.

Байқұлак – байлардың малын кәмпескелеп, өздерін жер аударған кезде пайда болған атау. Мұса Шорман ауылынан Құндықөлге барап жолда Ақкелін тауының аяқталар тұсын атаған. Дәл осы жерде 1928 жылы Шорман, Сәтбай ұрпақтарының малдарын тәркілеп, Зында Исаұлын Ақтөбе облысына жер аударған.

Балуан тас – күш сыйнасу үшін арнайы таңдап алынған тасты яки балуанға ұқсас тасты атайды. Бұл тастың қай жерде екенін білуші жоқ. Зында Исаұлының елімен қоштасу зарында айтылады:

*Басына Балуан тастың шыққанымда,
Қапалып күннен-күнгө ой тараган.*

Баттал қорасы – кісі атымен аталатын қоныс. 1897 жылғы Ф.Н. Щербинаның дерегінде Ақкелін болыстығының № 3 ауылының Ақкелін қыстауында Баттал Мұстafaұлы отырған делінеді. Тұщысу-Қарасу өзен сүйн малға, жанға пайдаланған. Қыстауда жалпы саны 11 отбасынан құралған 76 адам тұрган. Баспана: 10 шымнан салынған үй,

12 киіз үй, 1 ағаш үй, 1 шошала болған. Жалпы саны 2000 дай ірілі-ұсақты малы болыпты.

Бегедай қонысы – кісі атымен аталатын қоныстың орны. Бегедай руы – төре. Шорман әuletі жер беріп, қоныстас қылған екен. Белгілі тарихшы Әділбек Бегедаевтың атақонысы. Дерек беруші – Қайриден Нухұлы.

Бурабұлақ – бұлактың атаяу. Керегетаста отырған Әужан Шорманұлының ауызсу ретінде қолданған құдығының атаяу.

Бұқпан құдығы – кісі атымен аталатын құдық атаяу. Сәкен ағай қорығының маңында. Бұқпанның кім болғаны белгісіз.

Біләл қорасы – кісі атымен аталатын қоныстың орны. Біләл Мұсаұлы болыс болған. 1897 жылғы Ф.Н.Щербина-ның дерегінде Ақкеліндегі Біләл Мұсаұлы отырған делінеді. Ащысу өзенін, құдық суын малға, жанға пайдаланған. Қыстауда жалпы саны 6 отбасынан құралған 32 адам тұрған. Баспана: 2 шымнан салынған үй, 6 киіз үй, 3 ағаш үй, 1 шошала болған. Жалпы саны 1500 дей ірілі-ұсақты малы болыпты.

Білдеш қыстауы – адам атына байланысты қойылған қыстау атаяу. Білдеш бүйреттари мен жазықтары – Иса кажы, одан кейін оның баласы Зынданың күзеу ретінде пайдаланған орындары.

Жалпақшілік – ені кеңдеу келген бұлағы бар шіліктің атаяуы. Сораң тауының етегінде отырған Нариман Әмір-Темір баласының ауызсу ретінде қолданған су көзі. Қыстау маңында 7 бұлақтың көзі болған.

Жартас – жарлы тас мағынасында. Сарықамыстан 3-4 шақырым жерде. Кіші-Ақөзек өзен бойында орналасқан. Кенес дәүірінде малшылардың жайлауы болған орын.



Жәми қорығы – кісі атымен аталатын қорық. Жәми Мұсаұлы Шорманов пайдаланған қорық. Жәми қорығы Мұса Шорман мен Құндықөл ауылдары аралығында.

Жәми корасы – кісі атымен аталатын қоныс. 1897 жылғы Ф.Н. Щербинаның дерегінде Ақкелін болысының №1 ауылы, Ақкелін қыстауында Жәми Мұсаұлы отырған дөлінеді. Ашысу өзенін, құдық сүйін малға, жанға пайдаланған. Қыстауда жалпы саны 6 отбасынан құралған 28 адам тұрған. Баспана: 5 шымнан салынған үй, 8 киіз үй, 1 ағаш үй, 1 шошала болған. Жалпы саны 1300 дей ірілі-үсақты малы болыпты.

Жетімкөбе – екі сөзден құралған атау. Көбе сауыт – дәстүрлі казақ қоғамындағы батырлардың соғыста кебенек (киіз қеудеше) сыртынан киген сауыты. Қайриден Нухұлы ағайдың айтуынша, Жетімкөбе деген жерде қалмак зиратының орындары бар екен. Жаугершілік заманда қалмақтарды қөмген жер. Батыры өлгесін сауыты исесіз, жетім қалды деген мағынада шыққан атау болуы керек. Зында Исаұлының елімен қоштасу зарында айтылады:

*Қош-сау бол, кең жайлайым – Арап тобе,
Қой болып қалушы едің, Жетімкөбе.
Алланың разысы болғантан соң,
Біз кеттік көздің жасасын төге-төге.*

Зәркеш қыстауы – кісі атымен аталатын қыстау орны. Зәркеш Мұстафаұлы Шорманов отырған орын.

Зынданың күзегі – кісі атымен аталған күзек. Зынданың күзегі орнында бүгінде Білдеш деген қыстау орналаскан. Білдеш қыстауы Ұзынбұлакқа баар жол бойында. Мұса Шорман ауылынан шамамен 30 шакырым жерде. Зында өте ауқатты, малды адам болған. Жаз жайлайуы Нияз тауы, Ботакара, Нұраға дейін барып, Сарықамыс



қыстауына жетпес бұрын, осы жерді күзеу жайылым ретінде пайдаланған.

Зында тал (Балуан тал) – кісі атымен аталатын талдың атауы. Жүрсін Бәтеновтің «Арайлы Ақкелін» кітабында аталады. Меніңше, «Балуан тал» емес, «Балуан тас» болар. Себебі «Басына «Балуан тастың» шыққанымда, Қапалып күннен-күнге ой тараган» деген Зынданың зарында өлең жолдары бар.

Иса Шорман отырған орын – кісі атымен аталған қоныс. Ф.А. Щербина дерегі бойынша 1897 жылы Ақкелін бөлістығының № 1 ауылы, Ақкелін қыстауында Иса Шорманұлы отырған делінеді. Ащысу мен Тұщысуды малға, жанға пайдаланған. Қыстауда жалпы саны 10 отбасынан құралған 69 адам тұрған. Баспана: 9 шымнан салынған үй, 14 киіз үй, 1 ағаш үй, 2 шошала болған. Жалпы саны 3000 дай ірілі-ұсақты малы болыпты.

Қаратоқа – осы маңда Мұстафа Шорманұлы отырған орын бар. Қаратоқа Алабас тауының сыртында, Бұқар жырау ауданы аумағында орналаскан жер, яғни, Қараащы ауылы мен Бұқар жырау ауылы (Озерное) аралығында. Осы маңдағы Қарасу (Тока) өзені бойында ескі қоныстардың орны бар. Кеңестік кезде өзен бөгеліп, тоған салынған.

Зейтін Ақышев «Жаяу Мұса» романында: «Дұжсан ауылы Қаратоқаны жайлап отыр. Мұстафага қараган бес-алты үй Алабастың сыртында. Арапары алыс емес, иттің ургені естіліп тұрады», – дейді.

Кәбіш қорасы – кісі атымен аталатын қоныс. Кәбіш Мұсаұлы Шорманов отырған орын. 1897 жылғы Ф.Н.Щербинаның дерегінде Сарықамыста Қабыш Мұсаұлы отырған делінеді. Ащысу өзенін, Сарықамыс көлін, құдық суын малға, жанға пайдаланған. Қыстауда жалпы саны 7 отбасынан құралған 31 адам тұрған. Баспана: 7 шымнан са-

лынған үй, 9 киіз үй, 1 ағаш үй, 1 шошаласы болған. Жалпы саны ірілі-ұсақ мыңға жуық малы болған.

Кәрім тұған жер – Сарықамыстың сырт жағындағы Зында Исаұлының баласы Кәрімнің дүниеге келген орны.

Керегетас тауы – керегеге ұқсас тау сілемі. Керегетас тауының биіктігі – 614 метр. Соран тауымен жалғаса орналасқан. Бұл тауды Әужан Керегетасы деп те атайды.

Көшекпай қыстауы – кісі атымен аталған қыстауаты. 1897 жылғы Ф.А. Щербина дерегінде Көшекпай қыстауында Сәдуақас Мұсаұлы отырған екен. Аңысу өзенін, құдық сүйін малға, жанға пайдаланған. Қыстауда жалпы саны 6 отбасынан құралған 32 адам тұрған. Баспана: 2 шымнан салынған үй, 6 киіз үй, 3 ағаш үй, 1 шошала болған. Жалпы саны 1200 дей ірілі-ұсақты малы болыпты.

Көшекпайдың кім болғанын білуші жоқ. Зында Исаұлының елімен қоштасу зарында айтылады:

«*Көшекпай, сен де аман бол, Ойқараган,
Айырылып біз барамыз іні, агадан.
Басына Балуан тастың шыққанымда,
Қапалып күннен-күнге ой тараган*».

Қарақол – Мұса Шорманұлының жаз жайлauы болған жер. Қарағанды облысы, Осакаровка ауданы Нияз ауылдық округіне қарасты Каракөл ауылы. Каракөл ауылы (2023 жылға дейін Тельманское ауылы болған) өз атымен аталағын көлдің жағасында орналасқан. Аудан орталығы – Осакаровка кентінен солтүстік-шығысқа қарай 59 км-дей жерде. Иманжүсіптің әйгілі «Абылай аспас Арқаның сары-ай белі» әніне арқау болған Қарақөл көлі.

«*Абылай аспас Арқаның сары-ай белі,
Куандық пен Сүйіндік жайлайды елі.
Қырық мың жылқы су ішсе лайланбас,
Нияздың Аюлыда Қара-ай көлі*».

Қопа – өсімдік атына қойылған атау. Сарықамыс маңындағы қамыс, қопа өсетін кішірек ащылы көл.

Мәлік корасы – кісі есімімен аталатын қоныстың орны. Мәлік Мұстафаұлы Шормановқа тиесілі мекен болған. Ақкелін тауының ішінде. Ф.А. Щербина дерегі бойынша 1897 жылы Ақкелін болысының № 2 ауылы, Ақкелін қыстауында Иман-Мәлік Шорманов отырған делінеді. Құдық сүйін жанға пайдаланған. Қыстауда жалпы саны 6 отбасынан құралған 38 адам тұрган. Баспана: 7 шымнан салынған үй, 7 киіз үй, 1 ағаш үй, 1 шошала болған. Жалпы саны 1300 дей ірілі-ұсақты малы болыпты.

Мұса Шорман ауылы – кісі есімімен аталатын ауыл атауы. Ақкелін ауылы 1917 жылғы төңкерістен кейін Тенден деп аталып, 2018 жылы Мұса Шорманұлының тұганына 200 жылдық мерейтойында Мұса Шорман атына берілді.

Мұса мырза зираты – ауыл сыртындағы үлкен қорымды зират. 2018 жылдан бастап аспан астындағы ашық мұражайға айналды.

Мысал – кісі атына қойылған қыстау атауы. Мұса Шорман ауылы мен Құндықөл аралығындағы жазықтағы қыстау. Бұғінде Мысал қыстауы деп аталады.

Нариман бұлағы – кісі атымен аталатын бұлақ атауы. Әужан Керегетасы маңында. Әужан немересі – Нариман Әмір-Темір баласы.

Нариман тоғайы – кісі атымен аталатын тоғайдың атауы. Нариман бұлағы ағып жатқан өзекшедегі қалың тоғай. Кеңестік кезде қайыңы көп осы жерді орысшалап «Березняки» деп атады.

Нияз тауы – адам атына байланысты қойылған атау. Қаржас-Нияз батырдың атына байланысты қойылған атау. Мұса Шорманұлының жаз жайлауы болған жер. Нияз тауы Караганды облысы, Осакаровка ауданы аумағында орна-

ласқан. Атақты сері Иманжүсіптің өлеңіне арқау болған тау сілемі. Нияз таулары – бірнеше таулардан (Жақсы Нияз, Жаман Нияз, т.б.) тізбектелген сілем, онтүстікten солтүстікке қарай 55 км-ге созылған, енді жері 10 км-ге жетеді. Абсолюттік биіктігі – 833 м. Нияз тауынан Есіл, Шідерті өзендері бастауын алады.

Ойқараган – өсімдік атауына байланысты қойылған атау. Ойлы әрі қараганды жер дегенді білдіреді. Қайриден Нуҳұлының айтуынша, Төлеп биігіне жетпейтін тұста, Бегедай маңындағы қараганды, ойлы жердің атауы. Зында Исаұлының елімен қоштасу зарында айтылады:

«Арқан соқ, қош аман бол, Ойқараган,
Айрылып біз барамыз іні, агадан».

Сарыжал – жер бедеріне, түсіне байланысты қойылған атау. Табаны мен жоны көрінетін және тік беткейлерімен ерекшеленетін біршама созылып жатқан қыраттар. Ат жалына ұқсас дөңес қырлары бар таудың көрінісін атайды.

Сарықамыс – қыстау, өсімдік атына байланысты қойылған атау. Сарықамыс – Зында Исаұлының қыстауы, Мұса Шорман ауылының солтүстік бағытында, 5 шакырым жердегі, жол бойындағы қыстау. 1897 жылғы Ф.Н.Щербинаның дерегінде Сарықамыста Қабыш Мұсағұлы отырған делінеді. Зында Исаұлының елімен қоштасу зарында айтылады:

«Сарықамыс – алтын бесік туып-оскен,
Жерім ең кірім жуып, кіндік кескен.
Доп ойнап, асық атып, қақпай қаққан,
Кетпейді бала күнің ақыл-естен.

Сен дагы қош-есен бол, Сарықамысым,
Түйе жүрге корінбес нар қамысым.
Үжмақтың миасындаі сәулеленіп,
Көзіме корінуші ед әр қамысың».

Сарықамыс – қамысты көл. Сарықамыс қыстауы маңындағы түзды көл.

Сарыөзек – сулы, нұлы жайылым. Тасқұй бұлағы екеуі – бір жер. Зында Исаұлының елімен қоштасу зарында айтылады:

«Аққұдық, сен де аман бол, Сарыжсал, Толеп,

Сарыөзек, озге жерден шөбің болек.

Жылқыны боранда айдал салғанымда,

Жатушы еді болеп қойған баладай боп».

Саумалкөл – сұы қышқыл көлдің атауы. Ұзынбұлак ауылына қарасты аумақта орналасқан көл. Шорман ауылдары Қаракөлге, жайлаудан қыстауга жылжығанда көшкенде Саумалкөлге аялдап отырған.

Сәти қыстауы – кісі атымен аталған қыстаудың орны. Сәти Мырзағұлұлы. Мұса Шорман ауылының оңтүстік-шығыс жағында Жаңатілек ауылдық округімен шекаралас жерде орналасқан қыстау.

Сәти тасы – кісі есіміне байланысты қойылған атау. Сәти Мырзағұлұлы (XVIII ғасырда өмір сүрген). Сәти тасы Баянауыл өнірінде екі жерде бар. Бірі – Қызылтауда, екіншісі – Баянауыл басында. Тасы деп Сәтидің қыстап отыратын орнын айтқан. Сыр өнірінен Баянауыл жеріне елін бастап көшіп келген Сәти мырза Шоманкөл ауылына іргелес Қарақуыста (қазіргі Баянауыл ауданының Күркелі ауылдық округі) отырған. Осы жерде Мырзағұл ұрпақтарының (Қадыр, Жапар шопан, Омар ұста, Шалабай, Баязит, Махмет, т.б.) зираты бар және бүгінде Мырзағұл ұрпақтары – Жапар әзулеті мекен етуде. Мәшінр Жүсіптің «Наурызнама» деген еңбегінде Едіге би Баянауланың бауырынан жұз кісі болып, Қызылтаудағы Сәти тасында отырған Мырзағұл баласы Сәти мырзаға барып «Наурызнама қылыпты» дейтін аты мәлім әңгімесіне арқа болған Сәтидің орны.

Соран қыстауы – биік, жеке-дара деген мағына білдіреді. Соран тауының етегіндегі қыстау. Ф.А. Щербина дерегі бойынша 1897 жылы Ақкелін болыстығының № 7 ауылы, Соран қыстауында Шорманов Нариман Әмір-Темір баласы отырған делінеді. 7 бұлақ көзі мен Жанбай бұлақ сүйін малға, жанға пайдаланған. Қыстауда жалпы саны 6 отбасынан құралған 45 адам тұрған. Баспана: 6 шымнан салынған үй, 7 киіз үй болған. Жалпы саны 800 бастай ірілі-ұсақты малы болыпты.

Соран тауы – биік, жеке-дара деген мағына білдіреді. Соран тауының ең биік нүктесі – 746 метр.

Сұрқақ – қактың атауы. Сәкен ағай сұнқар құсын көктем, күзде үйрек, қазға салатын көлі. Мұса Шорман ауылынан 5-6 шақырым жерде, Сарықамыс маңында.

Тасқүй – бұлақ. Ағысы қатты, құйылып агатындықтан, Тасқүй атауына ие болған сияқты. Сарықамыс қыстауының сыртында 2 шақырым жердегі қыраттан ағып шығатын бұлақтың атауы. Мұса Шорман ауылына 7 шақырым жерде.

Топай қыстауы – кісі атымен аталатын қыстау. Топай – Шорман бидің бәйбішесі, Зейнеп, Мұса, Мұстафа, Иса, Әбу-Әли Ибн Синаның (Әужан) анасы. Топай қыстауы Мұса Шорман ауылымен Қараащы ауылының аралығында Қарасу өзен жағасында орналасқан. Қараащыдан – 4 шақырым, Мұса Шорман ауылынан 7 шақырым жерде.

Төлеп бійігі – кісі есіміне байланысты қойылған тау атауы. Зынданың қоштасу зарында айттылады. Төлеп бійігі Жартастан Көкдомбақ бағытындағы шоқиған тау. Төлептің кім болғанын білуші жоқ.

Тұшы Қарасу өзені – сүйе тұшы өзен. Айысу өзенінен кейінгі екінші ірі өзен. Ақкелін қонысында қыстап отырған Баттал Мұстафаұлы қолданған су көзі.

Үш қасқа – оқиғаға байланысты қойылған мазардың атауы. Шорманның әкесі Күшік жанында Байкісі, Жанкісі

деген екі бауырымен бірге Еспе өзенінің бойында (Күркелі ауылдық округіне қарасты Сарытаудың бауырында) жай түсіп, ұшеуі де мерт болады (З.Ақышев жазбасынан). Сол жерге Сарытаудың бауырына ұшеуін де жерлеген екен. Содан бері осы жердің атаяуы «Үш қасқа» деп аталып келеді.

Ханқашты тауы – бір ханның қашқанына байланысты қойылған таудың атаяуы. Тарихшы ғалым Мақсат Алпысбестің айтуынша, 1590 жылдары Көшім ханның қарасек еліне бара жатқанда қашқан оқиғасына байланысты аталаған. Осы Ханқашты маңын Шорман үрпақтары жайлапады. Тау етегінде бұлақ көзі бар. Бұғінде Нұрбұлақ деп атайды. Сол бұлақ маңындағы зираттар Шорман үрпақтарының, оның ішінде Иса Шорманұлының әuletіне тиесілі екен. Қайриден Нухұлының айтуынша, осы жерде Шорманнның Мұстафасы жерленген.

Шантимес – Шат өзенінің жоғарғы ағысының оң жақ жағалауындағы тау. Шантимес атаяуының этимологиясы қатты жел соғатын тау дегенді білдіреді, желдің қаттылығынан топырак жамылғысы ұдере ұшып, тастары жылтырап жататын тау. Таудың биіктігі – 738 метр. Тау етегінде Төрткөл ауылына қарасты Шантимес қыстауы орналасқан. Шантимес тауы Ханқашты тауының сыртында орналасқан. Иса Шорманұлы осы мекендерді мал жайылымы ретінде пайдаланған. Шорман ұлдарының ішінде ең ауқаттысы Иса қажы болған. Исаның баласы Зынданың малы Ботақараға дейін жайылған жататын дейді. Елдің айтуынша, Шантимес тауының етегінде Шорман әuletі үлкен той жасап, қыздарын ұзатқан екен. Мұса мырза өзінің қызы Шемшиң Тәттімбеттің Мұсатайына дәл осы жерде ұзатыпты. Ол туралы Зейтін Ақышевтың «Жаяу Мұса» романында: «Шантиместің бауырындағы кең жасақта басқалардан оқшаулау екі ауыл отыр. Біреуін «ақ ауыл», біреуін «қара ауыл» дейді жұрт.

Ақ ауылы Мұсага қараган, әрқайсысы сегіз қанат, он екі қанат ақ үйлер. Келетін құдалар үшін Мұсаның өз үйінен бие байлам жерде жақадан торт үй тігілген, олар да козге ерекше көрінеді» дедінеді.

Шантимес өзені – бастаудын Керней ауылдық округіне карасты Ақжар ауылының тауларынан алады. Бабай ауылынан ағып өтетін Сыртқысу және Шантимес өзендері қосылып Шат өзенін құрайды. Шантимес өзені бойын Шорман әулеті малдарына су көзі ретінде пайдаланған.

Шорман зираты – адам атымен аталатын зират. Шорман Күшікұлының (1788-1837) жерленген жері Сүйіндік-Төртуыл елінің жаз жайлауы – қазіргі Ереймен тауының сырт жағындағы Шорман деп аталатын жерде. Олжабай сөресінен 30 шақырым шамасында. Шорман жерленген жерде 20 шақырым жер шамасында Шоңның әкесі Едігे бидің зираты бар.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының жазуы бойынша Шорман би Ақмырза өзенінің Сілестіге құяр тұсына жерленген. 2022 жылдың 23 шілдесінде Шорман Күшікұлының басына ескерткіш белгітас орнатылып, үлкен тойға ұласқан асы берілді.

Шорман өзені – кісі атына байланысты қойылған өзен атауы. Шорман Күшікұлы жайлауы болған осы өзен маңында Шорманның зираты бар. Шорман өзені Ерейментау ауданы Олжабай батыр ауылдық округіне карасты Олжабай батыр ауылы (2004 жылға дейін – Благодатное ауылы) тұсынан ағып өтеді.

2022 жылдың 23 шілдесінде Шорман биге берілген аста екі белгітас орнатылды, соның бірі – Шорман өзені белгітасы. ҚР Парламенті Сенатының депутаты Алтынбек Нухұлының ұсынысымен Шорман өзені белгітасына мынадай мәтіндегі жазу жазылды: «Баянауыл дуанының аға

сұлтаны Шорман Күшікұлының жаз жайланаудағы бұл өзен XIX ғасырдан бері әйгілі бидің үрпақта аңыз болған есімімен аталады».

Шорманның сызы – адам атына байланысты қойылған жер атауы. Балықты бұлақ (Рыбный ключ) Сабындықөл көлінің негізгі су көзі болып табылады. Бұлақ алабы Сабындықөл су жиналымының 60%-ын құрайды. Шорманның сызы бұлағы бастауын Жалаңтөс тауынан алып, Сабындықөлге батыс жағынан құяды.

Шорман 1837 жылы Сілтепі бойындағы жайланауда қайтыс болады. Баянауыл сілеміндегі Қызылағаш деген орманды қыстайды.

Жамал қожаның Баянауыл еліне шығарған өлеңінде Шорман орнына қатысты мынадай өлең жолдары бар.

«Күркелі, Есік асу тұстас қара,
Ақсаң түрең жасағында жеке дара.
Қиядан ол кошкенде түйе жалдан,
Өліпті Кошет деген бір жасас бала.

Сол ушін Кошет қойған көлдің атын,
Жалаңбас, Жылаңдыбет оған жақын.
Шорман би қора салған Қызылағаш,
Қаланың жол жасағында сегіз шақырым».

Шорман сызы деп отырған жер – сулы, былқылдақ су жайылатын алқап. Яғни, Шорман қора салып отырған жердегі бұлақ көзі де Шорман сызы атауына ие болған. Кейін кенестік кезде «Рыбный ключ» деп атап жіберген. Алтынбек Құрмантегінің айтудынша, Шорман сызы деген жер бүгінде «Алау» деп аталатын демалыс орнының батыс бетінде дегі орын екен. Осы жерде аға сұлтан Мұса Шорманұлы 1818 жылы дүниеге келіпти.

Ернар КЕЙКІ, географ, олкетанушы

Қаржастан шыққан Нияз батыр Анайұлы жайлыш бірер сөз

Құрастыруышыдан: *Кітапқа арқау болып отырған Шорман бабамыздың аргы атасы – Мырзагүл бабамыздың інісі Нияз туралы дерек тапши. Біз тοменде ұсынып отырған мәлімет 2018 жылы Екібастұз қалалық «Отарқа» газетінде өлкетанушы Сайлау Байбосының толықтыруымен жарық корген. Газеттегі материалды жалтақ жүргіттық бәрі оқи бермейді, қалтарыста қалмасын деп осы кітапқа енгіздік: алдағы уақытта зерттеушілердің кәдесіне жарап дедік.*

Еліміз егемендікке қол жеткізгесін, өткен тарихымызға қайтадан көз салып, арғы-бергімізді түгендер жатырмыз. Әр ауыл, әр аймақ, әр ру мен тайпа өзінің тарихын қайтадан таразылап, ата-тек шежіресін жарыққа шығаруда. Бұл оте құптарлық шаруа деп ойлаймын. Себебі кешегі кеңес заманында көп нәрседен көз жазып қалдық. Осы секілді шаруаларды Баянауылды жайлаған Сүйіндік ұрпактары да қолға алып жүреді. Бірақ, өкінішке қарай, көп адамдар бүгінгі Баянауыл жерін жайлаған елдің тарихын қозғағанда, көбінесе сол төніректен аса алмай жатады. Ал шындығында Баянауылды қыстау еткен

Айдабол, Қаржас, Орманшы, Құліктердің тарихи іздері жер атаулары ретінде бүгінгі Ақмола облысының Ерейментау, Аршалы аудандарының аумағында, Көкшетау өніріндегі Итемген-Мамай, Айдабол, Тасшалқар, т.б. жерлерде сайрап жатыр. Басқасын айтпағанда, Сүйіндіктің бір тармағы болып саналатын Қаржас ұрпактарының тарихи іздері Ақмола облысындағы

Ерейментау, бүгінгі Астана, Есіл мен Нұраның жағасына дейін созылып жатыр. Ақмола облысының Аршалы ауданы аумағындағы Сейтен ауылы, Ерейментаудағы Шә-

кей ауылы – осы жерлерді бір кездерде Қаржастың Мырзагұл, Нияз аталары жайланағанының даусыз айғағы.

«Абылай аспас Арқаның сары белі,

Куандық пен Сүйіндік жайлайды елі.

Қырық мың жылқы су ішсе лайланбас,

Нияздың Аюлы мен Қара көлі» деп келетін Иманжусіптің «Ерейментау» әніндегі Нияз осы Қаржастан шыққан Нияз екенін әркім біле бермейді.

Откен тарихқа көз салып отырсақ, Қаржаста Анайұлы Нияз бен Барқытұлы Нияз сынды батырлар откен екен. Екеуді де сонау замандарда Қарағанды облысындағы Осакаровка, Ақмола облысындағы Ерейментау ауданының аумағын, Өлеңті, Шідерті өзендерінің бойын, Каракөл төңіреғін, қазіргі Нияз тауларын жайлап жүріпті. Эрине, 40 мың жылқы деген өлеңге сән беру үшін сәл асырып айтылған шығар. Бірақ Сармантайдың Жұманы, Анайдың Мырзагұлы жылқылы бай болғаны осы күнге дейін айтылады.

Жоғарыда айтылған Нияз тауларына келсек, екі Нияз тауы бар, олар ертеде Жаман Нияз, Жақсы Нияз аталса, қазір Кіші Нияз, Үлкен Нияз аталады.

Есіл өзені осы Нияздың тауларынан бастау алады екен.

«Бір тау бар оған таяу Нияз деген,

Кешегі қазақ-қалмақ соғысында

Нияздың батырлығын әркім көрген», – деп Жамал қожа жырлаған кезінде.

Анайұлы Нияздың ХVIII ғасырдың басында өмір сүргенін Ресейдегі мұрағатта сақталған немересі Жансары әулиенің 1862 жылы кайтыс болғаны (80 жасқа келіп) туралы дерек айғақтайды. Жансары 1780 жылы туса, оның әкесі Бөгенбай 1750 жылы туған болса, Анай 1710 жылдар шамасында туған болуы керек. Анайұлы Нияздың қыстауы Баянауылдағы Қекдомбақ пен Құркелі аумағындағы Бәби қыстауы деген жерде. Бәби – Нияздың бесінші ұрпағы. Бір өкініштің, Нияздың туған жері белгісіз. Ол кісінің зама-

нында Қаржас ұрпақтары Қазақстанның онтустік өнірін, одан әрі Орталық Азияны жайлағанын ескерсек, Нияз батыр сол жақта туды деп айтуға негіз бар. Бізге бүгінде Нияз атты адамның үш зираты белгілі. Біріншісі – Қожа Ахмет Яссайи мазарында, екіншісі – Ақмоладағы «Ақмола» зирағында, үшіншісі Түркістанға 45-50 шакырым жетпей жерленген. Бірақ біздің атамыз Анайұлы Ниязға оның қайсысы тиесілі, ол жағы беймәлім. Жалпы, біз сөз етіп отырған Анайұлы Нияз – Қаржастың шөбересі. Анайдан Мырзагұл (Мұса Шормановтың арғы атасы), Нияз, Жәдігер (Қаныш Сәтбаевтың атасы) тарайды. Мырзагұлдың батырлықпен танылып, Түркістанда жерленгені туралы нақты деректер бар. Өкінішке қарай, оның туған інісі Нияз туралы деректер жоқтың касы. Пайымға салсақ, жаугершілік заманда ағалы-інілінің бірі жаумен соғысқанда, екіншісі сырт қалуы мүмкін емес кой. Сондықтан түрлі мәліметтерде, жырларда аты аталатын Нияз батыр осы Мырзагұлдың інісі ме деп ойлаймыз. Бірақ қолымызда мұны дәлелдейтін деректер жоқ. Келешекте ондай деректер табылып, тарихшы ғалымдар анықтап қала ма деген үмітіміз жоқ емес. Осы мәселе зерттеушілердің назарында жүрсін деген ниетпен ой бөлісіп отырмыз.

Тағы да бір айта кететін жайт, Осакаровка ауданының орталығында бір адамдар Қуандықтан шыққан Нияз батыр деген кісіге ескерткіш орнатып кетіпті. Біздіңше, бұл – әлі нақтылауды керек ететін шаруа. Себебі ол жерді ерте замандарда («Ақтабан шұбырындыдан» соң екі ғасырға жуық) қаржас аталары жайлап жүргені тарихтан белгілі. Қуандықтардың конысы бұдан әрірек болуы керек. Бірақ қазір жариялышты желеу етіп, әркім өз ойна келгенін істеп, тарихты бұрмалауда...

Кенжебек САДЫҚ,

Баянауыл ауданы Жұмат Шанин ауылының тұмасы,
2018 жыл, Екібастұз қалалық «Отарқа» газеті



**ӘУЛЕТ.
ӘДЕБИЕТ.
ӘНЕР**



...Қайран біздің Қаржастың кыздары да
Шоқан менен Отанды қатар туған.

Аспанбек Шұгатай



Шорман шаңырағының шолпаны

«**К**аржаста бір құтым бар Мұса, Шорман» деп Біржан сал аскактата жырлаған Шорман әuletі жайлы сөз болғанда, әдетте зерттеушілер Зейнеп Шорманқызының сипатын «Шоқанның анасы» деген анықтамамен қысқа қайырады. Кей мәліметтерде Зейнеп Шорманқызының арабша хат таныған білімді адам болғаны айтылады. Бір сөзбен айтқанда, Зейнеп Шорманқызының тұлғалық портретіне сипаттама берілмеген. Тек бірқатар әдеби еңбектерден Зейнеп апамыздың көркем портретін кездестіруге болады, мәселен, Сапарғали Бегалиннің «Бала Шоқан» повесінен және Сабит Мұқановтың «Аққан жұлдыз» романынан.

Мұса Шорманұлының туғанына 200 жыл толған мәрітойы аталып өткенде Баянауыл ауданының Мұса Шорман ауылында музей ашылды. Сол музейдің төріне Зейнеп Шорманқызының портреті ілінді. Бұл портретті тойдың негізгі үйымдастырушысы – Алтынбек Нұхұлының тапсырысымен суретші Энуар Игембаев салған болатын. Жүзінен сәулелі нұр төгілген осынау бейне арқылы суретші казак әйелінің мейірімге толы жүргегін, «бір колымен әлемді тербеткен» тегеурінін жеткізе білген.

Бізге жеткен деректерге жүгінсек, 1816 жылы дүниеге келген Зейнеп анасы Топанға тартқан, бетінде қаны ойнаған қызылшырайлы сұлу кісі екен. Қыздан алғаш көрген немересі болғандықтан, Зейнепті әжесі Мамық тұсаала бауырына салып асырайды. Тілі шыға «Шорманның емес, Күшіктің баласымын» деп үйретеді әжесі. «Кенжем» деп ерекешораша киіндірген Зейнепке әжесі Шорманды «ага» деп, әйелін «женге» деп айтқызады. Зейнеп кішкене күнінен тайға, құнанға, атка мініп үйренеді. Ол ауылда ат мінуді місе тұттай, жылғы бағысатын болады.

Зейнептің бойжеткен күніндегі сырт келбеті «Аққан жұлдызда»былай суреттеледі:

«Зейнеп сол күнге дейін ерекшіора киімінде жүреді. Сондағы киімдері: құндыз қолданса қыз болып кететіндей, бөрікті үнемі ақ бұйрадан жасатып, кейбір сері жігіттей, төбесін бір түсті жасыл пайымен тыстаратын; белін қынаған камзолды жарқыраған жібек пен барқыттан емес, ақ ботаңың түбітінен тоқылған өрмектен; шалбарды да содан жасатып, кейбір ерек балалардың салтымен балағына торт елідей құндыз ұстатып, батсайыдан ызған бауының алтын шоқтан жасалған шашағын тізесіне түсіре салбыратып жіберетін; көйлекті де ұл балаларша бір түсті, конырқай атластан тіктіріп, етегін шалбарланып алатын; салқын күндері ылғи ақ елтіріден жасалған камзолша ішік киетін; сұық күндері киетін ішігінің іші – күзен немесе ақ тиін болатын да, сыртын шымқай қара құлыштардың терісімен тыстаратын; тұтасымен қолданса, мұндай терілердің екеу-ұшеуінен балаға мол жарғақ шығады; Зейнепке керегі: жендерінің қырқа жотасында, екі өнірінің кеуде жақ үстінде, қыр арқасында құлышның желкілдеген жалы болуға керек, олай жасау үшін бала демей, ұлken демей, бес құлышның терісі керек; осы сәнді қуған Зейнеп те шағын денесіне жарғақ ішікті бес құлышның терісінен ойып жасататын; «әжесінің баласы» дегенмен, «көп ұлдың ортасындағы жалғыз қызым» деп жаксы көретін Шорман былай да қап-қара құлыштардың терілерін Омбыға апарып, қара көмірдей ғып боятып әкелетін; бұл сияқты шымқай қара құлыш жарғақ өзге жұртта кездеспейтін; Зейнеп жаз оюолап кестелеген шонқайма аталатын қызыл ала етікті, қыс қонышы тізесінен келетін саптама етік киетін».

Тарихи оқиғаларды сараптасақ, Уәлихан мен Шорман әүлеттерінің қарым-катаинасы ертеректе басталған болуы

керек. Эрине, ханның бәйбішесі Айғаным әже талантты баласы Шыңғысқа Шорманның қызы Зейнепті өзі бастап келіп айттыруы кездейсок жағдай емес. Зейнеп Ақелін елінен 18 жасында зор салтанатпен ұзатылып, Уәлидің қарашанырағына 1834 жылы құтты келін болып түсті.

Сапарғали Бегалиннің «Бала Шоқан» повесінде Зейнеп Шорманқызының болмысын теренірек таныта түсетін қызықты штрихтер бар.

«... Керей, Есеней елінде болған дауға шақырылып, ел жайлауға келерде оралған Шыңғыс анасымен амандасуға келіп, даудың бітім тапқанын айтады. Осы сұхбат кезінде Айғаным ханым: «Шыңғысжан, мен былтырдан бері Шоқанжанға нағашыңа апарамын, жер көрсетем, ел көрсетем деп уәде берген болатынмын. Мұның биыл мүшел жасы және сәті болса қалаға оқуға жүргіземіз деп отырымсыз. Зейнеп те көптен ауылын көрген жоқ, саған айта алмай жүрген шығар. Біз жүріс қамын істеп, сол би ауылына бір барып кайталық. Басқа жұмыстарынды жайлау үстінде тоқтата түр», – дейді. Осы әңгімедегі «Саған айта алмай жүрген шығар» деген бір ауыз сөздің өзі қазақ әйелінің ерінің алдына шықпайтын ибасы мен ұстамдылығын, әйелдің отбасы, ошақ қасындағы орнын көрсетсе керек.

Повестегі мына бір эпизод та ерекше, бүгінгі күні ауызға алына бермейтін тамаша бір дәстүрден хабар береді:

«– Бүгін кешкे Ажар апам ауылына жетеміз бе? – деді Зейнеп Әжібайға Теренҗардағы Заманбек ауылынан аттанарада.

– Ат-көлік аман болса, тұс ауа апаңыздың ақ дидарын көресіз. Көптен бері көріспеген болсаңыз, ауыл сыртына түсіп, сінлі кәдесін істерсіз, – деп, ағалық сыпайы әзіл айтты.

Енді осы әңгімедегі «сінлі кәдесі» дегенге келер болсақ, бала Шоқанның «Әже, сінлі кәдесі деген не?» – деген сұрағына әжесі былай деп жауап береді:

— Ол – әйелдерде болатын ауыл салты. Мысалы, апаңың өзінен үлкен Ажар деген апасының ауылына бүгін ба-рамыз. Олар екеуі екі елге ұзатылып кеткен бір үйдің қызы. Бірін-бірі көптен көрмеген, сағынған. Сондай жағдайда сінлісі апасына келсе, ауыл сыртында көлігінен түсіп қа-лып, жаяулап алдынан шығар, амандаласар апасын күтеді. Сөйтіп, екеуі көрісіп, сағыныштарын айтып, мауқын баса-ды, — деп, Айғаным Шоқанға ауыл салтының сирек бола-тын бір жайын түсіндірді».

Осылайша, ауылға таяна бере Зейнеп пәуескеден түсіп, алдынан топталып шыққан сінлі, женге, бауырла-рын күтіп тұрады. Айғаным пәуескесіне ілесе, Шыңғыстар тобы жағалай отырған қалың ауылдардың ортасындағы ай-рықша салтанатты Мұса ауыльна келіп ат басын тірейді. Айғаным жолын үлкен тұтқан Шорман ауылының жастары алдарынан шығып қарсы алады. Ал Зейнепті қаумалаған сінлі, женгелері бір топ болып ерекше сәнмен өздеріне ар-налған үйге кіреді...

Қарап отырсаныз, қазақ халқының үлкенін құрметтеп, кішіге ізет көрсеткен тамаша тәрбиесінен хабар беретін та-маша көрініс көз алдыңызға келеді емес пе. Айғанымдай айбынды енеге ізettі келін бола білген Зейнеп төркініне келгенде де салиқалы салтын сақтап, айналасына өнеге та-ныта білген!

Сәбит Мұқановтың «Аққан жұлдыз» романында мы-надай дерек айтылады:

«Айғаным мен Шыңғыс құда болуға келіскеннен кейін, алғашқы тойды Омбы қаласында жасап, сол маңай-дағы қала, даланың білгілікті адамдарын да, Омбыға келіп жатқан ұлылы-кішілі сұлтандарды да, Омының әкімдерін де түгел шақырыпты» дейді. Тойға арнап тігілген үй мен берілген қонақасыда хисап болмаса керек. «Шыңғыстың



көрімдігінің өзіне айғыр-үйір жылқы беріпті-мыс». Ал Шорманның Сырымбетке сапары шығармада былай өрнек-теген: «Шорман Сырымбетке қазақ салтымен емес, қала салтымен: пәуескелерге – ұш аттан, тарантастарға – пар аттан түстерін біркелкі қып жектіріп, саймандарын бай-көпестерше сәндеп, аттарының сирағына ақ жібек орап келіпті. Мұндай арбалардың саны елу шақты екен дейді, оларға жұз шақты салт ат ерген...

Осы сапарда Айғаным Шорманға: «Құда деген атағың бар және өзің Шормансың, құр қайтуың ұят болар. Осы үйде қымбат мұліктер жетерлік екенін көріп отырысын. Жорға мен жүйріктердің талай саңлағы табылады бұл елден, солардан елге көрсетерлік бірнеше таңдаулысын ал», – дейді.

Айғанымның Шыңғыс аталатын қайыннісі, оның Сартай, Тортай, Тәні есімді балалары болған, Сартай жер ауып кеткен. Сартай тентек болғанмен, Тортай мен Тәні жуас. Өзі қаршыға, лашын, бүркіт салатын құсбегі екен. Елге «момын төре» атанип, жағымды болған. Сырымбет тауының жел бетін мекендеген Тәні Айғанымның құдаларын үйіне шакырып, айта қаларлықтай сыйлаған. Сонда Шорманның көзі Тәнінің отауында тұғырда отырған лашынға түсіпті. Сұрастыrsa, Қоқсұңғі атағы дүйім елге тараған алғыр лашын осы екен. Лашынға қатты қызыққанымен, қонаққа шакырып отырған үйдің құсын сұрауға Шорман ұялған.

– Қисандар, сол лашынды беріндер! Одан басқа қала-рым жоқ! – деген екен Шорман. Тәні алғыр құсын қимай, «басқа қалағаныңды түгел берейін, бұны қолқалама!» деп қиқандағанда, Атығай-Қарауылдың игі жақсысы жалынып-жалпайып әрең әпереді, Шорман оған қатты риза болып қайтады.

Жалпы, Шорман әuletінде қазақтың саятшылық енеріне құмарлық ерекше, сол құмарлық ұрпактарына Шор-



ман бабамыздан дарыса керек. Немересі Сәдуақас Шорманов – бүркіт, қаршыға, лашын, тұйғын, сұңқар сияқты саят құстарының тілдерін жетік білген, сонымен қатар, олардың жасы мен тегіне қарай аңға деген алғырылық қасиеттерін айыра алатын, ұя салатын жерлерін және оларды қалай ұстап, қолға үйретіп, баулудың әдістерін бес саусағындағы білген саятшы, яғни, андарды мылтық атпай құспен ұстап алатын «мылтықсыз мерген» болған адам. 1907 жылы Қазан қаласында С. Шормановтың екі бөлімді «Аңшы» атты кітабы басылып шығады. Осы кітаптың алғысөзінде ол «Өз өмірімнің біраз уақытын әртурлі саят құстарымен, аң-құс аулаумен откізгендіктен, осы кәсіптің кейбір егжей-тегжейлі ерекшеліктері жайында тәуекел етіп, айтуды жөн көрдім» деп жазады. Бұл кітап Шамситдин қажы Құсайыновтың қаржатымен басылып шығады. Сәдуақас Шормановтың Бейсенкөк деген құсы болғаны туралы қызықты деректер өлкетанушы Кәрімтай Өкпеұлының деректерінен кездеседі.

Ал бізді Сәбит Мұқановтың романында қызықтырған деталь – Зейнеп Шорманқызының Шоқанға жүкті кезінде тағы бүркіттің миына жерік болуы. Әдеби шығармада автор, әрине, әсірелеп жазуы да мүмкін, дегенмен жазушы қазақ табиғатына тән құбылыстың жеңіл-желіпі дүние емес, саналы ұрпақ тәрбиесіне қатысты маңызды жайт екеніне мегзейді.

Әдette шежіре мен тарихта әйел заты ер азаматтарға қарағанда сирек аталады, оның себебі әйел табиғатының от басы, ошақ қасынан аспайтындығында болса керек. Шормандай парасатты әкенің құшағында еркелеп еркін өскен Зейнеп сұлу қазақтың мандайына Шоқандай шокжұлдызды сыйға тартты: осылайша, есімі тарихта қалды. «Алып анадан туады» деген – осы.

Зейнеп апамыз туралы қызықты бір деректі Шорман бабамыздың бір ұрпағы Мағмұра Асфандиярованың жаз-

басынан кездестірдік: «Дочь Чормана – мама Чокана еще в детстве сочиняла стихи и к ним мелодии. Сама пела. Некоторые из этих песен и сейчас поются как народные. Среди них – и посвященная первенцу Чокану. Но в то же время женам султана не разрешалось сочинять песни и их петь, играть на музыкальных инструментах. Это порицалось наравне с легким поведением. Талантливая и трудолюбивая Зейнеп вырастила и воспитала одиннадцать детей. Каждому из них отдавала частицу своего дарования, которое не смогла раскрыть в заботах о хозяйстве и большой семье» деп жазады ол 1995 жылғы «Круг близких Чокана» атты мақаласында. Автордың Шорман әuletіне қатысты бұдан басқа «Бала бий – дед Чокана» («Зан және заман», 1999 жылғы № 3 – 115-бет) және «Жумабай би (Шорман би) атты («Столичное обозрение», 1999 жылғы 5 наурыз, 18-бет) мақалалары да бар.

Магмұра Асфандиярова өз еңбегінде Шоқанның інісі Әбділмақыжан (Мақы) Үәлихановқа да тамаша мінездеме береді. Бес жасында сүзектен кейін есту және сөйлеу кабілетінен айрылып, әкесі 1855 жылы есту-сөйлеу кемістігі бар балалардың көркемөнер училищесіне окуға береді. Бұл оқу орны балаларды әр түрлі өнерге: сурет салу, сызу, каллиграфия, литография, гравюра жасауға, кітап шығаруға, ағаш жонуға (столярлық), темір жонуға (токарлық) үйретті. Оқу орнын Мақы 1864 жылы тәмамдалған, 1866 жылға дейін Санкт-Петербургтің түрлі мекемелерінде өз мамандығымен қызмет етеді. Елге келген соң Батыс Сібір генерал-губернаторлығында кенсе менгерушісі болады. Каражашадан – орысшаға және кері тәржімага жүйріктігімен көзге түседі. Мақының қолынан шыққан бұйымдар 1876 жылы Санкт-Петербургтегі ориенталистердің III конгресінде көрмеге қойылып, марарапаттар иеленеді. Кейін шебердің



колынан шықкан дүниелер еліміздің түрлі музейлеріне тапсырылса, бір қобдишасы өз немересі – еліміздің танымал сәулетшісі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының және Алматы Тәуелсіздік монументі авторлар тобының жетекшісі Шота Уәлихановқа қалған. «Баянауылда әкімшілік қызметтерде еңбек ете жүріп суреттен қол ұзбеген. Менің әке-шешем көрген суреттерінің ішінде түрлі пейзаждар, анасының, бауырларының және басқа да туыстарының портреттері бар еді» деп жазады Мағмұра Асфандиярова. Уикипедия анықтамалығында «оның сыйымен, жобасымен салынған үйлер Саумалкөлде, Торанғұлда, Көкшетау мен Қызылжарда күні бүгінге дейін кездеседі. Уәлиханов ұлы Ұйдырыс, қыздары Ажар, Қалима, әкесі Шыңғыстың портреттерін де салған» деген дерек берілген. Әрине, дарынды суретші анызы Зейнептің суретін салғанына дау жоқ, оны Мағмұра апамыз да тілге тиек етіпті. Ол суреттің бізге жетпегені ете өкінішті...

Жанаргүл ҚАДЫРОВА



Кунсткамерадағы Шормановтар фотожәдігерлері

Кунсткамера – сирек заттар кабинеті – Ресейдегі Калғашқы музей, оны 1714 жылы Санкт-Петербургте I Петр патша ашкан.

Мұнда көптеген халықтардың тарихы мен тұрмысын сипаттайтын көне бұйымдардың бірегей коллекциясы жинақталған. XVIII ғасыр басынан бастап Кунсткамера ғимараты Ресей ғылым академиясының символы болып саналады. РФ президентінің 1991 жылғы 18 желтоқсандағы жарлығымен Ресейдің ұлттық мұрасының ерекше нысандары қатарына енгізілді.

Толық атауы – «Ресей ғылым академиясының Ұлы Петр атындағы антропология және этнография музейі» Федералдық мемлекеттік бюджеттік ғылыми мекемесі (Кунсткамера).

1899 жылдан бастап осы музейде фотограф, суретші, коллекционер Самуил Мартынович Дудиннің 500-ден астам фотосуреті сақталып келеді. 2018 жылы атамыш музейдегі Орталық Азия этнография бөлімінің аға ғылыми қызметкери Валерия Александровна Прищепова Ақкелінде өткен Мұса Шормановтың 200 жылдық тойына қатысқан еді.

– Мен фотосуретшінің мұраларын 1980 жылдан бастап зерттей бастадым. Қазак халқының өміріне, тұрмыс-салтына арналған қәсіби суреттерді көрген кезімде оларды зерттеуге бірден кірісіп кете алмадым. Өйткені отандық этнография ғылымында музей коллекцияларына көңіл болінбейтін. Иллюстративтік және фотоколлекциялар заттай жәдігерлерге косымша ретінде ғана қарастырылғаны аян. Алайда жылдар өте келе иллюстративтік

фотоколлекцияларда өткен шақтың маңызды ақпараттары сакталатынына көзіміз жетті. Мәселен, кимешектің шылауышын алайық. Олар біздің музейде ақ матаның бөліктері түрінде сақталған. Бірақ қалай қолданылғанын ешкім білмейді. Шылауыш байлаудың алуан түрі бар. Ол алуандықты бізге бейнелеу құралдары ғана жеткізе алды. 1992 жылы Алматы қаласында өткен Дүниежүзі казактарының құрылтайына келгенге дейін мен бұл коллекцияларды зерттеуге қай жағынан кірісерімді білген жоқпын. Біздің музей мен Ресей этнографиялық музейін осы құрылтайда көрме ұйымдастыруға шақырғанда, біз қазақ мәдениетіне қатысты қомақты коллекция жасадық. Сонда маған бұрын ешкімге ешқайда көрсетілмеген тың материалды жарыққа шығару жөнінде ой келді. Сөйтіп, сөрелерден Дудиннің фотосуреттерін алып шықтым. Көрмені қөшілікке ұсынғанда, оған қызығушылардың қатары аз болмады. Суретшілер 1920 жылдары Қазақстанға экспедициямен келген Александр Лаврентьевич Мелков туындыларының, сонымен қатар, көне қолөнер бұйымдарының көшірмелерін жасап алып жатты. Сол уақытта маған Әбілхан Қастеев атындағы өнер мұражайының қызметкерлері Шормановтар әuletінің адамдарымен бірге көздеріне жас алғанын айтты. Шормановтар көрмеге қайта-қайта келіп, әuletтік фотоальбомдағы суреттерді көрмедегі суреттермен салыстырды. Менің бұл әuletпен, Мағида Шормановамен таныстырым сол кезден басталып, 26 жыл бойы достық қарым-қатынастымыз. Содан бері Дудиннің фотоколлекцияларына ден қоя бастадым, – деген еді Валерия Александровна.

Осылайша, көрмеге келген Шорман ұрпақтары кей фотосуреттерден өз туыскандарын таниды.

Валерия Прищепованың айтуынша, Шорман ұрпақтары музей қызметкерлеріне әulet шежіресі жазылған дәп-

терді көрсетіп, Дудин түсірген суреттердегі адамдарға қа-
тысты деректерді толықтыра түседі.

– 1899 жылы С.М. Дудин Мұса Шормановтың інісі Исаны суретке түсіреді. Коллекциясын Дудин өзі тізімдеп, қысқаша сипаттама беріп отырған. Алайда көптеген фото-
суреттер тарихын тарқатуға ол сипаттамалар жеткіліксіз болып шықты. Мысал келтірсек, Дудиннің суреттерінде мынадай анықтамалар болды: «Тұрмыстағы бай әйелдің үй
киімі», «Бай әйел балаларымен бірге», «Тойдан көрініс»,
«Ауқатты қазақ отбасы», т.б. Ал Шормановтардың қолын-
дағы фотоларды Дудин коллекциясымен салыстырғанда музейдегі суреттерден біз Мағіда Шорманованы көреміз.
Енді бір фото Шормановтар қыстауынікі екен. Техникалық түрғыда тамаша орындалған және сақталған тағы бір фотода сөн-салтанаты келіскең үлкен киіз үйде сол жақта Мұсаның інісі Isa Шорманов отыр, ортада – әйелі Жақай және ұлы Зында. 1992 жылы Алматыда өткен көрмеде Шормановтар корсеткен отбасылық фотода бала күнінде орыс саяхатшы-
сының фотоаппаратына іліккен ақсакал отыр. Шормано-
втардың альбомындағы бертінгі фотода отырғандар тура осы кісілер болып шықты: Зында Шорманов әйелі Мағи-
дамен, анасы Жақаймен және балаларымен. Жақай апа ту-
ралы шоберелерінің сөзіне сүйенсек, ол кісіде С.М. Дудин фотоларындағыдей, сол қолын жасыратын әдет болыпты. Өйткені сол қолында саусақтары алтау болған екен. Шор-
мановтардың қолында ақ сақалды Isa отырған, жанында баласы Зында мен немересі Ракымтай түрегеп тұрған фото бар. Бұл, меніңше, XX ғасырдың басында, оның Меккеге сапары алдында түсірілген, – деді ол.

Шорман ұрпактары Кунсткамера қызметкерлерін от-
басылық альбомнан тағы бірқатар фотосуретпен танысты-
рады. Соның бірі – Мұса Шормановтың үлкен ұлы Сәдуа-
кастың киіз үйінде түсірілген: Сәдуақас Шормановтың

жанында кызы, екі әйелі, немере бауыры Зында және оның ұлы Рапық бар.

Бір қызығы, Кунсткамераның ресми сайтында Мұса Шормановтың Ақкөлінде өткен 200 жылдық мерейтойы жайлышағын акпарат жарияланыпты. Онда тойға В. Прищепованың шақырылғаны жайлыш айтыла келіп, «Салтанатты шарада Шорман үрпағы – Мағіда Шорманова Валерия Александровнаға қазақша шапан жауып, университет ректоры Алтынбек Нухұлы М. Шорманов мерейтойына арналған естелік медальмен марапаттады» деп түйіндейді.

Жалпы, қазақ даласынан түсірілген түрлі фотолар Ресейдің талай ғалымының зерттеуіне арқау болса, солардың бірі – енбектерінен қазақ өміріне ерекше ықылас байқалатын жоғарыда аталған Валерия Прищепова.

Ол өзінің ғылыми зерттеуінде «К.В. Щенниковтің 1992 жылы Алматыдағы көрмеге қойылған 1908-1909 жылдары түсірілген суреттері де біз атаған әulet адамдарының тұлғасын анықтауға және коллекцияларды тіркеу кезінде жіберілген қателіктерді түзеуге көмектесті. Суреттерді қарап отырып Қазақстанға сапарға шығып бара жатып С.М. Дудин де, К.В. Щенников те Баянауылда Шоқан Уәлихановтың туыстары – Шормановтар әuletімен жолығатынын алдын ала білгенін түсіну қыын емес» деп жазады.

Тағы бір қызықты мәлімет, 1899 жылы С.М. Дудин Қазақстаннан түрмистық бұйым, ыдыс-аяқтар, саз аспаптарын ала барады. Қоянды жәрменекесінен зергерлік бұйымдар сатып алса, Павлодар өнірінен кісе, құрсау сияқты бұйым жинайды. Сәдуақас Шормановтың шаңырағынан – үршық, қымыз құятын ағаш ожау, ағаш қасық, Шорман әuletінен тымақ пен шақша алады.

Бірнеше жыл бұрын Санкт-Петербургке Павлодардағы «Марғұлан орталығының» жетекшісі, археолог Тимур



Смағұлов барып, музей мамандарымен Дудин коллекциясы туралы сөз қозғайды. Ресейліктерді Дудин қатысқан экспедиция қандай жолдармен жүрді, кімдермен кездесті деген сұрақтар қызықтырады. Ресейлік фотографтардан жеткен суреттер беттерінде сакталған ақпараттар Баянауылда жүргізілген археологиялық жұмыстар кезінде көп септігін тигізген көрінеді. Той қарсаңында айналасы коршалып ескерткіш тастандардың қойылуы, Ақкелін музейіндегі Шормановтардың ағаш үйінің макеті – осы фотосуреттер арқасында қол жеткен нәтиже. «Біз «Марғұлан орталығымен бірге Дудин экспедициясының ықтимал маршрутын жасадық. Заманауи ғимараттар орналасып, мұлдем өзгеріп кеткен жерлерді анықтағанда, музейіміздің электронды пәрәктарында орналасқан Дудиннің фотосуреттеріне жүгіндік. Алдағы уақытта шығармашылық қарым-қатынасымыз жалғаса бермек», – деді Валерия Прищепова.

Жанарғул ҚАДЫРОВА

Ақкеліниен ұшқан әуендер

Казақтың дәстүрлі ән өнеріндегі айтулы әндердің бірағының тамыры Шорман әuletінің тарихына байлаулы. Солардың арасындағы танымалы – Жаяу Мұсаның «Ақ си-сасы». Бұл ән Жаяу Мұса мен Мұстафа Шорманұлы арасындағы тартыстар тұған ән екенін әр қазақ жақсы біледі. Жалпы, Жаяу Мұсаның бұл әuletке қатысты бірталай әні бар.

Біз бұл мақаламызда Шорман әuletіне қатысы бар әндердің бір шоғырына тоқталып өтпекпіз. Ақкелін атырабымен астасқан осынау әндердің ішіндегі шоктығы биігі – «Ардак» әні. Бұл әннің авторы – Мұса Шорманұлының баласы Сәдуақас Шорманов.

Сәдуақас өзінен жасы үлкендігіне қарамастан, Шыңғыстың қызы, Шоканның қарындасы, өздеріне жиен, сұлулығымен аймаққа аты шықкан Нұридаға үйленеді. Тұңғыш ұлдары Максұттың жастай шетінеуі Нұриданың денсаулығына әсер етіп, өкпе ауруынан қайтыс болады. Жыл өткен соң Сәдуақас Едіге бидің ұрпағы Айтбакының Дүрмен деген баласының қызы Зейнепке үйленеді, бірақ ол бала көтермейді.

Жаны нәзік акын, өнерпаз Сәдуақастың өздерінің жылқышысы Жылкелдінің (руы – Орманшы) Мәкен атты көрікті қызына көнілі кетеді. Қыз бен екеуінің арасы жақындал кеткенін Зейнеп сезіп қойып, Сәдуақас бір сапарға кеткенде қыз әкесіне мән-жайды түсіндіріп, өз елдеріне көшіріп жібереді. Сәдуақас ғашық болған Мәкеніне арнап өлең жазады, оған атақты әнші-композитор Жарылғапберді Жұмабайұлы (1860-1916) ән шығарады. Бұл ән кейін халық әні аталып, ел арасына тараған «Ардақ» әні еді.

Ардақ – Сәдуақас жүргегіндегі Мәкен қыздың құпия есімі. Бұдан басқа халық әндерінің арасында кеткен «Інкәр», «Баянаула» әндері де Сәдуақас Шорманов пен Жарылғапберді Жұмабайұлының шығармашылық бірлестігінен туған туындылар деп атап өтеді Жүрсін Бәтенов өзінің «Арайлы Ақкелін» деген кітабында.

Өнертанушы Ерлан Төлеутай өзінің «Баянауылдың дәстүрлі ән өнері» (Алматы, 2006) атты кітабында «Ардақ» әнінің тарихына тоқтала отырып, былай деп жазады: «Жазушы Зейтін Ақышев осылай дей келе, Жаяу Мұсаның Салық деген баласынан естігеніміз деп «Ардақтың» үшінші ауызын былайша келтіреді:

«Ой, Ардақ, сен ак қоян шыңда жатқан,
Мен мерген қылта жерден дәлден атқан.
Атқан оқ нысанага дәл тисе де,
Ажалдан сені, сәулем, қалай қаққан?».

Тұспалдап жазған бұл шумактың жұмбағының шешуін Мұсаның Салығы тыңдаушыларына «Екіабат болып қалмай қалай аман кеттің» деп түсіндіретін көрінеді. Кейін ән айтыла келе «Ардақтың» бұл шумағы замана сынынан ете алмай ұмытылып қалған тәрізді. Бұл деректі әңгімені Салық әкесі Жаяу Мұсаның аузынан талай естіген едім деп отырады еken. Сөзін Сәдуақас жазса да, «Ардақ» әні Жарылғапбердінің әншілік-композиторлық кеменгерлігінің арқасында зор музикалық қасиетке ие болып, уақыт тезінен аман өтіп, «әлемдік музика өнерінің табысы (Затаевич) ретінде бағаланып келеді. Осы жерде «Ардақ» әні шын мәнінде Жарылғапбердінің деген ақырат пікірге соңғы нүктені қою үшін Қали Байжановпен өмірінің соңғы 20-30 жылын бірге откізген, Қалекең қайтыс болғанда өз қолымен арулап жонелткен қарағандылық Омар ақсақалдың «Ардақ» турасындағы сөзімен түйіндесек дейміз: «Ардақ» басқанікі еді дегенді Қалекең өмір бойы мойындаған емес. «Халық әні» дегенді естігенде бұлқан-талқан ашуланатын. Өзі айтқанда, «Жарылғапбердінің Ардағы» деп бастайтын». Олай болса, сол «Ардақ» әнінің сөзінің толық әрі дұрыс нұсқасын ұсынайык.

Ардақ

*Oй, Ардақ, сен ақ қоян секеңдеген,
Соңыңда бір тазым бар жетем деген.
Ойымда уш үйықтасам бар ма менің,
Айырылып сенен, сәулем, кетем деген.
Ой, Ардақ, сен ақ қоян шыңан қашқан,
Артыңда мен ақ сұңқар түлен ұшқан.
Кан қылмай ақ жүніңен бір ілгізши,
Тамаша қарап тұрсын дос пен дұштан».*

Жарылғапберді 1902 жылы қажылыққа барып, одан араға екі жыл салып 1904 жылы оралса керек. Ол дін шарт-



тарын орындаپ, өлеңді қойып кеткен дейді. Бірақ жазушы Зейтін Ақышевтың 60-шы жылдардың аяғында баянауылдық Сәду Қызырбайұлы атты ақсақалдан жазып алған төмендегі естелігі Жарылғапбердінің өлеңді оңайшылықпен қоймағанынан хабар бергендей: «Жарылғап қажы Меккеден келген соң ағайын-жұртқа амандасам деп ел аралайды. Бір күні Мұсәлім болыстың ауылyna келеді. Болыстың әйелі бес қыз тауып, үлға зар екен. Жарылғап қажы қонып жатқан түні Зейпін бәйбіше толғатып, үл табады. Мұсәлім қажының қуанышында шек болмайды. Баланың Меккеден жаңа келген Жарылғап қажы қонып жатқанда туғанын ырым көреді. Шілдехана той-думан басталып кетеді. Жиналған жұрт қолқалап болмаған соң Жарылғап қажы ән салады. «Ардақты» тастан жіберініз» деген дауыс шығады. Неге екенін білмеймін, омырауды ашып тастан, әннің бірінен кейін бірін жосылтып отырған қажы қысылып қалды, ұялғандай, көзінен күлкі білінгендей болды. Біраз отырды да, басын шайқап қалып, «Ардақты» аныратып қоя берді», – дейді Сәду карт.

Жарылғапбердіні Мұсәлім үш-төрт күнге дейін жібермейді. Дәл жүрерде жаңа туған сәбиге ат қойып кетініз деп өтінеді. Жарылғап баланың атын Хыкмет қойды. Мұсәлім оған ат мінгізіп, қолына құлынды бие жетелетіп аттандырды». Дерек берушінің бұл жерде «қажы қысылып ұялғандай болды» деп отырғанының құпиясы Жарылғапбердінің шәкірті Жабай Тоғандықовтың естелігі бойынша мынадай жағдайда жатса керек: «Сәдуақас Шорманұлының Мәкен қызбен арадағы Құлболды-Каржасқа жария болған атақты оқиғасынан кейін Жарылғапберді «Ардақ» әнін шыгарып, ел ішінде айтып жүреді.

«Баянауылдың дәстүрлі ән өнері» кітабында Ерлан Төлеутай бұл туралы былай деп жазады: «Ел ішінде Жа-



рылғапбердің Шорманның әншісі деп те атаған. Шорман тұқымының басыбайлы әншісінің мұндай бассыздығына қүйініп, қаны басына шапқан Сәдуақастың адудын бәйбішесі әншіні шақырып алғып былай дейді: «Сіз, Жәке, «Ардақ» деген әнінізді әр жерде айттып жүр деп естімін. Ол ән тұн қараңғысында тайғанак мұздан шыққанын білесіз ғой. Бұдан былай ол әнді айтқаныңыз құлағыма тисе, өкпелеменіз», – депті. Міне, біз суреттеп отырған Зейнеп бәйбішениң қаһарынан қорықкан Жарылғапбердің «Ардақты» айтшы» дегендеге ұялып, қысылып қалғандығының құпиясы осы болса керек деп шамалаймыз».

Сәдуақас өзінің биік адамгершілігімен, білімімен ел құрметіне бөленіп, «Сәкен ағай» атанған. Сәкен ағай өз экесінің інісі Әужаннның баласы Әмір-Темір қайтыс болғаннан кейін оның жесірі Бәдіғұл-Жамалға үйленеді. Әмір-Темірдің баласы Асфендияр Сәкен ағайдың қолында өседі. Әмір-Темір өнерлі, сері жігіт екен, атақты сал-серілермен карым-қатынаста болған.

Ол туралы жазушы Медеу Сәрсекенің мынадай жазбасы бар: «Ақан дүлдүл бұл әнді өзінің заманасы – Әмір-Темірге арнаған. Ол – атақты шонжар Шорман бидің немересі; Баянауланың Ақкелін болысындағы ауылында мұсылманша сауат ашып, Омбы қаласында бірнеше жыл орыс мектебінде білімін көтерген; яки өз заманының алдыңғы легіне шыққан білімпаз азamat. Оның некелі қосағы – Шоқан Үәлихановтың туған інісі Сақыпкерейдің қызы, есімі Бәдіғұл-Жамал, ерекше сұлу жан. Ақан сері Қорамсаұлы осы бойжеткенге ерекше ғашық болған. Қыз да Ақандай өнерлі жігітке кет әрі болмаған сынды. Ақан сол сұлуға арнап қазірде дүйім жұртқа мәлім «Ләйлім», «Ақтоты» әндерін шығарады. Алайда қазақшылық жол-жоба жеңіп, Бәдіғұл сұлу Шорманның кенжесі – Әужан-

ның ауылына ұзатылады. Сірә, сұлу қалындығын қимаған тәрізді, Ақан сері сол жазда Баянаулаға іздең келіп, жас отаудын тұра өзіне тоқтайды. Әмір-Темір сері қонағын бір ай құрметтеп, ерекше күтеді, екеуі бірін-бірі түсініп, ақырында құшақ айқастырып, өмірлік дос болып айырылысқан-мыс. Сол ауылдан аттанарда сері «Майдаконыр» әнін шырқап, «осы әнімді ерлі-зайыпты екеуіңе байладым, бақытты болындар!» деген-міс. Жоғарыда мен айтқан жайт 2008 және 2010 жылдары жарық көрген Серік Жақсыбаевтың «Қаржас ұрпактары» және ағайынды Д. мен Б. Біләловтардың (екеуі де Шорман бидің бертінгі перзенттері) «Қаржас шежіресі» кітаптарында нақты жазылған. Сол кітаптарда Әмір-Темір Шормановтың оқыс ауырып, жасаң жігіт шағында кенеттен опат болғаны жазылған. Оның артында екі перзент – Нариман, Аспандияр (осы жігіт Кенес заманында ауыл шаруашылығының аса ірі ғалымы атанған, фамилиясы Шорманов) есімді екі бала және бір қызы қалыпты, олардың да ұрпактары өсіп-өнген-міс. Мен осы деректерге академик Қ.И. Сәтбаев туралы Баянауылға жіңі барып, сол елдің тарихын қазып жүргенімде кезіккен едім. Ақан сері Қорамсаұлын соншама қызықтырган Бәдігүл-Жамал сұлудың бергі, Кенес заманындағы тағдыры мұлдем аянышты. 1928 жылғы қазақ байларын тәркілеу кезіндеге баянауылдық белсенділер оны түрмеге қамап, «Шорман бидің әuletі тыққан кымбат қазынаны сен білесін, соны көрсетесін...» деп күнітүні дүрелеп, қайран сұлу ақырында түрмеде мерт болған.

Бәдігүл-Жамалдың әменгерлік дәстүр бойынша қосылған ері – Шорман бидің немересі Сәдуақас мырза Мұсаулы. Сол ерінен ол 1901 жылы қыз бала көріп, есімін Нафіға атайды. Ол да шешесіндей сұлу, ерке қыз атанип ержетіп, Омбы шәрінде орысша оқыған. Осы сұлудың өзі және сүйіп қосылған ері – ескі зиялды, Том университетін



1916 жылы тәмамдалап, адам дәрігері мамандығын игерген, Алаш партиясының белсенді мүшесі Асылбек Сейітов. Ол Баянауылда, Қарқаралыда дәрігер болып еңбек етуден соң 1923-1937 жылдарда Шығыс Қазақстан облысының денсаулық сақтау бөлімін басқарған. Амал не, ол да сол кездеңі «Халық жауларын іздеу» науқанында екі інісімен бірге атылған. Нафига сұлу сол қазаны көтере алмай, жүрек талмасынан мерт болған. Тәубе дерлік гәп: оның Роза және Клара есімді екі қызы аман қалып, Шормановтардың тәрбиесінде өсіп, бертінде отбасын құраған. Мен Сейітовтер мен Шормановтар әuletінің бертіндегі шерлі тарихын арқау етіп, деректі хикаят жарияладым (2014 жылы жарық көрген 8 томдық «Шығармалар жинағымның» 2-томы).

«Майдакоңыр» әнінің мәтіні мынадай:

«Жігіттің падишағы Әмір-Темір,
Бозбала әнге салсаң қайғың кемір.
Кешегі бес болыстың кеңесінде
Шығарған Ақан сері Майдакоңыр.
Сұлу ат, жақсы әйел – ер қайрагы,
Жігіттің болып остім боз тайлагы.
Қағаз шай, аңы насыбай – ерге қуат,
Күйіңе түсіреді қай-қайдагы».

Өнертанушылардың зерттеулерінде Жарылғапберді әнші шырқайтын «Топайкөк» әнінің тарихы да Шорман әuletінен қатысты аталады. Дәстүрлі ән зерттеушісі Ерлан Төлеутай өз еңбектерінде оны тарқата жазған. Ән тарихына қатысты болжам бірнеше нұсқада баяндалатындықтан, оны нақтылауды музыканнтар еншісіне қалдырғанды жөн көрдік.

Шорман әuletінің мәртебесін асқақтата түсетін қанатты сөздің бірі – Біржан салдан қалған мына тармақ:

«Арқада бір құтым бар Мұса Шорман,
Ежелден келе жатқан ескі қордан.

*Мұсаның бел баласы – Сәдуақас,
Күтқарған сан қыранды түскен тордан».*

Бұл өлең Біржан салдың ақын Сарамен айтысында туған. Мұның мәнісі: Сәкен ағай Мәдиді де түрмеден босатып алған деген дерек бар. II Александрдың таққа отыру салтанатына барған қазактар қайтуға жиналғанда, патша олардан бұйымтайын сұрайды. Біреулер шен-шекпен, пұл сұрап жатқанда, Мұса: «Менде өтініш жоқ, баламда болмаса», – дейді. Сонда Сәкен ағай: «Ресейдің шетін жайлған тұтқынға түскен, айдауда жүрген адамдарға бостандық берсеңіз!» – деп сұрайды. Патша өтінішті орындауға үде беріпті. Келесі жылы көп тұтқындарға кешірім жасапты. Бұл деректер Жұрсін Бәтенұлы мен Бегендік Әліпбайұлының «Арайлы Ақкелін» кітабында да аталған.

Тағы бір атап өтерлік жайт, кезінде өлкетанушы Серік Жақсыбаев Ақан серінің бірқатар әнін («Баянаула», «Көкжendet», «Әудем жер») Сәдуақас Шорманов пен Жарылғапбердінің деп дәлелдеуге тырысқан.

«Өкпе Дүйсенбайұлы – қыран құс ұстап, оны баулып, саят құрган, Сәдуақаспен аталас адам. Қерімтай қажының айтуынша, С. Шормановтың қолындағы қөкжendetі «Бейсенкөк» деп аталағы. Осы лашын көп жылдан соң өлгенде Сәдуақас «Бейсенкөк» деген өлең шығарған. Оған Жарылғапберді ән шығарады. «Бейсенкөк» қазірде «Көкжendet» деп аталағы, Ақан серінің әні боп саналып жүр. «Көкжendet» әні Жарылғапберді мен Сәдуақастың шығармасы екендігін баянаулалық шежіреші Қерімтай Өкпеұлы қажы да талай рет айтты. Оның айтуынша, ол әкесі Өкпеге (1864–1954) осы «Көкжendet» әні мәтінін Ақан серінің деп оқып бергенде, әкесі: «Қайран, заман-ай! Еш пендеге жазығы жоқ асыл ағам-ай (Сәдуақас Шормановты айтып отыр – С.Ж.),


мал-мұлқің таланып еді, енді жүргегінді жарып шыққан әнінді де талады-ау!» – деп жылап жібергені туралы Павлодарда шығатын «Дауа» деген газетте жазылған еді. Бұл газет осы жолдар авторының қолында бар», – деп жазды ол. Музыка зерттеушісі болмағандықтан, біз бұл жайтқа уәж айта алмаймыз, болашакта зерттеле жатар деп үміттенеміз.

Шорман бабамыздың ұрпағы – Мағмұра Асфандиярованың жазбасынан Зейнеп апамыздың тағы бір өнерлі перзенті, Шоқанның інісі Сақыпкерей (Қозыке) туралы тәмен-дегі деректі кездестірдік.

«Наиболее одаренным и талантливым из братьев Чокана был Сахип-Гирей (Козыке). Он своими стихами и мелодиями к ним прославился в народе как незаурядный поэт и композитор. Романтическими и лирическими песнями доставлял Чокану, когда тот был в своем ауле, много радости. Но будучи сыном султана, не мог публично петь и играть свои произведения: это могло подорвать престиж отца. Его дочь Бадыгул-Жамал, мать моего отца, вспоминала, как Козыке брал с собой аульных ребятишек и своих детей, чтобы избежать нелестной молвы, уходил в лес, горы, в приозерные камыши и там играл на кобызе, събызге и домбре. Во весь свой сильный голос пел самим сочиненные песни и наслаждался игрой на музыкальных инструментах допоздна. Известны некоторые его песни, а «Қозыкенің аманаты», посвящена памяти любимого брата Чокана.

Был в дружбе с известным певцом Аканом Серы, который по просьбе Козыке пел его песни и исполнял музыкальные произведения публично, распространяя их среди населения. Поэтому некоторые песни Козыке исполняются сейчас как песни Акан Серы или как народные.

Козыке скончался в молодые годы. Как говорили, от избытка вдохновения.



Почти все его песни знал наизусть мой отец и пел их под свой аккомпанемент на пианино, аккордеоне или гитаре. И очень жаль, что до сих пор никто из музыколов не попытался изучить жизненный и творческий путь Козыке». Мағмұра апамыз өкінішпен атап өткен Қозыке туралы дерек ақпарат әлемінде жоқтың қасы. Дегенмен Ілия Жақановтың 2022 жылды жарық көрген «Аққу әні» атты кітабында Ақан сері айтты деген «...әндей мөлдір, ән боп жаратылған Қозыке» деген қысқа ғана тіркесті кездестірдік. Бұл да өз іздеушісін қүтіп жатқан тақырып!

... Қорыта айтсақ, тамыры Шорман әuletімен астасқан әуендердің бір шоғыры зерттеп-зерделеуге зәру екеніне көзіміз жетті. Ақкелін аспанымен сырлас әндердің бір тобы сүйіспеншілік тақырыбында болса, бір шоғыры әuletпен арадағы ашу-ыза, шиеленіскең қарым-қатынас, дау-дамаймен астарлас. Қалай болғанда да, ол әуендер шырқалған сайын әulet тарихын жаңғыртып, жандандыра берері сез-сіз.

Жанаргұл ҚАДЫРОВА

АҚКЕЛІН ТОЙЫНАН – ТОБЫҚТАЙ...

(Мұса Шормановтың
тұғанына 200 жыл толу тойынан)



... Баянауыл, Ақкелін атырабы,
Сәдуақасы Шорманның жатыр әні.
Ақбеттаудың жаралы жотасынан
Мұсаның мұнды үні шақырады.

Киелі өлкө Сәдуақасты атакты еткен,
Есімі жер-жаянға сапар шеккен.
Сыйластықпен дос, туыс, ауылдасты
«Сәкен ағай» деп кейін атап кеткен.

Сәдуақас салғыртты сабаған ұл,
Балаға білім берген «қабаған» ұл.
Мәди менен Қияштың жалғыз ұлын
Абактыдан алдыртқан абадан ұл.

Сәкен ағай кенде емес көрім істен,
Басқа қонған дәулет пен бақ-ырыс тен.
Тендікте ең алғаш боп мектеп ашып,
Білімнің бұлағынан қанып ішкен.

Шығарған талай мәрте қазақ атын,
Потанинге тікелей хат жаза алатын.
Махмұттың Торайғыров болуына
Үлес қоскан үлгілі азаматым.

Азамат Жилжанов



«Ақкелінде жатқан асқар биігім!»

Ескелдіде Мәшһүр баба руҳына тәу етіп, Беріктас, Жыланды, Құндықөлді артта қалдырғанымызда, алдымыздан Ақкелін жарқ етті. «Мұса мырза ауылындағы ақшаңқан үйлер алдына аппак орамал таққан бейбішелер мен келіндер шыққанда, ауыл ажарланып кетеді екен» деп өзіміз естіген дәп сол әңгімелердегідей! Осы тұста Ақкелін атауының төркінін кеше ғана дүниеден өткен өлкетанушы Серік Жаксыбаев атамыздың өсімдік әлемінен іздегені де (ақкелін – құрделі гүлділер тобына жататын көпжылдық өсімдік, орысша атауы – ханделия) есімізге тұсті...

Текті ұлдарды дүниеге әкеліп, талай жақсы мен жайсан қасиетті топыраққа Мұса Шорманұлы бабамыздың 200 жылдық тойында біздің де табанымыз тиді.

Алыстан меммұндалаған аппак кесене бүгінде ауылға айбар бере түскендей. Ең әуелі нөпір жұрт осындағы жаңадан ашылғалы тұрган мемориалдық кешен басына жиылды.

«Ассалаумагалейкум, Арғынның ақсақалы!» – деп Мұса Шорманұлы сәлем бергенде, «Уагалейкумассалам, Орта жүздің шамшырағы!» – деген екен Саққұлақ би. Содан бері бір ауыз сөзі ел аузынан түспеген екі жақсының сый-құрметін жалғап, Саққұлақ бидің ұрпағы – КР Парламенті Мәжілісінің депутаты Азат Перуашев та жиылған жүртты тоймен күттіктауды. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, бас мұфти Серікбай қажы Ораз баба руһына дұға бағыштаса, облысымыздың әкімі Болат Бакауов Мұса Шорманұлының қайраткерлік тұлғасы жайлышты айттып өтті.

Кесене орналасқан қабірстан толық абаттандырылып, коршалған, сонымен катар, араб әріптерімен «кәлима шаһадат» бедерленген биік арка орнатылған. Кесенеге апарар жолға киматас төсөліп, қызыл кірпіштен өрілген қаз-катар



тұғырлардағы қара мәрмарларға Мұса мырзаға қатысты қысқа деректер мен танымал тұлғалардың ел аузындағы сөздері жазылыпты.

Тойдың бастамашысы әрі негізгі ұйымдастырушыларының бірі – Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры Алтынбек Нухұлының айтуынша, кесене салуға қажетті ұлутастар екі вагонмен Маңғыстаудан әкелініп, оны Тендікке жеткізуге екібастұздық азаматтар – ағайынды Әбугожиновтер қол ұшын беріпті. Аз ғана уақыт ішінде «Ертіс-Баян тарихи тұлғалары» қоғамдық қоры құрылып, соның арқасында кесене құрылысы алға баскан.

Тойдағы түрлі шаралар барысында ПМПУ-ге қарасты «Марғұлан» орталығының да бұл жерде біраз шаруа атқарғанын білдік. Мәселен, Мұса Шорманұлы мәңгілік тыныс тапқан қабірстанда бұрын Шорман әuletінен 8 адам жерленген деген болжам болса, «Марғұлан» орталығының зерттеуінен соң 24 кісі жерленгені аныкталған. Мұса бабамыз жары Нағжан Қарекеқызымен қатар жатыр. Осы тұста айта кетерлігі, Мәшіһұр Жұсіп Қөпейұлы Нағжан Қарекеқызы туралы «...Нақжан ұргашының барып тұрған каска мандайы еді», – деп жазған екен. Нағжан бәйбіше қайтқан соң Мұса Шорманов қайта үйленбей, 15 жыл жарсыз өмір сүріп, 66 жасында қайтыс болған.

Мемориалдық кешен құрылысына қайта оралар болсақ, үш ай ішінде салынған кесене биіктігі – 9 метр, кешен аумағы 500 шаршы метр. Оның эскизін Алтынбек Нухұлының айтуымен дизайнер Игорь Козлов жасап, Жұмабек Қамзин өз ақыл-кеңесімен толықтырыпты. «Сұлтанбет сұлтан» қоғамдық қорын басқаратын Жұмабек Қамзин құрылыс іргетасын құйған. Ал құрылыс жұмыстарын сәүлетші Ермұханбет Әлиевтің басқаруымен Ербол Әлжанов, Алланұр Қараматдинов, Асан Ибадуллаев, Полат Пірназаров, Даulet

Мұхаметжанов, Паҳрадин Беканов, Бекжігіт Оразбаев сынды азаматтар жүргізіпті. Бұлардың бәрі – өніріміздегі Иса-бек ишан кесенесін көтеруге атсалысқан құрылышылар. Құрылышқа жұмсалған қаржыны кәсіпкерлер Қобланбек Қожин, Қарлығаш Әубәкірова, Жұмабек Қамзин, Абызбай Адамов, Мұса Шормановтың ұрпақтары Софья Байниязова, Саяш Ахметов көтерді. Сонымен бірге, меценат, «Баянауыл перзенттері» көптомдық энциклопедиясы авторларының бірі Ғаббас Бектұров бас демеуші болыпты. Мемориалдық кешен құрылышына бұрын «Рухани Павлодар» қоғамдық корын басқарған Нұржан Әшімбетовтің де косқан үлесі зор. Осы еңбектері ескеріліп, Ғаббас Бектұров пен Нұржан Әшімбетовке Мұса Шормановтың 200 жылдық тойы қарсаңында жарияланған мүшәйра жеңімпаздарын марапаттау тапсырылды. Атап өтерлігі, мүшәйрада 1-орынды қарағандылық ақын Айзада Ракымжанова, 2-орынды керекулік Куанышбек Шарманов, 3-орынды екіbastұздық Жанаргұл Кадырова жеңіп алды.

Алтынбек Нұхұлы, сонымен катар, құрылыш жұмыстарына белсene атсалысқан Тендік ауылы тұрғындарына зор ризашылық білдіруде.

– Тау болып үйілген күмді қабірстан аумағына жаю, құрылышыларға ыстық тамақ беру – осы жұмыстың бәрін ауыл халқы атқарды. Бұл нағыз халықтық құрылышқа айналды. Қаныш Сәтбаев атындағы мектептің Қайриден Мұзағаров басқаратын ұжымы түгел келді. Қаныш Сәтбаев атындағы ауылдық округ әкімі Ғалым Әмиев бастаған еріктілер тобы белсene көмектесті. Сыныптастарым: Нұржан Саринкин, Ақжарқын Сарбасов, Теміртас Қырықбаев, Қабиден Ілиясов, тағы басқалар қолдарына қүрек ұстап, жастарға үлгі көрсетті. Ал «Қызылтау» фирмасының директоры, «Тұған жерім – Баянауыл» қоғамдық корының жетекшісі



Орал Сартаев пен інісі Жанат Сартаев жүк көліктепі мен автокран қызметінің ақысын төлеп, Сәдуақас Шорманов зиратына, Шормановтар әuletі тұрған ағаш үй мен Сәдуақас Шормановтың бастамасымен ашылған тұнғыш орыс-қазак мектебінің орнына белгіастар орнатуды мойнына алды, – дейді Алтынбек Нуҳұлы.

Кесене басында жолықкан алашордашы Қошке Кеменгердің шөбересі Қайырбек замандасымыз болса: «Баян елін оқу-білімге, еуропаша мәдениетке шақырған Мұса мырза ғылым, өнер, әдебиет саласында алты Алашқа атағы жайылған тұлғалардың өсіп-өнуіне себеп болған. Мәшінүр Жүсіптен бастап Жүсіпбек, Сұлтанмахмұт, Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан, Шәкен Аймановтарға дейін қаншама біртуар есімдердің қалыптасуына шапағаты тиген. Омбы барғанда намаз оқитын жер болсын деп 1849 жылы қаланың жанынан, Ертіс өзенінің сол жағалауынан Каржас ауылын құрған. Ауылға Кеменгер бабамызды басшы етіп сайлаған. Сол заманнан бері әuletіміз Омбы мен Баянды бірдей қоныс еткен. Омбыдан білім куған қыр қазағы Каржасқа тоқтағанын академик Шапық Шөкиннен естідік», – деп сыр шертті.

Бұл күні Тендік ауылында жаңадан салынған қосқабатты мәдениет үйі пайдалануға берілді. Көрермен залы атшаптырым, жоғарғы қабатынан кітапхана қоныс тепкен мәдениет үйінін бір канатын Ақкелін музейі алып тұр. Бұл музей де осы тойдан келешекке қалар естелік. Онда Ақкелінде өсіп-өнген, сонымен катар, Шорман әuletімен байланысы бар тұлғалар жайлы деректер ұсынылды. Шорманның ағы атасы Мырзагұл батыр мен оның інісі Жәдігер батыр, Шокан Ұәлихановтың анасы Зейнеп Шорманқызының портреттері де ілінген. Екі ағаш үй макстінің бірінің тұсында «Бұл жерде Ертіс-Баян өңіріндегі алғашқы қазақ-орыс

мектебі 1903 жылы елінің қамкоршысы, ағартушы, ақын Сәдуақас Шормановтың бастамасымен ашылған. Элемге әйгілі ғұлама ғалым, тұнғыш академик, ауыл тумасы Қаныш Сәтбаев осы мектепте білім алған» деген жазу болса, екіншісіне «Қазақтың мемлекет және қоғам қайраткері, ғұлама ағартушы, Баянаула дуанының ага сұлтаны Мұса Шорманұлының ағаш үйі осы жерде болған. Бұл жерге казақ елінің мақтанышы Шоқан Уәлиханов нағашы атам Шорман би ауылы деп бірнеше рет келген» деген түсініктеме беріліпті. «Павлодар облысының 100 тарихи тұлғасы» жобасы аясында жарық көрген Мұса Шорманов жайлы бейнефильм таспасы, таяуда басылып шыққан «Мұса Шорманұлы» кітабы (жауапты редакторы – Сайлау Байбосын) және Серік Жаксыбаев, Алтынбек Нұхұлы, Ернұр Рахимовтың бірлескен авторлығымен жарық көрген орыс тіліндегі «Муса Шорманов» монографиясы да осы музейден табылады.

Тойдың бір бөлігінде ұлттық ойындардан сайыстар отті. Ат бәйгесінің жеңімпаздарына екі бірдей жеңіл автокөлік берілді. Тағы бір қызығы, бес бірдей ұшақ шеру құрып, көк жүзінен шашу шашты.

Бұл тойда Екібастұз өңірі бес киіз үй құрып, «Естай ауылы» деп атады. Сонымен қатар, жерлесіміз Жәнібек сал Мәліков те «Жақып молда ауылы» деген атпен ақшаңқан үй тігіп, меймандарга өз әuletі атынан сый-құрмет көрсетті.

Жанаргұл ҚАДЫРОВА, Ақкөлін, 2018 жыл



Кеменгер

(Мұса Шорманұлына)

Екеуіңде – бір есім,
Екеуіңнің елге де ортақ үлесің.
Пайғамбардың ұлы есімін арқалап,
Мұса десе Мұса екен деп шартарап,
Байжанұлын Тәнір әнші етсе егер,
Шорманұлын сұлтан етті ол алқалап.

Содан бері құсалы –
Көк жүзінде екі қыран ұшады.
Шорманұлы десе сізді айтады ел,
Байжанұлы десе – Жаяу Мұсаны.

Біреуіңе дауыс берді елеңдер,
Біреуіңе намыс берді кемеңгер.
Екі Мұса туып Баянауылда,
Екі нұрга боленді ел.

Мұңдан бетер наласы,
Жасыбай деп жер мен көктің арасы.
Нар заманың кіндігінен тумай қап,
Тар заманда туганыңды қараши.

Алтыс алты жасыңда,
Небір сойқан бұлт аунады басыңда.
Абыздардың алтын гасыры отті де,
Абдырадың сосын темір гасырда.

Ажал дейтін әңгүдік,
Жан-жасағыңда жатқанымен жаңғырып.
Мұсалардың Пайғамбар бол, ақын бол,
Не сұлтан бол туатыны – заңдылық.



Әр сөзіңе мұрагер,
Құба жон мен құлан жортқан құба бел.
Шорманұлы Мұса түгән жұрт болсақ,
Жұтылуым мүмкін бе деп ұгады ел.
Ақкелінде жатқан асқар биігім,
Аруағыңмен алқап бізді тұра бер!

Айзада РАХЫМЖАНОВА, 2018 жыл

Ақылға дана, кен еді...

Бір ғасырдың жүргі бар бір басында,
Бір галамның жыры бар
тұлғасында.
Құтқа толған құрсағы
Баянтаудың
Қасиеті Мұсадай мырзасында.

Дүлдүл шыққан дүниеден жиынп білім,
Көсемі деп көрсетер ишкітының.
Мың сан ерлер жиналса,
ортасында
Шорман бидің шоқтығы
біік-түгени.

Сол асылдан құт дарып
тұла бойға,
Сомдығына сүйсінген ұлы
Абай да.
Мұстафа кеп Жаяудың атын алса,
Мұсасына жұрттымның кінә қойма.

Ерте білген ер ғой ол елдің ісін,
Ерте байқап заманның ендігісін.



Шорман би

Надандықтың бұзсам деп тас
қамалын,
Білек түріп білімге берді күшін.

Ақкеліннің мектебі қуә бұған,
Сусында таңан білімнің бұлагынан.
Топ-топ жүздіз туганы содан
шыгар,
Тогыз болыс Баянның дуанынан.

Білім-евлым бар жерге бақ
қараилап,
Көзі ашиқ ел кормес деп жеттап
айбат.
Бұрынғы мен соңғыда кім бар
екен,
Білім алу салығын тапқан ойлан.

Шыдан тұрып заманың
шынтағында,
Ұлттың рухын сақтаған,
ұрпағында,
Кеңгे жайған атагын
Баянтаудың
Кемелдігі Мұсадай сұлтанында.

Ага сұлтан айырган ақ-қараны,
Жұртыймың жанса деген бақ,
талабы.
Әйтпесе, «бір құтым бар
Мұса Шорман»,
деп Біржан Сал несіне мақтанағы.

*Мақтанаңды, болған соң мақтаулы
ерім,
Озып түгән заманнан ақтаңгерім.
«Жайнамазда коз жұмды», – дейді
Мәшіүр,
Жарық болгай, ендеше,
жатқан жері!*

Куанышбек ШАРМАНОВ, 2018 жыл

Мұса мырзаның рухына

*Ақбеттаудың айбарлы іргесінде,
Жыр кешу ме, ағайын, мұң кешу ме?
Алаш бүгін жиналды Ақкелінге
Аруагыңмен озіңді тілдесуге.*

*Тұлпарға да ас берген, тұғырға да,
Баян үшін, білемін, құның дара.
Жатқа бермей ап қалған сол Баяның
Жатыр іздеп өзіңді бүгін ғана.*

*Жамағаттың жағам деп жарық күнін,
Жанұшырып кетіп ең, жарықтығым.
Жылдар салып арага сол жамағат,
Жатыр, міне, өзіңді танып бүгін.*

*Қарапайым күй кешкен қоңыр ғана,
Сол қазагың, сол мекен, со бір дала...
Жырыма бірінші гасырға жетті әйттеуір,
Салып кеткен жоғалмай жолың, баба!*

*Қалмасын деп қапаста қалың елің,
Шығып еді бір кездे әбігерің.*



Шорман би

«Жұлдыз бол деп Шығыстың аспанында»,
Шоқанды да сол жолға салып едің.

Осы жолмен кешиегі Қаныштар да
Қанат қақты қияга, алыстарға.
Осы жолмен үртагың ұлы болды,
Ту гып ұстап жігер мен намысты алға.

Үртагыңдан — үрпақса сабакталып,
Қазынасын ғылымның сан ақтарын.
Баянтауды танытты бар әлемге,
Осы жолмен үшқандар қанаттанып.

Үрпақ бүгін түсінсе салмақ-құнын,
Ұмытылмас есімі ардақтының.
XXI ғасырда сол бір жолды,
А. Нухұлы жүр міне, жалғап бүгін!

Сайлау БАЙБОСЫН, 2018 жыл



Ақкелін қасидасы

Мен озіңе айтар едім, құрметтім,
Ақбет-әұмыр баянын.

Кілт үзілген арасында дүрмектің
Жалғап хатын бабамның.

Ескі жүрттың бұлкілдеген тамыры
Есен-аман сен көрген.

Айы озеннің арта түсken қадірі
Шежірелі күндермен.

Аспанга да атын жазған ұланы,
Баласы үшін бақ керім.

Жаратқаның жсанарында тұрагы –
Асқақ қалты Ақкелін!

Үкі сынды Мәшіүріне тағылған,
Топырагы киелі.

Ақсүйек бұлт арасында сабылған
«Ардақ»-жүрек жыр елі...

Сырымбетке аттанарда Зейнеп қызы
Сыңсу айтқан босага.

Қаржасының құты деген болек соз
Тағдыр еді Мұсага.

Отызында орда бұзып жарқ етін,
Кекке сіңді Шоқан-шер.

Мырзаиоқы сағыныштан ортеніп,
Жоқтайды әлі Саумалкөл!

...Кокжендеңі көмекейден күй төгіп,
Кеудеде асыр салған бел.

Орта жүздің шамишырагы Күн болып
Маңдайында жансан ел!



Шорман би

Кептейтүгүн күмбірінен үркіп Ай,
Кескен уақыт тұсауын.

Азан үнін тыңдасаң гой, шіркін-ай,
Мешітінен Мұсаның!

Алақандай ақ мәрмәр тас жасабығын,
Тұрмады ма кеше де?!

Дүга қылам Тәңіріме табынын,
Күміс күмбез кесене!

Жұлдыздары жетектескен гарышта,
Құс жолынан қол созым.

Мұса туын, түлеп ұшқан Қаныш та
Ақкелінім – еңселім!

Жанаргұл ҚАДЫРОВА, 2018 жыл

2022 жылғы шілдеде Шорман баба басына белгітас қою және ас беру шарасына үлес қосқан азаматтар:

- 1) Ақын, жазушы Сайлау Байбосын зиратты табуға көмектесті;
- 2) Тарихшы, қоғам қайраткері Жамбыл Артықбаев зиратты табуға көмектесті;
- 3) Өлкетанушы Алтынбек Құрманов зиратты табуға көмектесті;
- 4) Ілдебай Мұрсалов – топтың ақылшы, бағыт-бағдар берушісі, әuletімен бірге белсенді атсалысып отырды;
- 5) Қайыргелді (Қайыржан) Қияшов – негізгі ұйымдастыруши және келіссөздерді жүргізуши;
- 6) Алтынбек Нуҳұлы қаржылай қолдау жасап, тастың сөзін жазды;
- 7) Бегім Серікұлы Экімов зиратты көтеруге көмек беріп, негізгі жүкті арқалады, техникамен қамтамасыз етті, тойды ұйымдастыруға күш салды;
- 8) Журналист Жанаргұл Қадырова WhatsApp желісінде топ ашты, кітапты құрастыруши;
- 9) Әсет Абдуев Мырзағұл ұрпақтарынан қаржы жинағы;
- 10) Жалпы ұйымдастыру жұмысын арқалағандар: Сейсенбек Үйдырысов және балалары Айбат Үйдырысов, Мұсабек Сейсенбекұлы;
- 11) Орал Рахмашұлы Сартаев тасты Баянауылдан Шорман би басына жеткізді;
- 12) Ардашер Ахметов — ұйымдастыруши, ақшалай қолдап, жылқы мен киіз үй апарды;
- 13) Саябек Саликов отбасымен киіз үй тігіп, жылқы сойды. Қонақ күтіп, қызмет көрсетті.



- 14) Ардақ Сарбасов ұйымдастыру шаруасына көмектесіп, қаржылай демеушілік көрсетті;
- 15) Еркін Біләлұлы Қаржастар тобында қаржы жинасуға атсалысып, ақшалай қолдау көрсетті;
- 16) Бота Серіккызы қаражат жинады;
- 17) Мұрат Қопабаев ұйымдастыру шаруасының басы-қасында болды;
- 18) Жасқайрат Төлеубеков жылқы атады;
- 19) Төлеген Смагұлов жылқы атады;
- 20) Аспанбек Шұғатаев республикалық айтыс ұйымдастырыды;
- 21) Еламан Қабділәшім айтысты жүргізді;
- 22) Гүлсара Мәлікова телерепортаж әзірледі.

Атсалысқандар:

Баянауыл ауданы әкімдігі;
Ерейментау ауданы әкімдігі;
Ерейментаулық азаматтар;
Баянауыл, Ерейментау, Қарағанды қаржастары.

Негізгі қомақты қаржыны Мырзагүл батыр ұрпақтары (тұтін басына 50 мың теңгеден) жинады; Шоманкол ауылының тұрғыны Сейсенбек Ыдырысов, Алмас, Ардашер, Орал Ахметовтер, Ілдебай Мұрсалов және отбасы, Мұрат Мәжитов сынды азаматтар белгіленген межеден артық қаражат ұсынып, мырзалық танытты;


Шорман баба корына Қаржас ұрпақтары да үлес қости, соның ішінде: Бекболат Абдраемов (200 мың теңге), Әлібек Ахметов (100 мың теңге), Ардақ Жұнісов (30 мың теңге) көш бастады;

Алтынбек Нуҳұлы, Мұрат Сағынтаев, Еркін Біләлұлы, Бекен Жанахметовтер де комақты қаражатпен қолдау көрсетті.



Қол көмегін көрсеткендер:

- 1) Абдуев Эсset;
- 2) Абдуев Нұрбол;
- 3) Асқаров Берік;
- 4) Бижанов Бүркітбай;
- 5) Жакин Эсset;
- 6) Жакин Ертай;
- 7) Жапаров Жасұлан;
- 8) Макишев Эсset;
- 9) Сарбасов Дидар;
- 10) Сарбасов Елубай;
- 11) Серікқызы Бота.



Мазмұны

Алғысөз	3
Шорман би Күшікұлы	6
Шорман би Күшікұлы	7
Арғы атасы – Мырзагұл батыр	8
БАБА РУХЫНА ТАҒЗЫМ.....	9
Шорман бидің басына белгітас орнатылды	11
Үрпактары – Шорман бабаның басында	16
Шорман Күшікұлының асынан соң.....	19
Шорман бабаның басында оқылған өлең.....	22
Үш жүзге қадірі артқан Шорман еді	24
Батыр үрпактары ұйымшылдық танытты	28
Ұлы есімдерді ұлыктасақ.....	30
Шорман би атында коše жоқ.....	31
БАЛА БИ.....	33
Шорман – бала би	35
Шорман би.....	43
Қарадан шығып хан болған	
Шоң мен Шорман билер	47
Шорман би.....	52
Ділмар Шорман би	56
Жұмабайдың Шорман атануы	64
Судья в 13 лет.....	65
Символическая встреча с юным Абаем.....	66
ШЕЖІРЕ ШЕРТІП АСҚАҚ ДАЛАМЫЗДА, БАБАЛАР	
РУХЫ ТҮРАР АРАМЫЗДА.....	67
I Шорман би мұрасы мен шежіресіне шолу	69
II Шоң, Шорман және Шоқан шежіресіне шолу	75
III Жеті атаниң жұмбағы	81
IV Шорман бидің хан әuletімен құдандалы болуы және Шота шежіресіне шолу.....	89
V Ізгілікті ізді іздейік	99

МӘШНҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ЖАЗБАЛАРЫНАН..105

Шорманың жас кезі	107
Тоқсан бидің Шорман биге айтқаны.....	108
Шорман сөзі	109
Қаржас пен Қанжығалы дауы.....	110
Қаржас пен Қанжығалы дауы.....	114
Шорманға бір бәйбішениң сын айтуы	114
Шоң би мен Боштай	116
Накыл сөздер (Мәшнүр Жұсіптің Мұса	
Шорманұлынан естіп едім деп жазғаны)	117
Мұса Шорманов және Қаныш Сәтбаев	118
Сағынай асын Мұса Шорманұлы басқарғаны	119
«Мұса мырза асы» деректері	120
Мұса мырзаны жоктау.....	120
Мұса Шорманұлының асы.....	132
ШЕШЕНДІК СӨЗДЕР	139
Шорман би.....	141
Байдалының Шорманға айтқан торт нақылы	147
Шорман бидің екі сөзі	148
Шорман мен Фазыхан	149
Шорман мен Құдайменде	149
Сұрауы келіскенде	150
Шорман бидің сөздерінен	152
Тәбітей мен Шорман	153
«ҚАРЖАСТА БІР ҚҰТЫМ БАР МҰСА ШОРМАН» ...	155
«Аяулы мырза ағамызыға».....	157
Мұса Шорман.....	158
«ЖЕР-СУДЫҢ АТЫ – ТАРИХТЫҢ ХАТЫ»	173
Бозтөбе немесе Омбыдағы Қаржас	
ауылдарының тарихы	175
«Аққелін» атаяу қайдан шыққан?.....	185
Шорман әuletіне қатысты топонимдер.....	187

Қаржастан шықкан Нияз батыр	
Анайұлы жайлы бірер сөз	202
ӘУЛЕТ. ӘДЕБИЕТ. ӨНЕР	205
Шорман шаңырағының шолпаны	207
Күншткамерадағы Шормановтар	
фотожәдігерлері	215
Ақкеліннен ұшқан әуендер	219
АҚКЕЛИН ТОЙЫНАН – ТОБЫҚТАЙ.....	229
«Ақкелінде жатқан асқар биғім!»	231
Кеменгер	236
Ақылға дана, кен еді.....	237
Мұса мырзаның рухына.....	239
Ақкелін қасидасы	241
2022 жылғы шілдеде Шорман баба басына белгітас қою және ас беру шарасына ұлес қосқан азаматтар:.....	243

Шорман би

Құрастырушы Қадырова Жанаргұл

7.03.2025 ж. басуға қол қойылды. Көлемі 43,5x62/16.

Офсеттік басылым. Қаріп түрі Times.

Шартты баспа табағы 15,5. Тарапалмы 200 дана.

ЖК «Сыгин А.А.» баспаханасында басылған.
Қазақстан Республикасы, 140000, Павлодар қ.,
29 Ноябрь қ., 2, Тел.: 8 (7182) 61-82-13, 61-82-12.

ДАЛА ДОНАГЫН, БАЛЖАУЫН ДУКИННИҢ АЕЛ
СҮРГҮЛІТІНІ

ШОРМАН БИ - ЖУМБЕДІ КУШПУЛЫ
(1788-1837 м.)

Шорман би-бала жетіншін шешенелді кесметінде
бала Шорман бұлғын атасынан баянауда тұмады.
Есімі латындаша даңын болғандай болады
Кара күзі е көтеріп ұндағы сыйыған ортаудар
азалаты, қазалатын шарың жұбызы Шордан
Ұлыхановтың нағельін атасы.

Шорман би қының-жыстқы замында еді бағтаған
жесемділікten, кара күзінде жараптың жолда-
ғынан қазал жасынан тәнгілік, орын алады.

Шорман би елдеге шағанашылғының изматтығы
минезін дүк-білімге тарты жүнисін Мұл бағтаған
баламары, қадағас, дәстегаси нәмерелері
жағастырыды.

Ормандағы қазактың Шормандағы тұғасыны
ДАЛА РОЗЫНЫҢ әвеlesі!

Рұыс Аргын-Кармас-Мирзекүл.

Ескерткіш үрпектарынан
2022 ж.